

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

ӘОЖ 811.512.122'37

Қолжазба құқығында

**ЗАУРБЕКОВА ЛЯЗЗАТ ЖАНАТОВНА**

**Көркем мәтіндегі тілдің функционалды прагматикалық аспектілері**

6D020500 – Филология

Философия докторы (PhD)  
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші:  
филология ғылымдарының докторы,  
профессор Әлкебаева Д.А.

Шетелдік ғылыми кеңесші:  
Минзу университеті  
Professor, Dr. Abdurishid Yakup  
(Пекин, Қытай)

Қазақстан Республикасы  
Алматы, 2022

## МАЗМҰНЫ

<b>АНЫҚТАМАЛАР</b>	3
<b>БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР</b>	6
<b>КІРІСПЕ</b>	7
<b>1 ФУНКЦИОНАЛДЫ ПРАГМАТИКА ТЕОРИЯЛАРЫ ТУРАЛЫ ЗЕРТТЕУ БАҒЫТТАРЫ МЕН ӘДІСНАМАСЫ</b>	13
1.1 Қазіргі тіл біліміндегі функционалды прагматика бағыты және зерттелуі	13
1.2 Қазіргі тіл біліміндегі прагматика туралы теориялардың негіздері	22
1.2.1 Функция терминінің ғылыми әлеуеті	28
1.3 Функционалды прагматиканың лингвистикалық талдау әдістемесі	33
<b>Бірінші бөлім бойынша қорытынды</b>	37
<b>2 ПРАГМАТИКА ТЕОРИЯСЫНЫҢ ИНТЕРПРЕТАЦИЯСЫ</b>	38
2.1 Прагматика негіздері: ойлау мен сөйлеу	38
2.1.1 Прагматикадағы ішкі ойлау процесі	46
2.2 Автор интенциясы (ниеті)	51
2.3 Автор прагматикасының ақиқат/жалған позициясы	60
2.4 Автор прагматикасындағы эмоция мен экспрессивтілікті білдірудің прагматикалық қуаты, энергиясы	68
<b>Екінші бөлім бойынша қорытынды</b>	82
<b>3 КӨРКЕМ МӘТІННІҢ ПРАГМАТИКАЛЫҚ ФУНКЦИЯЛАРЫ.</b>	83
3.1 Көркем мәтін прагматикасы	83
3.2 Гибридті мәтіндердің прагматикасы	91
3.3 Көркем мәтіндегі прагмастилистикалық ұғымдар	94
3.3.1 Көркем мәтіндегі дәстүрлі стереотиптердің прагматикасы	105
3.4 Көркем мәтіндегі автор образы категориясы	112
3.5 Декодтау (қабылдаушының) прагматикасы	119
<b>Үшінші бөлім бойынша қорытынды</b>	129
<b>ҚОРЫТЫНДЫ</b>	130
<b>ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ</b>	132
<b>ПАЙДАЛАНЫЛҒАН КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТТЕР</b>	139

## АНЫҚТАМАЛАР

Диссертациялық жұмыста төмендегідей терминдерге берілген анықтамалар қолданылады:

**Адресант** – сөз субъектісі, сөйлеуші, прагматиканың орталық категориясы, коммуникативтік үдерісті ұйымдастырушы.

**Адресат** – хабарды қабылдаушы, оқырман немесе тыңдарман, прагматиканың, сөз мәдениетінің, психолингвистиканың, әлеуметтік лингвистиканың, психологияның, когнитивтік лингвистиканың, мәдениеттанудың категориясы, іргелі ұғымы.

**Ассоциация** – зат. 1. қоғ. Іс-әрекеттің бір тектестігіне қарай жеке адамдардың, мекемелердің, ұйымдардың ерікті түрде біріккен одағы. 2. псих. Адам санасында болатын жеке психикалық процестердің арасындағы байланыс. Түсіну процесін ассоциацияларға сүйене отырып дәлелдеу ғылыми тұрғыдан дұрыс принцип болып есептеледі (М.Мұқанов, Пед. очерк.). Ой сыртқы дүниенің әсерінен пайда болып, мида ассоциациялар тәрізді іске асып тұрады (М. Мұқанов,Бақылау). Ассоциация таным процесінде үлкен орын алады (ҚСЭ). 3. хим. Зат молекулаларының(немесе иондарының) екілеп,үштеп қосылуынан тұратын химиялық құбылыс [1, 53 б.].

**Виртуалды дискурс** – ақпараттық, көңіл көтеру т.б. ресурстарды қамтитын ғаламтор желісі арқылы қарым-қатынас орнату алаңы.

**Гибридтілік** – біріншіден, әр түрлі генетикалық бөлшектерден құралған, екіншіден, будандас/аралас тіл.

**Дейксис** – тілдік құралдармен берілетін сілтеме, орнына жұмсалып отырған тілдік бірліктің мағынасына немесе қызметіне нұсқайды. Оларға есімдіктер, үстеулер, есімдіктер, шылау, және мекендік, мезгілдік ұғымды білдіретін сөздер жатады. Дейксистер мәтіннің алдыңғы бөлігінде қамтыған хабарға нұсқайды.

**Дискурс** – экстралингвистикалық-прагматикалық, әлеуметтік-мәдени, психологиялық және басқа да факторлардың жиынтығын көрсететін байланысқан мәтін; оқиғалық аспектіде алынған мәтін; мақсатталған әлеуметтік әрекет ретінде, адамдар мен олардың сана механизмінің (когнитивтік үдерістердің) арақатынасына қатысатын компонент ретінде қарастырылатын сөз. Дискурс – «жанды сөз» («речь погруженная в жизнь»).

**Диалог** – екі адамның тіл қатысуы. Диалогке қатынасушы адамдардың сұрақ-жауап немесе, керісінше, жауап-сұрақ түріндегі тілдесуі. Диалог ауызекі сөйлеу тілінде де, көркем әдебиет шығармаларында да көп кездеседі.

**Иллокутивті акт** – сөйлеу актісінің мақсаты мен оны жүзеге асыру жағдайларына қатысы.

**Имплицитті** – мазмұнның кейбір бөліктерінің формалды тілдік құралдарсыз берілуі.

**Интенция** – сөйлеушінің қандай да бір коммуникативтік-маңызды мағынаны білдірудегі бейімділігі, қажеттілігі, мақсаты: сананы қандай да бір

құбылысқа, затқа бағыттау (қар.: Сөйлеу актісі, Сөйлеу актісінің теориясы. Сөйлеу қызметі)

[1, 64 б.].

**Интеракт** – өзара байланыс [2, 15 б.].

**Интермәтін** – бір мәтіннің өзге мәтінге кіруі, мәтіндердің кірігуі.

**Контекст** — мәнге ие болу арқылы тілдің барлық деңгейіне тән единицалардың мағына, мазмұны жүзеге асатын орта.

**Концепт** – адам тәжірибесіндегі идеалды түсініктің ең кішкене бірлігі. Ол – білімді тарату, сақтау және өңдеудің негізгі бірлігі. Белгілі бір мәдени болмыстың негізгі ұясы.

**Көркем мәтін** – сыртқы ортамен қарым-қатынас жасаудың және оны танып білудің эстетикалық құралы. Оның өзге стильдегі мәтіндерден өзгешелігі – көркем тілдік құралдардың молынан қолданылу арқылы жүзеге асуы.

**Манипуляция** – адамдарға, олардың жүріс-тұрысын, қимылын бағдарлау арқылы рухани тұрғыдан ықпал етудің басымдық көрсету амалы. Бұл ықпал адамның психикалық құрылымына бағыттталып, жасырын түрде іске асырылады.

**Мәтін** – жазбаша және ауызша формада қолданыс табатын монологтік немесе диалогтік сөйлеу түрі.

**Монолог** – белсенді сөйлеу қызметінің нәтижесінде тікелей қабылдауға арналған сөйлеу түрі. Монолог тек қана ауызша сөйлеу ыңғайында бола бермей, жазбаша түрде де кездеседі. Екі жағдайда да (ауызша және жазбаша) негізгі ерекшелігі – бір адамның сөйлеуі немесе бір адамның ойы.

**Перлокутивті акт** — сөйлеу актісінің нәтижеге қатысы.

**Прагматика** – тілді қолданыс/жұмсалыс кезінде (Л. Витгенштейн. Ч. Пирс, Ч. Моррис), яғни нақты тілдік жағдаяттағы тілдің қызметін, түсіндірілуін және ықпал етуін зерттейтін тіл білімі саласы. Прагматика семантика сияқты сөз мағынасын зерделейді, алайда прагматика үшін ең бастысы – сөйлеушінің/тыңдаушының сөйленістің айқын және жасырын мүдделері, сөйлеу тактикасы, тілдік мініз-құлықтың типтері, прессупозиция тұрғысынан және т.б. мағынаны түсінуі [3, 191 б.].

**Прагмастистика** – стилистика ғылымының жаңа бағыты. Кез келген айтылым адресаттарға ақпарат берумен қатар, оның қабылдауына ықпал ететін тілдік бірліктерді таңдайды және оның реакциясын тудырады [1, 28 б.].

**Прессупозиция** – жекелеген тілдік қарым-қатынастар барысында, әсіресе әлеуметтік мәні бар тілдік қарым-қатынастар кезінде айтылатын ойды жасырын беруі арқылы оқырманның сөйлеу мазмұнын мақсатқа сай түсінуі үшін әдейі қолданылатын құбылыс.

**Реципиент** – хабарды немесе мәліметтерді қабылдаушы адам, тыңдаушы, оқушы; адресат [1, 116 б.].

**Сөйлеу актісі** – адресанты бар, белгілі бір қоғамның әлеуметтік-тілдік мінез-құлқының қағидаларымен реттелетін, алдын ала ойластырылған, мақсатты, нақты бір сөйлеу жағдаятында сөйлеуші айтатын, тыңдаушы қабылдайтын сөйленіс. Сөйлеу актісінің үш түрі ажыратылады: а) *локутивтік*

*акт* (locutionary act), яғни сөйленістің грамматикалық тұрғыдан дұрыс мағынасын айту актісі; ә) *иллокутивтік акт* (illocutionary act), басқаша айтқанда, сөйлеуші тарапынан уәде, ант, қысым болу актісі; б) *перлокутивтік акт* (perlocutionary act), яғни тыңдаушыға ықпал ету актісі (мыс., иландыру, сендіру). Зерттеулердің негізгі нысаны – *иллокутивтік акт*, бұл сөйлеушінің коммуникативтік мақсатын, интенциясын, ниетін ұстанған бағытын және т.б. сипаттауға мүмкіндік береді.

**Сөйлеу ықпалы (перлокутивтік тиімділік)** – жеке адамның не ұжымның санасына не мінез-құлқына табиғи тілдің (сондай-ақ паратілдің, графиканың) құралдары арқылы жүзеге асырылатын ықпал. Кез келген сөйлеу актісі сөйлеу ықпалын жасауға қабілетті; алайда сөйлеу ықпалының тиімділігі бірнеше факторларға байланысты. Мысалы, үгіт-насихат жұмысында, жарнамада, сайлау науқанында қолданылатын бірыңғай шоғырландырылған қайталау, эмоциялы қысым; әсер ету техникалары, логикалық тұзақ, эстетикалық амал-айла, риторикалық тәсілдер және дәлелдемелер теориясы және т.б. сөйлеу ықпалының ең күшті жағдайы – тіл арқылы ептілік, айла-шарғы жасау, бұл ретте ықпалдың нысанасы өзіне жасалатын әсерді сезіне алмайды және өзіне нұқсан келтіретіндей іс-әрекеттерге баруы мүмкін.

**Тезаурус** – 1. Тілдегі барлық сөздерді қамтитын және олардың мәтінде қолданылуын мысалдар арқылы көрсететін сөздік. 2. Лексикалық бірліктердің семантикалық қатынастары көрсетілген идеографиялық сөздік [1, 125-126 бб.].

**Фрейм** – тілдік практиканың нормаларын қоса есептегенде оқиғалардың жағдаяттардың немесе іс-әрекеттің біртекті ұйымдастырылуы туралы білім, бұл білім алдыңғы тәжірибеге сүйенеді және нақты күтілетін жағдайларды алдын ала білудің салдары болып табылады.

**Ішкі сөйлеу** – сөйлеудің қалыптасуының бұл кезеңінде ішкі ойдың (внутреннего смысла) «тілдік мағыналардың кеңейтілген (развернутых) синтаксистік ұйысымдағы жүйеге» көшуі жүреді. «Семантикалық жазбаның» симультанды схемасы болашақ кеңейтілген синтаксистік сөздік пікірдің ұйымдасқан құрылымына қайта кодталады [1, 47 б.].

**Эксплицитті** – мәтін бірліктерін айқын формалды тілдік бірліктер арқылы жүзеге асырылуы.

**Эллипсис** – сөйлеуде не мәтінде тіл бірлігінің жетіспеуі, әдейі түсірілуі. Синтаксистік құрылымның «толық еместігі». Эллипсис әдетте ауызекі сөйлеуде кездеседі. Мысалы, «Данабек театрды ұнатады, ал Бөгенбай – киноны» [1, 161 б.].

## **БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР**

ФП – Функционалды прагматика

HIAT – heuristic interpretative auditory transcription ( қазақша ауд. эвристикалық түсіндірме есту транскрипциясы)

## КІРІСПЕ

**Жұмыстың жалпы сипаттамасы.** Ғылымның ілгері басуы жаңаша көзқарастар мен тың идеялардың жарыққа шығуымен байланысты екені анық. Тіл табиғатын зерттеудегі жаңашыл идеялар тілді функционалды бағытта қарастырудан жалғасын тапты. Әрине құрылымдық тіл бағытындағы зерттеулердің құндылығын ешкім жоққа шығармайды. Тілді зерттеудегі екі бағыт бірін-бірі толықтыра келе көптеген құнды жұмыстарды жарыққа шығарғаны аян.

Зерттеу жұмысымызда тіл біліміне енген жаңаша көзқарастардың бірі тілдің прагматикалық аспектілері туралы ой-тұжырымдар жинақталады. Прагматикалық аспектіде тілді қарастыру тілді жанды организм ретінде қараудан да жоғары тұр. Ол дегеніміз тілді жасаушы адамның танымы, білімі, ойлауын, сөйлеуін бағдарлауды да ескере отырып, тілдің ішкі және сыртқы табиғатын айқындау сынды өзекті мәселелерді түйіндейді. Бастапқыда философия ғылымынан келген прагматика тіл біліміне еніп прагмалингвистика, прагмастилистика салаларын дүниеге әкелді. Зерттеу жұмысымызда сондай жаңа ұғымдардың бірі функционалды прагматика термині қолданылады. Аталған терминдік ұғым неміс лингвистерінің идеяларымен байланысты. К. Бюлердің тіл туралы концепциялары функционалды прагматика теориясының қалыптасуына негіз болады. Ғалым идеясын 1970 жылдары шәкірттері профессор Й. Ребайн мен К. Элих дамытады. Функционалды прагматика теориясы тілдің коммуникативтік қызметін зерттеуге аса көңіл бөлгендіктен тілдің сөйлеу жағдайындағы күйін зерттейді деген ой қалыптасады. Алайда Р. Хоффман еңбектері неміс тілінің жазба тілін зерттеуде функционалды прагматика теорияларын пайдаланғаны аталған бағыттың тілді тұтастай қамтып зерделейтіндігіне көз жеткіземіз.

Қазақ тіл білімінде прагматикалық бағытта жасалынып жүрген зерттеулер (А. Байтұрсынұлы, С. Аманжолов, Р. Сыздық, Н. Уәли, Ж. Жақып, Ж. Манкеева, Ф. Оразбаева, Э. Сүлейменова, Б. Шалабай, Г. Смағұлова, Г. Мұратова, А. Әділова, З. Ерназарова, Г. Әзімжанова, Д. Әлкебаева, К. Есенова, К. Садирова) қазақ тілінің күрделі табиғатының сырын ашумен ғана шектелген жоқ. Сондай-ақ қазақ этносының, әсіресе, көркемсөз шеберлерінің бітім-болмысын, психологиялық, генетикалық ерекшеліктерін, сөз саптау, сөз жасау қабілет-қарымын айқындап отыр. Осыған сәйкес сөз қасиетінің дәрежесін, сапасын, ұлттық кодтың тілдегі көрінісін жан-жақты ашып беретін көркем мәтіндерді талдауың маңызы зор. Көркем мәтіннің функционалды прагматикалық қырлары мәтіннің эстетикалық қызметін ерекше таныта отырып, мәтін автор мен оқырман арасындағы байланыс орнайтын ақпаратты қабылдау, қорыту, түсіну сынды күрделі ой процестері жүретін ақпарат алмасу кеңістігі екенін аңғартады.

Жазушы (автор) санасындағы ойлардың тілдегі көрінісі көркем шығармадағы кейіпкерлер сөзінен, диалог, монологтардан, концептуалды өрістерінен, түрлі айшықтау құралдарынан (теңеу, метафора, құбылту т.с.с),

стилистикалық амал-тәсілдерінен байқай аламыз. Ал оқырман прагматикасы оның қабылдау деңгейі, аялық білімі, тілдегі пропозициялық актілері, декодтау стилистикасы сынды т.б. мәселелерді қамтиды. Осындай күрделі әрі өзекті тақырыптар мәтіннің прагматикалық қызметін арқалайды және ауқымды зерттеулерді қажет етеді.

**Зерттеу тақырыбының өзектілігі.** Қазіргі уақытта қоғамның ой-санасына үлкен әсерін тигізетін, белгілі бір дәрежеде тәрбиелейтін, ішкі мәдениеті мен рухани әлемін, мәдениетін, ұлттық рухын оятатын көркем мәтіндер ешбір уақытта зерттеу нысанынан алынбайды.

Ғылымдағы жаңа антропоөзектілік бағыт негізінде көркем мәтін прагматикасы мәтінді *автор-мәтін-оқырман* сабақтастығында талдау барысында айқындалады. Мәтін прагматикасын зерттеудің басты құнды мәні мәтінді өнер ескерткіші (Р. Сыздық) ретінде қарастыруда жатыр. Көркем мәтін оқырман үшін сауатты сөз саптау, сөздік қорын байыту жүгін ғана арқаламайды, адамшылық ұстанымдарының, барлық адами құндылықтардың қалыптасуына, эстетикалық талғамын арттыруға өзек болады. Сонымен қатар жазушының оқырман санасына, ой-өрісіне, көкжиегіне әсер ету үшін қолданған прагмастилистикалық әлеуеті, уәжі, өз заманының ақиқат болмысын жеткізуде сан түрлі образдар арқылы сөйлетудегі амал-әрекеттерін зерттеу қазақ тіл біліміндегі мәтінтану деңгейін көтеретін өзекті мәселелердің бірі.

Көркем мәтін тудырушы автор (жазушы) өзінің өмірлік тәжірибесі, жинақталған білім қорын прагматикалық фактор мен тілдік факторлардың функционалды аспектілері арқылы танылады. Жазушының тілдік санасы шығарманы тудырудағы прагмастилистикалық мақсат-мүддесіне сай сұрыпталуымен айқын көрініс табады. Көркем шығарма авторы таныған шындық пен сезінген құбылыс прагматиканың функционалды аспектілері арқылы зерттеу ұсынылып отырған тақырыптың өзектілігін айқындайды.

**Зерттеу нысаны** – тілдің ұлттық кодын сақтаушы көркем мәтін.

**Зерттеу пәні.** Көркем мәтіндегі «тілдің әрекет етудегі» прагматикалық – теориялық концепциялары, автордың прагматикасының мәнді сипаттары, тілдік сана, ойлау мақсаттарының мәні мен оған тән қолданылған прагмастилистикалық тілдік амал – тәсілдерінің функционалды прагматикалық аспектілері зерттеу жұмысының пәні болып табылады.

**Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері.** Зерттеу жұмысының мақсаты – көркем мәтін тілінің функционалды прагматикалық аспектілерін анықтау. Бұл мақсатқа жету үшін функционалды прагматика теориясының ғылыми негіздерін басшылыққа ала отырып, мынадай міндеттерді жүзеге асыру көзделінді:

- қазіргі тіл біліміндегі функционалды прагматика саласының ғылыми негіздемесін анықтау;
- функционалды прагматика теорияларын еуропа тіл білімінің ғылыми концепцияларына сүйене отырып зерттеу әдістерін саралау;
- прагматика «тіл мен адам арасындағы» қатынас әрекетінің жаңа қырларын ашу;



- функционалды прагматиканың «ойлау мен сөйлеу» әрекетінің философиялық, психологиялық, лингвистикалық ғылыми мәнін прагматика тұрғысынан зерттеу арқылы жаңа қырларын анықтау;
- көркем мәтіндегі прагматикалық аспектілердің ішкі ойлаудағы интенция (ниет), прессупозиция, ақиқат/жалған позицияларының мәндік, мазмұндық сипатына талдау жасау;
- көркем мәтіннің прагматикалық күшін, қуатын айқындайтын экспрессивті амал-тәсілдерді, атап айтқанда эмотивтер мен энергосемалардың қызметін таныту;
- көркем мәтіндегі гибриді формалардың прагматикалық қызметін айқындау;
- көркем мәтіннің функционалды прагматикасын айқындайтын стилистикалық ұғымдар мен категорияларды анықтау арқылы олардың прагматикалық қызметтерінің межесін анықтау.

**Зерттеу жұмысында қолданылған әдіс-тәсілдер.** Алға қойылған міндеттерді шешу үшін жұмыста қарастырылатын тілдік бірліктерді көркем мәтіндерден жаппай іріктеу әдісі, сипаттау әдісі, мәтіндік, мән-мәтіндік талдау, жұмыстың мазмұнын ашу барысында теориялық тұжырымдарды жинау, салыстыру әдістері.

**Зерттеудің ғылыми-әдіснамалық негіздерін** тіл біліміндегі Г.Б. Колшанский, М.Ю. Лотман, А. Реддер, О.В. Лещак, Е. Протасова, О.Д. Тарасова, Е.В. Дорджиева, Е.В. Кловак және қазақ тіл біліміндегі А. Байтұрсынұлы, С. Аманжолов, Р. Сыздық, Н. Уәли, Ж. Жақып, Ж. Манкеева, Ф. Оразбаева, Б. Шалабай, Г. Смағұлова, Г. Мұратова, А. Әділова, З. Ерназарова, Г. Әзімжанова, Д. Әлкебаева, К. Есенова, К. Садирова сияқты ғалымдардың іргелі теориялық тұжырымдары құрады.

**Зерттеу материалдары ретінде** жазушы М. Әуезов, С. Шаймерденов, Х. Есенжанов, М. Мағауин, Т. Нұрмағанбетовтардың көркем мәтіндері белгілі бір тілдік жағдаят және коммуникативтік бірлік ретінде танылады.

**Зерттеу жүргізу үшін** көркем мәтіндердің прагматикалық қызметін айқындайтын және прагматикалық әлеуетін күшейтетін әр түрлі тілдік бірліктер мен құралдар пайдаланылатын 200-ге жуық мәтін үзінділері таңдалып, талданды.

**Зерттеу дереккөздері ретінде** М. Әуезов Абай жолы: Роман-эпопея. Бірінші кітап. – Алматы: Жазушы, 2007. – 368 б; О. Бөкей– Алматы: Ел-шежіре, – 2013. – 384 б; О. Бөкей – Атау-кере. Мұзтау: хикаяттар/-Алматы: Ан Арыс баспасы, 2010. – 320 б; Х. Есенжанов Ақжайық: Төңкеріс үстінде: роман – 520 б: 19 сурет: порт. Алматы: Мерекенің баспалар үйі, 2013. – 516 б; М. Мағауин Көк кептер. Повестер мен әңгімелер. – Алматы. Жалын 1979. – 296 б.; С. Шаймерденов Шығармалары. – Алматы: Ан Арыс, 2013. Т.2: Повестер. – 320 б.; М. Әуезов Абай жолы: Роман-эпопея: Үшінші кітап. – Алматы: Жазушы, 2007. – 384 б.; Т. Нұрмағанбетов Ауғандық құстар: Әңгімелер. – Алматы: Жазушы, 2008. – 288 б.; Нұрмағанбетов Т. 3 томдық таңдамалы шығармалары. 3-том. – Алматы, Өлке, 2006. – 304 бет.; Т. Нұрмағанбетов Шығармалары. Көп

томдық. – Астана: Фолиант, 2015. – 432 б.; Д. Амантай Гүлдер мен кітаптар. Роман. – Алматы: 2003. – 108 б.; М. Мағауин Жармақ. – Чех Республикасы: 2007.

#### **Зерттеудің ғылыми жаңалығы:**

- қазақ тіл білімінде көркем мәтінді талдау барсыныда алғаш рет *функционалды прагматика* термині қолданылады;
- прагматиканың негізгі мәселесі ойлау, ішкі сөз сөйлеу актілері, ішкі сөйлеу әрекетінің функционалды аспектілері арқылы көркем мәтінді зерттеудің жаңа мәні анықталады;
- прагматиканың қарастыратын автор интенциясы, прессуппозициясы, ақиқат/жалған позициясы сөйлеу актілерінің теориялық мәселелері жүйеленеді;
- прагматиканың ішкі ойлау процесі көркем мәтін құрудағы маңызы айқындалады;
- көркем мәтін түзуші автор эмотивтерді, дәстүрлі стереотиптер мен прагмастилистикалық категорияларды қолдану арқылы көркем мәтіннің прагматикалық қуаты, мәтіннің танымдық, коммуникативтік, эстетикалық, құдыреттілік қызметтері танылады.

**Зерттеу жұмысының теориялық маңызы.** Зерттеу жұмысында қарастырылған мәселелер қазақ тіл біліміндегі көркем сөйлеу теориясы, мәтін теориясы, прагмастилистика ғылымының теориялық тұрғыдан жасалынған жаңа тұжырымдар мен түйіндермен толығына, функционалды прагматика бағытында сөздік құруға, оқулық жазуға септігі тиеді.

**Зерттеу жұмысының практикалық маңызы.** Зерттеу нәтижелерінде жинақталған материалдар мен тұжырымдарды жоғары оқу орындарында «Прагмастилистика», «Мәтін және дискурс», «Көркем мәтіннің прагматикасы», «Мәтіннің прагмалингвистикасы» сияқты іргелі және арнаулы элективті курстар жүргізуде, докторлық, магистерлік, дипломдық және курстық жұмыстарды жазу барысында қолдануына болады.

**Зерттеу жұмысы бойынша қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар:** зерттеу барысында қол жеткізілген нәтижелерге сүйене отырып, қорғауға төмендегідей тұжырымдар ұсынылады.

1. Қазіргі қазақ тілі біліміндегі функционалды прагматиканың ғылыми концепциялары және терминологиялық аппаратының ғылыми сипаты айқындалады.

2. Прагматика терминін белгілі бір тілдік бірліктердің ықпал ету қызметі, жұмсалым мәнімен қоса, ішкі ой, ішкі сөз мәселелерімен тығыз байланысты қарастырылды. Функционалды прагматика автордың ішкі сөз актілерінің түрлі деңгейлері сана, ойлау, процестерімен байланысты мәніне сипаттама беріледі.

3. Көркем мәтінде автор идеясын, ақиқат шындығын тануда кейіпкерлердің ішкі ойы, ішкі сөзі көркем мәтін құрастыруда, мәтін энергиясын жеткізуде үлкен рөлі маңызды орынға ие.

4. Көркем мәтіндегі экспрессивті тілдік бірліктер саналатын теңеулер, мақал-мәтелдер, фразалық тіркестер, авторлық ремаркалар, қайталаулар, контраст (қарама-қайшылық), фонетикалық деңгейде тіл нормасынан ауытқу

амалдар прагматикалық компоненттердің қатарынан орын алатыны жүйеленеді. Демек философияның күрделі ақиқат/жалған категориясы көркем мәтіндегі ақпараттардың имплицитті және эксплицитті мағыналары функционалды прагматиканың негізгі өзектерінің бірі екендігі сараланады.

5. Көркем мәтіндердегі кейіпкерлердің жалған сөйлеуі, бірін-бірі алдауы, жанжалдасуын көрсететін диалогтар, монологтар мен концептуалды фреймдердің прагматикалық интенцияға байланысты екендігі қарастырылады.

6. Интенция терминінің танымдық, философиялық мәнімен қатар автор интенциясын құрайтын кейіпкер интенциясы, интенционалды мақсат терминдері – прагматиканың функционалды өзегі.

7. Көркем мәтіндегі авторлардың философиялық ой-пайымдары оқырманға өзіндік пікір қалыптастыруға түрткі (дейксис) болатындығы прагматикалық перлокутивтік актінің жасалуына мүмкіндік тудырады. Декодтаушы прагматикасы тілдегі прессуппозициялардың ерекшелігі оқырманның тезаурусына, аялық біліміне әсер ететіндігімен танылатындығы ғылыми мәнге ие.

8. Көркем мәтін прагматикасы стилистикалық категориялар, дәстүрлі стереотиптер прагматика функциясының қырлары деп тануға болады.

**Зерттеу жұмысының талқылануы мен жариялануы.** Зерттеудің негізгі тұжырымдары мен нәтижелері 8 ғылыми мақалада жарияланды. Олардың 3-і Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің білім және ғылым саласын бақылау комитеті ұсынған басылымдарда жарияланды:

- Прагматика негіздері: ойлау мен сөйлеу // әл-Фараби атындағы ҚазҰУ хабаршысы. «Филология ғылымдары» сериясы, №2 (70). – Алматы, 2018. – Б. 89-95.

- Stylistic category of accentuation in art texts // әл-Фараби атындағы ҚазҰУ хабаршысы. «Филология ғылымдары» сериясы, №1 (173). – Алматы, 2019. – Б. 13-19.

- Функционалды прагматика теориялары //әл-Фараби атындағы ҚазҰУ хабаршысы. «Филология ғылымдары» сериясы, №1 (177). – Алматы, 2020. – Б. 86-92.

СКОПУС базасына кіретін ғылыми журналда 1 мақала:

- Pragmatic discourse of the comments on Facebook in the Kazakh language // Orsción. Año 35, Regular No.90-2. – 2019. – P. 369-384. (ISSN 1012-1587/ISSNe: 2477-9385)

Халықаралық және шетелдік ғылыми конференция материалдарында баяндалған және талқыланған диссертацияның негізгі нәтижелері 4 мақала:

- Қазіргі тіл біліміндегі функционалды прагматика бағыты және зерттелу жайы // «Қазақ тілі тарихы және рухани жаңғыру» халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция жинағы. – Алматы: Қазақ университеті, 2017. – Б. 140-144.

- Прагматика – тіл біліміндегі көп аспектілі бағыт // «Фараби әлемі» халықаралық студенттер мен жас ғалымдар арасындағы ғылыми конференция жинағы – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – Б. 214-215.

- Қазақ тіліндегі дәстүрлі стереотиптердің прагматикасы // «Фараби әлемі» халықаралық студенттер мен жас ғалымдар арасындағы ғылыми конференция жинағы – Алматы: Қазақ университеті, 2019.

- Көркем мәтінді зерттеу өзектілігі // Б.Сағындықұлының 80-жылдық мерейтойына арналған «Тарих және таным: Көне мұралар тілін зерттеудің парадигмасы» атты Халықаралық ғылыми-теориялық конференция – Алматы: Қазақ университеті, 2019.

Ғылыми жұмыс нәтижелері әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің филология факультетіндегі қазақ тіл білімі кафедрасының ғылыми семинарларында және кеңейтілген мәжілісінде талқыланды (хаттама №3, 20.10.2021 ж.).

**Зерттеу жұмысының құрылымы мен көлемі.** Диссертациялық зерттеу кіріспеден, анықтамадан, үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен, пайдаланылған көркем әдебиеттері тізімінен, 2 сурет, 1 кестеден тұрады.

# 1 ФУНКЦИОНАЛДЫ ПРАГМАТИКА ТЕОРИЯЛАРЫ ТУРАЛЫ ЗЕРТТЕУ БАҒЫТТАРЫ МЕН ӘДІСНАМАСЫ

## 1.1 Қазіргі тіл біліміндегі функционалды прагматика бағыты және зерттелуі

Тіл – таңбалардан тұратын тұтас бір жүйе. Ол жүйе мағыналар таңбасынан құралады.

Тіл таңбаларының сөзге айналу нәтижесінде адамдарды қарым-қатынасқа түсіріп, сөз арқылы өз ойларын бір-біріне жеткізеді. Сөз адамның ақылы мен шындығын көрсетеді. Сөзбен адам бір-біріне ақыл-кеңесін, бір-бірінің өмірлік тәжірибесінің парасатты пайымдауларын жеткізеді. Сөз адамды табындырады, таңқалдырады, қуантады, сөз баяндайды, оқытады, үйретеді, дәлелдейді, түсіндіреді. Сөз мұңайтады, сөз жігерлендіреді [4, 35 б.].

Тіл – тыңдаушы мен сөйлеушінің арасында ақыл-ой процестерін жүзеге асыратын қарым-қатынас құралы болып табылады. Коммуникация барысында сөйлеуші мен тыңдаушының ойы, мақсаты, уәжі, іс-әрекеттері үнемі өзгеріп отырады. Ондай өзгерістер коммуникацияға түсушілердің сөзінен, вербалды, бейвербалды амал-әрекеттерінен аңғарылады.

Сөз – когнитивті-ақпараттық, психологиялық, прагматикалық ережелер бойынша толық ұйымдасқан коммуникация бірлігінің негізгі белгілерінің жиынтығы. Дыбыстық тілдің адам факторы арқылы үйлесімді, ырғақтық, құрылымдық-семантикалық ұйымдасуы мен эмоционалды, стилистикалық әсер ету қызметін прагматикалық аспектіде түсіндіру сөзтанудың ғылыми-теориялық мәнін толық анықтайды. Сөз лингвистикасы мәтінінің прагматикалық бағдарын қамтамасыз ететін коммуникативтік мақсаты айтушыға әсер ету, сөз тактикасы мен стратегиясы, этикасы, бейвербалды іс-әрекет эмоционалдылығы кешенді түрде зерттеуді талап етеді [4, 19 б.].

Сөз – күрделі құбылыс. Сөз деректі жеке тұлғаға қатысты айтылым болғандықтан сөзді адамнан, адамды сөзден бөліп қарастыру мүмкін емес.

Тіл білімінде прагматикалық зерттеулер ХХ ғасырдың екінші жартысынан бастап қарқынды жүргізіліп, күні бүгінге дейін жалғасып келе жатыр. Ал прагматиканың ерекше дамуы, түрлі көзқарастар мен тілдік бағыттардың қалыптасуына ықпал етті. Сол бағыттың бірі – функционалды прагматика.

Функционалды прагматика – герман тіл біліміндегі ерекше орны бар бағыт. Жаңашыл бағыттың герман тіл білімінде дамуына Еуропа тіл білімінде прагматиканың дамуы мен зерттеушілердің етене назарға ілігуінен. Оның пайда болуын К. Элих пен Й. Ребайн есімдерімен байланысты. Осы бағыт бойынша А. Реддер [5], Л. Грисхабер және К. Бюриг және отандасымыз Г. Массакова [6] т.с.с. шәкірттерінің де орны зор болды. Сонымен қатар функционалды прагматика тек теориялық жағымен емес, эмпирикалық зерттеу әдістерімен де ерекшеленіп отыр. 1970 жылдары осы бағыттың Еуропада белең алуынан Л. Аустин және К. Бюлер, К. Элих пен Й. Ребайн тіл біліміндегі «іс-қимыл»

теориясын қалыптастырды. Тіл біліміндегі іс-қимыл теориясы шындық категориясының 3 түрлі өлшемін көрсетеді:

- 1) экстралингвистикалық шындық;
- 2) менталды шындық;
- 3) тілдік шындық [5, 140 б.].

Бұл теория тілді әлеумет тәжірибесінің көрінісі ретінде форма - функция - байланыс құралы ретінде кешенді қарастырды.

Функционалды прагматика тілді адам тіршілігінің айнымас бөлшегі деп танып, оның пайда болуын қоғамдағы коммуникацияның дамуымен ұштастырады. Яғни, функционалды прагматика тілдің даму формаларын тануға бағытталмаған, тілдің қоғамдағы тарихи-әлеуметтік әлеуетін айқындауда пайдаланады. Функционалды прагматика теориясы дискурс анализіне ұқсас болғанмен, тілді қоғамның айнымас бөлшегі етіп зерттейді.

Функционалды прагматика тіл білімінің бір бағыты ретінде психолог әрі тілші К.Бюлердің идеяларының негізінде туындаған деп те саналады. Әсіресе, ғалымның дейксис, референция және сөйлеу жағдаятының анализі туралы көзқарастары соған дәлел.

К.Л. Бюлер өз концепциясының негізгі көзқарастары мен ойларын және жалпы лингвистикалық теориясын 1922 жылы «Vorn esen der Syntax» еңбегінде қалыптастырған, сосын оны «Теория языка» (1934 ж.) атты негізгі лингвистикалық жұмысында дамытты. Ондағы басты жаңалық тілдің үш функционалдық өлшемі туралы ереже болып табылады. Ал мұнысы тілдік коммуникацияның негізгі үш элементін ерекшелеуге негізделген: сөйлеуші, сөз айтылушы және сөз тақырыбы. Осы элементтердің қайсысы басты рөлде болғанына байланысты К.Л. Бюлер адам тілінің функциясын ажыратады: жеткізу (ausdrak), белгі немесе назар аудару (Appel) және хабарлама (Darstellung). Хабар беру қызметі тіл белгілерінің жүзеге асуынан тұрады, сондықтан К.Л. Бюлер осы функцияны басты қызметі деп атайды [7].

Сонымен қатар Д.Л. Остиннің сөйлеу әрекетінің маңызды категория екендігі жайлы пікірлерінің рөлі зор. Осындай пікірлер негізінде функционалды прагматиканы дискурс анализіне ұқсастырып жатады. Функционалды прагматика мен дискурс анализі де сөйлеу әрекетінің уәжін, мақсаты мен ниеті секілді ортақ мәселелерді қарастырады.

Функционалды прагматиканы «функция» және «прагматика» негізгі ұғымдары құрайды. Прагматика автор мен оқырманның арасындағы байланысты қарастырып, сөйлеу актісі кезінде жүзеге асады. Дәлірек анықтамасын келтіретін болсақ, прагматика – коммуникаттардың бір-біріне және мәтіннің мазмұнына (ауызша және жазбаша түрде) олардың коммуникативтік пиғылымен және сұхбаттасу мән-жайымен санасқан жеке қарым-қатынасы [8, 24 б.]. Функция термин сөзі тіл білімінде «жұмсалым», «қызмет» ұғымдарын береді. Аталған ұғымдарды келесі тарауларда кеңінен тарқатып айтатын боламыз.

Функционалды прагматиканың базалық категориясы ретінде сөйлеу әрекеті алынып отыр. Яғни, тіл «әрекет» формасы ретінде қарастырылады.

Коммуникация ол әрекет етудің спецификалық формаларын, сайып келгенде сөйлеу жағдаяты, тілдік белгілерден, бір немесе бірнеше сөйлеуші мен жазушы, бір немесе бірнеше тыңдаушы я оқырман секілді бір-біріне әсер ететін төрт компоненттен құралады. Демек функционалды прагматика коммуникативтік функцияны зерттейді. Тілші, ғалым Д.Әлкебаеваның зерттеулерінде коммуникация вербалды және вербалды емес тәсілдер қолдану арқылы екі немесе одан да көп тұлғалардың ақпарат алмасуын немесе баяндау түріндегі байланысы прагматиканың тікелей қатысы арқылы өтетіндігін алға тартады [9, 30 б.].

Коммуникацияның негізгі формасы – дискурс пен мәтін. Дискурс – көп мағыналы термин. Ол қарым-қатынас құралы ретіндегі сөздің тіл әлеміндегі жаңаша мағыналық-ақпараттық туындысы. Дискурста пресуппозиция, интенция, коммуниканттардың стратегиясы мен тактикасы, т.б. айтылым ерекшеліктері прагматикалық мақсатқа сай құрыла отырып, стилистикалық амал-тәсілдерді таңдайды. Функционалды прагматикада дискурс тілдік жағдаят ретінде қарастырылады.

Мәтін – когнитивті-функционалды сөз әрекетінің жазбаша түрдегі көрінісі. Мұнда хабардың орны ғана көрсетіледі, бірақ дискурстағыдай айқын хабар алмасу жүрмейді. Сонымен дискурс коммуникацияның толық көлемін, белгілі бір топ арасында ой бөлісуді, сол мезгілінде мәтінді және біржақты дискурсты (монологтық сөз) ұзартылған сөйлеу әрекеті ретінде қарастыруға болады. Функционалды прагматикада мәтін созылмалы тілдік жағдаят болып табылады.

Коммуникацияға түсушілер бірнеше кезеңдерден тұратын тілдік әрекеттерді қолданады. Процедура – сөйлеу әрекетінің ең кіші бірлігі, ол эллипсте, дейксис пен экспедицияларда қалыптасады. Ауызекі коммуникация барысында дискурс туындайды да, ал мәтін өткен жағдаяттың әрекетінен пайда болады. Мәтін де, дискурс та - сөйлеу әрекеттері деп қарастырылады [10, 62 б.].

Сөйлеу әрекетінің ішкі құрылымы 3 актіден тұрады:

- 1) сөйлеу акті,
- 2) иллокутивті,
- 3) пропозициялық акт.

Ал А. Линке 4-ке жіктейді:

- 1) сөйлеу акті,
- 2) иллокутивті,
- 3) перлокутивті,
- 4) пропозициялық акт [11, 14 б.].

Сөйлеу актілері – тілдің әдеттегі философиялық түсінігі. Коммуникативтік акт терминімен сөз тіркесі, сөйлеу актілері мәні жағынан бір-біріне сәйкес келеді. Бірақ қазіргі зерттеулерде сөйлеу актісі терминдік атауымен жиі қолданылады.

Сөйлеу акті дегеніміз — белгілі бір қоғамда қалыптасқан сөйлеу әрекеттерінің негізгі қағидаттары мен ережелеріне сәйкес пайда болатын

мақсатты сөйлеу. Сөйлеу актілерінің негізгі белгілері ретінде зерттеушілер ниет (интенционалдылық), мақсаттылық және конвенционалдылықты атайды.

Прагматикадағы иллокутивті акт дегеніміз — сөйлеу актісінің мақсаты мен оны жүзеге асыру жағдайларына қатысы, перлокутивті акт — сол сөйлеу актісінің нәтижеге қатысы [12, 19 б.].

Д. Серль иллокутивті актіні 5 топқа жіктейді:

- 1) репрезентивтер,
- 2) директивтер,
- 3) комиссивтер,
- 4) экспрессивтер,
- 5) декларативтер [13, 230 б.].

1. Репрезентативтер дүниежүзінде болып жатқан жағдайлардан хабар береді. Оған *жаңалықтар, болжамдар, сипаттамалар* жатады.

2. Директивтер адресатты іс-әрекетке жұмылдырады. Оларға *өтініш, тілек, тыйым, бұйрық, шақыртулар* және т.б. жатады.

3. Комиссивтер сөйлеуші өзін міндеттемелермен байлағанда көрінеді. Мәселен, *ант, сөз беру, кепіл ету* және т.б. комиссивтер болады.

4. Экспрессивтер белгілі бір жағдайларға берілген жауап ретінде байқалады. Мысалы, *рахмет айту, өкіну, қуану* т. т.

5. Декларативтер жоғардағы төрт түрден ерекшеленеді. Мысалы, адамды *белгілі бір қызметке тағайындау, партияға қабылдау, белгілі бір атақ беру* сияқты жағдайларда айтылатын сөздер алынады.

Прагматикадағы пропозициялық акт – жалған я ақиқаттан құралған әлем туралы көзқарастар мен ойларды қарастырады [12, 20 б.].

Қазақ тіл біліміндегі отандық авторлардың бірқатар зерттеулері дискурсқа арналған. Олардың қатарында З. Ш. Ерназарова (2001), Д.А. Әлкебаева (2014), Н. Уәли (2007), К.Қ. Садирова (2008), Қ.Ө. Есенова (2007) сияқты көптеген ғалымдарды атап кеткен дұрыс. Д.А.Әлкебаева: «Прагматика — коммуникаттардың бір-біріне және мәтіннің мазмұнына олардың коммуникативтік пиғылымен және сұхбаттасу мән-жайымен санасқан жеке қарым-қатынасы» десе, ал К.Қ. Садирова «дискурс коммуникативтік, когнетивтік, т.б. салалармен тығыз байланысты» деген пікір айтады. Дискурсқа берілген ғылыми тұжырымдарды қорыта келгенде дискурс-қолданыстағы мәтін, яғни сөйлеу тілінің нақтылы коммуникативтік қарым-қатынас орнатудағы қызметі, дискурс – коммуниканттардың сөз жағдаятын ескере отырып шынайы өмірдегі оқиғаларды өздерінің когнитивтік, тілдік, аялық білімін, прагматикалық мүмкіндіктерін пайдалану қарым-қатынасқа түсу әрекеті деп тұжырымдалынады [14].

Функционалды прагматика – тіл жүйесінің барлық өлшемдерін айқындайтын интегралды тіл теориясы. Функционалды прагматика теориясы концептісінің негізін амал, әрекет (action) құрайды. Функционалды прагматика экстралингвистикалық және лингвистикалық амалдарды да қамтиды. Ол мәтін, дискурс анализі және функционалды прагматикалық грамматика, синтаксисті,



семантика, фонологияны, жазуды да зерделейді. Функционалды прагматикалық теориялардың әлеуметтану мен тіл психологиясы салаларында үлесі зор.

Функционалды прагматика үшін қоғам тәжірибесіндегі тіл негіз болса да, тіл тарихы, мәтін формаларының шығу тарихы сынды мәселелері де маңызға ие. Функционалды прагматика категорияларына қоғам мен тілдік тұлға жатады. Бұл теория ең алғашымен қоғам – тарихи-әлеуметтік категориясы, ал одан тұлға категориясы туындайды деп түсіндіреді. Сонымен қатар тыңдаушы мен сөйлеуші арасында туындаған жүйелілік категориясы туралы да сипатталады [5, 135 б.].

Функционалды прагматиканың өзіне тән категориялары мен тілдік өрістері (функционалды грамматикадағы тілдік өрістерге ұқсамайды), зерттеу әдістері бар.

Функционалды прагматиканың 5 түрлі өрісі (К. Бюлер):

*Қозғаушы өріс* – сөйлеуші тыңдаушыны іс-әрекетке бірден жұмылдырады. Ол одағай сөздер, тон (үн, екпін), етістіктерге түскен интонация арқылы жүзеге асады. Мысалы, «- *Әжеңе бар, әнеки!*» - деп, үлкен үйдің алдына қарай бұрып жіберді. *Кәрі әжесі Зере бәйбішеге таяғына сүйеніп, ұрсып тұр екен.*» (М.Әуезов «Абай жолы»)

Автор Ұлжанның бала Абайға жоғарыдағыдай сөз қозғауына бірнеше жағдаят итермелеп тұр. Біріншіден, қазақ танымы мен тәрбиесінде шаңырақтың қариясымен бірінші амандасу парызы, екіншіден келін мен ене арасындағы мәдениет. Қазақ психологиясында үлкен шаңырақ иесіне сәлем беру, амандасу тәрбиенің, ата-бабадан келе жатқан аса қастерлейтін дәстүр көрінісі. Сөйлеу әрекетіндегі қарамен белгіленген сілтеу есімдігі лексикалық бірлік пен етістікке түскен интонация, сөйлеу тоны тыңдаушысын іс-әрекетке жұмылдырып тұр. Қазақ тілінде *бар, айт, жаз, қара, сөйле* т.с.с. етістіктерден кейін леп белгісі қойылса, мәнмәтінге қарай адресаттың бұйрық, талабынан гөрі өтініш айту мәні де аңғарылады. Әсіресе, *әнеки, мінеки, кәнеки* сияқты сілтеу есімдіктерімен тіркескен бұйрық мәнді етістіктер бірігіп өтініш айту, ілтипат білдіру мәндерін арқалайды.

*Дейктикалық өріс* – дейктикалық сөздерді қолдану арқылы сөйлеуші (жазушы) тыңдаушы (оқырман) ойының өзгеруіне ықпал етеді. Дейктикалық сөздерге есімдіктер, үстеу, етіс, шылаулар жатады. Олар сілтеу я байланыстырушы қызметте жұмсалып, нақты референтке (сөз болып тұрған затқа) қайта бағытталып айтылады. Мысалы, «*Жиренше таңертеңгі қоян қуғаннан бастап Жексен аулында көргенін де, жолшыбай не болғанын да тегіс айтып болып:*

- *Абай қайда өзі? – деп еді, Ұлжан Абайдың жатып қалғанын айтып Жиреншеге біраз наразы салқын жүзбен қарады.*

- *Шырағым, сен бала емессің, естиярсың. Өзің барсаң бір сәрі. Ондай жаман, сұмдық жерге Абайды несіне апардың? – деп, «жаман», «сұмдық» дегенді шынымен баса айтып. – Бала емес пе? Шошынар деп ойласаң нетті? – деді. Жиренше сөз таба алмай ұялып, қысылып қалды:*

-Ұят болды. Өзім де өкіндім. Бірақ құдай ақына, өлігін көреміз деп ойлаған жоқ ем!» (М.Әуезов «Абай жолы»)

Ауызекі сөйлеуде коммуниканттардың эмоциялары бейвербалды амалдармен танылып, ажыратылады. Көркем мәтінде ол амалдар жазушының баяндау, сипаттау, суреттеу сияқты сөйлеу типтерімен (түрлері) оқырманға жетіп отырады. Кейіпкерлердің қимыл-әрекетін сипаттау арқылы көз алдымызда толық тілдік жағдаят құралады. Мәтіндегі интеракт Ұлжан мен Жиренше арасында түзіледі. Ұлжан Жиреншеге ашулы. Жазушы төлеу сөзбен Ұлжанның халін сипаттайды. Сонымен қатар сұраулы сөйлемдері жазушы сұрау, ақпарат алу мақсатында емес, көңілі қалу, ұрсу, шамдану мағынасында қолданып отыр. Мәселен, Абай қайда деп сұрақ қойылып тұрған жоқ, *қайда өзі* деп сұрақ құрастырылып тұр. Тіліміздегі сұраулы есімдіктерден кейін өзі деген есімдіктің қатар тұруы сөйлеушінің ренішін, белгілі бір затқа шамдану, ашулану мағыналарын да үстейді. Абай қайда өзі деген сөйлем астарында Жиренше Абай қайда жоғалып кетті, соншама не болып қалды оған деген ойларды беріп тұр. Қазақ тіліндегі өзі деген дейкис интерактка түскен келесі адамды әр түрлі әрекетке итермелейді. Мысалы ауызекі коммуникацияда *Сен өзі қайда барасың? Тыңдап тұрсың ба өзі?* т.с.с. сөйленістер бар.

Ұлтымызға тән асыл қасиеттердің жиынтығын ұлттық код деп есептейміз. Тілдегі оның көрінісін еркелету, жұбату, мадақтау, қолпаштау мәнді сөздерден ерекше аңғарамыз. Тіліміздегі еркелету мәніндегі бір *шырағым* сөзін түрлі тонмен жұмсай қолдануға болады. Тонның өзгеруі сөйлеушінің қандай мақсатпен, көңіл-күймен тыңдаушысына қаратып сөз қозғап тұрғаны аңғарылады. «Абай жолы» романынан алған үзіндіде *шырағым* дейкисі еркелету мәнін емес өкпе-назын білдіру құралы ретінде пайдаланған. Ондағы мақсат адресатқа назын, ренішін білдіре отырып, *шырағым, қарағым, айналайын* сөздерін қыстыра сөйлеуі жасы кішіге ізеттілік танытуды көздейді. Қазақ танымында үлкенге құрмет, кішіге ізет деген тәрбие, мораль ұғымдары өте құнды. Жасы кішіге үлкеннің, үлкеннің кішіге мәдениет сақтай сөйлеуі ұлттық тәрбие мен болмыстың, діліміздің ең негізгі діңгегі екендігі анық.

Жазушы романда адам өмірінің үлкен, естияр, бала сынды шақтарын өте шебер сипаттай отырып, әр жасқа сай сөз бірліктерін, сөйленіс формаларын сауатты қолданып, қазақтың ұлттық сөз сөйлеу этикасы, мораль формаларын оқырман қауым назарына жеткізген.

Романдағы Ұлжан мен Жиренше интерактысынан баланың *шошынуы, ұшынуы* деген ұғымдар кездеседі. Қазақ танымы мен наным-сенімінде бақсылықтың қалдығы болып қалған шошынғанда ұшықтау деген қазіргі күнге дейін бар ұғым. Су, оттың ерекше қасиетіне деген сенімнің белгісі. Баланың бойындағы қорқыныш, үрейдің күшеюі оны ауруға шалдықтырып, жігерсіз болып өседі деген түсінігінен туындаған деседі.

Автор жоғарыдағы интеракт арқылы Ұлжанның ашуына түрткі болған Жиреншенің ұшқалақ, жеңіл мінезі мен ойсыздығын жақсы суреттей алған. Ұлжанның аналық жүрегі бала Абайды өмірдің теріс жақтауларынан оқшаулап, әке Құнанбайдың жағымсыз бейнесін көріп, білгенін қаламайды.

Функционалды прагматикадағы *дейктикалық өріс* уақыт, адам, кеңістікте қалыптасып, уақыт дейксисі, адам, тұлға дейксистері деп ажыратылады. Ағылшын тіліндегі дейктикалық өрісі *here, now, then* сөздерімен беріледі. Ал қазақ тілінде *кейін, қазір, осында, мұнда, анда, ана жақта, мына жерде* тағы басқа да уақыт пен кеңістіктік категорияларды көрсететін сөздер бар. Мәселен, « - *Жөніңді айтшы, қарағым, не болды? Әкең ұрды ма?*  
- *Жоқ, ешкім ұрған жоқ, кейін айтам... Ана, төсек сап берші, жатқызшы!* – деп, *Абай шешесін құшақтап қысқан бойда, үйге қарай аяндады.*» (М.Әуезов «Абай жолы»)

Интерактіде анықталған *кейін* (құрылымдық тіл білімінде септеулік шылау, ал функционалды грамматикада кеңістіктік қатынасты білдіретін сөз) сөзі кейіпкердің көңілсіз күйін, сөйлесуге дайын еместігін аңғартады. Ауызекі сөйлеу тілімізде ондай мысалдар көп: *кейін айтам, кейін сөйлесейік, кейін көреміз, кейін білеміз* т.б. Осындай тілдік қолданыстар сөйлеушінің эмоциялық халінен, коммуникацияға дайын еместігін танытып, айтайын деген ақпараты толымсыз, жүйесіз екенін аңғартады. Қазақ тіліндегі *кейін, сосын, қазір* сияқты шылау сөздер нақты уақыттық өлшемі жоқ, тек сөйлем я сөйленіс барысында ғана нақтыланады.

Функционалды прагматиканың *таңбалар өрісі* белгілі бір сөз таптары арқылы туындайды. Заттарды, іс-әрекеттерді атап көрсетеді. Бұл өрісте сөйлеуші тыңдаушыны сөзге шақырып, білімін айқындайды. Мысал, «*Осыдан осылай толып жатқан күйеу дәстүрі басталатынын мойыңға алып Абай Ерболға:*

- *Осы үйлену деген ата-анаға да, жастардың өзіне де қуаныш қой. Солай емес пе? Ал ендеше, сол қызығына жеткенше күйеу мен қалыңдықтың жолына ырым-жырым, әдет-дәстүр деп неше алуан құбыжықтар қоятыны несі? – деді. Ербол бұған күлді.*

- *Рас, айтасың, құбыжық екені рас. Дәл осы қазір кім келеді? Қандай асау жеңгелер екен, не бұйырар екен деп, мен де үркектеп тұрмын!»* (М. Әуезов «Абай жолы»)

Адресант пен адресат арасындағы білім, ақпарат алмасу сұрақ-жауап формасы арқылы іске асады. Сұрақтың дұрыс қойылуы жауап берушінің ақпарат алмасуға қызуғушылығын арттырып, коммуникацияның сәтті жалғасуына септігін тигізеді. Сұраулы сөйлемдер тек жауап алу мақсатын арқаламайды, сонымен қатар пікір алмасу, орнаған жағдайға көзқарасын таныту, ой бөлісу мақсатын да көздейді. Келтірілген мысалда Абай жақын досы Ерболмен үйлену дәстүрі туралы әзілді-қалжыңды ойларын бөлісіп отыр. Ал автордың түп мақсаты – халықтың салт-дәстүрін, ырым-жоралғыларын сипаттау. Қазақ танымы мен психологиясында үйлену тойы екі жастың қуанышы, некелескен күні ғана емес, туған-туыстың ауызбіршілігі танылатын, аға-бауыр, құда-жекжат, аға-жеңге, абысын, келін сияқты жақындардың бас қосатын үлкен думан, мәдениет алаңы екендігі белгілі.

ФП-дағы *оперативті өріс* коммуникация барысында қызметіне қарай есімдіктер, үстеу, шылаулар сұрыпталып, соған қарай интонация, сөздің орын

тәртібі арқылы қалыптасады. Мысалы, *«Қонақтармен жай сұрасып, амандасып болған соң Ұлжан Абайға қарап жымып:*

- *Ал, балам, әжеңмен екеумізді қажай беруші едің, әңгіме-жырдың дүкені, міне жаңа келді. Мына кісі Барлас деген ақын!- деді»* (М.Әуезов «Абай жолы»)

Жазушы бала Абайды кішкентайынан зерек, әңгіме-жырға құштар болып өскенін Ұлжанның осы сөздерімен де дәйектей түседі. Шығарманың өн бойынан бала Абайдың қарт Абайға дейінгі шағы білім іздеу, шәкірт ақындар тобын тәрбиелеумен айналысқанын түрлі образдар мен оқиғалар айналасында баяндап, сипаттайды.

ФП-дағы *экспрессивті өріс* – тыңдаушы мен сөйлеуші арасындағы эмоционалды байланысты реттейді. Бұл өрісте коммуниканттар арасында эмоция, көңіл-күй байқалады. Мысалы, *«-Ендеше, өлімнен ұят күшті. Ел көрмеген сұмдыққа, ел көрмеген жаза керек!-деп Құнанбай байлауын айтты. Қайта босар түрі жоқ. Тас түйін боп бекініп, түйіліп алған көрінді.*

*Бірақ Құнанбайдың мына сөзі үндемеске де қоймайды, үндеуге де жібермейді. Дел-сал етті. Үй іші бірталай уақыт жым-жырт отырды.»* (М.Әуезов «Абай жолы»).

Адресант пен адресат арасындағы эмоционалды байланысты автор лепті мәнді сөйлеммен жеткізіп отыр. Қазақта ұят – иман тармағының бір арнасы, ислами мінез-құлықтың бір көрінісі. Сол себепті *өлімнен ұят күшті, ұялғаннан жерге кіріп кете жаздадым* деп айту адам баласының бойын жаман әдет, құлықтардан алыс ұстау дін шарифатымен астасқан даналығының айғағы. Жазушы Құнанбайдың сөйлеу әрекетінен қатыгез мінезін, қолын қанға байлаған болыс образынан гөрі дін тазалығын, ар тазалығын берік ұстанған тұлғалығын сипаттау мақсаты басым көрінеді.

Функционалды прагматикалық өрістер «Абай жолындағы» Қамқа мен Қодар оқиғасы желісінде анықталып, талданды. Жазушы аталған оқиға айналасында Абай, Құнанбай, Ұлжан, Жиренше сынды кесек образдарды, ХІХ ғасырдағы қазақ тұрмысы, психологиясын бейнелі әрі әсерлі сипаттайды.

Функционалды прагматика теориясы негізінде қалыптасқан өрістер кез-келген дискурстың, мәтін түрлерінің мақсатын, сөйлеушілердің тілдік амалдарды қандай мақсатпен, қалай қолданатынын және оған қандай жағдаяттар әсер еткенін сипаттап көрсетеді.

Педагогика ғылымдарының докторы Е.Ю. Протасованың еңбегінде функционалды прагматиканың жоғарыда сөз болған 5 өрісі жайлы: «Бастапқыда жағдаят (дейксис) анықталып, кейіннен таңбалық өрісте белгілі бір сөз таптары арқылы заттың, істің атауы пайда болады. Бұл процесс менталдылықтың жемісі. Яғни, сөйлеуші тыңдаушыға өзінің бар білімін көрсетуші таңбаларды (сөз, қимылы мен қызметтік жағынан дұрыс топтасқан етістіктерді) қолдана отырып әсер ете алады. Осы тұста бірнеше өрістер пайда болады. Оперативті өрісте адамның өне бойына жиылған білімінің сұрыпталуы жүреді, сөйлеуге қажетті есімдіктер, үстеулер, интонация, сөздердің орналасу тәртібі секілді біршама дүниелер сараланып, коммуникативтік қызметке

жарамдылары таңдалады» [10, 62-63 бб.] – деген пікір білдіріп, әр өрістің қызметін талдайды.

Функционалды прагматиканың теориялық базасымен қатар практикалық базасы да қалыптасқан. Функционалды прагматиканың эмпирикалық зерттеу әдістері тіл корпусы негізінде жасалады. Мақсаты – сөйлеу тілінің аутентикалық күйін жазып алу.

Функционалды прагматикада HIAT (heuristic interpretative auditory transcription) бағдарламасы қолданылады. Бұл бағдарлама жазылған тілді анализдеуге лайықтап дайындап береді. Функционалды прагматиканың эмпирикалық әдісі бірнеше кезеңнен тұрады. Біріншіден, ауызекі тіл дыбыстық я бейне жазбаға жазылады, содан кейін транскрипцияланады. HIAT бағдарламасы арқылы бірнеше сөйлеу формалары, интонацияны белгілейді және екпін мен бейвербалды амалдарды да айқындайды. Ал транскрипция бағдарламасы EXMARaLDA6 белгілі бір параметрлерді іздеуге арналған мәліметтер базасымен байланысқан [5, 142-143 бб.].

Функционалды прагматиканың эмпирикалық мәліметтерді талдаудың негізгі кезеңдері мыналар:

- 1) ауызша немесе дыбыстық жазбаны жазу немесе жазбаша мәліметтерді таңдау;
- 2) жазбаша мәліметтерді HIAT (heuristic interpretative auditory transcription) бойынша компьютерлік транскрипциялау;
- 3) транскрипцияның мұқабалық парағын толтыру (актанттар туралы ақпарат);
- 4) дискурс немесе мәтін түріне сәйкес дискурстың немесе мәтіннің «фазасы», яғни макроқұрылымдық бірліктерді анықтайды;
- 5) процедуралық бағалауға сәйкес айтылған ойларды «бөлу»;
- 6) дискурстың парафразистері;
- 7) бөлшектердің интерпретациялық талдауы. Мысалы:
  - лингвистикалық іс-әрекет үлгілерін қайта құру;
  - бастапқы мәтін мен дискурс формалары;
  - олардың дискурсивті немесе мәтіндік функционалдығы;
  - негізгі, туынды, тірек және екінші реттік сөйлемдерді саралау;
  - әрекеттер (яғни сөйлеу әрекеттері, мысалы, дәлелдеу сияқты);
  - белгілі бір сөйлеу әрекеттерін олардың үш өлшемі бойынша талдау;
  - тактиканы анықтау;
  - білім түрлерін саралау (кәсіптік және жартылай кәсіби немесе жалпы білім) және білімді сәйкестендіру;
  - вербальды, паравербальды және вербалды емес қарым-қатынастың байланысын зерттеу;
  - байланыс құралдарын зерттеу (танымы, стилі).

Аталған теорияның базалық (негізгі) категориясы – сөйлеу әрекеті. Тіл – іс-әрекет формасы, ол белгілі бір топ я ортада жеке мақсатқа жету барысындағы негізгі құрал болып қарастырылады. Коммуникация – қарым-қатынас жасаудың айрықша формасы. Оған төрт компонент әсер етеді. Олар: сөйлеу жағдайы

(ситуация), тілдік таңбалар, бір немесе бірнеше сөйлеуші мен жазып алушы, бір немесе бірнеше тыңдаушы мен оқырман.

Функционалды прагматика лингвистиканың ішкі я сыртқы салаларын қатар қамтиды. Оларды бірбүтін санайды. Сонымен қатар функционалды прагматика категориялары қоғам мен тұлға және сөйлеу әрекеті деп таниды. Яғни, тұлға қоғам ішінде қалыптасып, тіршілікке бейімделу мақсатында тілді пайдаланады, амал-әрекет жасайды деп есептейді. Кез келген тұлғаның қоршаған ортаны тануда өзіне тән шындық өлшемдері бар. Ол философиядағы шындық категорияларынан бастау алғанмен, функционалды прагматикада экстралингвистикалық, менталды, тілдік шындық деп айтылады. Демек, функционалды прагматикада сөйлеуші мен тыңдаушының сөйлеу әрекеті барысындағы тілдік формаларды дұрыс пайдалануымен қатар ниеті, пиғылы, ойы, стилі, тактикасы да маңызды. Бұл жаңа бағыт тілді зерттеу аясын кеңейтеді [15].

Келешекте жасанды интеллект қалыптастыру жолындағы зерттеу жұмыстарында функционалды прагматикадағы эмпирикалық зерттеу әдісінің маңызы зор. Себебі функционалды прагматиканың мақсаты аутентикалық тілді транскрипциялау болып отыр. Қазіргі таңда хабарлама, қоңырауға жауап беруші боттардың (робот) көбеюі осындай әдістердің жемісі. Компьютерлік бағдарлама негізінде дискурс пен мәтін талданып, ішінен дайын клишелер сұрыпталып алынады. Қандай дейксисте қандай интонация, сөз я сөйлемдер қолданылатындығын дәл осы эмпирикалық зерттеу әдісі анықтайды. Сондай-ақ кез келген салада әсіресе, қызмет көрсету саласында адресат пен адресант арасындағы диалогтың/интерактивтің сәтті аяқталуына, атқарылып отырған жұмыстың тиімді әрі сапалы жүзеге асуына да өз ықпалын тигізеді. Функционалды прагматика теориялары мен талдау әдіс-тәсілдерін тілді үйретуде, тілдің қоғамдағы рөлі мен жағдайын анықтап, салыстыруда кеңінен қолданады. Тіл табиғатының функционалды грамматика бағыты ашып бере алмаған қырларын зерттеуде оның әлеуметтік, психологиялық жақтарын ескеретін жаңа ұғым.

## **1.2 Қазіргі тіл біліміндегі прагматика туралы теориялардың негіздері**

Лингвистикалық прагматика тіл білімінде жаңадан қалыптасқан жаңа бағыттың, жаңа ғылымның бір саласы. Ғалымдар прагматиканың зерттеу аясына сөйлемнің коммуникативтік түрлері, тілдесім иллокуция түрлері, перформаттау, модальділік, актуалды мүшелену, клишенің диффузиясы мен амбиваленттілігі, ассоциациялы жоспар, мәтін астары, сөйлемнің түрлері, субъективті бағыты, кейбір морфологиялық категориялардың екіншілік функциясы, грамматикалық синонимияларды жатқызады.

Прагматика – аясы кең өткен ғасырлардан бері келе жатқан ескі ұғым. Тіл білімінде өзінің көп мәнді қолданысымен прагмалингвистика деген тіл білімінің бір саласын құрап отыр. Жұмысымызда осы саладан туындаған жаңа ұғым функционалды прагматиканы қарастырып отырмыз. Аталған ұғым жаңашылдығымен тіл ғылымына еніп жатқандықтан, прагматика туралы

тұжырымдарды ортаға салып, функционалды прагматиканың прагматикадан айырмашылықтары мен ұқсастықтарын салыстырып, байланыстырсақ.

Прагматика термині философия ғылымында қолданылып келді. Қазіргі таңда лингвистика, психология, логика ғылымдарының да зеттеу нысанына айналып отыр.

Прагматика терминінің тарихы (грек тілінен алғанда, «прагма» – іс, әрекет) Ч. Морристің ой-тұжырымдарынан бастау алады. Прагматиканы зерттеуде оның объектісі сөйлеу актісі, сөз, мәтін немесе мәтіндер тобы саналады. «Прагматика» термині тіл білімінде қолданысқа енгенмен, лингвист ғалымдардың ортасында бір жақты пікір қалыптаса қоймаған. Сонымен қатар әдеби коммуникацияның прагматикалық параметрлерін мәтінді жасаушы адамымен байланыстыра зерттейтін теория деп сипаттайды. Орыс тіл білімінде прагматика тілді қолданудың ғылымы, мәнмәтіндегі тілдің ғылымы, адам өз мақсатына жету барысында тілдік бірліктерді қолданатын әдістері, тәсілдері және интерпретация теориясы деп түсіндіріледі. Қазақ тіл білімінде прагматиканы ой иесінің мақсаты мен уәжіне сай тілдік құралдарды таңдаудың мәнін, сондай-ақ тыңдаушының айтылған ойды, тіл арқылы берілген бағаны түсінуін зерттейтін тіл білімінің жаңа саласы деп сипаттама береді.

Прагматика грек тілінен аударылғанда «іс, әрекет» деген мағынаны үстейді. Бұл ұғым ХХ ғасырдың 30-жылдары семиотика негізін салушы Ч. Морристің еңбектерінде кездесетіндігін жоғарыда айттық. Зерттеуші прагматика сөйлеу актілерін жүзеге асыру шарттарын қарастырады дегенді айтады. Ч. Морристің прагматикаға көзқарасы, тілдік коммуникациядағы «адамдық элемент» идеясы Н.И. Форманская, Ю.Д. Апресян сияқты көптеген орыс және шетел ғалымдарының еңбектерінде дамытылған. Ғалымның көзқарасын тілшілер жан-жақты дамытып, өздерінше интерпретациялайды. Орыс тіл білімінің өкілі Л.А. Кисилеваның түсіндіруі бойынша прагматика сөйлеу әрекетінің теориясы болса, ал И.П. Сусов прагматиканы тілді адамның қоғамдық тәжірибесінің қаруы ретінде зерттеуде қолдануды алға тартады. Т.ван Дейктің пікірінше прагматиканың құзыретіне тілдің формасын, мағынасын және қызметін сипаттайтын жүйелерді анықтау кіреді. Т.ван Дейк тілді белгілі бір мәдени-әлеуметтік жағдайда қолдана алу, сөйлеу актілерін түсіну, есте сақтау және когнитивті моделін құрастыруды прагматика теориясының эмпирикалық міндеттеріне жатқызады [16, 3 б.]. Зерттеуші ғалым В.Г. Колшанский: «Если понимать под прагматикой речевого общения достижение какой-либо цели – практический, теоретической, физической, интеллектуальной и т.д., то можно в какой-то степени говорить о характеристике использования человеком языкового знака, но только, видимо, в смысле «успешно» или «неуспешно» была осуществлена как для индивидуального речевого акта, так и в целом для некоторого социального коллектива. Вопрос о целесообразности разработки критериев «прагматической успешности» речевого акта может быть решен только в чисто прикладном плане и применительно к конкретным областям языкового общения человека» - деп, сөйлеу актісінде тілдік таңбаларды ұтымды пайдалануды прагматиканың

негізі етіп берген [17]. Тілші ғалым Т.В. Булыгина «Языковая деятельность в аспекте лингвистической прагматики» атты еңбегінде: «Прагматика является одним из тех слов, которые создают впечатление, что их содержание определено, хотя это не соответствует практике их употребления. На самом деле прагматика представляет собой область лингвистических исследований без каких либо четких границ. Прагматика как аспект изучения вообще пронизывает все уровни языка» [18] – деп, прагматиканы барлық тіл деңгейлерін зерттейтін жиегі кең тіл білімінің саласы ретінде сипаттайды.

Прагматика тілді адам баласына тән қызмет ретінде қолданылуына байланысты зерттеп, тілдік қарым-қатынасқа қатысушының тілді қандай мақсатта қолданып тұрғандығын айқындайды. Зерттеуші лингвист Е.Ю. Калташкинаның ғылыми мақаласында прагматика ұғымы туралы көптеген ғалымдардың пікірін келтіріледі. Мәселен, Дж. Катц және Дж. Фодор прагматиканы мәнмәтін арқылы сөз мағынасын жеткізу деп түсіндірсе, Дж. Лич оны сөйлеу жағдаятының мағынасын түсіну деп ұғады [19, 27-28 бб.].

Орыс тіл білімін зерттеуші ғалым Г.Г. Матвееваның пікірінше прагмалингвистиканың функционалды және жасырын (скрытая) сынды екі түрі бар. Функционалды прагмалингвистика нақты ойластырылған, таңдалған иллокуциясы бар мәтін жіберушінің сөйлеу әрекетін қарастырады. Ал жасырын прагмалингвистика мәтін жіберушінің күнделікті интуитивті түрде қолданып жүрген сөйлеу сигналдарын зерттейді [20]. Кейбір ғылыми еңбектерде (Т.А. Дейк, Л.М. Лосева т.б.) прагматикадағы жазбаша коммуникацияға қатысты мәселелерге көңіл бөліне бастағандығы байқалады. Ол дегеніміз кез келген мәтін прагматиканың зерттеу аясына толықтай енген коммуникацияның бір түрі саналатындығын дәлелдейді.

XX ғасырдың ортасынан бастап прагматика лингвистикалық пән ретінде ағылшын-американ ғалымдары арасында (Э. Сэпир, Дж. Локкоф, Ф. Кифер, т.б.) жан-жақты зерттеле бастаған. Орыс тілінде жазылған еңбектерден ағылшын-американ ғалымдарының прагматиканы зерттеуде сөйлеу актісінің теориясына үлкен көңіл бөлгендігі байқалады. Ауызекі сөйлеу қызметінің прагматикаға негізделі зерттелгенін В.В. Богданов, Н. Битехтина, Е.В. Падучева т.б. ғалымдар еңбектерінен аңғарамыз. Прагматиканы сөйлеу актісімен байланыстыра зерттеуде Дж. Остин еңбектері құндылығы басым. Ғалым теориясы «сөйлеу актісі – сөйлеуші әрекетінің көрінісі» (речевой акт как действия) деген ойларымен ерекшеленеді. Осы теория негізінде Дж. Лич [21], Дж. Серл, Т. Коэн, Г. Грайс [22 ], Дж. Катц, Дж. Фодор т.б. зерттеушілердің прагматика туралы еңбектері жарық көрді. «Прагматика принциптері» еңбегінде Дж. Лич мынадай пікір білдіреді: «Тіл грамматика мен прагматикадан тұрады. Грамматика – ақпараттарды жеткізу мен түсіндірудің дерексіз шартты жүйесі. Ал прагматика грамматиканы қолдану арқылы коммуникация барысында табысқа жетудің стратегиялары мен принциптерінің жиынтығы». Сондай-ақ грамматика жұмсалымдық (функционалды) тұрғыдан прагматикалық принциптердің жүзеге асуын қамтамасыз ететіндігін алға тартады [21,10-13 бб. ].



Орыс тілі білімінде прагматиканы тыңдаушының айтылған ойды қабылдауына ғана қатысты емес, айтылған ойдың өзіне және ойдың иесіне қатысты (Н.Д. Артюнова, В.И. Юньев, Е.В. Падучева) зерттеген еңбектер де бар. Прагматика – ой иесінің мақсаты мен уәжіне сай тілдік құралдарды таңдаудың мәнін, сондай-ақ, В.И. Юньевтың пікірі бойынша «тыңдаушының айтылған ойды, тіл арқылы берілген бағаны түсінуін» зерттейтін сала ретінде де қарастырылады. «Лингвистикалық терминдер сөздігінің» авторы О.С. Ахманова прагматика тіл бірліктерінің тілді қолданушыға қатынасын айқындайтын тілді зерттеу аспектілерінің бірі деп сипаттаған. Пікірінің түп нұсқасын келтіретін болсақ: «Прагматика – один из планов или аспектов исследования языка, выделяющий и исследующий единицы языка в их отношении к тому лицу или лицам, которые пользуются языком» [23, 344 б.].

Тілдің прагматикалық функциясы қазақ лингвистері тарапынан да біршама еңбектердің жарық көруіне жол ашты. Мәселен, М. Оразов сөз семантикасының прагматикалық аспектісін қарастырса, А. Алдашева публицистикалық терминдердің прагматикалық ерекшеліктерін, Б. Момынова газеттік лексиканың прагматикалық аспектісін, З. Ерназарова сөйлеу тілі синтаксисінің прагмалингвистикалық аспектісін, Д. Әлкебаева қазақ тілі стилистикасының прагматикасын, С. Аташев бұқаралық ақпарат құралдарының прагматикасын, Б. Хасанов сөздің лексикалық мағынасы мен прагматикасын, Б. Райымбекова қазақ және орыс тілдеріндегі газет мәтінінің прагматикалық аспектісін, Ф. Жақсыбаева газет мәтінінің прагматикалық функциясын қарастырса, Г.К. Ихсанғалиева [24] тақырыпаттарға прагматикалық талдау жасаған. Т.Ш. Мырзахметова [25] тыныс белгілердің, оның ішінде көп нүктенің қолданысын прагматикалық тұрғыдан зерттеген. Ал Р.А. Омарова [26] неміс тіліндегі газеттер материалы бойынша баспасөз дискурсына прагмалингвистикалық талдау жүргізсе, С.Қ. Ережепова [27] орыс және қазақ тілдеріндегі ресми-іскерлік стильдің прагмалингвистикалық аспектісін салыстыра зерттеді және М.С. Абишева [28] ақпараттық жазбаның (информационная заметка) құрылымы, семантикасы және прагматикасын диссертациялық деңгейде арнайы қарастырған. Сонымен қатар ғалым М.С. Абишева прагматиканың тіл ғылымындағы тұжырымдарын саралай келе, функционалды прагматикалық талдау дегенге мынадай анықтама береді: «Функционально-прагматический анализ, описывая факты в аспекте человеческой деятельности общения, позволяет рассматривать и исследовать те нюансы смыслового содержания языковых единиц, которые возникают в конкретной ситуации, связанной с конкретными целями и задачами конкретных лиц. Направленность адресата являются одной из важнейших характеристик и говорящего» [28, 77 б.]. Яғни, адресаттың адресантқа бағытталған нақты мақсаттары мен міндеттерін арқалайтын тілдік бірліктерінің мағынасын ашу функционалды прагматикалық талдаулар негізінде жүзеге асады.

Қазақ тілінің сөйлеу тілі синтаксисінің прагматикалық ерекшеліктерін зерттеген ғалым З. Ерназарова прагматика негізін сөйлеу жағдаяты мен екі жақты әрекетке тірейді де, сөйлеуші мақсатына жету үшін белгілі бір стильдік

қолданыс түрлеріне жүгінетіндігін алға тартады. Ғалым Н. Уәли: «Прагматика тілдің өмірдегі қолданысын, оны ұжымдық тәжірибеде жүзеге асуын көрсетеді. Ал мұның өзі ұжымның өмір заңдылықтарымен, оның когнитивтік базасымен, мәдени стереотиптерімен, ұлттық дәстүрмен байланысты. Сөйлеушінің алдына қойған мақсатына жетуі, оның коммуникативтік діттемін тыңдаушының дұрыс ұғынуы (интерпретациялауы), ой елегінен дұрыс өткізілуі тілдесудің ойдағыдай өтуінің негізгі критерийі болып саналады. Ол тілдің өмірдегі қолданысы... ұжымның өмір заңдылықтарымен, тілді қолданушының психологиясымен, дүниетанымымен оның когнитивтік базасымен, мәдени стереотиптерімен, ұлттық дәстүрімен байланысты» [29] – деп, пікір береді. Прагматикалық көрсеткіштер туралы ой білдірген Қ. Есенова [30] кез келген мәтін авторының мақсаты, интенциясы прагматикалық көрсеткіштер арқылы жүзеге асатындығын жазады. Коммуникативтік, перформативтік предикаттар арқылы хабарлау, іс-әрекетке итермелеу, бағалау функциялары көрінетіндігін, сонымен қатар оның барлығы әр түрлі жолдармен берілетіндігін сипаттайды. Прагматика терминін газет мәтіндерін талдауда қолданып, ірі еңбек арнаған Ф.З. Жақсыбаева [31] ғылыми еңбегінде прагматиканы М.К. Мурзагалиева кандидаттық диссертациясында орыс, қазақ тілдеріндегі мадақтау, мақтау сияқты тілдік актілердің прагматикалық ерекшеліктері негізінде қарастырады да, «прагматика тілді адам баласына тән қызмет ретінде қолданылуына байланысты зерттеп, тілдік қарым-қатынаста қатысушының тілді қандай мақсатта қолданып тұрғандығын айқындайды. Тілдік құралдарды, оның ерекшелігін және сөйлеудегі заңдылығын коммуниканттардың тілді адамдардың сана сезіміне, іс әрекетіне әсер ету мақсат тұрғысынан қарастырады» деп сипаттайды [32, 24 б.]. Тілші ғалым Г. Смағұлова [33] көркем мәтін лингвистикасы еңбегінде прагматиканы таңбаның сөйлеудегі қызметі деп тұжырымдайды. Аталған пікірлерге профессор Ж. Манкееваның «Көркем мәтінді талдаудың антропоэзектік бағыты» мақаласында психолингвистиканы әр ұлтқа лайықты ұғымды қабылдау, тану, сезу, тұшыну, ақпаратты жеткізу, тарату қабілеттеріндегі өзгешеліктерді тілдік санада таңбалау деп көрсетсе, прагматиканы уақыт пен кеңістік контекстінде қоғамдағы тіл қызметінің тілді тұтынушының санасы мен әрекеті аясында қолданудың көрінісі деген тұжырымы байытады [34, 12 б.]. Сондай-ақ қазақ тіл біліміндегі жаңа бағыттар бойынша өзінің құнды еңбектерін арнап жүрген ғалым Г.М. Әзімжанова: «прагматика адамның әрекетіндегі, қарым-қатынасындағы, таңбалар жүйесіндегі барлық элементтер сияқты тіл фактілерін білдіреді, яғни тілдің қолданыстағы жұмсалуды қарастырады». – деп анықтама береді де, прагматиканың әр түрлі тілдік элементтерді, санамаланған тілдік категорияларды білдіретін тілдік әрекеттердің түрлі аспектісін көрсететін индикаторларды табуды және тереңдете зерттеуді мақсат ететіндігін айқындайды [35, 18 б.]. Ондай индикаторларға көмекші есімдер, кейбір грамматикалық формалар мен интонация қызметтерін жатқызады. Сонымен қатар көркем мәтіннің сипаттамалары мақаласында Г. Әзімжанова академик Р. Сыздық пен тілші, ғалым Б. Шалабай мәтінтануға қатысты еңбектерін

талдап, прагматика семантика мен синтактикада жасырын түрде өтетін мәселелерді зерттейді, сөйлеушінің тіл таңбаларын өз «менімен» байланыстыру прагматикаға жатады сынды пікірлеріне сүйеніп, прагматика сөздің мағыналық құрылымын анықтауды міндетті түрде ескеруді қажет етеді деген ой байламға келеді [36]. Ал тілші, ғалым Ж. Абдрахманова [37] мақаласында Г.В. Гак еңбектеріндегі прагматиканы адамның қандай жағдайда және қай мақсатпен сөйлеп тұрғанын ашуға талпынатынын, не үшін айтылғандығын, одан кейін не айтылу керектігін көрсетеді деген пікірлерін негізге ала отырып, прагматикалық потенциал, прагматикалық мақсат, прагматикалық әсер деген тіркестерді қолданады. Сондай-ақ жас ғалым К.К. Кенжеханова ғылыми еңбегінде прагматиканың үш негізгі тұжырымын көрсеткен:

1) сөз коммуникациясын түсінудің тірегі болып әрекеттік аспект саналады;

2) тіл адамға ықпал ету амалы ретінде қарастырылады;

3) тілдік амалдардың функционалдандырылуы қарым-қатынастың жағдаяты мен мәнмәтіні арқылы негізделеді. Сонымен қатар К.К. Кенжеханова прагматика – сөйлеу актілерін зерттейтін бірден бір сала деп қарастырады [38, 15 б.].

Отандық тіл біліміндегі зерттеулер қазақ тілінде және орыс тілдерінде жазылатынын ескеретін болсақ, прагматикалық бағыттағы талдаулар мен зерттеулер орыс тілінде жазылған тілші ғалымдарымызда да баршылық. Мәселен, Г. К. Абдрахманова канд.диссертациясында прагматикаға мынадай пікір білдіреді: «Являясь неотъемлемой частью исследования речи прагматика, обращает внимание на мотивацию выбора и употребления тех или иных языковых средств (внешне-лингвистическая ситуация). То есть внимание направляется на коммуникативное содержание высказывания в различных условиях общения» [39, 71 б.] – десе, С. Т. Бейсембаева канд.диссертациясында қазіргі неміс тіліндегі айтылымдардың коммуникативті-прагматикалық аспектілерін талдай келе прагматикалық лингвистика туралы мынадай пікір жазады: «Лингвистическая прагматика – дисциплина, изучающая язык не «сам в себе», а как средство, используемое человеком в его деятельности. Об естественном языке принято говорить, что он является важнейшим средством человеческого общения. Мы используем язык, чтобы посредством этого решить какие-то задачи: сообщить о важном событии, побудить адресата к определенным действиям или их прекращению, выразить свои чувства или дать оценку чьим-либо поступкам. Во многих случаях использование языка является если не единственным, то самым основным компонентом действия, в корне меняющего социальную действительность или индивидуальную судьбу» [40, 26-27 бб.]. Демек, прагматика – тілді адам өмір сүруде түрлі әрекеттерді орындауына, жүзеге асуына итермелейтін маңызды құралы ретінде зерттейтін тіл білімінің саласы.

Прагмалингвистикада прагматикалық мән, прагматикалық мағына, прагматикалық тиімділік, прагматикалық шеберлік ұғымдары да қарастырылады. Прагматикалық мән тек сөйлеу кезінде тілдік және сөйлеу

бірліктерін нақтылы коммуникативтік актіде, нақтылы жағдаяттық мәнмәтінде қолдануда байқалады. Алғаш рет прагматикалық мән сөйлеу актісі негізінде анықталды. Прагматикалық мән ретінде сөйлеу кезінде байқалатын иллокутивті күш мойындалады да, бұл күш мәнмәтінмен (контекспен) айқындалады. Тыңдаушыға айтушы айтқан сөзінен де ауқымды ақпарат жеткізгісі келуі мүмкін. Осы қосымша жеткізілетін ақпарат иллокутивті күш болып табылады. Сөйтіп, сөйлеудің прагматикалық мәні иллокутивті күш арқылы құралып, тек мәнмәтінде байқалады. Н.Д. Артюнованың [41] пікірі бойынша прагматикалық мағына ретінде сөйлеу актісі кезінде туындайтын мағынаны алу керек.

Тілдік қарым-қатынаста прагматикалық мағынаны сөз таптары да атқара алады. Бірақ сөз таптарының құрамындағы мағына беру мүмкіндігі әр түрлі.

Ғылымда прагматиканы түсінудің үш бірдей бағыты бар:

- 1) конверсациялық (сөйлеу актілік),
- 2) функционалдық (риторикалық-стистикалық),
- 3) психолингвистикалық (сөзді құру және әсер ету) [18, 20 б.].

Прагматика – сәнді тенденция емес, одан да терең қажеттіліктің көрінісі. Адам арасындағы қарым-қатынасты, олардың сөздері мен әлемдерін түсіну үшін прагматиканың берері көп [42, 394 б.].

Прагматика ұғымы аясында ғалымдардың пікірі аса үлкен алшақтық танытпайды, тек бірін-бірі байытып, дамытатыны анық. Дегенмен жұмысымызда прагматиканы сөйлеу кезінде тіл бірліктерін қызметіне қарай жұмсағанда ғана емес, оның адам миында одан ерте қалыптасады деген пікірлермен толықтыруды ұйғардық.

### **1.2.1 Функция терминінің ғылыми әлеуеті**

Сөз – әлем бейнесін көрсетуші, әлеуметтік шындық негізін қалыптастырушы және құраушы. Кез келген тілдік/тілдік емес құбылыстар мақсатына қарай жұмсалғанда процеске енеді. Сол сияқты тіл де қолданысқа енген кезде түрлі тіл қызметінің аспектілері туындайды. Олар: бейнелеуші, тудырушы, перформаттық, презумптивтілік және т.б.

Жалпы тіл білімінде тілдің бізге белгілі негізгі мынадай қызметтері бар:

- 1) коммуникативтік,
- 2) когнитивтік (танымдық),
- 3) номинативтік,
- 4) аккумулятивтік.

Осы аталғандардан басқа тілдің өзге 25 қызметі анықталған. Ең негізгілерінің бірі саналатын коммуникативтік қызметі арқылы адам қоршаған ортасының сыртқы тұстарын бейнелеп қана қоймай, әлеуметтік шындықтың негізін қалыптастырады. Сөйлеуші мен тыңдаушы (адресант пен адресат) арасында өзара ақпарат алмасуына жауап береді.

Сонымен қатар «функция» терминінің тілдік тұрғыда үш түрлі мағыналық тобы бар:

- 1) «референциалды функция» – сөйлем ішіндегі абстрактылы дистрибуция,

- 2) «1-прагматикалық функция» – тілдік формалардың мақсатты жұмсалымы,
- 3) «2-прагматикалық функция» – дискурстарды байланыстыруда тілдік формаларды пайдалану, мәнмәтінге қатысты формалардың таралуы.

Басқа тілдік өлшемдерде функцияның мынадай мағыналық түсініктері де айтылады:

1. «Грамматикалық» (немесе синтаксистік) тіл бірліктерінің құрылымына қатысты қолданылады – «агенс», «мақсат», «субъект», «объект», «тема», «рема», т.б., ал жоғары деңгейлі құрылымдарда сөз таптары, фразалар.
2. К. Бюлер, М. Халлидей және Прага лингвистикалық функционализміндегі тілдің жалпы қызметтері.

Функция термині осы күнге дейін көп мағыналы қолданыста айтылып жүр. Терминнің көп мағыналылығы ғалымдар арасында тілдің қызметі мен сөйлеу қызметін ажырату барысында да әр түрлі пікірталастар туғыздырып отыр. Мәселен, А.А. Леонтьев тілдің негізгі қызметі мен қарым-қатынас барысындағы сөйлеу қызметтерін ажыратып көрсетеді. Алайда өзге ғалымдар тіл мен сөйлеу қызметтерін бөліп қарастыруға келіспейді. Солардың бірі белгілі ғалым Д.Н. Шмелев сөйлеу қызметі тіл қызметінен тәуелсіз болады дегенге еш негіз жоқтығын алға тартады.

Кез келген тілдің болмысы оған сай қызметтері арқылы анықтала алады. Тілді алғаш рет функционалды жүйе ретінде қарастыру мәселелері «Прага лингвистикалық үйірме тезистерінде» (1929 ж.) айтылып, сөйлеу әрекеті, тілдің поэтикалық қызметтері жайлы да пікірлер келтірілді. «Функция» термин сөзін сипаттағанда тілді жұмсалымдық қызметіне қарай сипаттаған функционалды тіл білімінің мектеп өкілдері, еңбектерін атап өту маңызды. Тілді функционалды аспектіде зерттеу тіл жүйесіне диалектикалық даму тұрғысынан қараумен байланысты. Тіл элементтерін, жалпы тіл жүйесін «қатып қалған» нысан емес, «қозғалыстағы» жанды нысан ретінде таныту тіл білімі тарихына функционалды бағытты алып келді.

Функционалды лингвистиканы қалыптастырушылар мен дамытушылар ХІХ ғасырда И.А. Бодуэн де Куртэне, Ф.де Соссюр, О. Есперсен, Ф.И. Буслаев, К.С. Аксакалов, Н.П. Некрасова, А.А. Потебня, Ф.Ф. Фортунатов, А.А. Шахматов, А.М. Пешковский, Л.В. Щерба және т.б. болды. Орыс тіл біліміндегі зерттеулерді ХХ ғасырдың ортасында В.Г. Гак, Г.А. Золотова, Е. Курилович, Д.Н. Шмелевтің, Н.А. Слюсарева, Н.Ю. Шведованың еңбектерінен байқай аламыз. Сонымен қатар А.В. Бондарко еңбектері орыс тіл біліміндегі ең бір кеңінен тараған, өзіндік орны бар зерттеуге айналды.

Отандық тіл білімінде функционалды аспектіде зерттеу жиырмасыншы ғасырдың 90-жылдары қолға алына бастады. Атап айтқанда Ж. Жақып, С. Аташев, Е. Жанпейісов, К. Шаяхметов, Г.Ә. Сәрсеке, А.Ә. Жаңабекова, Қ. Рысалды, Б. Қапалбек, Б. Шалабай, О. Жұбаева, Д. Әлкебаева, М. Жолшаева және т.б. ғалымдар функционалдылық айналасында көптеген еңбектер жазып, қазақ тіл білімінде функционалды тіл білімінде өзіндік теорияларын қалыптастырды.

Қазақ тіл білімінде әрбір тілдік бірлікті түрлі қолданыста, түрлі мағынаға ие болатынын кей жағдайда жұрнақтың да, жалғаудың да өзіндік мағынасы болатынын, олардың ғылыми тұрғыдан алып қарағанда функция ұғымымен тығыз байланысты екені А. Жаңабекова «Сөз формаларын жасаудағы қосымшалардың функциялық ерекшеліктері», Ы. Мамановтың «Функциялық қосымшалар» атты еңбектерінде кеңінен ашылған. Аталған еңбектерде тілдік қосымшалардың көп қызметтілігі жайы сөз етіледі. Ал функционалды тіл білімінің тілді қызметіне қарай жұмсау я тану мәселелері Ахмет Байтұрсынұлы еңбектерінің негізінде талдау жасаған О. Жұбаева, А. Тураева зерттеулері де құнды екенін айта кету керек [7].

«Семантика: етістік» атты монографиясында ғалым М.С. Жолшаева америкалық философтар Ч. Пирс пен Ч.У. Морристің семиотика туралы пікірлерін тұжырымдайды. Семиотиканың үш құрамдас бөліктері синтактика, семантика және прагматика ұғымдарын жан-жақты талқыға салады. Зерттеуші: «Ақиқат болмыстағы кез келген зат пен құбылыс және олардың арасындағы қатынас тілде бейнеленеді. Бірақ барлық жағдайда болмыс пен оның тілдік бейнесі бір-бірінің дәл көшірмесі бола бермейді» – деп, тіл біліміндегі болмыс және тіл, болмыс және ойлау, ойлау және тіл үштігінің арақатынасын терең зерттеу қажеттілігін алға тартады [43, 6-7 бб.].

Функция термині тіл біліміне физиология, социология және математика ғылымдарынан келген. Бұл термин латын тілінен алынып, «functio» орындау, атқару, жүзеге асыру деген мағынаны береді. Жалпы функция термині тіл білімі саласында біріншіден, рөл, қолданыс, қызмет мағыналарында жұмсалса, екіншіден тілдің өзі күрделі жүйелі функция болып саналады. Яғни, тіл (сөйлеу тілі) – күрделі функция (әрекет) болып табылады.

XIX ғасырдың екінші жартысында функция терминдерінің синонимдері қолдану (usage), пайдалану (use) ұғымдарына байланысты Уитни, Г. Пауль, И.Ф. Буслаев, К. Фосслер, Дж. Остин, Дж. Серл, П. Грайс, Д. Льюнс, Л. Ельмслев, Г. Райл, Л. Витгенштейн, Б. Мейтс, Я. Хиктикки сынды зерттеушілер түрлі пікірлерін айтады.

Функция терминінің тіл философиясы мен филологияда бейресми синонимі қолдану (use) болып отыр. Алайда ағылшын тілді әдебиеттерде қолдану (use), пайдалану (usage) ұғымдарының өзара айырмашылықтары бар. Мәселен, қолдану (use) заттарға қатысты жұмсалса, ал пайдалану (usage) абстрактылы ұғымдарға байланысты сөйлемдерде кездеседі. Қазақ тілінде қолдану, пайдалану мағыналас сөздер болып, бірінің орнына бірі жұмсала береді. Тек мәнмәтінде жұмсалу айырмашылықтары ерекшеленеді.

Тіл (сөйлеу) функционалдылығының дифференциясы туралы алғашқы ойды Л.Г. Якубинский «Диалогтік сөз туралы» мақаласында қозғады. «Сөз/сөйлеу функционалдылығы» туралы түсінік Мәскеу лингвистикалық үйірме мүшесі Г.О. Винокур еңбектерінде де ұшырасады. Тіл қызметін коммуникативтік акт құрылымы негізінде жүйелеген К. Бюлердің «Тіл теориясы» еңбегі. «Тілдің репрезенттік қызметі» еңбегінде тілдің үш қызметін көрсетті:

- 1) экспрессивті функция,
- 2) апеллятивті функция,
- 3) репрезентативті функция.

Р.О. Якобсон «лингвистика және поэтика» еңбегінде хабарлама (референция) коммуникативтік және когнитивтік функция жемісі десе, ал адресант және адресат арасында тілдің регулятивтік және экспрессивтік функциясы шығады деп есептейді. Контакт – фатикалық, код – метатілдік, мәнмәтін – поэтикалық (эстетикалық) қызметтерді жеткізеді деп келтіреді. Зерттеуші адресант – мәнмәтін, хабарлама (референция), контакт, код – адресат сөйлеу жүйесін ұсынады. Демек, адам мен адам арасында тілдің коммуникативтік функциясы, ал әлем мен адам арасындағы қарым-қатынастан когнитивтік функция пайда болады.

Лингвист А.А. Леонтьев «Тіл, сөз, сөйлеу әрекеті» еңбегінде тілдің коммуникативтік, ойлау құралы, қоғамдық тарихи тәжірибе қоры, ұлттық-дәстүрлі, танымдық құрал қызметтерін көрсетеді де, мынадай пікір айтады: «Речевая организация – это по Щербе, первый аспект языка. Второй аспект – это умозаключение, которое делается «на основании всех (в теории) актов говорения и понимания, имевших место в определенную эпоху жизни той или иной общественной группы». Языковой материал, который Щерба называет также речевой деятельностью – это третий аспект языка» [44, 14 б.].

«Тілдің функционалды тұсын зерттеу мәселелері» еңбегінде В.А. Аврорин тілдің төрт түрлі қызметін атайды:

- 1) коммуникативті,
- 2) экспрессивті,
- 3) конструктивті,
- 4) аккумулятивті.

Ал сөйлеу қызметінің номинативті, эмотивті-валюнтативті, сигналды, поэтикалық, құдіреттілік пен этникалық сынды алты түрін ажыратады [45].

В.Дресслер тіл деңгейлеріне сай қызметтерді былай сипаттайды:

- 1) фонологиялық қызмет,
- 2) морфосемантикалық қызмет,
- 3) лексикалық қызмет,
- 4) предикациялық қызмет [46].

Қазіргі тіл білімінде тілдің ішкі-құрылымдық, қоғамдық, жекелік қызметтері жайлы айтылып жүр.

Функция терминінің қызметі лингвистиканың қай саласына, қандай тілдің сипатын тануға, қолдануға байланысты анықталып отырады. Қазіргі тіл ғылымында тілдің қоғамдық қызметі, тілдің коммуникативтік қызметі, тілдің байланыс орнатушы қызметі, тілдің эмотивті қызметі, тілдің апеллятивті қызметі, тілдің кумулятивтік қызметі, тілдің стилистикалық қызметі, тілдің прагматикалық қызметі, тілдің эстетикалық қызметі деген қолданыстар жиі ұшырасады.

Тілдің ең маңызды қызметі – коммуникативтілік. Коммуникация арқылы адам бір-бірімен ақпарат, ой, сезім, көңіл-күймен алмасады. Сонымен қатар

тілдің басқа да қосалқы қызметтері бар. Мысалы, ойлау қызметі. Тіл коммуникация жасаудағы маңызды құрал бола тұра ойлау процестерін де дамытады. «Функционалдылық» және «коммуникативтік» ұғымдарын синонимдес ұғымдар ретінде тану біршама зерттеушілердің еңбектерінде аңғарылады. Ғалым Ж. Жақыпов: «Коммуникативтілік пен функционалдылық аспектілерді біріктіре алу себебіміз сонда, сөйлемнің коммуникативтік мүшеленуі дегеніміздің өзі сөйлемнің функционалдық перспективасын көрсетеді», – деп нақтылайды [47].

Тілдің үшінші бір қызметі – танымдық деп есептесек, адам баласына әлем жайлы ақпарат, білім тіл арқылы сіңеді, сол тілі арқылы дамып отырады. Мысалы, біз Африка елін ешқашан көрмесек те, Сахара шөлі, Ніл өзені, пирамида туралы ақпараттарды оқып, біліп отырамыз.

Жалпы функция туралы айтқанда филол.ғ.д., профессор Д.А. Әлкебаева ғылымда белгілі тілдің ең маңызды функциясы таңбалық функциясы деп тұжырымдайды да: «Адамдардың бірлескен еңбек жағдайындағы бір-бірімен қарым-қатынас жасағанда ойлау ұғымы қалыптасты. Сондықтан адамдар бір-бірімен ойларын бөлісу үшін материалдық форманың жасалу қажеттілігі туындады. Сондықтан сигналды функция (коммуникативті) тілдегі екінші маңызды функция болып саналады. Тілдің үшінші маңызды функциясы сөздердің мағынаға, түсінікке құрылған формалары болып табылады. Тілдің құрылымдық грамматикасы тіл функциясын атқармады деп айтуға болады. Ол функционалды грамматиканың ішкі заңдылығын қалыптастыра отырып, ұғымдық, танымдық мағыналық мазмұн жасады. Мысалы, зат есімдер тілдің даму тарихында үнемі жаңа сөздермен толықтуға белсенді қызмет атқарып келеді. Күнделікті тұрмыста, өмірде пайда болған жаңа заттар мен ұғымдарға атау қажеттілігі зат есімдерді жасайды да, адамзат игілігінде белгілі қарым қатынасында қызмет атқарады» - деген тұжырымға келеді [48]. Функция терминіне еңбегінде бір толық тарауша арнаған орыс тіл білімін зерттеуші ғалым Л.М. Васильев функция терминінің кең ауқымдылығын, оның өзге ғылым салаларында белсенді қолданыс тапқанын айтады. Сонымен қатар тіл бірлігінің ең маңызды: репрезентативті (бейнелеуші, атаушы), синтаксистік, конструктивті (морфонологиялық), стильтүзуші қызметтерін атайды. Тіл бірліктерінің қызметі мен тіл қызметінің арасында тығыз байланысты ономазиологиялық, прагматикалық, коммуникативтік, метатілдік және т.б. деп көрсетеді. Аталған байланыстардың нақты бір тіл бірліктерінің қызметі мен категорияларында туындайтындығын, тілдің жалпы қызметін танытатындығын алға тартады [49, 80 б.].

Тілдің қосалқы қызметтеріне номинативтік, регулятивтік, фатикалық, эстетикалық, құдіреттілік сынды қызметтері жатады. Номинативтік қызметі арқылы кез келген затты я құбылысты атауға болады. Регулятивтік қызметі дегеніміз сөйлеуші тыңдаушысына өтініш, кеңес, бұйрық арқылы ықпал етуді айтады. Фатикалық қызмет болса тыңдаушы мен сөйлеушінің арасында қарым-қатынастың өрбуіне ықпал етеді. Тілдің эстетикалық қызметі сөздің әдемілігін таныту мақсатында көркем әдебиеттер мен поэзияда аңғарылады. Сөздің



құдыреттілік қызметі жаратушы мен өзге де жоғары күшпен адамның байланысынан туындап, көрінеді. Тіл құрылымының идеялық, тұлғааралық, мәтіндік т.с.с қызметтері оның семантикалық, синтаксистік негізін құрайды. Мұндағы тіл құрылымы және қызметі ұғымдары бірін-бірі толықтырып тұратынын ескерген жөн.

Тіл функционалдылығы төрт түрлі деңгейде көрініс тауып отырады:

- 1) атау – сөз кез келген заттың атауы ретінде жұмсалыу деңгейі;
- 2) сипаттау – тіл арқылы затты сипаттап, өз қызметіне қарай пайдалана алу мүмкіндігі деңгейі;
- 3) пайымдау (пікір білдіру) – тілдік тұлғаның әлемді тану деңгейіне сай зат я құбылыстарға белгілі бір көзқарасын, ойын я бағасын беру деңгейі;
- 4) түсіндіру – тіл философиялық таным құралы ретінде зат я құбылыстың түпкі сырына үңілу деңгейі [50].

Жоғарыда келтірілген тіл қызметтеріне қатысты пікірлерден функция термині сөз сөйлеу барысында ғана актуалданатыны аңғарылады. Тілдің атқаратын қызметтері сөйлеуден бұрын қалыптасады деген пікірлер ойлау процесі мен ойлау әдіс-тәсілдеріне байланысты деп есептейміз. Дәлірек айтқанда тіл функциясы ішкі және сыртқы формалардан құрылады да, біріншісі ойлау кезінде түзілетін тілдің грамматикалық функциясы, ойдан бағытталған грамматикалық түзілім болса, екіншісі айтушының немесе тыңдаушының тілдің грамматикалық құрылымдық жүйесін пайдалану әлеуеті. Бұл жерде айтушы мен қабылдаушының жан-жақты қабылдау, сезіну, пайдалану сияқты қабілеті мен ерекшеліктері толық есепке алынып отырады.

Функция терминінің мәнін ашу тіл-адам қарым-қатынасы деген түсініктен де тереңірек қарастыруды қажет етеді. Тілдің атқаратын қызметі оның сөйлеуінен бұрын басталады деп айтылған пікірлердің негізі бар.

### **1.3 Функционалды прагматиканың лингвистикалық талдау әдістемесі**

Функционалды прагматика Еуропада соның ішінде герман лингвистикасында дамыған жаңа тіл білімінің бағыты. ФП-ның герман лингвистикасында етек жаюы түрлі тарихи факторлармен қоса ақпараттық технологиялардың қоғам сұранысына сай жылдам дамуының әсері деп тұжырымдауға болады. Неміс ғалымдары тілді қоғамның сұранысы мен жағдаяттарына қарай зерттеуді мақсат етеді де, функционалды тіл білімі (грамматика) толықтай аша алмаған мәселелерді функционалды прагматика толықтыра алады деген ой ұсынады.

Функционалды прагматикаға қатысты теориялық, әдістемелік ақпараттарды ғылыми еңбегімізде ұсыну үшін А. Реддердің «Функционалды прагматикаға» қатысты анықтамалық құралын басшылыққа алдық. Ғалым өзіне дейінгі ғылыми еңбектерге талдау жасайды. Функционалды прагматиканы тілдің интегралды теориясы ретінде тілдің барлық жүйелік өлшемдерін таныта алады деп тұжырымдайды.

Функционалды прагматиканың басты категориясы сөйлеуші мен тыңдаушы арасындағы қарым-қатынас болғандықтан, олардың білімі, түсіну және ойлау процестері де зерттеу нысанына алынады. Сондықтан да функционалды прагматикалық зерттеулер философия, әлеуметтану, психологиядағы амал-тәсілдерді қатар қолдануды қажет етеді.

Функционалды прагматика қоғам мен жеке адамды орталық категориялар ретінде қарастырады: ол бойынша қоғам – бұл жеке тұлға категориясы пайда болатын әлеуметтік-тарихи негізгі категория. Сөйлеу және тыңдау – іс-қимыл үлгілерінің жүйелі категориясы. Сөйлеу әрекеттерінің сәттілігі сөйлеуші мен тыңдаушының тақырыптарына, алдыңғы сөйлеу әрекеттеріне қатысты. Функционалды прагматика сөйлеушінің сөйлеу әрекетімен қатар тыңдаушыны, оның психикалық процестерін және одан кейінгі әрекеттерді де талдайды.

Германияда «Кеңес беру сағаты» («Sprechstunde») сияқты медициналық білім беру бағдарламалары бар. Ол бағдарлама науқастардың білім деңгейін көтеру үшін қолданылады. Медицина саласында функционалды прагматика теориялары мен әдістемесін науқас пен дәрігер арасындағы қарым-қатынас әрекетін талдап, енгізуге болатынын алға тартады. Кеңес беру сәтті өту үшін дәрігер мен науқас арасындағы сұрақ-жауап сарапталады.

Функционалды прагматикалық зерттеулер заң саласында да жүргізіледі. Мәселен, Хоффманның сот залындағы қарым-қатынас туралы эмпирикалық зерттеулері алғашқы функционалды прагматикалық талдау болып табылады. Ғалымның заңдылықтар мен фактілерді анықтаудағы түсінбеушілікті және заңдылықтар мен стратегияларды білу жөніндегі де ғылыми зерттеулері бар.

Іскерлік қарым-қатынаста да функционалды прагматиканың ықпалы зор. Бруннердің кәсіби педагогикалық және оқу дискурстарын зерттеуінен кейін әдеттегі іскерлік қарым-қатынас және қақтығыстарды басқару бойынша тренингтер жүргізілген. Келіссөздердің құрылымы тіл мен мәдениетке, сонымен бірге институционалдық жағдайларға байланысты болып келеді. Даннерер институционалды агенттер арасындағы іскерлік қарым-қатынасты талдаса, Шнидерс телефон шағымдарының дискурсын зерттей отырып, неміс клиенттерінің кәсібилігін анықтайды [5, 151 б.].

Функционалды прагматика әкімшілік институттардағы агент-клиент дискурсына, мәнмәтіндегі әңгімелерге, бұқаралық коммуникация мен саяси дискурсқа назар аударды.

Эхлич, Беккер-Мротзек және Фикерманның Дортмундтағы (Германия) жергілікті өзін-өзі басқару органдары мен азаматтар арасындағы байланысқа негізделген транскрипциясы негізінде жасалған жоба «институционалды агенттер үшін коммуникациялық нұсқаулық» брошюрасын шығарады. Әлеуметтік кеңес беру кезіндегі мигранттардың әңгімелері қайта талдауданады. Мұндай дискурстың профессиограммасы және тиісті терминологияның танымдық құрылымдары анықтамалықтың екі мақаласында ұсынылды. Бұқаралық коммуникация мен саяси дискурсқа функционалды-прагматикалық үлес фашизм тілінің иллокациялық сипаттамаларын, антисемитизмге қатысты білім құрылымдарын және көші-қон дискурсын қамтиды [5, 152 б.].

Тіл саясатында да функционалды прагматикалық зерттеулердің орны ерекше. Әсіресе плюрилингвизм я мультилингвизм дамыған елдерде ондай зерттеулер өзекті болып келеді. Екі я одан көп тілді ортада өскен тұлғаның тілдік, психикалық іс-әрекеттерін талдау кез-келген тілдің даму эволюциясы мен генезисін тануға жол ашады. Сондай жұмыстар герман лингвистикасында аз емес. Атап айтқанда Элих Еуропадағы тілдік байланысты және тілдік байланыстың коммуникативті үзілістерге әсерін зерттейді, сондай-ақ интеграция және сәйкестілік сияқты әлеуметтік лингвистикалық категорияларды қайта талдайды. Матрас тілдің өзара қатынасы, байланысы және эволюциясы туралы сөз қозғайды. Афшардың еңбектерінде, тілді екітілділік жүйеде оқуға байланысты Рехбейн мен Грибхабердің зерттеулерінде, неміс-жапондық жоспарлық дискурсқа байланысты Камеяманың еңбектерінде, Рехбейннің жұмыс орындардағы нарративтерде плюрилингвизмнің көріністерін зерттеуінде, сонымен қатар екі тілді балалардың биографиялық тәжірибелеріне арналған Рехбейннің еңбегінде қарастырылады.

Лингвистикалық талдаулар нәтижесінде функционалды прагматиканың философияның прагматизмнен енген ауыстыру (субституция), квалификациялау және типтеу әдістері бар. Әр әдістің өзіне тән ерекшеліктері мен қолдану аясы айқындалады.

#### 1. Функционалды-прагматикалық ауыстыру әдістемесі

Функционалды-прагматикалық субституция төмендегілер арқылы жүзеге асады:

- а) мәтін элементтерін (айтылымдар, сөз тіркестері) сәйкес я ұқсас келетін элементтермен ауыстыру;
- б) семантикалық және прагматикалық әсерін айқындау;
- в) синтагмалық өріс элементтерінің сәйкестігін (валенттілігін) анықтау;
- г) прагмастилистикалық маркерленген бірліктерді анықтау [51].

Ауыстыру идеясы анықталған объектінің прагматикалық өзгерісін (семиотикалық құндылығы мен маңызы) айқындауға негізделеді. Кез келген фрагментті ауыстыру үшін зерттеушінің интуициясына қарай жүзеге асады. Бұл әдіс аударма жасауда аса маңызды. Себебі тіл элементтерінің мазмұндық сәйкестігімен қатар прагматикалық әсері де сәйкесу келуі керек.

#### 2. Функционалды-прагматикалық квалификация әдістемесі

Зерттеу бірліктерді жіктеу идеясы, сонымен қатар ұқсас функцияларды жүйелеу идеясымен тікелей байланысты. Олар былайша жүзеге асады:

- а) белгілі бір дәрежеде жалпылама бірліктердің ұқсастығын көрсететін тиісті мәнмәтіндерді іздеу;
- б) мәнмәтіндерді деңгей-деңгейімен жіктеу;
- в) өріс элементтері мен топтастырылған (квалификацияланған) бірліктер арасында ауыспалы-тұрақты қатынастарды анықтау;
- г) бірдей бірліктердің прагматикалық сипаттамасын анықтау;

д) тұрақты бірліктерді мәнмәтіндердегі сәйкес категориялық амал-әрекетіне қарай функционалды жүйелеу [52, 286-287 бб.].

Бұл аталған әдістің мақсаты сөйлесімдердегі тұрақты қайталанатын элементтерді, бірліктерді анықтауға негізделеді деп тұжырымдаймыз. Әсіресе сұрақ жауап барысында сөйлеуші мен тыңдаушының диалогы талданып, тұрақты бірліктері мен қайталанатын элементтері сұрыпталады. Қазіргі таңда ақпараттық технологиялардың дамуына сәйкес адам мен бот немесе бот пен адам арасындағы қарым-қатынастың жүзеге асуы осындай әдістердің жемісі.

### 3. Функционалды-прагматикалық типтеу әдістемесі

Функционалды-прагматикалық әдістеме тұрғысынан алғанда танымдық процестің басты элементтерінің біріне бірліктердің қызметтік-типтік сипаттамаларын анықтау, яғни, оның адам өміріндегі қызметін түсіндіру болып табылады. Типтеу топтастыру секілді үлкеннен кішіге қарай сәйкес я қарама-қайшы (оппозициялық) элементтерді жинақтау деп түсінуге болады. Бұл әдістеме дискурстарды тілдік тұлғаның өмірлік тәжірибесі, білімі, тұрмысына қарай жіктеп көрсетуге пайдаланады.

Егер жалпы тілдік қызметке салалық типтеудің жоғарыда аталған критерийлерін қолданса, мынадай үш принципті бөліп көрсетуге болады:

- 1) шынайы немесе виртуалды дискурстар,
- 2) рационалды немесе эмоциялы дискурстар,
- 3) ішкі (тұлғалық, жекелік) немесе сыртқы (қоғамдық, қоғамдық-институционалдық) дискурстар.

Барлық үш критерийлерді біріктіру адамның тілдік тәжірибесін сфера түрінде шартты түрде ұсынуға мүмкіндік береді [52, 289-290 бб.].



1- сурет – Тілдік тәжірибенің функционалды-прагматикалық сызбасы

Біріншіден, тілдік қызметтің әрбір типін ақиқаттылығы жағынан, оның қозғаушы күші мен көздейтін мақсаты жағынан да айқын анықтауға болады. Екіншіден, жеке адамның тілдік қызметін оның әр түрлі әлеуметтік мәртебесінен, жалпыұлттық тіл тәжірибесінен бастап жеке адамның тілдік тәжірибесіне дейін бөлуге болады. Үшіншіден, тілдік қауымдастықтың әрбір түрі үшін дискурс артықшылықтарының жеке кестесін ұсынуға болады. Ең айқын типологиялық қайшылық дискурс түрлерін теңестіре салғастырғанда ғана аңғарылады.

Жоғарыда ғалымдардың ұсынған адамның өмірлік іс-тәжірибесіне, қызметіне сәйкес дискурс түрлерін типтеу әдісі тіл қызметі мен тіл бірліктерінің прагматикалық әлеуетін танытуда рөлі зор.

### **Бірінші бөлім бойынша қорытынды**

Прагматикалық зерттеулер ХХ ғасырдың екінші жартысынан бастап қарқынды жүргізіліп, күні бүгінге дейін жалғасып келе жатыр. Прагматика туралы теориялар шетел, орыс тіл білімі және отандық тіл білімі аясында кеңінен зерттелуде. Осындай зерттеулер нәтижесінде прагматикалық теорияның біршама терминдік базасы орнығып, тіл білімі саласына енгені аңғарылады.

Прагматиканың ерекше дамуы, түрлі көзқарастар мен тілдік бағыттардың қалыптасуына ықпал етті. Сол бағыттың бірі – функционалды прагматика болып отыр.

Функционалды прагматика герман тіл біліміндегі ерекше орны бар бағыт. Жаңашыл бағыттың герман тіл білімінде қалыптасуына Еуропа тіл білімінде прагматиканың қарқынды дамып, зерттеушілердің етене назарына ілігуінен деп көрсетеді. Оның пайда болуын К. Элих пен Й. Ребайн есімдерімен байланыстыратынын айттық. Осы бағыт бойынша А. Реддер, Л. Грисхабер және К. Бюриг т.с.с. шәкірттерінің де орны зор болды. Сонымен қатар функционалды прагматика тек теориялық жағымен емес, эмпирикалық зерттеу әдістерімен ерекшеленіп отыр.

Функционалды прагматика теориялары мен эмпирикалық зерттеу әдістері герман лингвистикасының тәжірибесіне сүйенсек заң, медицина, саясатта, іскерлік кездесулер мен екінші тілді оқытуда өте нәтижелі түрде қолданылады.

Функционалды прагматика тілді экстралингвистикалық және лингвистикалық жағынан толық қамтып қарастыратындықтан, психология, философия, физиология, нейрология т.с.с. ғылымдардың әдістері мен теорияларын пайдалануды қажет етеді.

Функционалды прагматиканы жан-жақты талдауда тілдің қызметтері мен тілдік прагматика терминдерінің мазмұны ашылып, аталған жаңа бағыт прагматиканы қызметіне қарай тіл деңгейлерін интегралды (Ж. Манкеева бойынша тұтасым) талдауда маңызы айқындалды.

Прагматикалық, соның ішінде функционалды прагматикалық (амал-әрекеттерге баса назар аударады) талдаулар кез келген тілді кеңінен зерттеуге, сөздің аутентикалық күйіне анализ жасау арқылы келешекте жасанды интеллект құрастыруда да маңызды екендігін айтуымыз қажет.

## 2 ПРАГМАТИКА ТЕОРИЯСЫНЫҢ ИНТЕРПРЕТАЦИЯСЫ

### 2.1 Прагматика негізі: ойлау мен сөйлеу

Өткен ғасырлардан бері психология, философия, логика және лингвистика салаларында антропоэектілік жайлы пікірлер айтылып келеді. Жалпы тіл білімінде антропоэектілік жайлы алғаш идея көтерген Ф. Гумбольдт екені мәлім. Белгілі зерттеушінің ойынша тілді меңгеру дегеніміз қоғамдағы барлық салалардан хабардар болу, адамдардың қарым-қатынасын түсіну, өз жеке болмысыңның сырларына үңілу. Ф. Гумбольдтің ойларын А. Потебня жалғастыра келе адам тілді үйрену арқылы өзін түсінеді және айтылған сөзінің мағынасын өзгелер арқылы аша түседі деген ой-тұжырымдарды қосады. Сүбелі ойлар жетегімен ғалым Э. Бенвенис алғашқылардың бірі болып тіл білімінде адресант (автор) пен адресат (оқырман) ұғымдарын енгізіп, тілді жүйелі түрде сипаттайды. Сонымен қатар тіл адам қажеттілігінен туындағандықтан тілді адамнан бөліп зерттеуге, меңгеруге болмайды деп көрсетеді. Қазақ тіл білімінің негізін салған ірі ғалым А. Байтұрсынұлы: «Тіл – адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі» – деп, XX ғасырдың басында жарыққа шыққан «Тіл-құрал» еңбегінде тілінен, сөйлеуден айрылған адамның қиын халін елестетуге келмейтінін жазады [53, 13 б.]. Бір ауыз сөз астарында тіл мен адам ажырағысыз, бірбүтін сипатта танылып отыр.

Атақты түркітанушы ғалым С. Аманжолов К. Маркс пен Ф. Энгельстің «сана қандай ескі болса, тіл де сондай ескі» деген тұжырымдарын жетекшілікке алып, Н.Я.Маррдің: «Жаңа тіл ғылымының қағидасы бойынша әрбір дыбыстың, әрбір сөздің өзі тарихи категория. Әрбір сөз белгілі затты жалпылап та, жекелеп те көрсетеді. Жалпылау – ойға кең ұғымды сыйғыза айту, әрине, жекешелеуге қарсы. Алайда, бұл екеуінің қарсылығынсыз адамзат тіршілігінде ешбір ойлау процесі дамымақ емес, демек ойдың көрінісі болған сөйлем де, сөз компоненттері де болмақ емес. Ал бұларды бірге қарағанда, тілдің өзіндегі ерекшелікті ескермей, басқа табиғатқа, қоғамға қолданатын заңды ережені қалай болса солай қолдана салуға болмайды. Өйткені «сөйлейтін сөз (речь) өзінің дамуы үстінде бірнеше сатыны басынан кешіреді, бұл сатылардан ертеде сөздің, сөйлеудің идеологиясы да, қалпы да, техникасы да әр тұрғыдан өзгеріп, қарсылығына қарай айрылысуға шейін барған» [54] – деген пікірін келтіріп, сөзді, сөйлемді ойдан бөлек қарауға болмайтындығын жеткізеді. Демек, адамның ойлау жүйесінсіз ешқандай тілдік бірліктерді талдап, бөліп қарастыра алмаймыз.

Тіл- мән, сөйлеу – құбылыс. Тілге – статика, сөйлеуге динамика тән. Тілде ой берілсе, сөйлеуде ой қозғалыста, өзгеріске түседі [47, 6 б.].

Сөзтануға арнаған ғылыми еңбегінде профессор Д. Әлкебаева : «Сөздің иесі – адам, себебі адам – өте күрделі тұлға, оның сөзі де өте күрделі «жанды организм» болып табылады»-деген терең пікір білдіріп өтеді [4, 36 б.]. Яғни, жеке адамның бір ауыз сөзі оның болмысынан, ойынан, интеллектісінен, ниеті-

пиғылынан көрінеді. Бір ауыз сөз адресанттың өмір сүру деңгейін, бағытын айқындайды, адресатын біршама ақпараттардан хабардар етеді.

Антропоэектілік парадигма бойынша адам басқы орында. Тіл болса адамның ары қарай өмір сүруіне арналған қажеттілігі. «Сөз – танымдағы ойды таңбалау үшін қолданылатын атау. Тіл – барлық адам баласының іс-әрекетінің, таным-түсінігінің қиялы жеткен күллі мәдениет түрінің негізі, адам рухының басты қызметі.» – деп көрсетеді профессор А.Салқынбай [55, 136 б.]. Демек, ой – адамның ішкі әлемінің айнасы, ойдың сыртқы қалпы, формасы – сөз.

Адам белгілі бір оймен сөз қозғайды. Сөз бостан бос келіп адресатқа бағытталмайды. Коммуникация барысында сөздің не себепті және қандай мақсатпен, көңілмен шыққаны аңғарылады. Коммуниканттар арасындағы сөз алмасу процесі прагматиканың қатысынсыз еш өтпейді. Кез келген сөздің астарында мән бар. Оның нақты қызметі мен мақсатын функционалды прагматика қарастырады десек, адам миындағы күрделі ойлау процестері де ескерілуі қажет. Ойлау теориясы хақында ғалымдар не деп жазады.

Ойлау теориясы бойыншы лингвистика, психология бағытында В. Фон. Гумбольдт, Ф. де Соссюр, Э. Сепир, И. И. Мещанинов, А. Н. Леонтьев, В.В. Давыдов, В. Л. Поплужний, О. К. Тихомиров және т.б. шетел ғалымдары ғылыми тұжырымдамаларын жасаған.

Қазақ тіл білімінде тіл (сөйлеу) мен ойлау мәселелерін А. Байтұрсынұлы, Қ. Жұбанов, С. Аманжоловтар алғаш сөз етеді. Ғалымдар қазақ тілінің табиғатын адамның санасымен байланыстыра зерттейді. Қазақта сөзді тану қасиеті сөз иесін білуге жетелейді деген ғалымдарымыздың ой-байламы жұмысымыздың арқалап тұрған мәселелерінің жауабын анықтап отыр.

Ойлау – динамикалық құбылыс, барлық шығармашылық мәтіндерге қатысты. Ойлау факторлары-адамның когнитивтік санасының әлемді қабылдауымен жеке индивидтің танымымен, ойлау қызметінің әртүрлі деңгейлерімен байланысты [14].

Ойлау теориясы – философия, филология, лингвистика, логика және психология салаларының зерттеу объектісі. Ойлау теориясын философияда сана мәселесімен байланыстыра қарастырады. Философтар сананы адамның ми қызметінің нәтижесі, санасыз ойлау әрекетін жоққа шығарады. Философияға арналған оқу құралында осыған қатысты: «Сана — бұл, ақиқатты бейнелеудің тек қана әлеуметтік өресінен орын алатын және адамның миы арқылы ең алдымен ұғым, пікір, ой қорытындысы сияқты абстрактілі ойлаудың идеалды түрлерімен іске асатын ең жоғары деңгей» – деп анықтама береді [56, 291 б.]. Профессор Қ. Жарықбаев ойлау теориясы айналасында төмендегідей пікірлер келтіреді: «Ойлау дегеніміз сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының байланыс-қатынастарының миымызда жалпылай және жанама түрде сөз арқылы бейнеленуі. Ой толық сөз күйінде білдірілгенде ғана айқындалып, дәйектеліп, дәлелдене түседі. Ойлау мен сөйлеу бірдей нәрсе емес. Ой – сыртқы дүниені бейнелеудің ең жоғары формасы, сөз – ойды басқа адамдарға жеткізетін құрал. Ойдың сөз арқылы бейнеленуі арқасында адам өзінен

бұрынғы ұрпақтар жинаған тәжірибе мен білімді сақтап қала алады, ойды өмірді онан әрі жақсарту мақсатына пайдаланады» [57, 184 б.]. Ғалымның ойлауға қатысты тұжырымы ой мен сөзді екі бөлек, біріншісін жетекші, екіншісін бейнелеуші ұғым етіп сипаттайды. Тілші ғалым Н. Уәли де сана мен ойлау дегендердің аражігін ашып, сөз бен тіл секілді ойлаудың санаға қатыстығын С.Д. Кацнельсонның пайымдарына сүйене ойлауға мынадай анықтама келтіреді: «Ойлау дегеніміз – белгілі бір өмірлік мәнді міндетті шешуде сананың элементтерін белсенді түрде іске қосу дегенге саяды» [29, 43 б.]. Яғни, тіл – сөз шығарудың құралы болса, сана – ойлауға, ойлануға сілтеуші адам миындағы жинақталған фрагменттер.

Қазақ сөз тану мен сөз саптау қасиетіне ерекше мән берген халық. Ғасырлап жинақтаған таным-түсінігін ауыздан-ауызға мұра етіп қалдырған мақал-мәтелдерінде «ой» туралы былай делінеді: «Тіл-буынсыз, ой-түпсіз», «кең ойлаған, кем ойламас», «ой түбіне жетпейсің ойлағанмен», «көлді жел қозғайды, ойды сөз қозғайды». Ал күнделікті тұрмыста: «ойланып сөйле», «ойынан құрастырған», «аңдамай сөйлеген ауырмай өледі», «ой үстінде отыр», «ойы жүйрік», «ойы басқа жақта», «ойы жақсы» деген айтылымдар бар. Осы сияқты орыс тілінде: «Мысль наперёд слова идёт», «мысль у умного, у дурака слова», «умный не тот, кто болтает, а тот, кто мыслит и говорит», «сначала мысли головой — затем слово молви» - десе, ағылшын тілінде: «To talk without thinking is to shoot without aiming», «When a man stops thinking he stops feeling», «If you are a fast talker at least think slowly», «Think much, say little, write less» – деген мысалдардан ойдың сөзге негізгі тірек, іргетас болатынын дәлелдейді.

Сана, ой және ақыл психологияға арналған еңбектерде түрлі деңгейлі болып келсе, тілімізде саналы, ойлы, ақылды ұғымдары жарыспалы, жуық мағынада қолданылады: «Саналымен санаспа, санасызбен жанаспа», «саналы адам сағыңды сындырмас, санасыз адам жағыңды тындырмас», «санасызға сан айтсаң да болмайды», «Уа, құдайым, бала бер, бала берсең сана бер».

Сана – разум, ой – мысль, ал ақыл-ум деп аударылса, орыс тілінде де сананы ақыл мен ойдан жеке бөліп қарастырмайтындығын: «Каков разум, таковы и речи», «Птицам даны крылья, а человеку – разум», «Ум без разума – беда» – деген мақалдарынан көруімізге болады.

Психологияға арналған еңбектерде ойлау қабылдаулар мен елестердің негізінде қалыптасатындығын айтады. Жантану ілімінің зерттеушілері: «Жаңа туған балада ешқандай ойлау болмайды, ойлау баланың сыртқы ортамен белсенді қарым-қатынас жасауының нәтижесінде, оның өмір тәжірибесімен қосақталып дамып отырады» – деп, тілдің шығуы бала ойлауының елеулі кезеңіне жатқызады [57, 202 б.]. Тілдің шығуы (сөйлей алуы) ойлау процесінің дамып отыруына үлкен ықпал ететіндігін көрсетеді. Ойлау процесі адам миында сөйлеуге қарағанда алғаш қалыптасып, тілі шығып, адам сөйлеп бастағанда ойлау процесі үнемі жетіліп отырады. Баланы кішкентай кезінен оқуға бейімдеп өсіру адамның ойлау қабілетін дамытады деп тұжырым жасайды. Қазақ халқының дүниеге келген сәбиді бесік жыры, ертегі мен



жаңылпаштарға баулу арқылы бала тілін жетілдіре тәрбиелеуінде рухани, ғылыми терең мән жатыр. Күншығыс елдерінде де баланы үш жасқа дейін көптеген қырларын (оқу, сөйлеу, жазу т.с.с.) дамытып, машықтандыруға болатынын зерттеген.

Психологтардың сәби дүниеге келгенде ойсыз халде болады деген пікірлері біздіңше жансақтау. Себебі сәби «ым»-мен болса да өзінің қалауын білдіреді. Белгілі бір деңгейде ойлау процесі жүріп жатады. Нәрестенің сөйлеу құралы ым тілі, жылау, ыңылдау, гүілдеу сынды дыбысты эмоциялар. Жылау барысында сәби интонациясының бірде көтеріліуі, бірде түсуі оның айналасындағы әрекет кеңістігіне бағытталған оң я теріс бағасын, жауабын көрсетеді. Дүниеге келген сәбиден бастап таяқ ұстаған шалға дейінгі айналасына деген белгілі бір деңгейде жеке бағасы бар. Сөз сол бағаның көрінісі. Сөздің прагматикалық мәні тоны, интонациясы және бейвербалды амалдар арқылы айқын танылса, ал өзге тілдің бірліктердің қандай мақсатта, қалай қолданылып тұрғанын зерделеу функционалды прагматиканың құзыретіне көшеді. [58].

Психологтар да философтардың пікірлерінен алшақтамай, ой түрлерін үшке: ұғым, пікір, ой қорытындыларына жіктейді.

Ұғым – мидағы образдар мен сол образдарды бейнелейтін тілдік бірліктердің (сөз, сөз тіркесі және мәтін) байланысы, сонымен қатар ұғым адам миында белгілі бір құбылыстардың санаға әсер етуінен пайда болады. Ол түйсіну, қабылдау, елестету негізінде туындайды. Психолог С.Бап-Баба: «Ұғым – бұл заттар мен құбылыстардың жалпы және маңызды қасиеттерін бейнелейтін ойлаудың түрі. Ұғым бір-бірімен байланысты зат туралы түсініктерден – оның қасиеттері, жағдайлары, байланыстары және қатынастарынан тұрады. Әрбір зат, әрбір құбылыс әртүрлі көптеген қасиеттерді, белгілерді иеленеді» – деген түсіндірулерді береді [59, 180 б.].

Тіл білімінде ұғым әр ұлттың өз концептілері желісінде адам миында қалыптасады. Мәселен, «бірлік», «ынтымақ» ұғымдары тіліміздің даналық мұрасына айналған шешендік сөздерінде көп ұшырасады:

*Төле би жас кезінде талай жасы үлкен атақты абыз билердің алдынан өтіп батасын алады. Төле бала әуелі әкесіне барыпты. Жасы жүзге тақап отырған әкесі ынтымақ, ел бірлігі жөнінде әңгіме айтып отырады. Төле «Қалай еткенде бірлік болады, оның күші қандай болмақ» дегенді сұрайды. Сонда, әкесі әуелі жауап айтпас бұрын бір бума солқылдақ шыбық алдырады:*

- *Балам, мынаны сындырып көрші.*

*Төле буылған шыбықты олай-бұлай иіп сындыра алмайды.*

- *Енді сол шыбықты біртіндеп сындырышы? Төле ортасынан буылған шыбықты шешіп, біртіндеп пырт-пырт етіп оп-оңай сындыра береді. Әлібек би:*

- *Бұдан не түсіндің, балам? – дейді.*

*Сонда. Төле бала:*

- Түсіндім, әке бұл мысалыңыздың мәнісі: ынтымағы, бірлігі мықты елді жау да, дау да ала алмайды. «Саяқ жүрген таяқ жейді» демекші, бірлігі, ынтымағы жоқты жау да, дау да оп-оңай алады дегеніңіз зой.

- Бәрекелді, балам, дұрыс таптың. Ел билеу үшін алдымен елді ауызбірлікке, ынтымаққа шақыра біл. «Бақ қайда барасың дегенде, ынтымаққа барамын» дегеннің мәнісі осы, - депті.

Жоғарыдағы шешендік сөзден ынтымақ ұғымы адресатқа буылған шыбық образымен беріліп тұр. Адресатқа әсер ету үшін буылған шыбықты олай-бұлай иіп сындыра алмау, біртіндеп пырт-пырт етіп оп-оңай сындыру сынды әрекеттерін сипаттауда қайталама еліктеуіш сөздер ерекше қызмет атқарып тұр. Егер адресант аталған тілдік бірліктерді қолданбаса адресат көз алдына шыбықты елестете алмас еді. Шешендік сөздегі еліктеуіш сөздер мен мақалдардың прагматикалық қызметі, мәні адресатқа ынтымақ, бірлік ұғымдарын жеткізу, түсіндіру мақсатын арқалайды.

Мақал-мәтелдер – адамдардың аргументативті ойлау деңгейін көрсететін тілдік дерек. Адам өмірінің психологиялық, әлеуметтік мәні оның тиімділігі мен жарамдылығының ең негізгі көрсеткіші [60].

Философтардың пікіріне сүйенетін болсақ, елестетусіз адам миында белгілі бір ұғым да қалыптаспаған болар еді. Коммуникацияға түскен Төле мен оның қарт әкесі ынтымақ, бірлік ұғымдарын ұлттық сана деңгейіне дейін көтеріп, діттеген мақсатына жетіп отыр: *Түсіндім, әке бұл мысалыңыздың мәнісі: ынтымағы, бірлігі мықты елді жау да, дау да ала алмайды. «Саяқ жүрген таяқ жейді» демекші, бірлігі, ынтымағы жоқты жау да, дау да оп-оңай алады дегеніңіз зой.* Осы сөйлемдегі *түсіндім, әке* айтылым бірлігі коммуникацияға түскен Төленің ойлаудың күрделі формасы ой қорытындысына келгендігін аңғартады. Ой қорытындысы адам санасында анализ жасаудан шығады [58].

Ойлаудың күрделі формаларының бірі – ой қорытындылары. Ой қорытындылары дегеніміз бірнеше пікірлерден жаңа бір пікір шығару тәсілі. Қорытынды шығару үшін оны белгілі тәртіпке бір-бірімен байланыстыру қажет. Қатар тұрған кездейсоқ пікірлерден қорытынды шықпайды. Ал грамматикада мұны сөз бен сөздің, сөйлем мен сөйлемнің арасындағы логикалық байланыс деп атайды. Егер адамның сөйлеп тұрған сөзінде логикалық байланысы болмаса тыңдаушы оны бірден түсінбеген болар еді. Тіліміздегі «ойын дұрыс жеткізе алмады», «басы жоқ, аяғы жоқ», «ойы үзік-үзік», «сөзінде ешбір байланыс жоқ» сынды айтылымдар соның дәлелі болса керек.

Қазақ тілінде ойдың логикалық байланысы берік сақталған дискурстың бірі – шешендік сөздер. Шешендік сөздердің табиғаты, тарихы, қазіргі шешендік сөздердің сөйлеу түрлерін диссертациялық деңгейде зерттеу жүргізген профессор Г.Қосымова [61] шешендердің сөз қозғаудағы мақсаты айтқан сөзінің ақылына қону жағын ғана емес, оның қанға, жанға әсер етіп, арбау сияқты адамның ойын да, бойын да балқытып, билеп алып кетуге

ыждаһат етеді деген А.Байтұрсынұлының пікірлерін негізге ала отырып қазақ шешендік өнерін әлемдік деңгейдегі шешендік өнерімен бір қатар қояды.

Би мен шешендердің сөзі бірінен соң бірі мағыналық тізбекпен байланысқа түсіп, ойдан ой туындататыны бар:

*Бір төре кедей адамға егін ектіріп, ақы төлемей, өзі пайдаланып жүреді. Кедейге бала-шағасын асырау қиын болыпты. Келесі күзде егін жақсы шығып, кедей егінді төреге айтпай жинап алыпты. Төре кедейді ұрып, басын жарыпты. Таяқ жеген кедей Төле биге арыздана барыпты. Төле кедейдің жағдайын естіген болса керек. Төрени шақыртып алып:*

*Таласқандарың қара жер,*

*Қор болмасты ойласаң,*

*Төрем, болдың босқа тер.*

*Мүсәпірдің қақын бер, - деген соң әлгі төре ұялып, кедейдің ақысын беріп риза қылыпты.*

Берілген жағдаятты оң шешуде Төле би төмендегідей сөз қозғайды:

*Төрем, болдың босқа тер.*

*Мүсәпірдің қақын бер, -* деген өлең жолдарында кедейдің ақысын жеген байды *Төрем* деп, әлеуметтік мәртебесін жоғары көтеріп, *болдың босқа тер* деп, құр қара жер үшін кедейді соққыға жығып бекер әурешілік жасадың дегендей байдың «менменшіл» санасына әсер етеді. Төрени бітімге шақыруда *мүсәпірдің қақын бер* деген иллокутивті етістіктермен кедей деген сөз орнына *мүсәпір* (мүсәпірдің ассоциациялық мәні күнін көре алма жүрген бишара. Түсіндірме сөздікте бейшара, байғұс, сорлы деген мағыналас ұғымдары келтірілген [62, 605 б.] сөзін қолданып ақысын төлеттіргені бидің негізгі мақсатына (бітімге шақыру) жеткендігін дәлелдейді. Белгілі бір тілдік элементтермен сөйлеу интенциясы іске асырылып, прагматикалық мәні ашылады.

Ойлау процесінің мида қалыптасатын сатыларынан ойдың абстрактілі көрінісі, өнімі сөз пайда болады. Ал сол ойлауға түрткі болған біздіңше прагматикалық элемент ол субъект тап болған жағдаят. Функционалды прагматикада сөздің сыртқа шығуына әрекеттік кеңістік және дейксистердің ерекше қызметі көп рөл ойнайды. Жоғарыдағы мысалда кедей тап болған жағдаят мәтінде былай сипатталады: *Бір төре кедей адамға егін ектіріп, ақы төлемей, өзі пайдаланып жүреді. Кедейге бала-шағасын асырау қиын болыпты. Келесі күзде егін жақсы шығып, кедей егінді төреге айтпай жинап алыпты. Төре кедейді ұрып, басын жарыпты.* Осы аталған жағдаяттан кейін «*Таяқ жеген кедей Төле биге арыздана барыпты*».

Ойлау бірінші мида қалыптасады деген болсақ, алайда сөйлегенде ол дамиды, ал адресаты сөйлеу актісі барысында нақтыланады. Жоғарыдағы шешендік сөздерде сөйлеу актісін құрайтын автор, адресат (шешен) пен адресанты (бірнешеу) және оқырман бар.

Сөйлеу актілері – сөйлеудің екі жақты келісімімен сөз тудыру әрекетіне әсер етуі. Сөйлеу актісі сөзге қатысушылардың уақыт пен кеңістікке тәуелсіздік мүмкіндігін таныта алады [4, 62 б.]. Тілші ғалым Л.М.Шайкенованың еңбегіне сүйенсек, сөйлеу актісі сөйлеу әрекетінің ұстанымдары мен ережелерімен

реттелетін, мақсатты бағытталған, белгілі бір социумда қабылданған, қандай да бір сөйлеу жағдаятында адресаты бар сөйленістің айтылуы болып отыр [63, 62 б.]. Яғни сөз (речь), сөйлеу актілері жеке-жеке мәні бар ұғымдар.

Психологияда сөз (речь)/сөйлеуге мынадай анықтама береді: «сөйлеу – пікір алысу процесінде жеке адамның белгілі тілді пайдалануы» [59, 207 б.]. Психологияға қатысты оқулықтарда сөйлеуді сыртқы және ішкі сөйлеу деп үлкен екі топқа жіктейді. Сыртқы сөйлеу ауызша және жазбаша сөйлеу болып, ал ауызша сөйлеудің өзі диалог және монолог. Ал жазбаша сөйлеуді өте күрделі және оның ғылыми, публицистикалық, көркем әдеби, іс-қағаздық стильдері бар деп сипаттайды.

Сөйлеудің жеке бір түрі – ішкі сөйлеу. Ішкі сөйлеу деп тілдік материал негізінде дауыстамай-ақ сөйлей алушылықты айтады. Әр ұлттың өкілі қандай бір нәрсе туралы ойласа да, алдымен өз тілінде ойлайды. Осындай кезде адам ішкі сөйлеуді пайдаланады. Ішкі сөйлеу адамдармен тікелей қарым-қатынас жасауға арналмаған. Оны адам өзінің ойлау әрекетінің ішкі мақсаты үшін пайдаланады [58].

Лингвистикалық еңбектерде сөйлеуге берілген анықтамалар жоғарыдағы ойлармен ұштасады: «Сөйлеу дегеніміз – белгілі уақыт ішінде өтетін және дыбыстық форма жамылған немесе жазбаша түрде көрінетін нақты ой (ішкі ойлау – ішкі сөйлеу). Сөйлеуге сонымен қатар жадтағы (ойдағы) немесе хаттағы белгіленген ой, шығармашылық сөйлеу түрінде (мәтін) айтатын ойдың жемісі жатады. Адамның сөйлеген кезіндегі сөзінің өзіне тән ерекшелігі бар» [4, 36 б.].

Сөз/сөйлеу табиғаты өте күрделі. Сондықтан сөзді интеллектуалдық, психо-физиологиялық, психолингвистикалық, эстетикалық құбылыс ретінде тану оның маңызды сипатын анықтауда басты міндет ретінде алынады.

Д. Әлкебаева еңбектерінде адамның сөзін жеке тұлғаның психо-физиологиялық табиғатына қарай екіге бөледі:

1. Ішкі сөз;
2. Сыртқы сөз.

Ішкі сөз – адамның ішкі ойлау стиліне сыртқы көріністі түйіндейтін, түрлі құбылысқа жинақталған түсінігі [9, 217 б.].

Ішкі сөз сыртқы сөзге қарағанда өте күрделі, себебі ішкі сөз сыртқы сөздің қалыптасуына, құрылуына негіз болады. Ішкі сөз сыртқы сөздің мәндік, хабарламалық сипаты мазмұнды, стильді болуына тікелей ықпал етеді. Бірақ ішкі сөз сыртқа шықпауы да мүмкін. Мысалы, *Абай ішінен: «Шіркін, Базаралы оқыған болса, бір Тобықты емес, бар қазақтың осындай мұң-мұқтажына алтын береке, асыл діңгек болар еді-ау!»* - деп ойлады (М.Әуезов) [3, 40-41 бб.].

Бұл берілген мысалда кейіпкердің ішкі сөзі арқылы автор прагматикасын (ой астарын) анықтауға болады. Алайда қағаз бетіне түскен ішкі сөз толыққанды адамның ішкі ойын ашып жеткізе алмайды.

Ой – ұшы қиыры жоқ, белгілі бір шекаралық байламасыз адам миында жүріп жататын күрделі процесс. Ішкі ойлаудан ішкі сөзге жалғасқан механизм қағазға мәтін түрінде түсіп, я ауызша жеткен дискурс болсын, белгілі бір тілдік

құралдарды таңдау арқылы жеткізушінің прагматикасы басқы орынға шығып, сөз сөйлеу мәдениетін реттейді және белгілі бір дәрежеде ойдың тиянақталуына септігін тигізіп отырады. Ал адам миындағы барлық ойды ешкім және ешнәрсе қадағалай алмайды. Сөйлеу кезінде оның толық көрініс табуы да қиын, тіптен мүмкін емес.

Жоғарыдағы ғылыми ой-пайымдаулардан мынадай тұжырымдар жасалды:

- 1) прагматика адам мен тіл арасындағы қатынасынан туындаған сөйлеу процесіне дейін ойлау процесінде қалыптасады;
- 2) ойлау туралы психологиялық, филологиялық, философиялық еңбектер негізіне сүйене отырып сөзде ойлау мақсаты, яғни прагматикасы болатыны анықталды;
- 3) адам сөзі ойлау арқылы сүзгіден өтеді, прагматиканың ойлауда негізі қаланады;
- 4) ойлау – тек адам баласына тән күрделі процесс. Қазақ тілінде *«маймылдың басы ойнауға жеткенмен, ойлауға жетпейді»* деген жалпақ тілмен айтылған мақалы мен *«ойлай берсең дана боларсың, ойнай берсең бала боларсың»* сөздері соның айғағы;
- 5) *сана, ақыл, ой* ұғымдары қандай тілде болса да жарыспалы, жуық мағынасында қолданылады, ал психология мен философияға арналған еңбектерде әрқайсысы бөлек деңгейлі процесс ретінде сипатталады.

Адамның ойы мен сөзі қоғаммен араласқанда айқын аңғарылады. Оның тап болған жағдаятқа қайтарған жауабы, сөзі я бейвербалды амалдарынан танылып, сөз сөйлеуге қатынасын тілдік бірліктердің прагматикалық қызметіне сай ойдан сұрыпталып алынады, қолданысқа енеді.

Адами фактор мен тіл арақатынасын ойлаумен сабақтастыру логикада, танымдық негізде дәйектеу философиялық бағытта, тіл «әрекетін» функционалды қолданыс қызметінде қарастыру көп аспектілі прагматикалық кешенді зерттеу болып табылады.

Тіл де – ойлау секілді, барынша күрделі коммуникативтік жүйенің құрамдас бір бөлігі. Тіл мен ойлаудың арасында диалектикалық байланыс бар. Ойлауды жалпы түрде субъектінің объектімен (табиғат пен адам қоршаған әлем) өзара әрекетінің психикалық үрдісі ретінде қарауға болады. Соның нәтижесінде адамдардың сөзінде сөз тіркестері мен сөйлемдерге негізделген білім түрінде қоршаған әлемдегі заттар мен құбылыстардың жалпыланған бейнесі пайда болады. Әлемнің тілдік бейнесі болып табылатын нақ осы білім адам санасының негізі болады, нақты жағдаяттарда адамдар арасындағы сөйлеуге құрылған қарым-қатынас осыған негізделеді.

Бастапқыда философияның негізгі объектісіне айналып отырған прагматика тіл білімінде де үлкен орынға ие. Прагматика филологтардың адресаттың адресантқа әсер етудегі тілдік бірліктердің таңдалып алынуы және философтардың айтып отырған сөзді өз пайдасына шешуі ғана емес, адамның ары қарай өмір сүруі үшін белгілі бір мақсаттарға жету барысында мидағы күрделі ойлау мен сөйлеу процестерінің іске асуы, коммуникацияға

түскендердің арасындағы интеллектік байланысы мен қоғамдағы өзгерістердің тілдік бірліктер мен санадағы ұғымдарға әсер етуін басқара жетектейтін тіл біліміндегі сан аспектілі сала.

### **2.1.1 Прагматикадағы ішкі ой/ойлау процесі**

Сөз – хабарлау, тіл-қодтау. Ендеше, сөз қызметі – сөз әрекеті, яғни ойлау мазмұнын тілдік арнайы кестеге негізделген ережелер бойынша кодқа салу және ашу үрдісі болып отыр. Тіл білімінде прагматиканы ойлау мен сөйлеу теорияларынан жеке дара бөліп зерттеу мүмкін емес. Сөз ойлаудың бейнесі ретінде танылса, сөйлеу тек тірі ағзалардың бірі адамға ғана берілген ерекше қабілет. Ойлау, сөйлеу арқылы ғана адам өмірге бейімделеді, дамиды әрі мақсаттарына жетеді. Ал прагматиканы мақсатына жету барысында адам сөзін өз пайдасына қарай жұмсай алуы деп қысқаша анықтама беріп жүрміз. Яғни, прагматика адам сөзінен бұрын ойында қалыптасып қояды деп тұжырымдауға болады. Оның себебі кез-келген мақсат пен ниет адамның миындағы ой-санасында қалыптасып, сөзі мен әрекетіне ұласып жатады. Сөз (речь) тек прагматиканың сыртқы көрінісі болып отыр.

Ойлау/ой мен сөйлеу/сөз арақатынасы үздіксіз. Олар бір-бірінің арқасында дамып жетіліп отырады. Бірінші ой туындағанмен оның дамуы сөзсіз жүрмейді. Сол секілді ішкі ой/ойлау мен ішкі сөз/сөйлеу процестері бір-біріне байлаулы құбылыс. Олардың сыртқы сөзден айырмасы – дыбыссыздық күйі.

Ой мен сөз мәселесін қарастырғанда біршама сұрақтар туындайды. Неге кей ойлар сөзге бірден ұласып жатады да, кей ойлар ішкі сөз болып қалып жатады? Ішкі сөз сыртқа шығу үшін қандай жағдаяттар әсер етеді немесе кедергі болады? Ішкі сөз өздігінен жоғалып кетеді ме?

Ой мен сөз қызметтері миға байлаулы екенін білеміз. Демек, ішкі ой мен сөз ми жұмысының тоқтаусыз дұрыс жұмыс атқарып, артикуляциялық процестерді реттеп отыруда да ықпалы зор. Ішкі ой ішкі сөзге айналып, кейіннен сұрыпталып, сыртқы формасына еніп (внешняя речь) жұмыр сөз (правильная речь) ретінде сөйлесімдерде аңғарылады деуге келеді.

«Тілдік тұлғаның қуаты – сөз. Ал ойы қоғамдық ісінен көрінеді.» – [64] деп, Ә. Қайдар ойды адам әрекетінің белгісі ретінде сипаттаса, профессор Д. Әлкебава: «Ойлау – тоқтаусыз, шексіз адамға ғана тән қуатты күш. Бұл позиция жеке тұлғаның таным-түсініктері мен қоршаған ортадағы дүние болмысына деген көзқарасынан анықталады. Адамның қоғамдағы болып жатқан оқиғаларға «мендік» тұрғыдан қарап, өзін жалпы әлемнің кішкене бөлігі ретінде айқындалып отырады» деген ғылыми анықтамасы ойлауды адам танымы мен «мендік» тұлғасын жеткізуші қуатты күш етіп жеткізеді» деп, ойлауға нақты анықтама беріп өтеді [65, 21 б.]. Тілші ғалым А.Ж. Шайкенова: «Тіл туа бітпейді, адам тілді қарым-қатынастың сыртқы құралы ретінде игереді. Оған негіз болатындар – адамның туа біткен қабылдау, зерделеу, ойлау тәрізді ментальды қабілеттері. Тілді игеруге дәнекер болатын – сөз. Сөз ішкі және сыртқы сөз болып бөлінеді. Ішкі сөз – көру, есту, сипап – сезу, иіс сезу, дәм

сезу тәрізді адамның туа біткен қабілеті. Сыртқы сөзді игеру үшін балалар үлкендердің тілін игере отырып, өзінің ішкі сөзін соған лайықтау нәтижесінде қалыптастырады». – дейді де, Л.С. Выготскийдің ішкі сөз сыртқы сөздің ой шимайы деген пікірін қолдайды [66,18-19 бб.].

«Ой», «ішкі сөз», «ішкі ой» күрделі психологиялық, физиологиялық, ал тіл білімінде аса терең эмпирикалық зерттеулерді талап етеді. Ауызша сөз құру барысында ішкі ой адамның әрекеті мен бейвербалды амалдарынан аңғарылып отыруы ықтимал. Ал жазбаша формасында мәтін құрғанда ішкі ой біршама сипаттарда көрініс таба алады. Мәселен, тілдің эстетикалық, кумулятивтік, когнитивтік, прагматикалық (прагматика термині бұл мәнмәтінде оқырман реакциясын тудырту, ояту мағынасында қолданылып отыр) т.б. қызметтерін танытатын көркем мәтіндерде автор көбінесе жеке ойын, шығармаға арқау болған идеяны кейіпкерлердің ішкі ойымен жеткізеді. Атап айқанда *ойлады, ойға батты, ойына келді, ойына түсті, ой елегінен өткізді* деген күрделі етістікті баяндауыштарды тырнақша ішіне алып отырады. Сонымен қатар әр автор кейіпкерлердің ішкі ойын сипаттауда жеке даралығын, ойлау стилін, сөзжасамдық қабілеттерін ортаға салады. Мысалы, Сафуан Шәймерденов шығармаларында мынадай тіркестер бар: *бір ойлармен жабыңқырап, ой жүгіріп өтті, алғашқы ой, бір ойыммен асыға арпалысып, ойымды өз үйім бөлді, ойында түк жоқ, ақыл-ойымды баурап, бағындырып алған.*

Көркем шығарма авторы біріншіден нағыз психолог, ол қабілеті әр кейіпкердің образын беруде суреттеу шеберлігінен аңғарамыз. Мысалы:

*«Алғырын алғырсың, тауып айтасың. Бірақ мәселеге жеңіл қарайсың. Дмитриев сияқты түп-тамырымен қопара іс істеуге шамаң келмейді-ау, жігітім... Көптің көзіне көп түсе қойғың келеді, сол мінезіңнен арылсаң зой...»* деп ойлады Әйтиев Яковлевке тағы да көзінің астымен қарап отырып. (Х. Есенжанов «Ақ Жайық»)

Үзіндіден аңғаратынымыз, Әйтиев Яковлев туралы азды-көпті түйгенін ой елегінен өткізіп отыр. Автор кейіпкерлердің бірін-бірі жақтырта қоймайтынын *көзінің астымен қарап отыр* деп сипаттайды. Жазушы кейіпкердің ішкі ойларын кейіпкерлердің жағымды/жағымсыз образдарын бейнелеуде ұтымды қолданады. Шығармалардағы ішкі ой элементі оқырман астарына бара алмай, түсіне алмай отырған дүниелерді жанама ақпарат ретінде қабылдап, қанығады. Автор үшін бұл оқырманын өз ақиқатына сендірудің ұтымды жолы.

Ал мына мысалда, *«...Төрт бөлмелі сырлаған қарағай үйде, ақ кереуеттің үстінде жататын қала қызы – қазан жақта қытыр-қытыр шөп жеп тұрған қозы мен бұзаудың, ылғал бұрыштың, сары қидың иісі аңқыған балшық землянкеде сынық айнаның алдында шашын тарап тұрса... Жоқ, ол өмір енді алыстауы керек. Мұкарамамен қалада болуым керек...»* деген ой билеп, Хакімнің басы әңкі-тәңкі (Х. Есенжанов «Ақ Жайық»).

Кейіпкер ішкі ой арпалысына түсіп отыр. Нақты адресаты мен сыртқы формасы жоқ (дауыстап сыртқа шықпай тұр). Хакім сұлу Мұкараманы сырлаған қарағаш үй мен тезек иісі аңқыған балшық землянкадағы тұрмысын

қатар елестетіп отыр. Сондай-ақ үзіндідегі әр сөйлемнен кейін қойылған үш нүктенің де прагматикалық мәні зор. Автор кейіпкердің ойы алыс болашаққа кетіп, арман мен қиял жетегінде жатқанын көрсетеді. Кейіпкер сүйіктісінің сұлу образын ауыл өміріне қимайды. Автордың «ақ кереует үстінде ұйықтап жүрген қала қызы» деген тіркесі сонау ертегілердегі ханшайымдардың ақ мамық жастық жастанып деген элементтеріне ұқсас. Демек кейіпкердің сезімі ертегідегідей мінсіз, қиялға толы.

Көркем шығармаларда кейіпкерлер бірін-бірі сынап, мінеп отыратын тұстар баяндалады. Автор оны бағалауыш тілдік бірліктерді пайдалана отырып адресатына жеткізеді. Сондай-ақ кейбір портреттеу тәсілдері де бағалау қызметтерін атқарады: *«Томпақ бет, тар маңдай, таңқы танау, қайқы кеуде, менменсінген, өресі тапшы, шапшаң ойлап, таяз қамтитын адамға бітеді. Салбыраңқы сөлпек иықтар табансыз адамның белгісі», - деп топшылады ол, дұшпанның әлсіз жағын іздеген адамдай.* (Х. Есенжанов «Ақ Жайық») Берілген үзіндіде *дұшпанның әлсіз жағын іздеген адамдай* деген қосалқы сөйлем автордың кейіпкерлерден бейтарап, оқиғаның тек бақылаушы, баяншысы екенін аңғартады. Күнделікті өмірде адамдар бірін-бірі белгілі деңгейде бағалайды, сынайды. Берілген мысалда кейіпкердің өзіндік бағасы ішкі ойында, көкейінде сайрап жатыр.

Ішкі сөздің сыртқы сөзден айырмашылығы адресаты белгісіз (нақтыланбаған), дыбыстық күйі әлсіз я мүлдем болмайды. Мәселен, *Бик матур кісі, бигірак та матур. Осындай зор білімді кісілердің қасында жүрсең де қор болмайсың...* – *Төмен қарап, ыдыс-аяқтарды жинап жүріп, кемпір бұл сөздерді өзіне айтқан сияқтанды: ол әмәнда өзімен-өзі әңгімелескендей күбірлеп сөйлейтін* (Х. Есенжанов «Ақ Жайық»). Автор *сөздерді өзіне айтқан сияқтанды* деп сөздің нақты адресатын бермей, *күбірлеп сөйлейтін* күрделі етістікті тіркесі арқылы ішкі сөздің дыбысы әлсін, ақырын, төменгі тонмен (*мыс, күбірлеп, жыбырлап*) шығатынын аңғартып тұр.

Осы сынды тағы бір мысал: *Нанын да, пирогін де ұмытып кетті, - деп күбірледі кемпір пешті ашып жатып.* (Х. Есенжанов «Ақ жайық») Оқиға желісі бойынша кемпір келініне сөйлеп жатыр, бірақ ол әлдеқашан сыртқа шығып кеткен. Демек, сөз сыртқа айқын шықпай, адресатын таппай отырғандықтан, ішкі сөз болып қалады.

Ішкі ой адам санасын игеріп алады да, сөзін я іс-әрекетін ретсіз, жүйесіз етеді: *Сондықтан ойы мүлде басқа жақта отырып ол доктор не айтса да басын изей берді.* (Х. Есенжанов «Ақ жайық»)

*«Сол баяғы ақыл» деп көшеге шығуға асығып тұрған қыз іштей жаратпай амалсыз тыңдады да:*

*Мен сіздің айтқаныңыздың бәрін орындаймын, - деп салды.* (Х. Есенжанов «Ақ Жайық»)

Келтірілген үзіндіде кейіпкердің ішкі ойы мен айтылған сөзі сәйкеспейді. Бұдан адамның ішкі ойы әрқашан сөзге айнала бермейтіндігін байқаймыз. Автор *деп салды* ремаркасының астарында кейіпкердің әңгімені жалғастыруға құлшынысының жоқтығын, асығыстықпен жауап қайтарғандығын жеткізеді.



Жазушы «ішкі ой» деталін кейіпкерлердің өзара байланысын, оқиға желісін ары карай өрбітуде ұтымды пайдаланады.

Ішкі ой мен ішкі сөз көп жағдайда синоним ретінде бірінің орнына бірі жұмсалып қолданылады. Ғылыми айналымда психологтар ішкі ой мәселесіне назар аударса, тілшілер ішкі сөзді зерттеуге аса мән береді. Түптеп келгенде екеуі бірін-бірі дамытушы екі процесс. Десе де, мәтіндерде я сөйлесімдерде оны жалпылама түрде тырнақшаға алып «ішкі ойы» деп келтіріп жатады. Себебі ішкі ой мен ішкі сөздің аражігін бөліп нақтылап көрсету мүмкін болмай тұр.

Кез келген ой – ол адам миының жемісі. Сөз – сол ойдың сыртқы формасы. Мысалы: *Хакім «қызғанғандай бекер айттым», - деп ойлады да: - Жас. Бір жаста баласы. Бізге ағайын ол кісілер, - деп қойды анық білетіндігін аңдаттып* (Х. Есенжанов «Ақ Жайық»). Автор кейіпкердің ішкі ойы мен сөзін ажырату үшін *деп ойлады, деп қойды* сынды ремаркаларды пайдаланады. Кейіпкердің қысқа жауабы, кесіп айтқан сөйлемдері іштегі қызғаныш күйін сездіртеді. Сонымен қатар автор қысқа, толымсыз сөйлемдер негізінде кейіпкердің көңіл-күйін (бұл мысалда реніш пен өкпе), ішкі сезімін адресатына (оқырманна) жеткізіп тұр.

*Бұл баққұмарлық ой оның басына бүгін гана келген жоқ-ты, ол бірнеше күннен бері тыным бермей, үздік-үздік, қайта-қайта орала беріп, тап осы минутта жинақталып, тұтасып, жарыққа шығуға дайын сияқты еді.* (Х. Есенжанов «Ақ Жайық») Шығармадан алынған үзіндіде кейіпкер мазасыз халде жүр. Мазасыз халге түсіріп отырған үздіксіз ойларды автор қайталама қос сөздерді пайдаланып отыр. Автор адам ойы өздігінен жоғалып кетпейтіндігін, емін таппаған дерт секілді мазалап отыратындығын баяндайды. Яғни, ой абстрактылы болғанына қарамастан заттық формасына (сөз, іс-әрекет) ауысып отыруы заңды. Ойдың сөзге айналу процесі нақты уақыттық кеңістігі айқындалмаған, тілдік жағдаятқа байлаулы.



2-сурет – Ми қызметтері

Ми – жүрек секілді тоқтаусыз жұмыс жасайтын адам ағзасының ең күрделі бес бөліктен құралған органы және оның атқаратын қызметтері көп. Соның бірі артикуляция қызметі. Ол қызметтің дамып отыруына ішкі ой мен ішкі сөздің ықпалы зор. Ішкі ой туралы нақты тұжырымдар жоқтың қасы. Ал ішкі сөз табиғаты туралы ғалымдардың біршама ғылыми тұжырымдары айқындалған.

Ресей ғалымдары ішкі сөз/сөйлеу туралы біраз пікірталастар жүргізеді. Осы мәселе айналасында ең алғашқылардың бірі болып тілші Л.С. Выготский зерттеулер жасайды. Ғалым француз зерттеушісі Ж. Пиаже еңбектеріне сүйене отырып, ішкі сөз/сөйлеудің генезисін анықтап, оның эгоцентрлік (эгоцентричная речь) сөзден туындағанын дәлелдейді. Ішкі сөз – сөйлеуден ойлауға немесе керісінше ауысып отыратын когнитивтік және коммуникативтік процестерге қатысатын ойлау құралы (түп нұсқасы. Внутренняя речь – это средство мышления, которое участвует в когнитивных и коммуникативных процессах, является переходной формой от мышления к говорению и наоборот) [67, 64 б.].

Неміс ғалымдары Дж.А. Миллер, Дж.Б. Уотсон, К. Гольдштейн ішкі сөз/сөйлеуді дыбыссыз сөз/сөйлеу, сыртқы сөздің аяқталмаған формасы деп санайды. Неміс ғалымдарының пікіріне «айтылмай қалған, тістелген пікір» дегенді қосуға келеді. Себебі ондай процестер коммуникацияда өте жиі ұшырасады. Мысалы, *Сәми: «Бәрібір біздікі жеңеді» дей жаздады да, өзін әрең тоқтатып қалды* (Х. Есенжанов «Ақ Жайық»).

*-Ал өзіңіз әке қадірін білгелі қанша болды? – десем деймін. Тек айына бір хат жазуға мойным жар бермейтін, көптен хабарын да білмеген, алыс ауылда жатқан өз әкем, мектепке барғаннан бері мені түйе қып ойнауын қойған, дүниеге өз тұрғысынан қарай бастаған өз балам есіме түсіп үндемедім.* (М. Мағауин «Шеше»)

Көркем шығармада автор айтылмай қалған ойды, пікірді *дей жаздады, оқталып еді, десем деймін, есіме түсіп үндемедім, өзімді тоқтаттым* сынды күрделі етістікті баянауыштармен сипаттайды. Оқырман шығармамен танысу барысында осы аталған баяндауыштардың астарында белгілі бір айтылмаған ой, сыртқа шықпаған сөз жататынын түсіне алады.

Ішкі ой ішкі сөзге жалғасып, қорытынды пікір қалыптастыруда да септігі зор. Осындай күрделі процестердің арқасында сыртқы сөз түзеледі әрі жүйелене түседі. Әрине, бұл тұста адамның білімі, интеллектісі мен ойлау жүйесінің тереңдігі деген мәселелер де бар. Себебі кез келген жүйелі сөз – терең ақыл-ойдың көрінісі. Мысалы, *Кереуетте жатып Хакім осының бәрін бір нүктесін қалдырмай ойына тізіп, көзалдына бұлжытпай келтірді де, бірақ сол екеуінің әңгімесі Ехлас докторға тірелген жерде ой көмескілене берді. «Неге олай?» деген екіұшты дұдамал сөздер тілге оралады да: «Жоқ, шәк келтіруге болмайды. Арнамыз айдай ашық, бұлтсыз. Шүбә, қызғану сезімдеріне орын жоқ» деп қорытты* (Х. Есенжанов «Ақ Жайық»).

Ой – адам миында жүріп жатқан, көзге көрінбейтін процесс. Тіптен ойды «құпиялы» процесс десе де болады. Адамның не ойлап тұрғанын бағамдау

киын. Алайда оның көңіл-күйі, іс-әрекеті, сөзі және энергиясы біршама дүниелерден хабардар етеді. Мысалы, *Қыздың ойын көзбен көргендей шамалап. – Ондай студенттер көп кездеседі, ал ана доктор бақытты кісіге гана кездеседі, - деді ол енді қыздан ниетін жасырмай.* (Х. Есенжанов «Ақ Жайық»)

Берілген мысалда біріншіден, кейіпкердің ішінде жүрген ойы қолайлы сәтін тауып сыртқа шығып отыр, екіншіден сөз астарында «*Хакімді қайтесің*» деген ашық прагматика бар. Ал жасырын прагматикалық ой көбіне тұспалмен, әзілмен, әжуамен я дәстүрлі стереотиптердің ұтымды қолданысы арқылы көркем мәтіндерде бой көрсетіп отырады. Мәселен, *Күлкіден ауыз жидырмайтын Әмір оның теріс айналғанына қарамастан көптен бері ойына келіп жүрген сөзін әзіл, қалжыңға араластырып айтып салды. Ол:*

*Хакім, менің саған айтатын бір сөзім бар, осы қаладағы чиновниктердің қызын қайтеміз? Кешікпей восемь черных на ногах топчущихся, с животом двенадцати бермей де қыз келеді. Ең абзалы сәл сабыр етейікші. Өзіміздің қарабайыр шаруаның қара домалақ қыздарын сауырынан сипап жүріп аламыз. Екеумізге қолы сол қарабайыр зой – деді* (Х. Есенжанов «Ақ Жайық»). Әзіл сөздің артында «Мүкәрама сенің теңің емес», «Қалың малсыз да қыз табылар» деген жасырын прагматикалық ой бар. Және бір мысалда: - *Әжесі-ау, сіздердей біз қайдан болайық, атадан бала ширек кем туады зой, мұны менің кәрі әжем де ылғи айтатын, - деп мырс ете түседі келіні* (Х. Есенжанов «Ақ Жайық»).

Шығармадағы келіні мен енесі арасындағы интерактта жасырын прагматикалық ой ұшырасады. Жасы үлкен енесінің көңілі толмайтын іс-әрекеттеріне келіні «*сіздей болу қайдан?!/ сізге жағу қиын емес пе?!*» деген сынды ойын мақалмен ұтымды жеткізіп тұр. Енесінің келініне әрдайым көңілі толмайтынын шығармадағы мына сөзінен аңғара аламыз:

- *Адыра қал-ау сол, ер сынайтын сен қайдан шықтың, балаңның жаялығын дұрыс жауа да алмайтын маңқа* (Х. Есенжанов «Ақ Жайық»).

Прагматиканың негізі болып табылатын ой мен сөздің ішкі формалары өте күрделі процесс. Ішкі ой мен ішкі сөздің айырмашылығын ғылыми тұжырымдарды негізге ала отырып көркем шығармадағы кейіпкерлердің интерактысынан (диалогынан), авторлық ремаркалардан ажыратуға болады. Авторлық ремаркалардың негізгі қызметі автордың интенциясын білдіру болып табылады деп пікір білдірген профессор А. Тымболова: «Ремаркалар іс-әрекет етуші бейнелердің жасы, түр-келбеті, киімдері, рухани жағдайы, тәртібі, қозғалысы, ишаралары, интонациялары туралы түсінік береді. Оларға ықшамдылық, қысқалық (лаконичность) тән. Олар бір-екі сөйлемдермен қысқа беріледі» [68, 28 б.]. Тілші ғалым драмалық шығармаларды талдау барысында ремаркаларды жағдайды, персонаждарды, әрекеттерді суреттеуде прагматикалық қызмет атқаратын қырын айтып өтеді. Авторлық ремаркалар автор ойын тереңірек түсінуге септігін тигізетін элемент.

## **2.2 Автор интенциясы (ниеті)**

Интенция туралы алғаш рет философия ғылымы қарастырады. Американдық философ Д. Деннет тіл мен ойдың байланысынан туындаған

интенционалдылық концепциясын ғылыми айналымға енгізіп, интенционалды мақсат-шарттың негізгі стратегиясы ретінде нысанға алған объектінің қимылы мен әрекетін болжау деп көрсетеді [69, 195 б.]. Әрине келесі бір адамның ойын болжау қиын, кей жағдайларда мүмкін емес болып саналады. «Психика түрлері» еңбегінде Д. Деннет [70] адам психикасындағы шарттарды(установки) үшке жіктейді. Олар физикалық, конструктивті, интенционалды болып бөлінеді. Ғалымның пікірінше адамда интенция емес алдымен интенционалды шарт/мақсат (интенциональная установка) болады дегенді алға тартады. Ғалым адам психикасын зерттей келе жалпы адам баласына тән ортақ интенционалды шарттар болатынын байқайды. Философтың айтып тұрған адамдарға тән интенционалды шарт өз игілігін арттыру мақсаты болып отыр. Адам психикасы бұзылғанда ғана өзіне жамандық тілейді. Ал қалыпты жағдайында өз мұқтаждықтарын қанағаттандыруды, жақсартуды көздейді деп жазады.

Интенционалдылық концептісін адам инстинктімен, интуициясымен байланыстырады. Тіршілік иелерінің барлығына тән инстинкт шартты түрде амал-әрекет жасауға итермелейтіні белгілі. Ал интуиция ішкі сезім рефлекторлары арқылы болар жағдайды болжап, сезуде ықпалы зор. Әлеуметтану бағыты бойынша жинақталған түсіндірме сөздікте интуицияны адам интеллектісінің жемісі, ешқандай дәлелдеусіз ақиқатты тану дегенге келтіріп, Декарт, Фрейд ілімдерін талдайды [71, 182 б.].

Ежелгі философтардың пайымдарына үңілсек интенция теориясы жеке адамның санасындағы объектінің бейнеленуі, түйсінуі саналады. Логотерапия немесе өмірге құштарлық атты еңбекте парадокс интенциясы атты тіркес ұшырасады. Оған оқиғалар мен өмірден алынған мысалдар келтірілген. Бізге қажет терминнің мағынасы Д. Деннет айтып кеткен интенционалды шартқа/мақсатқа (установка) жақын. Тіл білімінде бұл термин сананы қандай да бір құбылысқа, затқа бағыттау, сөйлеу мақсаты деп анықтайды. Яғни, автор интенциясы термині тіл біліміндегі тілдік сана, тілдік тұлға ұғымдарымен де ұштасып отыр.

Тілдік сана ұғымы профессор Д. Әлкебаеваның еңбектерінде «тілдік сана жеке тұлғаның ұлттық санасындағы ана сүтімен бойына дарыған табиғат сыйы»[4,130 б.] деген анықтама береді. Ғалым тілдік сана ұғымына тілдік қабылдау, тілдік ойлау мәселелерін де сыйғызады. Тілдік сананы ұлттық сананың ажырамас бөлшегі етіп сипаттайды. Интенция сөздіктердегі аудармасы ұмтылу, ниет деп берілетінін ескерсек, жоғарыдағы пікірлерден мынадай тұжырым жасауға болады. Автор интенциясы – жазушы шығармасындағы тілдік санасын айқындайтын қоршаған ортаны түйсінуі, қабылдау ерекшелігі, ойлау даралығы және шығармаға арқау болған автор үшін негізгі мәселелерді оқырманына жеткізуге ұмтылу амалдары.

Көркем шығармаларда автордың айтпақ ойын, мақсатын бірден түйсіну, ұғу оңайлық соқтырмайды. Оған оқырманның мұқияттылығы, елестету, анализдеу, интуициясы сынды қабілеттері көмекке келеді. Автордың тілдік санасы мен оқырманның тілдік санасының арасындағы үндестік те үлкен мәнге ие.

Автордың ойын болжау, түсіну адамның өмірлік тәжірибесімен де тікелей байланысты. Адресанттың жас ерекшелігі, жынысы, танымы автор интенциясын тануда белгілі бір дәрежеде өзіндік рөл атқарады. Бұл аталған мәселелер мәтінтанудың психологиялық, гендерлік, танымдық сияқты экстралингвистикалық қырларына тоқталуды қажет етеді.

Автор өз «менін» таныту мақсатында табиғаттан дарыған жазушылық қабілетінен бөлек, ізденімпаздығын, көпшілікке жұмбақ қырларын ортаға салады. Мысалы Б.Момышұлы шығармашылығымен танысқан бір оқырман жазушы деп білсе, келесі бір оқырман оны психолог, философ деп тануы мүмкін. Ал басқа бір оқырманның түйсік көзі Б. Момышұлын мықты қолбасшы етіп көреді. Демек автор шығарма жазуда пайдаланған әр құрал (сөз), әр деталь оның шеберлігінің көрінісі.

Сөз – адам ойының жемісі. Сөзбен адамды арбауға, алдауға және манипуляция жасауға болады. Сөз адам ішінен туындаған күрделі процесс өнімі болғандықтан оның өзіндік энергиясы, күші бар. Ол күш болмағанды болдырып жататын сиқырға да ие. Сөз құдыреті мен сиқырын қазақ ата-бабамыз ерте кезден білген. Әр сөзіне сақ болған. Сөзге тоқтай білген. Сөзді үлкен өнерге балаған.

«Сөз арқылы иландырудың жарқын мысалдары көп» – [72] дейді профессор Б. Сағындықұлы «Ғаламның ғажайып сырлары» деген еңбегінде. Ғалым атеист патша мен жас баланың диалогын мысалға келтіреді. Пікірталасқа түскен алты жасар имам бала атеист патшаны сөзімен жаңылдырып, мұсылман дінін қабылдататындығын баяндайды. Аңыз диалогқа құрылған. Диалог патша мен баланың сұраққа сұрақпен жауап беруі арқылы өрбиді. Бұл коммуникацияда пайдаланатын тактиканың бірі. Шешендік сөздер мен аңыз – әңгімелерде осындай тәсілдер жиі ұшырасады.

Автор интенциясы тіл бірліктерін сұрыптау барысында жеке менін (жеке пікірін қабылдауды) танытуды көздемейді, тек сендіру амалдары арқылы оқырманының қолдауы мен келісіміне иеленеді [26, 17 б.].

Көркем мәтіндерде автор оқырманның қолдауына иеленуі, шығармада баяндалған автордың пікірлерімен бірден келісе кетуі қиын процесс. Ол үшін автор өзіндік танымын халықтық таным деңгейіне дейін көтеру қажеттігі туындайды.

Интенция қазақ тілінде ниет, ниғыл деп беріліп жүр. Алайда оны көркем мәтін, дискурстарда автор интенциясы, кейіпкер интенциясы және интенционалдық мақсат, әрекеті деп қолданған жөн. Сонда ғана интенционалдық концепт негізінен туындаған интенция термин сөзінің ғылыми мағынасы жан-жақты ашыла түседі деуге саяды. Интенция терминін танымдық тұрғыдан қарсыратын болсақ профессор Г. Смағұлованың көркем мәтін лингвистикасы еңбегіндегі бата-тілектердің суггестиялық қасиеттері туралы пікірі құнды. Ғалым мәтіннің прагматикалық бағыты деп айтушы мен тыңдаушының арасындағы байланыспен белгілі бір нәтижеге жетуді көздейді. Ол нәтиже – коммуникаттардың өзара бір-біріне сөз арқылы әсер етуі, ой тастауы, түрлі әрекеттерге ықпал етуі– деген пікір айтады [73, 120-121 бб.].

Қазақ танымында бата мен тілектерді ден қоя тыңдау қазақтың сөз қадірлейтіндігінен, оның құдыреттінің күшіне сенетіндігінен. Ниеттің тазалығын сақтаушы ар-ұят, ал бұзушысын нәпсі санайтын халқымыз: «*ниетің түзу болсын*», «*адал ниет аздырмайды, арамдық бойды жаздырмайды*», «*адал ниет - ақ көйлек*», «*нәпсі тынса пейіл кеңір*» дейді.

Тіліміздегі орынсыз мақтау, жала жабу, өтірік айту, қосып сөйлеу, өсек сөздер ниет бұзылғаннан, ал жақсы, жылы тілектер мен лебіздерден ниет түзулігінен десек, оның ғылыми мәні бағалауыш лексикалардың прагматикалық қызметімен ашылады.

Қазақ тіл білімінде бағалауыш лексика, бағалауыштық лексика және жалпы термин жөнінде тілші-ғалымдар А. Алдашев, О. Бүркітова, Б. Момынова, т.б., газет тілінің ерекшеліктеріне қатысты қолданған Ф. Жақсыбаева, Ш. Нұрғожина, З. Құрманәлиева, Б. Сағынова, Д. Бекзат, Ғ.Танабаева, А. Бақытов сынды зерттеушілер өз еңбектерінің аясында баға, бағалау мәселесіне тоқталып өтеді. Сондай-ақ жалпы тіл білімінде сот лингвистикасындағы сөз қақтығыстарын талдауда жағымсыз лексиканы тілдік агрессия деген терминмен сипаттайды да, оның тууы теріс эмоциялардың әсері етіп көрсетеді. Тілдік агрессияның негізгі түрлері: қорлау, дұшпандық сын, қоқан-лоқы, дөкір талап, дөрекі бет қайтарыс, жазғыру, келемеж, шағым, сөз тасу, жала, ұрыс-керістер. Тілші, ғалым Х. Әженова тілдік агрессияны *айырықша ниет* – адресанттың (сөйлеуші/жазушы) адресатқа коммуникативтік тұрғыдан залал (кемсіту, қорлау, келемеждеу) келтіруге мақсатты бағытталған қалауы немесе өзіндік мүдделерін (өзін таныту, өзін өзі қорғау) қайсыбір тыйым салынған тәсілдермен жүзеге асыру ойы түрінде көрініс беруі мүмкін деп сипаттайды [74, 34 б.].

Көркем шығармада ниет ұғымын жазушы қалай пайдаланып, қандай қызметке жұмсайтынын айқындасақ.

*Бір барғанымда Серік шал:*

*-Қарағым-ау, қаршадай баланы алдағаның нең. Өзіңді тым тәуір жігіт деп жүруші едім, - деп кейістік білдірді. Сұлушаштың апасы да:*

*- Біз базарға кеткен күні ғана келе қойған екенсің. Ниетің дұрыс болмады. Өз жолыңды өзің кестің, қалқам. Енді бұл үйдің маңын мәшинаңмен көп шаңдата бермесең де болады, - деді. (Т. Нұрмағанбетов «Бір үйдің бақыты»)*

Шығармадан алынған үзінді диалогқа негізделген. Диалог астарында ниет бұзылғаннан жол байланады, кесіледі деген ой жатыр. Қабілбектің теріс әрекеті шығармадағы оқиға желісін жаңа арнаға бұрып жібереді. Сұлушаштың апасы *үйдің маңын мәшинаңмен көп шаңдата бермесең де* болады дегенде ашық прагматика (прагматика ұғымы астарсыз пікір мағынасында) бар. Ол: «Енді үйімізге келме» – дегенді ілтипатпен жеткізіп отыр. Адамның бір оқыс басқан қадамы, арам ойы тағдырын өзгертіп жіберуге қауқарлы деген астарлы мән оқырманын ойландырмай қоймасы анық.

*- Ө, ниеті бұзық нәлет. Таста, кәне. Жытып кетпекші едің, ә? Жытырайын мен сені. Бетімнің терісін бес сығып жүріп тапқанымда...*

*Қали-қали етіп, әжем жанына жетіп келді.*



- *Жағыңды уатып жіберсем осы. Әйда, жоғалт көзіңді...*
- *Әже-ау, мен білмей... – Ызам келіп сөзге де келмей өксіп жылап жібердім.*
- *Тәйт-әй... көзіңді азартпа. Көз жасымен қорқытамын дейді. Қарай гөр өзінің жылаңқаясын. (Т. Нұрмағанбетов «Әже»)*

Оқиғамен толық таныспаған оқырман әжесі немересіне ақша үшін жекіріп, ауыр сөз сөйлеп тұр деп түсінеді. Алайда автор кейіпкерінің атынан бірінші жақта диалогқа түсіп, санамызда қалыптасқан әже образын басқа жағынан сипаттайды. Әже дегенде санамызға мейрімді, дана, қалтасынан кәмпитін ала қоятын, немерелерін әрдайым еркелететіп, бағып, қағып жүретін бейнесі оралатыны бар. Т. Нұрмағанбетов әңгімесіндегі әже бейнесі ол стереотиптерге мүлдем қайшы. Автордың жалғыздық құдайға ғана жарасқан деген ойы кәрілік пен жалғыздықтың тауқыметін көтерген әженің ызалы, уытты ащы сөздерінен көрініс табады (*-Өй, өлігіңе отырайындар, түге... Ыздиып-ыздиып менің құранымды шығарғалы келгендей, айда арман... Осыдан жуып көріңдерші маңыма, аяқтарыңды сындырайын, жүгермек келгірлер*). Жазушы санамыздағы стереотипті ойларды сындыру арқылы өмірдің ащы шындығын, қоғамда жалғыз қалған қариялардың халін баяндайды. Адресат (оқырман) автор баяндауы, портреттеу деталдарынан кейіпкерлер образын тануға, соған илануға әбден бейімделген. Алайда жазушы (автор) портреттеуден гөрі шығармадағы кейіпкерлердің ішкі сөзі, диалогтарына оқырман білуге тиіс ақпараттарды көп сыйдырады.

Тағы бір шығармадағы диалогқа назар салсақ:

*..Келетін шығар, келеді зой тірі жүрсе...Әлі-ақ маңдайы жарқырап, Қоңыртөбеден түсіп келе жатады, құлыным.*

- *Әй, ана-ай, алжисын дегенің осы-ау! – Мағрипа ауыр күрсінді.*
- *Кет, салдақы! – деді кемпір шаңқ етіп. Үні өте ащы шықты. – Менен сен бұрын алжисың. Жатыры кепкен жалмауыз. Сонда Қайсаға ти дегенде, тілімді алмап едің, атты қарғысым. Ойнастан болса да бақыр басты бала тапсаң, бүйтіп талақ қалмас едің. Ертең келер жауыңа қарсы шабар еркегің жоқ, қоңыр бұзауына мініп өзің аттан, қу қатын. Мағрипа үн-түнсіз жылап, шығып кетті. (О.Бөкей «Жесірлер»)*

Диалогта оқырманның назарына лепті мәнмен айтылған жағымсыз тілдік бірліктер ілінеді. Мәселен, *салдақы!* түсіндірме сөздіктерде қыз балаға айтылатын жеңіл қарғыс деп сипатталады да, қаншық, күн деген сөздермен мағыналас берілген [75, 488 б.]. Шығарма авторы салдақы деген сөзбен қатар мәтінде талақ қалған, жатыры кепкен жалмауыз, қу қатын сөздерін пайдаланды. Соғыс тауқыметінен зардап шеккендердің жиынтық образын Мағрипа кейіпкерінің тағдырымен сипаттайды. Соғыстың ауыр тауқыметі кемпір мен Мағрипаның диалогтарынан аңғарылады. Кемпірдің қарғысы, ызалы назы бүтін бір соғыс кезіндегі әйелдердің жан-күйін баяндап тұрған әсер қалдырады. *Жатыры кепкен жалмауыз* деген күрделі тіркес бүкіл шығарманың идеясын арқалап тұр. Соғыс тауқыметі әйелдерді жесір, аналарды баласыз, ұрпақты жалғассыз қалдырғаны *қу қатын, салдақы, талақ қалу, жатыры кепкен*

*жалмауыз* сынды жағымсыз тілдік бірліктер астарында жатыр Талақ фразеологиялық сөздікте бірінші мағынасы еркек некесін бұзды десе, екінші мағынасын дүниеден, тіршіліктен безді деп береді [76, 658 б.]. Яғни, талақ қалу жалғыздықтан да ауыр мәнге ие. Көркем мәтіннен алынған үзіндідегі аталған лексикалық бірліктер бүтін бір шығарманың прагматикалық мәнін (прагматика термині бұл жерде өзек мән, негізгі мән мағынасында қолданылады) ашып отыр.

*-Нақ көргенсіздің өзі. Әйтпесе, соншама шаптығатын әкесін біз өлтірген жоқ едік қой, - деді Шәмшігүл.*

*Үрлеген қуықтай тырсылдап, ашуға булыққан Жантуар кінәні әйеліне аударды.*

*-Бәрін шығарған сен осы, ойда-жоқта мебель алам, ойда жоқта үй айырбастаймын деп.*

*Енді Шәмшігүл де шыдай алмады.*

*-Мен...мен...кінәлі, бәріне де. Сенің қубас атануыңа да кінәлі менмін, - деп сәл тоқырады да, даусын көтеріңкіреп, - қубас атансаң, оған өзің гана кінәлісің. Менің денім сап-сау, - деп солқылдап жылап жіберді.*

*Жантуар тез жадырап, өмірі ренжітіп көрмеген әйелінің маңдайынан сипады. (С. Шаймерденов «Өмір нұры»)*

Шығармадан алынған диалог бүкіл әңгіменің түйін ойын жеткізіп отыр. Ерлі-зайыптың жанжалы оқырманның (адресаттың) назарын аударып қана қоймайды, шығарманың желісін басқа арнаға бұрып, оқиғаның ары қарай өрбуіне әсерін тигізеді. Автор ашуға булыққан ердің сипатын *үрлеген қуықтай тырсылдап* деген теңеумен жеткізеді. Бұл теңеу адам жынысына қатысты компоненттен құралуы тегін емес. Автор оқырманның (адресат) ой-қиялына әсер етіп, көз алдына шарасыз, ызалы Жантуар бейнесін елестету мақсатын көздейді. Жантуардың әйелі алдындағы дәрменсіздігін *қубас* сөзінің астары арқалап тұр. Қубас деген ұғымды қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде былай келтіреді: балалары өлген немесе бала көрмеген адам [8, 527 б.]. Автор шығармаға арқау болған басты мәселені оқиғаның соңына қарай баяндағанымен, кейіпкердің есімі (Жантуар есімі жан және туар сөздерінен біріккен күрделі есім сөз), оның әйелінің алдындағы әрдайым дәрменсіз кейпі барлығы дерлік шығарманың айтар ойына жетелеген кішігірім детальдар саналады. Жантуар есімді адамда бала жоқ, Бақыт деген адам бақытсыз, Жаман деген кейіпкер шын мәнісінде жақсы адам сияқты көркем шығармаларда, ертегі, аңыздарда мысалдар көп. Кез келген шығарма авторы өмірді философиялық бағдармен қарауға тырысады.

Прагматикадағы сөйлеу актілеріндегі сөйлеушінің интенциясы жайында профессор Д. Әлкебаева интенцины сөйлеуші әңгіме барысында не хабарлау, одан не жайында білу керектігін айқындайтын коммуникативтік ниеті деген пікір келтіреді. Сондай-ақ сөйлеу әрекетіндегі коммуниканттардың стратегиясы мен тактикасы коммуникативтік-прагматикалық мақсатты арқалайтындағынын жеткізеді [9, 26 б.]. Көркем шығармаларда автордың стратегиясы мен тактикасы көркемдеуіш құралдарды ұтымды пайдалануымен жүзеге асып отырады. Әсіресе, мәтіндердегі диалогтарда кейіпкерлердің бірін-бірі алдауы, мақтауы,



жанжалдасуы т.с.с. қатынастарынан да белгілі бір дәрежеде автор интенциясы ашылады. Мысалы мына диалогқа назар салсақ:

- *Жапаржан, мен саған ақша берейінші, - деп Жол оң қалтасына қолын салды. Ақшаны жақсы көретін Жапар елең ете қалды, сенерін де, сенбесін де білмей: «Ақша беремін деп алдап ұстап алғалы тұрған жоқ па?» деген ой келді оған. Тап осыны білгендей Жол:*
- *Қане, қағып ал, мә, - деп шапанынан бес тиындық екі қара бақыр алып төрт-бес қадамдай жерден балаға біртіндеп ытқыта лақтырды.*

*Екі бақырды да жерге түсірместен Жапар асықпай қағып алды да, «тағы да лақтыр» дегендей Жолға қолын созған күйі күлімсірей түсті.*

- *Ой, жігіт. Әкеңе тартқансың, сен пысық боласың. Бірер жылдан кейін базарға бір өзің барып келесің сен. Ой, жігіт, насыбайға деп мына бір жапырақ тауып алып едім, осыны орайтын бір қағаз табылмас па, Жапаржан, үйге жеткенше түгі қалмай үгіліп, шашылып бітетін болды.*

*Ақшаға, мақтан сөзге мәз-мейрам болған бала ыңғайға тез көшті, ол езуін ыржитыңқырай күлімсіреп:*

- *Қағаз табам, би-ақа. Қағаз көп.Сізде қағаз ақша жоқ па, қалам сауыт сатып алатын, - деді. (Х. Есенжанов «Ақ Жайық»)*

Берілген диалогтік сөйлесімде Жол кішкентай баланы алдап түсіру үшін ақша (*бес тиындық екі қара бақыр, жүрмей жатқан керен ақшасынан балаға екі-үш марке*) мен кішірейту, еркелету мәніндегі, мақтан сөздерді, өтініш мәнді сөздерді (*Жапаржан, Ой, жігіт. Әкеңе тартқансың, сен пысық боласың, тауып берші, берейінші*), бейвербалды амал-әрекеттерді (*күмілжіді – қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде: қипақтап, кібіртіктеп сөйлеу; біртіндеп ытқыта лақтырды – сондағы ойы тиынды біртіндеп ыршытып, секіртеп лақтыру арқылы баланы қызықтыру*) ұтымды пайдаланады. Біріншіден, автор бейнелеп отырған ересек кейіпкер бала психологиясымен жақсы таныс. Екіншіден, оның дүкен ұстайтын әкесін (*Бүгін көкем дүкенін жауып кетіпті*) жақсы таниды. Үшіншіден, белгілі бір стратегиялық амалдарды пайдаланады (*төрт-бес қадамдай жерден – арақашықтық ұстау арқылы сеніміне кіру*) қулығын асырады. Дегенмен автор бала интуициясының жақсы дамығанын (*«Ақша беремін деп алдап ұстап алғалы тұрған жоқ па?»*) автор ішкі ойын тырнақшамен бере отырып көрсетеді. Алайда ересек адамның стратегиялық қадамдары мен интенционалды амалдары арқылы диалог соңында баланы алдап түсіргенін байқаймыз (*оң қолымен көйлектің астына қыстырған үндеуді суырып алып Жолға ұсынды*). Келтірілген диалогтан интенционалды мақсатын жүзеге асырған кейіпкердің сараң, пайдакүнемдігін (*жүрмей жатқан керен ақшасынан береді*), қу, арам (*Жапаржан, мына қағазың шылым орап тартуға жақсы екен. Бұдан басқа молырағы жоқ па; ірі сүйекті жапырақ екен, орауға келіңкіремес, сірә, - деп күмілжіді*) образын танып, бірден санамызда оны жағымсыз кейіпкер санатыта қосамыз. Жазушы кейіпкерлерді жағымды/жағымсыз етіп бөлуі тегін емес. Баяндап тұрған оқиғасын қызықты әрі оқырманын еліктіру үшін әр түрлі мінездерді шындыққа жанастыра суреттеу аса маңызды.

Монолог (бір жақты дискурс) – бір тақырыпты бірлікпен шектелген концептуалды фреймдермен іске асатын сөйлеу түрі. Ол диалогтік сөйлеудегідей (жоғарыда келтірілген мысалдардан байқағанымыздай) стратегия мен тактикасы жақсы дамымаған. Алайда автордың оқиғаға көзқарасын танытып, оқырман мен автор арасындағы байланысты күшейтеді. Автор интенциясы көркем мәтінде монологтар мен сөйлеу типінің баяндау түрімен беріледі. Монологтарда концептуалды фреймдер негізгі прагматикалық (адресатқа/оқырманға әсер ету мағынасында) қызмет атқарады.

Ақпаратты кодқа салудың екі формасы бар. Бірі когнитивтік, екіншісі тілдік. Ақиқат дүниеден алынған деректер санада концепт, фрейм, скрипт, сценарий, пропозиция, образ т.б. когнитивтік құралымдар арқылы репрезентацияланады [29, 46 б.]. Концепт – аса күрделі құбылыс. Ол бір жағынан сөз мағынасын сөйлеушінің тәжірибесін қамти, іске қосып отырып ашады, яғни «Тіл мен ойлау» қос тағанымен байланысады, екінші жағынан өзіндік ассоциациялар шеңбері, мағыналық реңктері бар. Сонымен байланысты концептінің әлеуметтік мүмкіндіктеріне қатысты ерекшеліктері бар адамның мәдени тәжірибесі неғұрлым бай да кең, көп болса, ол қолданатын концептінің әлеумет-қуаты да соғұрлым кең және зор, терең болады.

Қазақ тіл білімінде концепт терминіне қатысты мәселелерді Р. Сыздықова, Ә. Қайдар, Ә. Сүлейменова, А. Ислам, Е. Жанпейісов, Г. Гиздатов, Ж. Манкеева, Н. Уәли, Ф. Қожахметова, Қ. Жаманбаева, Г. Смағұлова, Б. Ақбердиева, С. Сәтенова, М. Құштаева, Н. Айтова, С. Жапақов, С. Сүгірбекова т.б. еңбектерінде лексикология, этнолингвистика, когнитология, лингвомәдениеттану т.б. тіл білімінің салалары тұрғысынан қарастырған. Ғалымдар концептінің атқаратын қызметіне қарай жан-жақты анықтамалар беріп, оның этномәдени санада сақталған, белгілі бір ұлттың ұрпақтан-ұрпаққа берілетін ықшам әрі мағыналы шындығының болмысы деп сипаттайды [77] Ғалым Н.Ф. Алефиренко мазмұндық сипатына қарай концептінің мынадай типтерін көрсетеді: «представление, схема, понятие, фрейм, сценарий, гештальт» [78].

Фрейм – статикалық (қозғалыссыз, тұрақты), сценарий – динамикалық (қозғалмалы) ойлау образы. Фрейм – стереотипті ситуацияға қатысты ойлау образы. Фрейм мазмұны міндетті (негізгі) және қосалқы (факультативті) белгілерден немесе «түйіндер» мен «терминалдардан» тұрады. Басқа дереккөздерде фреймді концептілік жүйенің құрылымдық элементтерін танытатын, концептінің ең жақын семаларынан құралатын, адам миында белгілі бір стереотипті жағдаяттың көрініс табуына арналған белгілі бір ақпарат құрылымы деп анықтайды [79, 5 б.] «Тіл білімінде фрейм ұғымдары» мақаласында Ғ.Ә. Байтілеуова фрейм терминін кино, сот, сахна тілдеріндегі мағыналық қолданысын сипаттайды да, тіл білімінде фрейм ұғымын «рамка» (жиек), қандай да бір айтылуға тиіс ойға тірек болатын «қанқа», адам санасында жинақталған барлық білімдер жинтығы деген мағынасы кең қолданыс тапқанын айтады [80, 97 б.].

Түрлі дереккөзден жинақталған анықтамалардан концептуалды фрейм дегеніміз адам танымында уақыт өте қалыптасқан тұрақты ой образдары мен ұғымдары деп тұжырымдауға болады. Сондай-ақ фрейм концептінің құрамдас бөлшегі, фрейм арқылы адам жадында сақталған ақпараттар ассоциацияланады. Көркем мәтіндегі концептуалды фрейм автордың көзқарасы мен ассоциация шеңбері негізінде қалыптасады. Мысалы, *«Алғашқы сағатта көшеде, оны атты казактар қоршап алып «Қырық тұрбаға» қарай қуалағанда төбесінен жай түскендей болып еді, кісі өлтіріп, ұрлық жасап тұтқынға алынған қылмысты адамша масқаралық халге душар болу, оған өлімнен тең көрінді. Ол жердің жарығы болса ойланбастан еніп, құлап, жоқ болып кетуге де дайын сияқты, көшедегі сан адамдардың, терезеден қараған жандардың бәрі бір өзіне ғана қарағандай, бәрі де танып тұрғандай – «фу» мұндай күйге ұшырағанша өліп-ақ кетсейші! Масқара! Бұл өлім! Бұл абыройдан айырылғандық! Бұл дүниедегі ең жұғымсыз, ең нашар, адамшылықтан айрылған ең қарабет жандардың түсетін орыны. Сен соған бара жатырсың... сен біттің! ... Саған енді өмір жоқ!.. – деп тұрғандай, жаппай жұрт түңілгендей теріс айналғандай, біреулер жерге түкіргендей көрінген еді.»* (Х. Есенжанов «Ақ Жайық»)

Шығармадағы «Түрме» концептуалды фреймы кейіпкер ойы, ішкі күйзелісі арқылы сипатталады. Жазықсыз түрмеге түскен Хакім түрмені кісі өлтіретін, ұрлық жасаған, абыройсыз, адамшылықтан айрылған, ең нашар, жұғымсыз қарабет адам отыратын қылмыскерлердің мекені деп санаған. Оның жас санасы түрме концептуалды фреймін тек жазықтылар орны деп қабылдап, түрмеге түсуді масқаралық, абыройсыздық пен өлімге теңеп отыр. Автор жас Хакімнің бейнесін таза, пәк жүректі, қиындық көре қоймағандығын, ақты ақ, қараны қара деп қабылдай білген, санасы уланбаған, оқыған азамат ретінде (*Дүниеде түрме барын, оған жазықты адамдарды қамайтынын Хакім білетін, бірақ ешбір қылмысы жоқ жанды түрмеге отырғызатынын, оны айыптап басына пәле жабатынын ол білмейтін.*) сипаттайды. Оның шығармада келтірілген ойлары мен әрекеттері өзіне ұсынылған жағымды бейнесін толық ашады.

Ақ Жайық романындағы «Торғай» концептуалды фреймі оқырманына түпсаналы түрде әсер етуге, шығарманы қызыға оқуына жол ашады. Мәселен, - *Хакім, ана торғай саған қарап тұр, сені босатады екен, - десті, орыс, қазағы, татары араласқан камераға лық толып отырған тұтқындар, қатарласа жамырасып* (Х. Есенжанов «Ақ Жайық»). Торғай концептуалды фреймы бостандықтың, еркіндіктің символы екені белгілі. Автор бұл фреймді ұлттардың бостандық туралы танымының ортақтығын көрсету үшін ғана емес, келесі бөлімдерде жазықсыз кейіпкердің бостандыққа шығатынын, оқиғаның ары қарай қалай өрбіп, қалай дамидынын оқырманын қызықтыру, еліктіру мақсатында да қолданса керек. Себебі кез келген жанашыр оқырман жағымды кейіпкердің қиындықты жеңіп, әділеттілікке жеткенінің куәгері болғысы келеді. Жазушы кейіпкер тағдыра әсер ете алатын қасиеті барын біледі. Оқиғаны жаман я жақсы бағытқа бұру, шығарманың соңын қалай аяқтаса да жазушының

өз еркінде. Десе де оқырман түбінде жақсы атаулысының жеңіп, әділеттіліктің орнағанын аңсайды. Жазушы азамат соғысының қазақ халқына оңай соқпағанын баяндап отырса да, жастардың ақ үмітін, өшпес әдемі сезімдердің, білім мен ілім іздеудің уақыт таңдамайтынын көрсетіп отырады.

Дәл осы шығармада «Оқымысты адам» концептуалды фреймі *кітап мүжуші бұзылғандар* деген тұрақты тіркес жазушының сөзжасамдық қабілетін танытады. Автор бұл тіркесті оқымысты адамның кітапты көп оқуға әуестігінен бұрын казак атамандарының жағымсыз образын таныту мақсатын көздеген.

*-Қарғыс атқан студенттер зой дәу де болса, - деді жолдасына.*

*-Иә, сол кітап мүжуші бұзылғандар.*

*-Бұлар кімнің жағында деп ойлайсың?*

*- Белгілі емес пе, кім жағында екені?... (Х. Есенжанов «Ақ жайық»)*

Оқымысты, оқыған адамдарды бұзылған, адасқан деп тану тенденциясы көптеген көркем шығармаларда ескі мен жаңа заман түсініктерінің алшақтығын танытуда қолданылады. Сондай-ақ XV-XVI ғасырларда көзі ашық адамдарды қудалағаны қазақ тарихын айтпағанда дүние жүзі тарихы беттерінде сайрап тұр. Мысалы, *«Бар жазғаны осы ғана ма дегендей Жөкең Келестің қолындағы хатқа әлі де жұтына қарап тұр. Үнсіздікті Мерекбай бұзды.*

*-Бәрекелді, - деді ол басындағы күн жеген айыр қалпағын алақанына сарт-сұрт ұрып қойып. – Бәрекелді, әкесін ұмытпаған ерді айт. Осы күні кейбіреулер маңғыт-саңғыт деп алды-артына қарамай кетіп жүр емес пе?*

*- Гурортке барамын дегені ақыл-ақ қой. Оқу дегенің де кісіні ауру ететін нәрсе. Доктір боламын дегені әлі оқыңқыраймын дегені зой, сірә, - деп Шәден де өзінше жорамал жасаған болды.» (Т. Нұрмағанбетов «Қош бол, Ата»)*

«Кедей» концептуалды фреймін автор «қара сирақ», «арқасы арша, борбайы борша шаруа» деп, олардың мүсәпір тұрмысын, байларға желініп, орыс, казак атамандарының қазақ шаруалары кәсіп қылып, күнкөретін шұрайлы жерін, балықты өзен-көлін тартып алып жатқан тарихи-әлеуметтік шындығын осы концептуалды фрейм айналасында баяндап, жеткізеді. Сондай-ақ «кедей» концептуалды фреймына қарама-қайшы «чиновниктер» ұғымын автор «қожыр бет пен таздар» деген теңеумен береді. Автордың қожыр бірлігін таңдауы тегін емес. Қожыр бет тіркесі қотыр, тегіссіз деген мағынаны береді. Тазы болса қазақ ұлтының тұрмысына жақын ассоциативтік мағынасы мен образы айқын символдық деңгейге дейін жеткен ұғым. Оқырманына суреттейін деген бейнесін аса жағымсыз етіп көрсету мақсаты тұр. Адресат кейіпкерлердің арасындағы қарым-қатынастар (диалогтар) мен монологтардан автор ұсынған образдарды, жағдайларды ойша жақсы-жаман, жағымды-жағымсыз, әділетті-әділетсіз етіп жіктейді де, сол уақыттық кеңістікке еніп, жанына жақын кейіпкеріне жанашырлық танытып отырады. Автор интенциясы көркем шығармаларда автор идеясы мәселелерімен қатар тұратынын аңғарамыз.

### **2.3 Автордың прагматикалық ақиқат/ жалған позициясы**

Көркем мәтін – автордың жеке туындысы. Көркем мәтіндермен танысқанда автор позициясынан аттап кете алмаймыз. Автор позициясы

дегеніміз ой қорытындылары нәтижесінде автордың белгілі бір түйінге келуін айтамыз. Яғни, автор алдына қойған мақсат пен міндеттерді орындау үшін автор позициясы қалыптасады.

Көркем шығарманың негізгі қасиеті адамды, қоғамды ойлануға жетелеуінде. Бұл тұрғыдан да автордың аз тер төкпесі анық. Өйткені, автордың өзіндік позициясы, «Мені» болмаса ол шығарма көркемдік шешімін таба алмайды[81, 173 б.].

Автор позициясы тура мағынасында (мысалы, белгілі бір сөйлемдер мен оқырманға бағытталған үндеу) немесе жанама түрде (мысалы көркем амалдардың көмегімен кейіпкерлердің ойы, іс-әрекеті арқылы) берілуі мүмкін. Автор позициясы төмендегі тілдік амалдармен беріледі:

Бағалау лексикасы – түрлі ақиқат-шындықты бағалайтын сөздер. Мысалы, *керемет, гажсап, тамаша*, т.с.с. – оң баға көрсеткіші; *ұсқынсыз, нашар, жеккөрінішті*, т.с.с. – теріс баға көрсеткіштері.

-Қалай екен?

-Өмірі ондай тәтті ет жеп көргем жоқ, - деді Мамай жымып.

-Түү!..

-Несі таң?.. Аз-маз қолаңса иісі бар екен. Жылқы етінде де иіс бар ғой.

-Ойбай-ау, жылқы етінің иісі деген – мұрын жаратын, керемет сүйкімді иіс қой! (М. Мағауин «Жыланды жаз»)

Жұман – белгілі мылжың, берекелі сөзі жоқ. Абайдың ағайын ішінде ең бір нәрсіз көретін кісісі. (М. Әуезов «Абай жолы»)

Көркем амал-тәсілдер, мысалы риторикалық лепті сөйлемдер автордың оқиғаға қарым-қатынасын танытады:

*Қиянат! Не нәрсеге сұлу болса, отап тастауға, не нәрсе биік болса, құлатып тастауға, не нәрсе аппақ болса, қаралап тастауға, не нәрсе сау-саламат болса, жаралап тастауға, не нәрсе адал болса, арамдап тастауға әуес жұмыр басты пенденің өз оңбағандықтарынан ақталар «ақиқаты» әрқашан дайын: «Жақсылық тугызбайтын бірде-бір жамандық жоқ. Кездейсоқ оқиға болмайды: дүниедегінің бәрі де – не сынап байқау, немесе жаза, немесе мақтау, күн бұрын болжау. Ал Кербұғының көрген азабын немен иландырар екен.» (О. Бөкей. «Кербұғы»)*

Қиянат – адамға жасалған өктемдік пен озбырлықты білдіретін ұғым. Қазақ даналығында аманатқа қиянат жасауға болмайды деген сөз бар. Қиянат жасау адамшылығыңнан айрылумен тең. Қиянатты жалпақ тілмен әділетсіздік ұғымымен де жарыстыра қолданады. Алайда әділетсіздіктен гөрі қиянат ұғымының салмағы ауыр. Автор қиянат деп артынан леп белгі қойып адресат (оқырман) көңілін бірден өз назарына қаратады да, қиянат туралы жеке позициясын келесі сөйлемдермен жеткізеді: *Не нәрсеге сұлу болса, отап тастауға, не нәрсе биік болса, құлатып тастауға, не нәрсе аппақ болса, қаралап тастауға, не нәрсе сау-саламат болса, жаралап тастауға, не нәрсе адал болса, арамдап тастауға әуес жұмыр басты пенденің өз оңбағандықтарынан ақталар «ақиқаты» әрқашан дайын. Жазушы үшін қиянат сұлу нәрсені оталау, биік нәрсені құлату, аппақты қаралау, сауды жаралау,*

адалды арамдау, оңбағандықты ақтау болып отыр. Бұл автордың ақиқат туралы өз ақиқат-шындығы. Ол тарапта автормен келісу я келіспеу ары қарай адресаттың (оқырман) таңдауына жүктеледі.

*Осы жақсы Нұрекеңнің үйінде менің қыртысым сүймейтін де біреу бар. Ол – көзі тышқанның көзіндей жылтырап тұратын қушық бет қара кісі – Садыр. (С. Шаймерденов. Повестер. 2 том.)*

Бұйрықты, лепті сөйлемдер – оқырман назарын аударуда таптырмас тәсіл.:

*Дүкеннен соң, арада бір ай өтпей жатып дәрігерлік пункт жабылды.*

*Жо-жоқ ағайындар, мені енді ұстамаңдар! – деді Мелс мұғалім бұл жолы. – Мен енді барар жерге барамын. Конституция бойынша әрбір азамат денсаулығын сақтауға қақылы. Сондай-ақ, әнеу бір жылғы Совминнің қаулысы бойынша олар медициналық көмекті барынша жақсартта түсуі тиіс. Жақсартқандары сол, бұлар бар дүниені құртып, тасып жатыр етекке. Бұл – барып тұрған бассыздық! Бұның бәрін берідегі шолақ белсенділер жасап жүр. Алып та жығып, шалып та жығып білгендердін істеп жүрген солар. Мен бәрін сезіп отырмын. Сондықтан мен әріге, үлкен жерге барам. Мені жолымнан қалдырып, енді ұстаушы болмаңдар! (Ә. Асқар «Өр Алтай, мен қайтейін биігіңді..»)*

Шығарма мазмұнымен толық таныспаған оқырман Мелс мұғалімді көзі ашық, еліне, жеріне жанашыр азамат деп таниды. Бір өкініштісі Мелс мұғалімнің мақтаншақ, бөспе, бос сөзі көп бейнесі оқиға барысында ашылады. Автор Мелс атты кейіпкерін *енді ұстамаңдар, енді ұстаушы болмаңдар* деп сөйлетеді. Адам психологиясында өз басына түскен жауапкершілікті өзгенің мойнына жүктеу оның адамгершілік қағидаларына күмән тудыртады деген пайым бар. Сөз сөйлеу барысында өзінің бостығын, шарасыздығын ақтағысы келген сөйлеуші бір сөзін саскалақтап бірнеше рет қайталай береді. Жазушы соғыстан кейінгі ауыл тұрмысын эзіл, қалжын араластыра баяндайды. Көзі ашық ер-азаматтардың бостығын сынға ала отырып, қаршадай қара көздердің мықтылығын Сәлима образына сыйдырған.

Автор позициясын танытуда прагматингвистикадағы экспликация мен импликация терминдерін қолдану заңды. Аталған терминдердің ғылыми негіздемелерін, мән-мағынасын айқындап алсақ.

Экспликация термині логикада кең тараған. Экспликация (от лат. *explicatio* – түсіндіру) – символдық логика тәсілдерімен тілді я ұғымдарды түсіндіру, айқындау. Мұндағы символдық логика дегеніміз логика ғылымының бір бөлігі. Ол символдық тіл (семиотика мен синтаксис) негізінде жүзеге асады.

Қазіргі таңда аталған термин математика, лингвистика салаларына еніп қалыптасқан. Сот лингвистикасындағы тілдегі қақтығыстар туралы еңбекте эксплицитті (лат. тілінде *explicātus* айқын, түсінікті деген мағынада) «имплициттілік түсінігіне қарсы қойылып, сыртқы материалдық тұрғыда ашық білдіру сипатына ие құрылым» деп түсіндіріледі. Мәлімет, оқиға тұрғысындағы ақпараттардың эксплицитті түрде төмендегідей синтаксистік құрылымдарын айқындайды:

1) Субъект және предикат қатынасында деректі мәліметке құрылған хабарлы сөйлемдер.

2) Субъект және предикат (бастауыш және баяндауыш) қатынасында болған іс-әрекетті тұжырымдайтын есімшелі оралымдар мен зат есімдердің өзара анықтауыштық қатынастағы тіркесі жатады.

3) Қазақ тілінде сөйлемдердің (сөйленістердің) тиянақсыз формадағы компоненттерінің мазмұнында деректі нұқсан келтіретін мәліметтер қамтылады [74, 11-12 б.].

Орыс тіл білімінде К.А. Долинин экплицитті деп ашық айтылған мәтіндерді айтады: «значение или эксплицитное содержание высказывания (текста) – это содержание, которое непосредственно выражено совокупностью языковых знаков, из которых это высказывание составлено. Эксплицитное содержание – это то, что сказано «открытым текстом» [69]. Экплицитті айтылымдар туралы И.А. Стернин: «Эксплицитные утверждения – это утверждения, которые содержат информацию, вытекающую из словарных значений, употребленных в высказывании слов, так что их содержание не требует дополнительного декодирования. Напротив, для имплицитных утверждений характерно выявление содержания на основе дополнительного осмысления значения слов и выражений, входящих в высказывание, с учетом всего подтекста и ситуации употребления этого высказывания» [82, 271 б.] – деп, экплицитті айтылымдар декодтауды қажет етпесе, ал эмплицитті айтылымдар қосымша пайымдауды, түсінуді талап ететіндігін жазады.

Эксплицитті мәтіндерді қабылдау үшін адресат миында барлық ассоциациялары іске қосылмайды, тек өзінің мүддесіне қажеттері ғана сұрыпталынады. Осыған сай Е.Д. Поливанов «мы говорим только необходимыми намеками» деген екен. Алайда басқа мәтіндерге қарағанда ғылыми стильдегі мәтіндерде экплициттілік сақталуы тиіс. Айтылмай қалған, нақты емес, толық емес ақпарат болмайды. Яғни, экплицитті мазмұн ғылыми мәтіндерде ашық көрініс табады.

Қарым-қатынас кезінде кейбір мәліметтер айқын түрде беріледі. Ал екіншілері сөз күйінде айтылмайды, айтылған сөздің жасырын компоненттері ішінде болады [83, 26 б.]. Экплициттілік және имплициттілік ойды жеткізу қарама-қарсы екі бөлек ұғым. Кей ғалымдар имплицитті немесе экплицитті тіл бірліктері емес, ой ғана болады деп пікір айтады. Мұның астарында тіл мен ойлау байланысы жатыр.

Импликация (лат. *implicatio* – өрім, от *implico* – тығыз байланыс) грамматикалық құрылымдарға сай логикалық байланысты айтады. Осындай құрылымдар арқылы екі я одан да көп айтылымдардан күрделі айтылымдар түзіледі. Импликативті айтылымдар тіл логикасында шартты айтылымдармен тең. Демек, имплекативті айтылым экплицитті сияқты ашық берілмейді. Импликация тек тұрақты құбылыстар арасында ғана емес, окказионалдарда да туындайды. Сонымен қатар мәтіндердегі лакуналарды (қолжазбаларда қалып кеткен мәтіндер) да импликацияға жатқызуға болады.

Мәтін импликациясы қосымша мағына дегенге де сәйкес келеді. Бұл тұста мәтіннің астарындағы мәнмәтіннің мазмұны мен автор айта алмаған ойын жатқызуға болады. Импликацияны мәтіндегі қосалқы мағына немесе эмоциялық мазмұн деп те қарастыру орынды. ИмPLICITтілік экPLICITтілік арқылы беріледі. Мәселен кез келген құбылыс я зат болсын екі жақты келеді. Сол сияқты мәтіндерде де, айтылымдарда да автор келтірген ақпараттың үстінгі және астыңғы астары бар. Үстінгісі экPLICITтілікпен берілсе, ал астыңғысы имPLICITтілік мағынаға сәйкеседі. Кез келген айтылым белгілі бір фактілерді жеткізеді де, оның имPLICITті ақпараты адресаттың қабылдауына сай қорытылады. Айтылымдардың ең негізгі мақсаты адресат/реципиентке әсер ету. Ол мақсат экPLICITті, имPLICITті мазмұнды толықтай түсінгенде ғана орындалады.

ИмPLICITті ақпараттарды қабылдау адресатқа экPLICITті ақпараттарды қабылауға қарағанда интеллектуалды күші көбірек жұмсалады. Яғни, имPLICITті ақпаратты айқындау күрделі ой процестерін қажет етеді. ИмPLICITті ақпарат адресат үшін психологиялық тұрғыда өте құнды. Себебі адресат имPLICITті мазмұнды айтылымдарға ақпаратты жеке тезаурусынан сұрыптап алады.

ИмPLICITтілік тілдегі аса маңызды құбылыс десе де болады. Ол ақпарат қабылдаушыны күрделі ой процесіне жүгіндіріп қана қоймайды, сонымен қатар ақпарат берушінің де ой мен сөз арасынағы байланыстыру логикасын дамытады.

ИмPLICITтілік тілдегі үнемдеу процесі. Мәтіндердегі имPLICITті ақпаратты бір ғана элемент арқылы барлық жағдаятты түсіндіруге қарқынды.

ИмPLICITті берілетін ақпарат:

1. Ешбір тілдік бірлік арқылы рәсімделмейді, бірақ ол сөйлемдегі сөздердің өзара байланысында немесе мәнмәтіндегі сөйленістер я азат жол (абзац) құрайтын сөйлемдердің өзара логика-семантикалық байланысында анықталады.
2. Жекелеген имPLICITті тілдік бірлік арқылы рәсімделуі мүмкін [84, 13 б.].

Қазіргі қазақ көркем мәтіндеріндегі цитация құбылысына монографиялық жұмыс арнаған филология ғылымдарының докторы А. Адилова көркем мәтіндегі экPLICITтілікті мәтіннің тілдік құрылымында ашық көрінетін бірліктер десе, имPLICITтілікті жасырын сөзбен ашық бедерленген ишара ақпарат деген анықтама береді [85, 260 б.].

Функционалды грамматикада экPLICITтілік пен имPLICITтілікті аспектуалдылықпен байланыстырады. Қимылдың белгілі бір уақыт аралығында жүзеге асып, созылыңқылық нәтижеге жеткен түрілері де көркем прозада көптеп кездесіп жатады. Мысалы, *Бақтыбай ілулі тұрған мылтығын алып, жан біткенге ызалана, далаға қарай ата берді.* (М. Әуезов)

Белгілі бір тілдік құралдармен ашық берілген сөйленім мазмұнынан айқын көрінетін созылыңқылық экPLICITті, керісінше арнайы білдірілмеген және сөйленімнің жалпы мазмұнынан туындайтын созылыңқылық имPLICITті деп аталады. Бұл негізгі екі созылыңқылық ұғымдары тек мазмұнды беруші құралдар ғана емес, тілдік мазмұнға да тікелей қатысты болып келеді. Себебі



эксплициттілікке созылыңқылық мағынаның толық та айқын көрінуі негіз болады [47, 210-211 бб.].

Жоғарыда келтірілген тұжырымдамаларға сүйене отырып, көркем мәтіндерде эксплицитті мағына (ақиқат) автордың баяндау, суреттеумен берген субъективті шындығымен, әлем туралы көзқарасынан танымыз.

*Жылдар дегеніміз – киімге түскен қара күйе секілді зой, адамның да жасын кеміктеп, жанын білдірмей тоздыра бастайтыны рас-ты. Ауылымыздың жиырма бес жылдан бергі почта бастығы Зекең де қартайыңқырап, бала-шағасын өсіру әуресімен қажыңқырап жүр екен. (О.Бөкей «Бес тиын»)*

Автордың өткен жылдар туралы өз ақиқат-шындығы шығармада бас кейіпкердің ой-пікірімен берілген. Жылдарды автор киімге түскен қара күйеге теңейді. Қара күйе жағып кету жала жабу, қаралау, абыройына нұсқан келтіру мағыналарын арқалайды. Фразеологиялық сөздікте күйе жағу дегенді күнәсіз айып тағу деп береді [76, 372 б.]. Жазушы дақ емес қара күйе деген тіркесті беруінің бірнеше себебі бар деп ойлаймыз. Біріншіден, өткен заманның от жағатын тұрмысын, ауыл тіршілігін сипаттау, екіншіден қазақтың ертеден келе жатқан наным-сенімінің қалдықтарының автор танымында орнығуы, үшіншіден, қазақ қоғамының санасын қаралауға, даттауға итермелеген саясат, заман кейпін баяндау. Оттың құдыретіне сенген қазақ қара күйені жаңадан туылған нәрестенің шекесіне жағып, өткір көздерден, жаман ниет, сөздерден сақтаған. Қара күйе күрделі тіркесінің семантикасы жағымды әрі жағымсыз мәндерді арқалайтын бірлік. Сол себепті де оны өмір уақыты мен кеңістігін сипаттауда автор ұтымды пайдаланады.

Имплицитті мағына автор танымы мен түсінігіндегі әрбір эксплицитті мәндегі ақпараттарынан айқындауға болады. Сонымен қатар кейіпкерлердің диалогындағы түрлі қарым-қатынастар негізінде де имплицитті мән-мағына ұшырасады.

- *Киін! Почтаны тексереміз, - деді асықтырып.*
- *Жұмыс уақыты басталуға әлі үш сағат бар.*
- *Жігітім, кергімей тез киін де, бізге ер, - деді бөтен кісі.*
- *Сен кімсің-ей?!*
- *Кім екенімді почтаға барған соң білесің...*
- *Бұл кісі – облыстық байланыс басқармасынан, - деді өз бастығы бір қызарып, бір сазарып. Тегі, Зекең үшін өзі ұялып тұрғандай.*
- *Жарайды, ендеше, почтада танысайық, - деді де, асықпай киініп, кілттерін сылдырлатып сыртқа шықты.*

*Зекеңді ұзақ әрі мұқият тексерді.*

*Сонымен не керек, түске дейін созылған тексерудің қорытындысында Зекеңнің есебіндегі мыңдаған сом жұмыстан не бары бес тиын жетпей қалды.*

- *Міне, тазалық, әділдік деп осыны айт! – Аудандағы бастығы алақанын шапалақтап қуанды. Әйел адам еді, Зекеңнің сауысқан шоқығандай шұрық-шұрық бетінен сүйіп алды. Облыстан келгендер де алғашқы*

*әзірейіл қалтын өзгерткен. Күліп: «Молодец!» - деп, арқасынан қақты. (О. Бөкей «Бес тиын»)*

Автор ішінен Зәкең атты кейіпкерге жақ. «Тегі, Зәкең үшін өзі ұялып тұрғандай» деген сөйлемі диалог ішіне еніп, бір бүтін мәтін болып тұрғанмен, жеке автордың пікірі екені аңғарылады. Сол кезеңдердегі адал адамның бейнесін сомдап тұрған Зәкең автор үшін маңызды, құнды образ. Қазақты қазаққа талатқан сол уақыттағы саясат астарын автор былай баяндайды: «- Осыдан екі ай бұрын тақтайдың жарығынан түсіп кетіп еді...Ерініп алмап едім, жатыр екен жарықтық... Біржиып күледі...

*-Бұған дауа жоқ екен, - деді облыстан келген кісі басын шайқап. – Асылы,бізді бұл тексергені дұрыс болар еді...*

*Мұрнынан өзіне ғана таныс әуенді ыңқылдап, асықпай аяндап үйіне қайтты. «Болмады, - деді есік-терезеден сығалаған ауылдастары, - араға ай салып барып, арызды қайта жазу керек».*

*Әйтпесек, қазақ боламыз ба?...*

*Кейін бір сұрағанымда, Зәкең айтты: «маған қателесуге болмайды, өйткені он бір балам бар».*

Партияшыл заманды сынға алып, халықты жік-жікке бөлуді мақсат тұтқан саясатты, сол қоғамды құраушы жалпақтағыш азаматтардың тұтас бейнесін автор бір диалогқа сыйдыра алған. Зәкеңдей адал адаммен сырлас, мұңдас, замандас екенін де жасырмайды.

*«Аудан әкімшілігінің атынан, марқұмның ұл-қыздарының атынан, майданда бірге болған достарының атынан сөйлеушілерден кейін коммунистер атынан сөйлеген Бимырза деген дөңгелек шал: «Сендердің кесірлеріңнен осындай болды. Болмаса Пиязбек досымыз әлі де жанымызда жүретін еді, - дей келіп, - ой, өңшең шуылдаған немелер, - деп «Алаш», «Азаттық», «Ауыл», «Аграрлық» партияларын бір ауыз сөзбен жусатып, енді «Отанға» тиісе бергенде, сөз беріп тұрған аудан әкімнің орынбасары бүйірінен түртіп қалғаны. Әрине, домалақ шал Бимырза да әкімнің орынбасарының неге түрткенін білмей қалған жоқ, білді. Сондықтан да аз-кем абдырап: «Ә, иә, «Ота-ан», ол енді Отан-н зой! – деп, «Отанға баса алмай қалған тісін «Асарға» басып жібермек болып: - Ойбай-ау, осы біреулерде-е...өздері «асар» деген сөздің мағынасын түсінбей жүріп...- дей бергенде, әкімнің орынбасары Бимырзаның тағы да бүйірінен түртіп қалғаны. Және оңдырмай түрткені соншалық, аты түрттім болғанымен, анық қойып қалуымен бірдей еді. Әрине, Бимырза әлгі түртудің қойып қалғандай болуының да мәнін ұқты іштей. «Е, ойбай-ау, мұның да басшысы әлгі...е-е мақұл,» - дей беріп, шал едәуір абдырап қалды. «Ақжолға» өзі де жолаған жоқ» (Т. Нұрмағанбетов «Күрес партиясы») Әлеуметтік жік адамдардың жалтақтап, жалған сөйлеп я сөйлей алмай қысылуына, жағымсуына, жалған эмоциялар танытуына ықпал етендігі белгілі. Автор өз ақиқатын кейіпкерлері арқылы жеткізіп отырады. Автордың жалған позициясы тек кейіпкерлердің арасындағы қақтығыстар арқылы танылады. Кейіпкерлердің сан түрлі образдар қоймасы - автордың жеке ақиқат-жалған позицияларының айнасы.*

Ақиқат/жалған – философияның іргелі категориялары, оны нақты сөйлемдермен я мәтіннен алынған үзінділермен айқындау қиын. Жазушы үшін ақиқат/жалған оқырман үшін ақиқат/жалған болмауы ықтимал. Ұлы Абай отыз тоғызыншы қара сөзінде: «Ғұмыр өзі – хақиқат. Қай жерде ғұмыр жоқ болса, онда кәмәлат жоқ» деп айтқан екен [86, 7 б.]. Демек өмір бар жерде ақиқат қатар жүреді. Көркем мәтін автор ақиқаты қоғам шындығынан туындайды. Оны шартты түрде кейіпкерлердің образдары мен сөйлеген сөздеріне сыйдырады. Мысал келтірсек, *Оқыған шығарсың кәдімгі «Қыз Жібектегі» ел жайлаған «Ақ Жайық, жағалай біткен бидайық...» сол елге, малға, орманға, тоғайға сусын болып, нәр беріп жатқан сол Жайық. Жайық болмаса бұл маң да құты қашқан қу дала болар еді, өмір ажырасыз, кәсіп құнарсыз болар еді. Тап осы Жайық сияқты қазақтың шөліркеген еліне нәр беретін түпсіз бұлақ – Абайдың мына кітабы; бұл қазақтың Ақ жайығы, бізге бұл көзімізді жарқ еткізерлік сусын...*

*«Ехлас Шұғыловтың нөкеріне жазыламын, ол кісі біздің елдікі» дедің. Ехлас ағаларың шығар, оған дауым жоқ, бірақ, – «Атаның баласы болма, адамның баласы бол», – дейді Абай, дұрыс-ақ емес пе?! Мұнысы адамшылығың мол болсын дегені зой. Қазақ «шіркін әділ би екен», «қара қылды қақ жарған әділ екен», – дейді. Ал әділ болғаның адамшыл болғаның зой. Сенің ана Жымпитыдағы Ехлас ағаң да, оның үкіметі де қара халықтың қамын көздемейді, сондықтан әділ емес... (Х.Есенжанов «Ақ Жайық»)*

Автор Абайды қазақтың Ақ Жайығына теңейді. Жайық бойындағы халықтың тұрмыс-тіршілігін, отарлық саясаттың белең алған тұстарын сипаттайды да, қазақ қоғамындағы шолақ белсенділердің әділетсіздігін Әбдірахман көзімен жеткізеді. Келесі бір үзіндіде:

*«Сорлы қазақ, мал жинағана ана сияқты қарағай үй салып, қарағай еденнің үстінде ұйықтасаңшы...» деп ойлады ол қарсы алдында тұрған Ақмет пен Мақымметтің «мені сүйе, мені сүйе!» – дегендей екеуі екі жаққа шалқая құлауға тұрған ескі қыстауларына ренжи қарап... (Х. Есенжанов «Ақ Жайық»)*

Бұл кейіпкер Хақімнің ішкі ойы. Жазушы көшпелі қазақтың тұрмысын синайды. Қазақтың тоз-тозы шыққан реңсіз тіршілігіне жаны ашиды.

#### **2.4 Автор прагматикасындағы эмоция мен экспрессивтілікті білдірудің прагматикалық қуаты немесе энергиясы**

Қазіргі лингвистика ғылымында мәтіннің экспрессивтілігіне әр түрлі көзқарас тұрғысынан салыстырмалы сипатталған. Экспрессивтілікке тілдің әр түрлі деңгейдегі , белгілі бір құралдарды қолдануы ғана емес, сонымен қатар әлі толығымен зерттеліп үлгермеген әр түрлі әдістерін, техникаларын, арнайы мәтіндік әдістерін пайдалана отырып қол жеткізуге болады. Экспрессивтілікті танытатын бейнелеуіш құралдар туралы А.И. Федоров, Е.Б. Вовк, эмоционалды құралдар жайында Л.Б. Бабенко, В.И. Шаховский, Н.А. Лукьянова, бағалауыш құралдар хақында Э.М. Вольф және т.б. ғалымдар жан-жақты пікірлерін айтады.

Қазақ тіл білімінде эмоционалды-экспрессивті сөздерді зерттеуде ең алғашқы еңбектер А. Байтұрсынов, Қ. Жұбанов, І. Кеңесбаев, Ғ. Мұсабаев, Ә. Қайдар, Б. Қалиев, М. Серғалиев және т.б. ғалымдардан бастау алады.

Кейіннен Х. Нұрмуханов, Ш. Нұрғожин, С.Б. Қоянбекова, А.Ғ. Сембаева, А.А. Мұсабекова, З.Х. Ибадильдина, К.С. Сарышова, Б. Жонкешов, А.О. Тымболова, Г.Қ. Иманалиева және т.б. ғалымдар еңбектерінен аңғарамыз.

«Тіл құрал» еңбегінде А. Байтұрсынұлы адамның көңіл-күйін танытатын одайғай сөздерге мынадай сипаттама береді: «Одайғай сөз қазақ тілінде көп. Барша шапшаң болған істі көрсету үшін айтылатын, барша жекіру, ақыру, тыйу, қайыру, тоқтату, басу, жұбату үшін айтылатын, барша қуаныш, реніш, кейістік, уайым, қайғы, күйінгенде, сүйінгенде, қорыққанда, шошынғанда, таңданғанда, тамсанғанда, жан я тән күйзелгенде, қиналғанда я рахаттанғанда айтылатын сөздер һәм шығатын дыбыстар – бәрі одайғай болады» [87, 117 б.]. Ғалымның одайғайларға қатысты анықтамасынан қазақтың барлық эмоциялық халін арқалайтын бір ғана одайғайдың прагматикалық мәні айқындала түскендей. Сонымен қатар аталмыш еңбекте рай түрлері адамның көңіл-күйіне, жан сезіміне қарай топтастырылғаны аңғарылады. А. Байтұрсынұв етістікте 14 рай бар деп көрсетіп, оларды былайша топтастырады: тұйық рай, билік рай, ашық рай, шартты рай, ереуіл рай, реніш рай, қалау рай, сенімді рай, сенімсіз рай, мұң рай, көніс рай, қайрау рай, азалы рай, теріс рай. Ғалым ұсынған етістік райының жіктемелері қазақ танымындағы адамның райына (күйіне) қарай алынғаны және қандай жағдайда қандай рай танытып сөз қозғайтынын да келтіріп өтеді. Демек, ғұлама қазақ танымы мен психологиясын негізге ала отырып ғылыми еңбектерін соған икемдеп жазғанын байқаймыз. Қ.Жұбанов адамдардың көңіл райын білдіретін сөздер деп эмоционалды сөздерді атап өтеді, ал І. Кеңесбаев пен Ғ. Мұсаев сөйлеушінің жақсы, жаман категориясын танытатын сөздер деп келтіреді.

Орыс тіл білімінде тілдің эмоциялық аспектісіне қатысты біршама зерттеулер жүргізілген. Л.Г. Бабенко, В.И. Шаховский [88], Е.Ю. Мягкова, Н.А. Красавский, Е.Ф. Жукова, З.Е. Фомина, С.В. Ионова, С.Ю. Перфильева, А.В. Безрукова, А.А. Зализняк, И.Э. Романовская, Ю.М. Малинович және де неміс ғалымдары С.Нимейер, Ф.Унгерер дискурс пен мәтіндегі эмоция репрезентациясы туралы зерттеулер жүргізген. Ал көркем мәтін энергиясы мәселесі Ю.М. Лотман [89], Я. Мукажевский, Л.Н. Кузьмина т.б. зерттеушілердің еңбектерінде кездеседі.

Техника, әдіс туралы ұғымды әдебиеттануға алғаш рет ХХ ғасырдың 10-20 жылдарында «Поэтикалық тілді зерттеу қоғамы» В.Б. Шкловскийдің, В.М. Жирмунскийдің, Ю.Н. Тыняновтың, Б.В. Томашевскийдің, Б.М. Энгельгар сынды теоретиктер енгізді. Олар көркем мәтінді техникалардың жиынтығы деп, ал техниканың өзі эстетикадан тыс материалды көркем шығармаға айналдырады деп есептеді. 1920-1930 жылдардағы тіл мамандары Л.В. Щерба, Г.О. Винокур, В.В. Виноградов, Б.А. Лариннің еңбектерінде техниканы осы тұрғыдан түсіну арқылы зерттеушілердің «қандай да бір әдісті жасап шығаруға қатысатын тілдік бірліктердің түрлі функцияларын» ескермегендігін көрсеткен. Ғалымдар экспрессивтілікті құрудың құралдары мен әдістерін саралаудың қиындығы туралы да мәселелер қозғаған.

XX ғасыр басында жарық көрген қазақ тіл білімі саласында ойып орын алған ғұламаларымыздың еңбектеріндегі тұжырымдамаларға сүйене отырып, тілші Ғ.Қ. Иманалиева «Эмоцияны, экспрессияны білдіруге бейімделген жай сөйлемдер» (2010), «Эмоциялық құбылыстардың рай категориясы арқылы берілуі» (2012) мақалаларында рай категориялары тек шақтық мағынаны ғана емес, адам эмоциясын, көңіл-күйін берудегі маңызын дәлелдеп, көркем шығармалардан мысалдар келтіріп өтеді. Қорқыту, үркіту, қоқан-лоқы көрсету, мазақ қылу сияқты эмоциялық реңктері сөйленістер негізінен етістіктің келер шақ формасында айтылады деп жазады [90, 10 б.]. Көркем мәтін энергиясы туралы А.О. Тымболова «Драмалық шығармалардың лингвопоэтикасына» арнаған зерттеу еңбегінде: «Мәтін және тілдің энергиясын оқырман мен автор интуициясы арқылы жақсы сезінеді.» – деген пікірі көркем мәтін тілінің терең, ядрелік қуатын танытады [68, 17 б.]. Мәтіннің басқа тұлғаларға көріне бермейтін абстрактылы күш-қуатының болатынын дәлелдейді.

Қазіргі таңда филологияда фигуралардың 200-ге жуық түрі сипатталған, олар жалпы түрде ой фигуралары мен сөз фигуралары болып бөлінеді. Ой фигуралары – бұл әр түрлі типтегі антитезалар және автордың шығарма мазмұны арқылы жасайтын түрлі манипуляциялары. Сөз фигуралары – сөздердің қайта әр түрлі мәнге ие болуы, қайталау, қарапайым троптар және т.б. Бұл фигуралардың әрқайсысы әртүрлі функцияларды орындайды. Мысалы, инверсия белгілі бір тұжырымға көңіл-күйді көтеру әсерін бере алады. Кез-келген фигура мәтінге өте үлкен әсерін тигізеді, мәтінді қалыптастырады, немесе керісінше, мәтін ырғағын бұзады, өйткені көптеген фигуралар сөйлемнің ұзақтығын, тақырыптың және сөйлемдегі реманың ауысуын және т.б. реттейді. Фигураларды қолдану көркем мәтіннің авторына мәтінді жарқын, мәнерлі, динамикалық түрде құруға мүмкіндік береді, сонымен бірге тілдік құралдарды үнемдейді.

Көркем мәтін тілінің эмоция мен экспрессиясын беруде троптардың прагматикалық қуаты зор. Троптардың келесі түрлері ажыратылады:

- а) мағынаны ауыстыру арқылы – метафоралар және т.б.;
- ә) мағынаның тарылуымен – эмфаза;
- в) мәннің әсіреленуімен – гипербола және т.б.;
- г) мағынаны ашу – перифраз.

Троптар - бұл семантиканың зерттеу нысаны, ал сөз фигуралары көбінесе семантикалық-синтаксистік құбылыс болып табылады .

Троптар сөзде де, сөйлемде және мәтінде де көрінуі мүмкін (ұлғайған метафора, салыстыру). Сондықтан троптар мен фигураларды эмоция мен экспрессия (сезім мен уыттылықты) білдірудің құралы ретінде (сөзде көрінетін болса) де, техникасы ретінде де (мәтінде көрініс тапқанда) қарастыруға болады.

Сөйлеудің белгілі бір жанрлары мен түрлерінде қолданылатын тәсілдер және әмбебап техникалар, сонымен қатар тек бір нақты автор қолданатын тәсілдер бар. Көркем мәтіндер үшін кең таралған үш әдіс:

1) мәтін бөліктерінің бір-біріне немесе бүкіл мәтінге қатынасы принциптеріне негізделген әдістер;

- 2) логикалық және семантикалық ерекшеліктерге негізделген техникалар;
- 3) коммуникативті-прагматикалық негіздерге ие техникалар.

Көркем мәтін дегеніміз ішкі ұйымдасқан бірлікті қалыптастыратын өзара байланысты және бір-біріне тәуелді элементтердің күрделі жүйесі. Осыдан құрылымдық-композициялық әдісті бірінші топтағы ең маңызды тәсілдердің бірі деп тану қажеттілігі туындайды.

Композиция – көркем мәтіннің механикалық құрылысы емес, автордың ниеттеріне, оның мақсаты мен уәжіне, сондай-ақ мәтіннің даму заңдылықтарына, мысалы, оның сюжетін дамытуға байланысты болатын көркем образды құру процесі. П.В. Палиевскийдің тұжырымдамасы бойынша композиция – шығарманы тәртіпке келтіретін күш және ұйымдастырушы. Ол ешнәрсенің тарап-тарапқа бөлініп кетпеуін, яғни өз заңына айналмауын, ортақ заңға бағынуын қамтамасыз етеді, яғни ол тұтасымен біріктіріліп, оның ойын толықтыру құралына айналдырады. Ол тұтастай алғанда барлық шығармалардағы шеберлікті, көркемдікті басқарады. Оның мақсаты бөлшектерді идеяның толық көрінісіне енетін етіп орналастыру.

Көркем мәтіннің экспрессивтілігін арттырудағы құрылым мен композицияның рөлін түсіну үшін экспрессивті әсерді, қуатты мәтіннің стилистикалық және семантикалық берік позицияларындағы (мәтіннің тақырыбы, басы, аяғы) әр түрлі манипуляциялар арқылы күшейтуге болады. *«Біз қостан шыққанда ымырт жабылып, қас қарая бастаған еді. Жайлаудың шыбын-шіркейі қоңыр салқын кеші жанға өзгеше жайлы. Күндізгі ызың-шудан беймаза болған тау сілебелері самал лебіне бетін төсеп үнсіз тұр. Ұзақ жол жүрген күн батысқа ақ жолақ орамалын қалдырып кетіпті.»* (О. Бөкей «Дос сыры») Оралхан кеш батты деген ойын ымырт жабылып, қас қарая бастады деп көркем жеткізеді де, табиғат құбылыстарына жан бітіреді. Табиғатты адамға теңеу, жансызды жандандыру, еліктеу троптарын ұтымды қолдану біршама ірі жазушы-ақындарымызда, атап айтқанда ұлы Абай поэзиясында көптеп ұшырасады.

*«Ол кезде мен бала едім, Апам жастау еді. Әке-шешеміз қиыр жайлап, шет қонып мал соңында жүретін де, айында-жылында гана болмаса, бет-жүзін үнемі көре бермейтінбіз. Соғыстан кейінгі жылдарда есін жиып, езілген еңсесі көтеріле бастаған елдің берекелі де бейбіт тірлігі жар жағасында отырған жалғыз үй – әрине, бізге де ортақ. Қос бөлмелі шатырланбаған тоқал ағаш тамның маңайы қысы-жазы жыбырлаған, айқайлаған-шулаған балалардың базарына айналатын. Біздің үйден тас лақтырым жерден ақырап ағып жатар ағыны қатты Бұқтырма – жаз шыға суға шомылған, қыста сырғанақ тепкен баланың жер-көкті шарқ ұрып шарласатаба алмас қызыққа толы мекені еді. Тоқ боп қатқан нимасын, сүңгіле су болған көйлек-дамбалын біздің үйге келіп кептіретін. Сонда апам менің гана емес, мұқым ауыл балаларының абзал анасы сықылданатын.»* (О. Бөкей «Апамның астауы»)

Баяндау типі түрліше болғандықтан табиғат құбылысының өрнектері де әр қилы беріледі. Бірінші әңгімеде уақыт кеңістігін табиғат астарымен сипаттаса, екінші әңгімеде автордың балалық-шағы өткен мекеніндегі табиғат

құбылыстарын еске алу, жылы сезімдермен, естеліктердің сол уақыттағы көңілін, атмосферасын жеткізу мақсаты аңғарылады.

Көркем шығармаларда табиғат (уақыттық-кеңістіктік) көріністері жиі суреттеледі. Ақиық ақын Мұқали Мақатаев табиғат пен адамды біртұтас етіп санаған. Өзін қоршаған әлемді ұғыну, әр заттың мәнін білу ақындықтың міндеті деп есептеген. Біздіңше бұл поэзия жанрында ғана емес прозада да бар қағида. Жазушы жан дүниесінің өткенін, қазіргі сырын табиғат құбылыстарымен жеткізеді. Автор табиғат құбылысын өткен шақта суреттейді, де басынан өткен кездерін есіне алады. Оралхан шығармашылығында кейіпкерлердің жан-дүниесі табиғат құбылыстарымен селбесіп, ұйқасып жатады. Кең байтақ жерде кеудесін кең жайып өмір сүрген қазақтың деген болмысы әр үзіндіде мен мұңдалап тұрады. Жазушы фразалық тіркестерді орнымен пайдаланып, мақал-мәтелдерді де ойната қолданады. Мәселен, *балалы үй базар* мақалын, жоғарыдағы үзіндіде *айқайлаған-шулаған балалардың базарына айналатын* деп жұмсайды.

Көркем шығармаларда кейіпкерлердің басына түскен ауыр я қуанышты халі табиғат құбылыстарымен егіз етіп суреттеледі. Мысалы: *«Шал тағы үнсіз қалды. Қарлы белдеуі жаздағыдан әлдеқайда төмендеп, ақбурыл тартқан сеңгір шыңдарға ма, шаңыта көтерген аспанға ма, әйтеуір алысқа, биікке қарап отыр. Өңінде мазақ ізі, масаттық табы бар.»* (М. Мағауин «Көк кептер») – Шал үнсіз қалғанмен жанында сан түрлі сөздер мен ойлар сайрап тұр. Автор *аспан, сеңгір шың, биіктік* ұғымдары арқылы кейіпкер ойының сонау алыс шақтарға сапар шегіп кеткенін, өткенді есіне алып, өзімен іштей тілдесіп отырғанын суреттейді.

*Аспанды бұлт басыпты. Бірақ маған күн жарқырап тұрғандай көрінді.* (М.Мағауин «Өмір жыры») – Аспанды бұлт қаптаса да, кейіпкер күнді көргендей әсерде жүр. Демек, автор мен кейіпкердің ішкі халі, күйі жанаспайды, я болмаса автор кейіпкердің ешнәрсеге қарамастан көңілді екенін жеткізгісі келген.

Көркем мәтіндерде эстетикалық сезім қуаты, әсері мәтіннің соңына да байланысты. Шығарманың аяқталуында (соңы) оқырман ойлаған, күткен болжамды растау немесе теріске шығару орын алады. Мәселен оқырман көркем шығармамен танысу барысында өзіне жақын, жағымды кейіпкерлердің оқиға соңында өз мұраттарына жетіп, бақытты болғанын тілейді. Алайда автордың шығармасын оқырманның ішкі қалауына сай аяқтамауы әбден мүмкін. Т.Әбдіктің «Оң қолын» оқыған оқырман науқас Алманың қалайда тірі қалғанын қалайды, іштей тілейді. Бірақ жазушы шығарманың соңың өз оң қолынан жазым болған Алманы сондай дәрменсіз етіп сүйреттейді.

Экспрессивтілікті арттырудың орасан зор мүмкіндіктері көркем мәтіндегі автордың лирикалық шегініс, парцелляция, инверсия, қайталауларымен ашылады. Мысалы:

*Тағы машина шақырту, тағы кезек... Тағы... Тағы...* (М.Мағауин «Шеше»)

Автор кейіпкер ойын бір сөздің бірнеше қайталануымен беруі оқиғаға, айналасында өрбіп жатқан ситуацияларға көзқарасын (жол жүруді ұнатпайтыны, болып жатқан оқиғаға ызалы сынды иллюкуциялар) танытады. Осы тұста Р. Сыздық: «Әдетте, бір сөз бір сөйлемде екі-үш рет жұмсалса немесе қатар келген бірнеше сөйлемде (микротексте) қайталанса, ол сол текстің (сөйлемдердің) сәнін кетіріп тұрар еді. Бұл жазушының сөз жұтандығы, тіл шеберлігінің кемдігі болар еді. Ал бірақ көркем шығармада, өлең өзде де, жазушы (ақын) белгілі бір стильдік жүк артып, яғни айтылмақ оқиғаның сырын тұспалдап ашу үшін ол сөзді бірнеше рет қайталап қолданады. Бұл қайталау тек бір сөйлем аясында емес, қатар тұрған бірнеше сөйлемде, микротексте орын алуы мүмкін. Ал бұл осалдық емес, шеберлік, бейжосық емес, уәжді (мотивті) сөз қолданыс болып шығады» – деп, жазушының қайталауларды қолданудағы прагматикалық мақсатын танытып отыр [91, 95 б.].

Мәтін экспрессивтілігі қарама-қайшылықтар негізінде де көрініс табады. Қарама-қайшылықтар көп қырлы: олар логикалық үйлесімсіздік және мағыналық компоненттердің үйлесімсіздігі, коммуникативті сипаттағы әр түрлі сәйкессіздіктер. Кейбір зерттеушілер оларды нормалар мен стереотиптердің бұзылуы дейді. Көркем мәтіндердің негізінде жатқан қарама-қайшылықтар жүйесі төмендегідей жүзеге асатындығын көрсетеді:

а) мәтіннің семантикасын құрастыратын кейбір негізгі қарама-қайшылықтар бар (мысалы, жақсылық пен жамандықтың қарсылығы);

б) мәтіннің жекелеген бөліктерінде әрекет ететін қарама-қайшылықтардың екінші жүйесін тудырады, мысалы, өмір мен өлімнің қайшылығы, мәтіндегі кейіпкерлердің қайшылығы, кейіпкер сөзінің оның іс-әрекетіне қарсы тұруы және т.б. Осылайша, мәтінде көптеген қарама-қайшылықтар болуы мүмкін.

Демек, көптеген мәтіндердің құрылымы мен семантикасы біздің санамыздағы қарама-қайшылықтарға бағытталған. Мәтінге енгізілген логикалық тәртіпті бұзу (қарама-қайшылық) оқырманның (адресаттың) назарына, қиялына және т.б. әсер ету арқылы осы тәртіпті қалпына келтіруге мәжбүр ету арқылы экспрессивті әсерді ұлғайтады:

*«Рас, дүниенің бәрі адамның қолымен жасалады... Бірақ, зұлымдық та адамның қолымен жасалмай ма?.. Зұлымдық жасайтын қолды тез кесіп тастамаса, болмайды... Тез... кесіп тастау керек... Тез... (Т. Әбдік «Оң қол»)*

Оң қол адамды жақсылыққа да зұлымдыққа да апарды. Кейіпкер Алманың оқиғасы соған дәлел. Қазақ танымында «ісің оңынан болсын», «оң қабақ танытты», «оң қолымсың», «киіміңді оң қолыңнан бастап ки», «тамақты оң қолыңмен же», «табалдырықты оң аяғыңмен атта» деген жағымды мағынаны үстейтін «оң» сөзі шығармада зұлымдықтың жаршысы өлімге жетелейтін ұғым болып беріліп тұр. Автор өмір мен өлім қатар жүреді деген философиялық ойын оң қол адамды жағымды да жағымсыз іс-әрекеттерге итермелейді және өмір философиясы тек оңды оң деп тану емес, кез келген құбылыс қостағанды болады деген ой қозғайды. Екі автордың шығармаларынан алған үзіндіде үш нүкте пунктуациялық белгісі қолданылған. Үш нүктенің прагматикалық қуаты мен қызметі әр мысалда айрықша. Мұхтардың шығармасында шаршаған,



жалыққан кейіпкердің халін танытса, Төлен Әбдік шығармасында кейіпкердің үрейленіп, бір нәрсеге асығып, я ойланып отырған халін жеткізу мақсатында қолданылса керек.

Тіл стандарттарын, нормаларын игеру деген тілді меңгерудің бастапқы деңгейі екені белгілі. Дегенмен тіл нормалары қаншалықты көп болса одан ауытқулар да баршылық. Мәселен, тілдегі фонетикалық, грамматикалық, семантикалық нормалардан ауытқу негізгі қателіктерге саналады. Бірақ сөйлеу тілінің нормадан ауытқуы көркем тәсіл ретінде де қолданылуы ықтимал. Мысалы: *«Әнекей бір топ бала ойнап жүр. Олар да осы командир балалары. Төрт жасар, сары шашты бала:*

*-Стой! Смилно! – деп айқай салады.*

*Ол штаб бастығы, майор Масловтың баласы. Түр келбеті шешесі Алевтина Павловнаға тартқан – бөртіп піскен нандай топ-томпақ, ойнап жүрген балалардың ішіндегі ең кішкенесі сол болса да, өзгелеріне өктемдік жасап команда беріп жүр.»* (Т. Ахтанов «Шырағың сөнбесін») Берілген мысалда кішкентай баланың бейнесін даралау үшін оның сөйлеу тілін нормадан ауытқытып, сақаулатып сөйлетеді. Осындай әдіс арқылы баяндап отырған оқиғаның шынайылығына оқырманын сендіріп, иландыруға тырысады.

*Сол күні тым кеш қайтқан едім. Пәтер иесінің есігі жақтан әлдекімнің өзінен-өзі күбірлеп сөйлегенін, есікті ме, жапсырманың тақтай қабырғасын ба, соққылағанын естідім. Шамалауым дұрысқа шықты. Шешейдің өзі. Өле мас. Құлыбын аша алмай тұр. Аз-маз күттім де, далада қалатынын аңзарған соң амалсыз бардым. «Жаным ашиды, - деді шешей манадан мені күтіп тұрғандай, кілтті қолына ұстата салып. – Ух-х...Жаным ашиды. Жетім зой ол. Жетім. Панасыз. Дегдомнан алдым зой. Дегдомнан! Жаным ашиды. Өзіме жаным ашиды. Қубасын зой. Панасызбын зой. Оқиды. Жетеді. Кетеді. Ух-х..» Өне бойым түгел мұздап кетті. Дәл осы сәтте шешейдің бар кінәсін кешіргендей едім.* (М. Мағауин «Шеше») Автор мас кейіпкердің бейнесін айтқан сөзіне қате енгізіп суреттейді. Мас адамның тілін шайнап сөйлеп кететін әдетін шығармада осындай бөлшектермен сипаттайды. Ішімдікке салынған әйелдің бұл кем тұсын автор ақтағысы келеді де, кейіпкердің ішкі ойымен былай келтіреді: *Өне бойым түгел мұздап кетті. Дәл осы сәтте шешейдің бар кінәсін кешіргендей едім.*

Көркем мәтінде нормадан ауытқу амалы адресатқа эмоционалды тұрғыдан ерекше әсер етеді. Оның себебі кез келген оқырман санасында тілдің жалпы заңдылығы мен ережесіне сай нормалары (тілдік моделі) орныққан. Ал нормадан тыс, қателіктер бірден көзге түсіп, оқу процесін ары қарай жалғастыруға қызығушылық тудырады. Бұл тұста тілдің негізгі нормаларының бұзылып, мәтін мазмұнының түсініксіз, үйлесімсіз болу мәселесін қозғап отырғанымыз жоқ.

Адресат назарын аудартып, экспрессивтілік әсер мен қуат тудыртатын тағы бір амал – болжалмаған элементтер. Аталған элементтің қолданылуы мәтіннің кез келген бөлігі оқырман (адресат) үшін экспрессивтілік әсерге ие. Болжалмаған, кенеттен енген ақпарат құрылымдық, мағыналық,

сюжеттік, стилистикалық, ритмикалық, метрикалық болуы мүмкін. Мәтіндегі ақпараттың болжалды я болжалсыздық қатынасы Р.А. Бограндтың пікірінше оқырман компетенциясының ең негізгісі саналады. Себебі көркем мәтінді қабылдау осы компетенцияға байлаулы. Мәселен кез келген дәстүрлі емес ой жүйесі мәтінде көрініс тапса, өзінің жаңашылдығымен, көркемділігімен оқырманын баурап алады.

Оқырманның (адресаттың) мәтінді қабылдап, қызыға оқуға бірден бір көркемдік амал-тәсіл – күтілген, расталған үміт. Оқырман (адресат) көркем шығармамен танысу барысында іштей санасында кейіпкерлерден я туындыдан өзіндік бір шешім, ой қалайды. Сол ойы туындыда көрініс тапқанда эстетикалық ләззәт алып, интеллектуалды эмоцияларға бой алдыртады. Интеллектуалды эмоцияны нақтылық, қарапайымдылық, мазмұн мен форманың үйлесімділігі мен бірқалыптылығы тудырады. Оқырман (адресатқа) әсер етуші мәтіндегі кереғар құбылыс – күтілмеген оқиғалар желісі.

Мәтін эксперссивтілігін күшейтуші фактор узустың бұзылуы. Узу айтылымдар мен формалардың қолданылуы. Узу нормаға қарағанда көп нұсқалы. Узустың бұзылуына мысал ретінде:

*«Сияшка, кто там?! – деп кейде қозғалмастан-ақ маңғазданатыны барды. Ондайда Сиякүл жүгіріп келе қойып, келген кісі туралы алдын ала мәлімдеп жатар еді.*

*Бұл жолы профессор сол дағдысын бұзып, ауызғы бөлмеге өзі шықты да, келген қонағын көрген соң, жайдары күйде:*

*–Е, Керім батыр, сен екенсің зой. Әй осы тарихшы боламын деген жандарда сөз деген ағыл-тегіл төгіліп жатушы еді. Сірә, сен осы көп сөйлемейтін бірінші тарихшы боларсың-ау, - деді қонағына қолын ұсынып жатып.»* (Т. Нұрмағанбетов «Маньяк»).

Узустың бұзылуы шығармадағы профессордың өзінен дәрежесі төмен аспирантының алдынан шығып қол ұсынуы. Ол шығармадағы профессорға тән қылық емес еді.

Коммуникативтік негізі бар көркем амалдар автор сөзі, баяндаушы мен кейіпкер сөзінің мөлшері есептеледі. Кейіпкерлер сөзінің молдығы (диалог) адресатқа ерекше әсер береді. Көркем мәтінді қызыға оқуға, оқиға желісін терең түсінуге кейіпкерлер сөзі автор сөзіне қарағанда рөлі басымырақ. Себебі кейіпкерлер сөзінде әдеби емес элементтер көрініс тауып, оқиғаның шынайылығын танытады. Көптеген ұрыс, жанжал, кінәлау сынды иллюкутивті функциялар ұшырасады және ол мәтін динамикасын анықтайды.

Көркем мәтіндегі автордың оқырманына мүдделесі, пікірлесі ретінде қарауы да кеңінен таралған көркем амал.

*«Бірақ сендер мені де түсініңдер. Бұл жазушылар да жоқ жерден айқай-шу шығаратын ойбайшыл біреулер зой деп ойлап жүрмеңдер. Құс...құс-с... деп бекерге тақылдап отырмағанымды дәлелдеу үшін өзіміз өмір сүріп отырған Алматыдай үлкен қаланың Алатау ауданында биылғы көктем-жазда болған мынадай жайларды баяндап берсем, бола ма, жоқ па?»* (Т. Нұрмағанбетов «Ауғандық құстар»)

Сонымен қатар көркем мәтінде ерекше көзге түсетін стилистикалық амалдарды ескермей кетуге болмайды. Т.Г. Винокур, И.Р. Гальпериндер стилистикалық амалдар мен стилистикалық құралдар табиғатын тегі мен түрі сынды ұғымымен теңестіреді [92]. Мәселен стильдік контраст пен салыстыруды құрал да, амал-тәсіл деп тануға да болады.

Қазіргі стилистердің пікірінше, стилдік маркерленген (боялған) мәтін дегеніміз эмоционалды және экспрессивті бояулы троптар кеңінен қолданылған мәтін. Яғни, стилистикалық маркерленген мәтін деп стилистикалық, прагматикалық маркерленген бірліктер мен эмотивті, образды және өзге де тіл бірліктерін ұтымды қолданған көркем мәтінді түсінеміз.

Стилистикалық маркерленген мәтін коммуникативтік міндеттер құрылымымен де байланысты. Себебі кез келген мәтінде мәнмәтін, жағдаяттың автордың мақсаты, ниеті, ұстанымымен бірге тілдік бірліктердің орынды жұмсалуды ескеріледі. Көркем мәтін эстетикалық және экспрессивті ықпал көмегімен адресаттың позициясын және мақсатын қалыптастырады.

Коммуникация индивидтің әлеуметтік тұлға болып қалыптасуының маңызды тілдік әрекеті. Тілдің материалдық және психикалық жақтары әлеуметтік өнім әрі бөлшегі екенін аңғартады. Демек көркем мәтіндегі тағы бір амал әлеуметтік рөлдер ойыны. Әлеуметтік түрлі топтар арасындағы әдеби коммуникация әрқашан қызығушылық тудырады. Және оқырманын еліктіріп, автор ойын жеткізудегі таптырмас амал.

Көркем мәтін прагматикасы көркем амалдар мен техникалар негізінде ғана емес кейіпкерлердің көңіл-күйін сипаттайтын эмотивтер арқылы да аңғарылады.

Ми қызметінің ең ерекше феномені – эмоция. Эмоция қазақша тәржімалағанда көңіл-күй я сезім деп беріледі. Ол латын тілінің «эмовера» – қобалжу, қозу деген мағынасында тараған термин сөз. Психологияда эмоцияны адамның ішкі сезімін білдіретін сыртқы ортадан алған сезімдерінің негізінде қалыптасқан көңіл-күй көріністері деп сипаттайды. Демек, адам айналасындағы ситуациялардың ықпалы мен эмоцияның өзгеріп дамуына әсер етіп отырады. Физиологтар эмоцияның пайда болуын орталық жүйке жүйесіндегі нейрондық медиаторлық тетіктерінде құралатын химиялық заттардың әсерінен деп түсіндіреді. Мысалы, жағымды сезімді норадреналин, ал жағымсыз сезімді серотонин мен холинэргиялық заттар тудырады. Эмоция адам айналасындағы әлеуметтік процестер мен маңызды оқиғалар, жеке басының жағдайларынан ғана туындамайды. Олар вертуалды жағдайда да туындауы мүмкін. Вертуалды эмоцияларды тудырушы көркемфильмер, оқылған кітап я болмаса қазіргі телефондағы түрлі ресурстардан келіп жатқан сан түрлі ақпараттар т.с.с. Бұл аталған ресурстар адам баласына түрлі эмоциялар сыйлап, санасына әсер етуге ықпалы зор болып отыр.

Физиолог Қ. Дүйсенбин [93] өз еңбегінде Ч. Дарвиннің эмоцияны үш топқа жіктегенін айтады. Ч. Дарвиннің зерттеуінде адам ағзасының белсенділігін күшейтетін эмоцияларға ашу, қуаныш, қаһар жатады. Ғалым сонымен бірге біршама зерттеушілердің атап айтқанда, У. Кеннон, Д.О. Хебб,

А.В. Вальдман, Д.Е. Василюк, М.И. Дьяченко, Л.А. Кандыбович, К.П. Беккер, М. Совак, П.В. Симонов, А. Шопенгауерлердің эмоция түрлеріне қатысты пікірлерін келтіріп, эмоция құрамы ішкі сезім, сыртқы көрініс және соңғы нәтижеден құралатынын жазады. Ондағы ішкі сезімге: көңіл-күй, уайым, қуану, сыртқы көрініске: бет әлпеттің, аяқ-қолдың қимылдары жатса, соңғы нәтижесі алдыңғы екеуінің қайсысы басым, соның көрінісі байқалады делінген. Яғни, эмоция адамның жан дүниесіндегі өзгерістермен қатар сыртқы қимыл-әрекетінен де аңғарылады. Адам өміріндегі барлық әрекеттердің дұрыс я бұрыс жүзеге асуы оның эмоциясына тәуелді. Соған орай эмоциялар да жағымды, жағымсыз деп бөлінуі заңды. Жағымды эмоцияларға: қуаныш, ғашықтық, шаттану, сергектік, сену, ұялу, таңғалу, жымию, күлу, ризалық, қолпаштау, жігер т.б. Жағымсыз эмоциялар: құмарлық, енжарлық, беймаза, долылық, жиіркену, кінәлау, сұқтанушылық, қайғыру, торығу (депрессия), сенімсіздік, күдіктену, қызғану, қанағатсыздық, табалаушылық, кекшілдік, түңілу, уайымдау, алаңғасарлық, ашу, қаһар, үрейлік, зерігу, естен тану, қорқу, сескену т.с.с.

1. - Мен қолдарыңа түскен бір жауынгерге құн төлеп, сатып алуға келдім. Менің оған айырбасқа берер мал-мүлкім жоқ. Бір-ақ нәрсе беремін. Ол – өзімнің өмірім. Досымды босатсаңдар, ол үшін өзімнің өмірімді қияр едім, – дейді. (Екі дос. Ел аузынан) – жігерлік, батырлық

2. - Мен ертең сабаққа бармаймын, үй тапсырмасын орындамадым. Мені ағайға ауырып қалды дей салшы, - деп өз өтінішін Ақылбекке айтты... (Д. Байбек «Ақылбек пен Асылбек») – енжарлық

3. – Әке, біз өз бетімізше тірлік қылып, сізден еш нәрсе үйреніп үлгермедік. Енді сіз кеткен соң қайтіп өмір сүреміз, не істесек болады? – деп сұрайды. (С. Ақаев «Әке өсиеті») – сенімсіздік, қорқыныш

4. Қаһарман жер сипалап жүріп, Әйгерімді оятады. Оның айдай жүзінен нұр сәуле шашырап, шыңырау іші қайтадан жап-жарық болады. Айдай сұлуды көрген Қаһарман оған ғашық болып қалады. Өзін құтқарған ержүрек батырға Әйгерім де бас иеді. («Қойшы қаһарман») – ғашықтық

б. -Мен неге балықтан машина сұрамадым, қазір ешкім де жаяу жүрмейді ғой, – деп ойлайды.

Асығып-аптығып, өзенге барып, алтын балықты шақырады. Өз тілегін білдіреді. Ауыз жинап үлгергенше адамның алдында алып та әдемі машина тұра қалады. Адам енді өзі өсірген гүлді алқаптарын машина жолына арнап, әбден таптап, қатқақ жерге айналдырады. Сол күннен бастап айнала өткір бензин иісінен улана бастайды, құстардың да саны азаяды. Бірақ бұған мән бермеген адам:

-Енді мен әлемдегі бай болғым келеді, маған мына қаңыраған орман, қаңыраған дала керек емес, сондықтан менің соңғы тілегім болсын, оның орнына алып зауыт тұрғызып бер, – дейді. (Н.А. Рыжова «Алтын балық») – қанағатсыздық

7. – Бүгін ата жұртыңды аралатып, саған көп жайды көрсетемін, – деді атасы.

- Өзім де соны ойлап едім, – деп, Ғалымбек қуана қутыңдап, құшып сүйгенде, атасы мәз-мейрам болды.

Жеңіл машинасын сәйгүлікше сайлап, жолға шығарған атасы немересіне әзілдеп:

-Қаладан келген қалаулы қонақсың, шөпірің боламын, оң жағыма отыр, балам, – деп, мұртын ширатып, күлімдеп тұр.(А. Табылдыев «Атаның өнегесі») – қуану, риза болу

8.- Қоңыр қозым, қартайған кездегі көзім! – деп бетіме күле қарады да, - беті-қолыңды жу, үстіңді қақ! Содан соң тамақ берем, - деді. (С. Бақбергенов «Қасиет») – еркелету

9. «Қан сорғалап тұр» дегенде Тұрардың өзі де шошып кетті. Басын сипап еді, ештеңе білінбеді. Сонда да: «Мамам көріп тұр ғой, сорғаласа, сорғалап тұрған шығар» деп күдіктенді.(С. Шаймерденов «Көршінің кесірі») – қорқыныш пен сенімсіздік

10. Тұу, мына басымды-ай!... Сәл қаттырақ жүрсем зырқ-зырқ етеді. Біреу балғамен солқылдатып ұрып тұрғандай. (З. Шүкіров «Ғажайып құмыра») – қынжылу

11. «Сұмдық-ау, балапаны бар құсты атқанды кім көрген?! Масқара ғой...» Манадан балапандардың зәре-құтын алып болған Бектасқа мұртты табан асты ашу шақыра тап берді:

- Таста! Жындандың ба? Өлтіремісің, ана ғой! – деп оның қарынан қағып жіберді. (Ш. Мұртаза «Интернат наны») – ашу, аяныш, реніш

12. – Бармаймын!

- неге!

-Сүзіп тастайды... (М. Қабанбай «Тау еркесі») – қорқыныш, сескену

13. Апатай, Сіз қандай керемет күйге түскенсіз, мұның сыры неде? – дегенде Табиғат-ана:

-Аяулы ұлдарым менің, мұның сыры сендердің адамзатқа жасаған қайырымдылықтарыңда, - деп жауап береді. Содан бері Жер, Су, Ауа, Ағаш аналарының сұлулығын сақтап қалу үшін адамдарға адал қызмет етіп келеді екен (Л.Тілеуова «Табиғат ана»). – таңқалу

-Өзім бармағанда қайтем, абақтыда отырған адам емеспін ғой соншама! (С. Шаймерденов «Қарғаш») – шамдана сөйлеу, шамдану

Көркем шығармаларда адам бойындағы эмоциялар деп күлді, деп жылады, қуанды сияқты авторлық ремаркалар немесе диалог үстіндегі сөйлесушілер арасындағы эмотивті байланыстардан ғана емес теңеу, метафора, фразеологиялық тіркестерден де аңғарылады. С. Шаймерденовтың «Қарғаш» повесіндегі денем мұздап жүре берді – қорқыныш, жүрегім тулай соқты, қалшылдай бастадым – гашықтық, қыз ажары салқын – реніш, өкпе, денем мұздап жүре берді – қорқыныш, жүрегім сазып ауырғандай – қиналу, ұры адамша өзіңнен өзің қуыстану – өз ойынан ұялу деген мысалдарынан аңғарамыз.

Жоғарыда айтқандай эмоция адамның ми қызметіндегі химиялық заттардың әсерінен сыртқы ситуацияларға ағзаның жауабы ретінде туындайды.

Коммуникация барысында адамдар эмоциясын белгілі бір сөздер, сөйлесімдер арқылы танытып отырады. Мысалы, «жүрегім оттай жанды», «жаным аурып отыр», «алақай», «бәрекелді», «мәссаған», «сағым сынды», «тауым шағылды», «үмітім өшті», «көңіліне қаяу түсірді», «жегідей жеді», «басым көкке жетті» т.б.

Эмоцияның тілдегі рөлі тілші ғалымдардың да назарынан тыс қалған жоқ. Ұзақ жылдар бойы лингвистер тілдегі эмоцияны зерттеудің маңыздылығын талқылап, ортақ пікірге келе алмаған. Эмоция туралы лингвистикада ең алғаш пікір білдірген чех ғалымы Ф. Данеш. Кейіннен өткен ғасырдың 80 жылдары шетел ғалымдары А. Вежбицкая, В. Волек, Дж. Эйтчисондар көңіл аударып бастады. Зерттеушілер адам ойы біріншіден эмоциялар образынан туындап, кейін сөзге ұласатындығын алға тартады. Эмоцияны тіл аспектісінде зерттеудің нәтижесінен эмотиология ғылымы қалыптасты. Бұл сала эмоцияны тіл мен психология тоғысында зерттеп отыр.

Эмоция – көп функционалды құбылыс. Ол бейнелеуші, сигналдық, реттеуші, эвристикалық, гедонистикалық, суггистикалық, когнитивтік, бағалаушы, теріс/оң санкциялау т.б. қызметтер атқара алады. В.И. Шаховский эмотиологияға қатысты шетелдік және отандық еңбектермен таныса келе төмендегідей мәселелерді атап өтеді:

- 1) эмотивті белгілерің типологиясы;
- 2) mind style эмотионалды типінің әлемнің тілдік бейнесін қалыптастырудағы ықпалы;
- 3) эмоциялар коммуникациясы;
- 4) түрлі әлем тілдеріндегі эмоциялық лексиканың корреляциясы;
- 5) эмоцияның ұлттық-мәдени ерекшелігіне сай берілуі;
- 6) тілдің эмотивтік критерийлері және оның белгілері;
- 7) лингвистикалық және паралингвистикалық эмоциялардың арақатынасы;
- 8) тілдік процестерге эмоциялық эмансипациялардың әсері;
- 9) мәтіннің эмотивті бояуы, эмотионалды тоналдылығы, модалдылығы;
- 10) тілдің эмотивті семантикалық кеңістігі;
- 11) тілдік тұлғаның эмотивті мағыналық кеңістігі;
- 12) лексикографияның эмотивтілігі;
- 13) жеке, өзге, өткен және қазіргі эмоциялардың берілу прагматикасы;
- 14) вербалды, авербалды семиозистегі эмоциялардың имитациясы, симуляциясы және жасырын формасы [88, 33-34 бб.].

Ғалымның көрсеткен мәселелері эмоцияның тілдің экстралингвистикалық және лингвистикалық факторларымен бірге қарастыруды талап ететінін көреміз.

Эмоция – ұлттық сипатқа ие құбылыс. Ғалымдар эмоцияның көптеген ұлт тілдеріндегі көрінісін зерттеу барысында оның жағымсыз түрін танытатын бірліктері жағымды түрінен басым екенін дәлелдеді. Бірақ соған қарамастан позитивтік көңіл-күйді насихаттау қазіргі таңда аса маңызды. Себебі жағымды эмоциялар адамның денсаулығы мен өмір сүру формасында рөлі зор. Осы

мәселелер айналасында эмоция экологиясы сияқты жаңа бағыттың туындауы ғалымдардың назарында тұр. Орыс тіл білімі өкілі О.Д. Тарасова: «Важность данной отрасли определяется витальной значимостью выраженных языком эмоции для здоровья человека, его положительного самоощущения. Появившись вследствие научной и практической деятельности человека (экология природы – экология культуры экология языка и речи), экология эмоции выполняет языкооберегающую функцию. Исследования в данной области охватывают ряд лингвистических проблем (речевая валеология, культура речи и др.), так как язык является как частью природы, так и частью культуры. Объектом лингвоэкологии становится исследование языка и его способности к самосохранению, а также процессов, приводящих к лингвициду в силу его неправильного использования человеком. Именно эмотивная лингвистика стала изучать разрушение языка. На базе многочисленных проведенных исследований удалось выявить влияние эмоции на качество речи, а также на здоровье и жизнь человека. Негативные эмоции (гнев, ярость, страх и др.) могут служить сильнейшим разрушителем не только речи, но и здоровья человека. Таким образом, экология общения напрямую связана с эмоциональным состоянием и эмоциональным интеллектом коммуникантов» – деп, эмотиологияның тілді сақтаудағы рөлін ашып атап өтеді [95, 43-44 бб.].

Көркем мәтін тілінде эмотивтердің ұлттық сипаты ерекше ашылады:

*-Қарай көр-әй, әтеңәлеттің. Ойпырмай, осы күні арзан нәрсе көрсем көзім шықсын. Немене, енді оған да он сом керек пе?* (Т. Нұрмағамбетов «Қош бол, Ата»)

*-Айналайын, бара зой. Бар-р... – Әжесінің дауысы қалтырап, көзінен жас тамшылары көрінді.* (Т. Нұрмағамбетов «Қарлығаштың ұясы»)

*-Шырағым, - деді шешей қайтадан отырып. – Мен жетім-жесір болғанмен, тістеген ауызда, ұстаған қолда кететін, жаман салпы аяқ қатын емеспін...* (М. Мағауин «Көк кептер»)

*-Қосағыңмен қоса ағар, - деді Тоқсаба шынымен мейірленіп.* (М. Мағауин «Көкбалақ»)

*Ал Зәкең болса қабағынан қар жауып, екі шекесін қос қолдап қысқан күйі: өң жоқ, түс жоқ сұлық отыр. Қуанбады* (О. Бөкей «Бес тиын»).

Келтірілген мысалдарда авторлар ұлтымыздың өзіне тән фразалық тіркестер, мәтелдер және көңіл-күй одағайлары деп жүрген ұлттық стереотип сөздерді құрайтын эмотивтермен оқырманының көңіл-күйіне әсер етеді. Сондай-ақ ортақ танымды көрсететін ұлтаралық эмотивтер де шығармаларда бар.

*- Саған не жоқ сиырдай боп?! Ақша жоқта, балалардан зорға құтылып тұрсам. Бұныкі не екен желігіп?!* (Т. Нұрмағамбетов «Қош бол, Ата»)

Қазақ танымында сөйлеуші тыңдаушысына деген ашу-ыза сынды психологиялық халін таныту, жеткізу мақсатында қолданылатын жағымсыз теңеу формаларының бірі: *сиырдай, төбеттей, шошқадай, діңгіттей* т.б. Осы сияқты эмотивтер орыс тіліндегі шығармаларда да аз емес. *Эх, вы... свиньи! Чтобы было чисто... слышите!* (М. Горький «На дне»)

— *Тише, дылды!* — *закричала на них Татьяна.* (М. Горький «Три дня») Орыс халқының таным-түсінігінде дылда, корова сиырдай, өгіздей деген мағынамен пара-пар.

Эмоцияны көркем шығармаларда адамның физиологиялық ерекшеліктерін, дене мүшелерін суреттеумен көрсетеді. Осы тұрғыда профессор Б. Шалабай ғылыми мақаласында адамның эмоцияларын көрсететін ым-ишаралар туралы: «Бет қимылы, дене қалыбы – ұлттық ерекшеліктерді сақтайтын дене тілі. Ұлт мәдениетінің қай түрінде болмасын, онда сол ұлттың бүкіл таным болмысы мен тұрмыс-тіршілік суреті сақталған»[96, 83 б.] – дейді де, ишара белгілі бір дене бөлшегі қимылдарының жиынтығы *болса, ал ым бет бұлшық еттерінің қозғалысы, адамның ішкі күйі мен эмоциялық қалпын сипаттайтын және адамның нені меңзеп тұрғанынан хабардар етуге қабілетті бейвербалды амалдардың бір түрі* деген анықтама келтіреді.

*Ақсақал жымыды. Тіпті, күлкісі келді зой деймін. Иегі шошаңдап кетті. Маңдай тістерімен қау жап, май шайнап жатқандай* (М. Мағауин «Көк кептер»). – күлу, жымыю эмоциясы иек, тіс арқылы суреттеліп тұр. *Қыздың сол жақ езуіне болмашы гана күлкі үйірілді* (М. Мағауин «Өмір жыры») – мысқыл күлкі және ішіндегі күлкісін тия күлу эмоциясы сол жақ езу қимылымен көрсетіледі. Шынында адам мысқылмен, синай күлгенде езудің сол жағы қимылға енеді. *Екі иығы селкілдеп, даусы қиқылдап-шиқылдап кетті* (М. Мағауин «Өмір жыры») – шегі қатып күлу иық қимылымен, ал *Быртық денесін селкілдетіп ұзақ күледі* (С. Шаймерденов «Қарғаш») – дененің селкілімен, *Қызыл иегінде оқшау қалған алдыңғы өкі күрек тісін айқын көрсетіп, күле жүретін де «ал, іш, же, шырағым, жат жерде қай бір жағдайларың болып жүреді дейсің» - деп бар дәмдісін алдыма тартатын* (С. Шаймерденов «Қарғаш») – күлімсіреу иек, тіс арқылы суреттелген.

*-Кім екен? – деген едің екі қасың дірілдеп. – Кім екен өшіріп тастаған? (Құдай-ау, қалай гана сезіп қойдың)* (О. Бөкей «Жылымық») – қорқу қастың дірілімен, *Оның үстіне Губернатор көшесі мен Казарма көшесінің бұрышында тұрған полицей Тұрарға қарап, тоқтатпай жұдырығын түйіп, әлдене деп ақырып қалды* (Ш. Мұртаза «Қызыл жебе») – ашу, ыза жұдырық арқылы сипат алған.

*Танауы желбіреп, көзі жапақтап* – таңғалу танау мен көз арқылы беріліп отыр. *Қабағын шытты* – жақтыртпау, ызалану қабақ қимылы арқылы, *көз тоқтата қарау* – танығанын білдіру амалын көз ұғымымен, *Жүрегім су ете түсті.* – жүрек негізінде сипаттаған. *Бетінен оты шығу, көзі шыдамау, құлағының ұшына дейін қызару* – ұялу эмоциясы бет, құлақ, көз ұғымдарымен суреттелінген.

Сонымен қатар көркем шығармаларда адамның көңіл-күйі, ішкі сезімі, толғанысы бір-біріне деген сезімі *қызыл, ақ, сұр, бозғылт, қара, қоңыр* түстермен сипатталып жатады.

*Әні тоқтаған Әйгерім күліп қана қымыз ұсынып, қабақ шытып барып, қалпына келді де, ұзақ созып:*

*-Япыра-а-а-ай! – деп күліп жіберді.*



Ұсынған қымызды алмаған күйеуінен Әйгерім қысылып, қызарып ұяң күліп отыр (М. Әуезов «Абай жолы»).

Менің білегім жау танкісіне қарай көзделген зеңбірек стволындай серейіп, созылды да қалды. Қайта әкетуді қолайсыз көрдім. Менің осы күйімді аңғарған екінші қыз шапшаң ілгерірек шықты да:

- Ағай, сәлеметсіз бе, құттықтаймын, - деп қолын берді. Мен бұл қызға сонша разы болдым. Биік қабақ, бота көз осынау ақ сары қыз маған барлық қыздардың сұлуы сияқты боп көрінді. Бағанадан қысылып, не істерімді білмей сасқалақтап тұрғанмен қыздың қолын қатты қыспай, демеп ұстап, тез босатып жібердім. Мен оның өзімді қолайсыз күйден құтқарғанына қуандым. Бар абыройды жапқан бетімнің бояу жұқпас қоңырлығы болды. Іштей қанша қысылып, қиналсам да өмірі өңімнен белгі білінген емес. Өзімнің дүрдік ерін, жалпақ бет, шойынқаралығымнан өмір бойы осыдан өзге тапқан пайдам да жоқ (Ә. Нұршайықов «Махаббат қызық мол жылдар»).

Ол жаңа гажайып өнерін өзгеше сөзбен толқыта төгіп, жұртты егілткен шақта Абайдың қабіріне қадала қарап, аппақ боп, реңі қашқан Дәрмен отыр еді (М. Әуезов «Абай жолы»).

Кіргеннен сұрланып, сұрқия кескінмен жымыып келеді-ау. Жұлысардай әлде алысардай жұлқынып, бастары қақшаңдап... төріңе аяғын шешпей аттап, ордаңдап, тойтаңдап жүретіндерін қайтерсің... Тілдері ше? Кекетсе де, тиісе сөйлесе де, дауыстарын әдейі көтерсе де... (Т. Нұрмағанбетов «Күнді жек көру»)

Жолбарыс ернін жымыра тістеп әлі отыр. Тағы да басын шайқады. Бірақ үн жоқ. Ал Арыстанның жүзі бұл кезде үрейден сұп-сұр болып кеткен еді. (Т. Нұрмағанбетов «Ауғандық құстар»)

Эмоция – адам психикасының ең күрделі феномены. Адам эмоциясы сан түрлі, және ол субъективті болып та келеді. Мәселен, бір адамдарда қорқыныш сынды эмоциясы күшті болса, екінші бір адамда ол аса байқалмайды. Эмоция адамның әлеуметтік статусына, ұлттына, жынысына, жасына, білімі мен интеллектісіне тікелей байланысты болады. Осы аталғандар тіл деңгейінде де көрініс тауып отырады. Мәселен, бастық пен қызметкер, ерлі-зайыптылар, құрбылар, әке мен бала т.с.с. сөйлесімдерде эмоцияны жеткізу формалары әр түрлі болады. Қазақ ділі мен тәрбиесінде де эмоцияны жеткізудің этикеті бар. Қазақ халқы да шығыс халықтары сынды эмоциясын ашық формада көрсетпеген. Көркем шығармаларда кейіпкерлердің қас, көз қимылдарымен ымдасып, жымдасып ұғысу айтуға келмейтін, орынсыз я дөрекі сөздердің бейберекетсіз қолданылуын тежеген. Бұл аталған мәселелер қазақтың сөз қасиеті мен құдыретін бағалауының бірден-бір белгісі.

### **Екінші бөлім бойынша қорытынды**

Прагматика адамды қоршаған орта тілдік құбылыстар мен сөйлеудің жаңа мүмкіндіктерін танытуға қабілетті екенін дәлелдеп отыр. Сөз тек қана мағыналық формалар жиынтығы болып қана қоймай, адамдардың түрлі

ақпараттар мен хабарларға көзқарасын танытатын құрал ретінде екенін, мақсатына жетуде қолданылатын бірден – бір тәсіл.

Тіл білімінде прагматиканы ойлау мен сөйлеу теорияларынан жеке дара бөліп зерттеу мүмкін емес. Сөз ойлаудың бейнесі ретінде танылса, сөйлеу тек тірі ағзалардың бірі адамға ғана берілген үстем қабілет. Ойлау, сөйлеу, сөйлеу актісі арқылы ғана адам өмірге бейімделеді, дамиды әрі мақсаттарына жетеді.

Прагматиканың ең негізгі қалыптасатын аймағы адам ойы болса, сөз оның сыртқы көрінісі, әрекеттік амалы екендігі дәлелденді. Ой мен сөз мәселесі философия, психология, филологиялық еңбектер мен пікірлер негізінде сипатталды.

Прагматикадағы ішкі ой мәселесіне көркем шығарма тілінен мысалдар сұрыпталып, ғылыми пікірлермен дәйектелді. Ішкі ой мен ішкі сөздің байлаулы процес жүйесі екені аңғарылды. Демек ішкі ой адресант пен адресат арасындағы коммуникацияның сәтті я сәтсіздігін көрсетеді.

Прагматика адресант пен адресат қатынасындағы сезімдік, уыттылықты көркем мәтіндердегі эмоция мәселесімен байланыстырып, тілдегі эмотивтерге талдау жасалды. Танымдық, психологиялық жағынан тілдегі эмотивтерге мысалдар жинақтау арқылы автор сөзінің прагматикалық экспрессивтілік қуаты сипатталды.

Қазақ психологиясында, тіл білімінде эмоцияға қатысты біршама пікірлер мен зерттеулердің болғанына қарамастан эмотиология отандық тіл білімінде дамытуды қажет ететін салалардың бірі екені аңғарылады.

### 3 КӨРКЕМ МӘТІННІҢ ПРАГМАТИКАЛЫҚ ФУНКЦИЯЛАРЫ

#### 3.1 Көркем мәтін прагматикасы

Тіл – ұлттың мәдениетін сақтаушы, танымын, болмысын жеткізуші. Ұлттың ғасырлап жинаған мәдени, әдеби тілдік қорын сақтайтын дереккөз – мәтін. «Мәтін» сөзінің этимологиясы латынның *texo* - «тоқимын», «тігемін», «өремін» етістігіне ұштасады, *textus* – «мата», («ткань») дегенді білдіреді.

Мәтін – қарым-қатынас жасаудағы тіл қызметінің маңызды бірлігі. Адресант пен адресат арасындағы коммуникация жекелеген сөз я тіркестер арқылы емес мәтіндермен жүзеге асып жатады. Мәтін айтушының өз мақсатына сай таңдалған тілдік формалары болып табылады.

Мәтінтану ғылымында даулы мәселелер көп. Әсіресе, мәтінді тіл я сөйлеу жүйесінің қайсысына жататындығын айқындау ғалымдар арасында екі ойлы пікір қалыптастырды. Мәтіннің коммуникация актісімен шендесуі, оның сөйлеу тудырушы сипаты, функционалды қызметі мәтінді сөйлеу құбылысы ретінде айқындап берді. И.Р. Гальперин, О.И. Москальская, Е.И. Шендельс, Г.В. Колшанский және басқа ғалымдардың пікірінше мәтін – тілдің модельдендірілген бірлігі, қарым-қатынаста коммуникативтік аяқталған ойға ие қоғамда қызмет ететін микрожүйе болып танылады.

Мәтіндердегі тілдік бірліктердің ұйымдасуы мен айтушының (жазушының) коммуникативтік ниетіне қарай Г.А. Золотова [97] мәтін (сөйлеу) типтерін немесе сөйлеу регистрлерін былай топтастырады: репродуктивті (бейнелеу), информативтік, генеративтік (ақпаратты жинақтау) – монологқа, волюнтивтік және реактивтік – диалогқа тән. О.А. Лаптева мәтінге «вербальды қатынастың кешенді бірлігі» деген анықтама бере отырып, мәтінмен қоса «сөйлеу шығармасы» ұғымын ұсынады. Сонымен қатар кез-келген шығарма мәтін бола алады, алайда кез-келген мәтін шығарма бола алмайды» [98], – десе, зерттеушілердің көпшілігі мәтін – тақырыптың басталуы, дамуы және аяқталуы бар сөйлеу шығармасы деп есептегендіктен, бұл тұжырым даулы.

Бір зерттеушілер (И. Р. Гальперин, Л. М. Лосева) мәтінді сөйлеудің тек жазбаша формасында таныса, басқалары (И. В. Арнольд, О. А. Лаптева) ауызша сөйлеу шығармалары негізінде монологтық шығармаларды да мәтін деп есептейді. Өзге ғалымдар мәтінді кез-келген сөйлеу ниетін, соның ішінде жай сөйлесу ретінде түсініп, диалогта мәтіннің болатынын айтады. Осындай тұжырымдар негізінде мәтінді мағыналық және құрылымдық жағынан аяқталған, прагматикалық мақсатты арқалайтын ауызша немесе жазбаша формадағы хабар деп тану заңды.

Қазақ тіл білімінде «мәтін» ұғымын қалыптастыруда, түсіндіруде, талдауда қазақ тілші ғалымдары да айтарлықтай еңбек етіп келеді. Ғылыми сапасы жоғары зерттеулерді жарыққа шығарған Р. Сыздық, Б. Шалабай, Г. Смағұлова, С. Мұстафина, З. Ерназарова, Г. Әзімжанова, Г. Есмағұлов, Д. Әлкебаева, Г. Әбікенова, А. Әділова, М. Маретбаева, Ж. Қайшығұлова, Г. Кәріпжанова және т.б. еңбектерін атау орынды.

Мәтін – тіл білімінің барлық бағыттарында жан-жақты талдауға алынатын күрделі де маңызды зерттеу объектісі. Оны негізгі объектісі етіп қарастыратын сала мәтін лингвистикасы екені белгілі. Мәтін лингвистикасы аясында жазылған еңбектерде С.Ж. Мусаев мәтінді «қимыл-әрекеттегі» тіл деп береді. Ф.Ш. Оразбаева мәтін «ойлау, хабарлау, баяндау, қабылдау, пайымдау құбылыстарымен байланысты, адамдар арасындағы тілдік қатынастың іске асуына негіз болатын қатысымдық жүйелі тұлға» деген пікірі мәтіннің күрделі тұтастығын аңғартады [99, 9 б.]. «Абай сөзінің лингвопоэтикасын» зерделеген профессор А. Салқынбай: «Мәтін – мән мен грамматикалық, семантикалық байланыстардың бірлігінен құралған лебздік бірлік. Бірлік болғанда да кешенді, әрі күрделі, өзіндік терең құрылымдық сипаты бар, мол ақпараттық жүк арқалайтын мәні бар лебздік бірлік» – деп, мәтін табиғатының күрделі, сырлы ішкі әлемін зерттеуге ғылыми құлшыныстардың артып жатқандығын алға тартады [100, 19 б.].

Мәтін – көпәспектiлi, әр түрлi бағытта зерттелетiн күрделi лингвистикалық құбылыс, ең жоғары коммуникативтiк бiрлiк. Мәтiн типологиясы көлемi, стилi, тасымалдау тәсiлi мен берiлу және сөйлеу тәсiлiне қарай төмендегiдей жiктеледi.

Стиль түрлеріне қарай:	ғылыми, көсемсөз, іскери, көркем мәтін
Ақпаратты тасымалдау түрі бойынша:	ауызша, жазбаша, электронды т.б.
Көлеміне қарай:	макромәтін, микромәтін, күрделі синтаксистік тұтастық т.б.
Қарым-қатынас тақырыбы мен сөйлеу тәсіліне қарай:	гуманитарлық, тарихи, танымдық, аргументтік т.б.
Берілу тәсіліне қарай:	диалог, монолог, полилог

#### 1-кесте – Мәтін типологиясы

Мәтін лингвистикасы – адам коммуникация талаптары мен мәнін ұйымдастыру туралы ғылым. Мәтінді қарқынды зерттеу тіл лингвистикасынан тілдесім лингвистикасына көшуді көздеп, коммуникация актісіне деген назардың күшеюіне ықпал етеді. Мәтін деген көпжоспарлы жүйені сипаттау, түбегейлі жаңа әдістер мен түсінік жүйелерінің келуін болжап, тіл білімінің бұрын ашқан жаңалықтарын пайдалануды меңзейді [101, 5 б.].

Мәтін ұғымына нақты анықтама беру оңай еместігін алға тартқан ғалым Ю.М. Лотман төмендегідей сипаттамалар келтіреді:

- 1) мәнерлілік (Выраженность. Текст зафиксирован в определенных знаках и в этом смысле противостоит внетекстовым структурам);
- 2) шектілік (Отграниченность. Тексту присуща отграниченность);
- 3) құрылымдық (Структурность. Текст не представляет собой простую последовательность знаков в промежутке между двумя внешними

границами) [89, 69 б.]. Сонымен қатар ғалым мәтіннің шығармашылық, мағына түзушілік және есте сақтау сияқты үш қызметін сипаттайды.

Ұлттың түп рухани әлемін танытатын мәтін түрі – көркем мәтін. Көркем мәтін табиғаты өзге мәтін түрлеріне қарағанда айрықша. Осы тұста В.фон Гумбольдттың «тіл ұлттық рухтың көзі» деген тұжырымы дұрыс. О.И. Таюпова «Аспекты изучения художественного текста» еңбегінде көркем мәтін негізінде ұлттық мәдениетіңіздің ерекшелігін білмеуден жалпы коммуникация процесінің бұзылуына әкеліп соғады деген пікір келтіреді [102, 496 б.]. Қазіргі таңда көркем шығармалардың аз оқылуы, жастар тілінің шұбарлануы мен ауызекі сөйлеу барысында жіберілетін түрлі қателіктерден ғалым сөзінің жаны бар екенін аңғартады.

Сөз – адам жаратылысын өзге тіршілік иелерінен ерекшелейтін айырма белгісі. Сөзде жан да, күш те, қуат та бар. Оған жан бітіруші салалардың бірі әдебиет, тіл салалары. Қарапайым тіршілікті сан түрлі бояумен бояп, болған оқиғаларды көркем тілмен сипаттай отырып автордың оқырманға жеткізу формасы – көркем мәтін. Көркем мәтінде сөз жанданып, өнер деңгейіне дейін көтеріледі. Сөз құдыретін түсінген тіл білімі ғалымдары, әсіресе, ХХ ғасырда көркем мәтіндерді талдауға ерекше мән бере бастады. Орыс тіл білімінде Л.В. Щерба, В.В. Виноградов, Н.М. Шанский, Д.Н. Шмелевтар сынды зерттеуші-ғалымдар көркем мәтінді талдауда филологиялық зерттеулердің негізін салды.

Қазақ тіл білімінде көркем мәтіннің прагматикасы туралы ойлар мен тұжырымдар кеш қалыптасқанымен, мәтін табиғаты, сөз қасиеті мен құдыреті туралы құнды еңбектер ерте кезеңдерден өз ғылыми мәнін жоғалтқан емес. Қазақ тілі мен әдебиеті теориясында басшылыққа алынатын ең алғашқы еңбектер А. Байтұрсынұлы, Қ. Жұбанов есімдерімен байланысты. А. Байтұрсынұлы: «Айтушы ойын өзі үшін айтпайды. Өзге үшін айтады. Сондықтан ол ойын өзгелер қиналмай түсінетін қылып айту керек. Ол үшін айтушы сөйлейтін тілін жақсы қолдана білу тиіс. Яғни әр сөздің мағынасын жақсы біліп, дұрыс сөйлемді тізе білу тиіс» [103, 178 б.] – дейді. Осындай салмақты пікірлер айналасында әдеби тіл, көркем проза мен поэзиясының нормалары мен табиғаты туралы қазақ тіл білімінде көптеген еңбектер жазылды. Бұл ретте Р. Сыздықтың «Қазақ әдеби тілінің тарихы» (1993), Х. Кәрімовтің «Қанатты тіл» (1995), Б. Шалабаевтың «Көркем проза тілі» (1994), М. Серғалиевтің «Көркем әдебиет тілі» (1995) атты монографияларын атап өту маңызды.

Қазақ тіл білімінде профессор Б. Шалабай прагматика терминін еңбектерінде пайдалана отырып: «Мәтіннің прагматикасы оның мағыналық-ақпараттық мазмұны, авторлық интенция, мәтін құрудың мотиві, мақсат-мүддесімен байланысты болуымен қатар, алдымен қабылдаушыға әсер етуі, оның жауап-қайтарымын туғызу, автордың тілдік тұлға ретіндегі интеллектуалдық мүмкіншілігі, қарым-қатынас аумағы сияқты мәселелермен байланысты» [104, 125 б.] деген пікір келтіреді. Ал филол.ғ.кандидаты

Г.Т. Әбікенова мәтінді коммуникативтік бірлік болғандықтан оның функционалды, прагматикалық аспектілері болуы мүмкін деген ой білдіреді. Тілші ғалым функционалды талдау барысында автордың мәтін мазмұнын құруға арналған түрлі құралдар мен жанрлық мақсатын таңдауы ескеріледі деп, функционалдық талдауға мынадай мәселелерді жатқызады:

- 1) тілдік сипаттар шеңберінен шығып, түсінік категорияларын талдауға өткені байқалады;
- 2) мән мен мағына түсініктерінің жіктелуі мен объективтенуі басталады (мағына – барлық адамдарға бірдей, тұрақты жүйе, ал мән – сөз мағынасын дара субъективті түсіну болып табылады);
- 3) мәтіндердің құрылымын өзгертіп авторлығын анықтауға мүмкіндік туады;
- 4) түрлі тілдер мен дәуірлер мәтіндері байланыста болуы мүмкін;
- 5) мәтін ішіндегі мәтіннің мәнін ашу [101, 5 б.].

Сонымен қоса ғалым Н.С. Валгинаның ойларын қорытындылай келе прагматикалық талдауды функционалдылықтан туындайды әрі оны жалғастырып дамытады деген тұжырымын ұсынады.

Көркем мәтін осы уақытқа дейін әдебиет теориясында жалпылама түрде мағыналық жағына, формасына қарай талдаса, филологияда тілдік бірліктеріне қарай сараланып келді. Қазіргі жаңа бағыт бойынша кез келген зерттеу объектілері жан-жақты, кешенді түрде қарастырылып жүр.

Көркем мәтінді терең әрі нақты талдау үшін зерттеушіге жан-жақты дайындық, тіл, әдебиетпен ұштас ғылымдар аясында жоғары дәрежедегі білімді талап етеді. Көркем мәтін белгілі бір жиегі жоқ сөздің жоғары эстетикалық категориясы болғандықтан, әр зерттеуші сан түрлі көзқараспен талдап шығуы заңды. Көркем мәтінді жазушылар да дәл солай. Автор оқырманына ақпарды жеткізу барысында тіліміздің әдеби қорынан өзіне қажеттілерін ойша сұрыптап алады. Ғафу Қайырбековтың «Еске алу» туындысында:

Әке деп жүргенімнің аға екенін

Мен сәби есейгесін білдім кейін.

Қаз тұрып жаңа ғана бассам керек

Кеткенде әкем тастап жер мекенін: – деп, майданнан оралмаған әкесін еске алады. Ағалық, жолдастық ақылын үйреткен қымбат адамын сағына ой қозғайды. Ғафу Қайырбеков әкесін «ағам», «қадірлі жолдасым» дейді, жер мекенінен мәңгілік мекенге тастап кетіп қалдың деген философиялық толғаныс, сағыныш байқалады (*Кеткенде әкем тастап жер мекенін*). Ақын әкесі қайтқанда ғана есейгенін оқырманына ашық жеткізеді. *Қаз тұрдым, сәби есейді* деп, балалық шақпен қоштасқанын, өмірге жаңадан бейімделіп жатқандай күйін жырға қосады.

Көркем мәтін – жеке бір авторы бар көркем сөзбен жазылған біртұтас мәтіндер жинағы. Көркем мәтін – коммуникативті бірліктердің ең жоғарысы. Көркем мәтіннің қарапайым мәтіндерден ерекшелігі семантикалық жағы ғана емес, эстетикалық мәні жоғары, көркем ақпараттарды сыйдыра білуінде болып

отыр. Көркем ақпараттарды тасымалдаушы я жеткізуші құралдар көркем мәтіннің кез келген тұсынан аңғарылып тұрады [105]. Мысалы, ұлы Абай:

Ғашықтық келсе, жеңер бойыңды алып.

Жүдетер безгек ауру сықылданып.

Тұла бой тоңар, суыр үміт үзсе,

Дәмеленсе, өртенер күйіп-жанып, – деп ақын ғашықтықты дертке балайды. Мұндағы, «безгек» адамды қалтыратып, аласұрғызатын инфекциялық қан ауруы. Ақын ғашықтық адам санасына бағынбай кетсе дертке айналатынын білген. Ақын адресат (оқырман) сезіміне әсер ету үшін безгек сөзін қолданып тұр. Қазақ тіліндегі «безілдеу, безу» жылдамдық мағынасын сипаттайтын сөз формасы болса, «безгек, сергек, желпілдек, серпілдек» сөздеріндегі –гек/-дек қосымшалары өзі жалғанған түбір сөзге өзгеше реңк келтіріп, атау сөз жасап отыр. Абайдың «жүдетер безгек ауру сықылданып» деген теңеуі кездейсоқ өлең рифміне сай құрылмаған, қаламгердің өзіне тән тілдік, танымдық қолданысы. Ақын «жүдетер, жеңер» сөздерін келер шақ формасында жұмсап, «дәмеленсе, үміт үзсе» деген шартты мәнді етістіктерді қолдану арқылы оқырманына ескерту жасайды. Ертеңі жоқ уақытша сезімді қайтесіндерге келтіріп отыр. Әр кез оқырманына таңдау жасауға мүмкіндік беріп, махаббатты ауру ету де, ем ету де адамның өз қолында деп түсіндіреді.

Сөз мағынасының құбылуы, түрлене өзгеруі көркем мәтінге ғана тән. Көркем мәтінде сөз өзінің барлық бояуымен, сыр-сипатымен, құдырет-қасиетімен көрінеді. Метафора, метонимия, синекдоха, теңеу, эпитет сияқты тағы да басқа көркемдегіш тәсілдер – айтайын деген ойды анық беру, баяндап, отырған әлеуметтік шындықтың шынайы көрінісін ашық көрсетуде қолданылатын сөйлеушінің негізгі қаруы. Мысалы, «*Қар жауды, боран соқты, жапырақтар сарғайды*» деп айтылған тіркестер оқырманға я тыңдаушыға аса әсері жоқ. Ал көркем мәтін тілінде осы сөздер әдеттегі қызметінен басқа күйге көшеді. «*Бұрқыраған қарлы боран қаптап келеді. Желдің тығыны қайтадан ағылып кеткендей қалыңдап жауған жапалақ қарды түтіп ала жөнелді. Лезде ақ боран Қоспанды қойымен бірге қоршап алды*» (Т. Ахтанов «Боран»). Жазушы боран мен желді табиғат құбылысы емес, оған жан бітіріп, орасан күшке иесіндей сипаттайды. Оқырман (адресат) көз алдына «борандай» алып күшпен арпалысқан қойшыны елестеді. Оқырманның көз алдында белгілі бір елес формалары қалыптасуы үшін автор сөйлемдерінде қолданған күрделі етістіктерінің прагматикалық потенциалы жоғары. Осындай қолданыстардың әсері оқырманға я тыңдаушыға айрықша болады. Шығарманың я баяндаушының тіліне шырай беріп тұрады.

Көркем мәтін тілдің эстетикалық, прагматикалық қызметтерін арқалай отырып, өзіне тән төмендегідей қосалқы қызметтерін айқындайды:

- 1) ақпараттарды жеткізу;
- 2) жаңа ақпараттарды өндіру;
- 3) ақпаратты сақтау [106].

Оқырман көркем мәтінді түсінгенде ғана жоғарыдағы үш қызмет толыққанды жүзеге асады.

Көркем мәтін жанрлық (әңгіме, роман, повесть және өлең т.б.) жағынан жіктеліп қана қоймайды, поэтикалық, прозалық мәтіндер деп те топтастыруға келеді. Сонымен қатар прозалық мәтіндерді классикалық, орнаменттік мәтіндерге ажыратуға болады. Ал проза лирикалық, мифологиялық және авантюралық, элеуметтік-психологиялық түрінде де кездеседі.

Көркем мәтін – көркем сөзбен жазылған жеке бір автордың туындысы. Көркем мәтінде ақпарат сақталады, беріледі және жаңа ақпараттар алынады. Оқырман көркем мәтінмен танысу барысында автор ойын, мақсаты мен ақпараттар қорының мағынасын түсіну үшін шығармашылық байланысқа түседі.

Көркем мәтін – ассоциативті бейнелі ой жемісі. Автор көркем мәтінді жеке өзінің танымымен қалыптастырады. Көзімен көрген әлемін тілдік бейнесімен баяндайды, әңгімелейді я хабарлайды. Сол себепті де кез келген көркем шығарманың астарында екінші интерпретацияланған шындық тұрады. Көркем мәтін басқа мәтін түрлеріне қарағанда оқырманының эмоционалды, интеллектуалды, психологиялық болмысына ерекше әсер етеді.

Көркем мәтін коммуникативті-эстетикалық қызметке ие. Ол тілдің бейнелі ассоциативтік қасиеттеріне негізделіп туындайды. Сонымен қатар көркем мәтін көп қырлы болып келеді. Автор ішкі толғанысын, ойын, күйін таныту үшін түрлі амалдарды қолданады. Мәселен, автор табиғатты суреттеу арқылы кейіпкердің ішкі күйін, халін танытады. Яғни, көркем мәтінде ішкі бейнелі план сыртқы заттық план арқылы оқырманына жеткізіліп жатады (- *Ата-ау, жүрмейді, - деді Көктембай ызаланған дауыспен. Шал қолындағы кәстюмі мен шалғысын жерге тастады. Есегінің тарта алмай тұрғанын сезіп тұр. Өзі әбден терге малшынып құлағы салбырап кетіпті. Шал алақанымен ақырын ғана жалынан, құлағының астынан сипады. «Шаршаның ба, жануарым, шаршаның ба? Қартайдың ғой. Солай... Қартайғаның да...»*) (Т. Нұрмағанбетов «Қош бол, Ата!»). Үзіндіде кейіпкер шалдың өмірі жанына серік болған жануары (есегі) арқылы беріліп отырады. Жануарының халі шал жанының айнасы іспеттес әсер қалдырады. Шал жануарына емес өзіне тіл қатып тұрғандай бірде ренжи, бірде аяушылық таныта сөз қозғайды.

Көркем мәтінде өзге мәтін түрлерінен айырмасы ассоциативтік байланыстардың көптігінде. Ассоциация арқылы автордың ой ұшқырлығы танылып, белгілі бір сөздің айналасында түрлі мағыналардың қалыптасуына жол ашады. Мысалы, «*тас*» ұғымы бір авторда берік, мықтылықты сипаттаса, екінші бір авторда «*тастай адам екенсің*», «*тас жүрек*» деген тіркестермен адамның қаттылығын, сараң, адамгершіліктен алыс екендігін танытып тұр. Дәл осы сынды мысалдар көркем мәтіндерде тұнып тұр.

Көркем мәтінді басқа мәтін түрлерінен ерекшелеп тұратыны экспрессивті-эмоционалды тілдік амалдар мен бірліктердің молдығы. Осыған орай көркем мәтіндегі ойды жеткізу формасы көбіне эмоционалды-риторикалық болып келеді. Мысалы, *Екіншісі – Мерекбайдың баласы Жасақ. Онда кіп кішкентай құлағынан күн көрінетін сары бала еді. - Жасақ кішкентайында сары бала еді.*



*Түн сүттей жарық еді. Сондықтан да бәрі анық көрінді – кімнің қалай жылағаны, не істегені... - Түн ерекше жарық еді.*

*Әншейінде қолға түскен қоянның көжегіндегі көзі баттыып тып-тыныш отыратын бала құтырды да кетті. – Әншейінде тыныш отыратын бала осы жолы құтырды.*

Берілген мысалдардағы теңеу, эпитет сынды көркем оралымдарды алып тастасақ, оқырманға аса әсер ете қоймаған болар еді. Көркем мәтін бейнелі де, образды тілдік ерекшелігімен оқырман мен автор (адресат пен адресант) арасындағы байланысты күшейтеді. Оқырманның (адресаттың) эстетикалық ләззатын оятады.

Көркем мәтінде композициялық блоктар өте айқын бөлінген: тақырыптар, мәтінді мүшелеудің графикалық тәсілдері. Көркем мәтіннің тақырыбы – мазмұнына ақпарат енген, шығарманың бүкіл құрылысын анықтайтын проспективалы бірлік. Көркем мәтіннің композициялық шегі – басталуы (экспозиция) мен соңында стандартсыздық басым, алайда мұнда белгілі бір стереотиптер (жанрлық және жалпыстильдік) жинақталған. Жалпы композициялық блоктардың сипаты мен ара қатынасы эстетикалық міндет пен автордың психологиялық мақсатына бағындырылған. Ойталқы формасында кейіпкердің немесе автордың ішкі дүние толғаныстарын, ой арпалысын, болмысқа көзқарасы т.с.с. ойлау үдерісіне негізделген көріністер орын алады. Бұл күрделі фразалық тұтастыққа көбінесе риторикалық сөйлемдер, инверсия, синтаксистік параллель түзілімдер, сөйлемнің үзілмелілігі сияқты тілдік құрылымдар жатады.

Көркем мәтінде барлық функционалды стильдердің тілдік бірліктері кездесіп отыратындығы белгілі. Бірақ бұл стильдер топтасып өздеріне тән қызметін емес, эстетикалық ақпарат жеткізу қызметінде жұмсалып кетеді. Мысалы: *«Жарбиманың сөзі Ақтәтеме жаман әсер етті. Біреу кеудесінен нұқып қалғандай болды. Жүзі сынып, сырт айналды. Ақтәтені мұндай аямаспын. Орнымнан атып тұрып шолжсайып жатқан Жарбиманы тепкілегім келді, Жарбима емес жалтима жасағым келді. Түсім бұзылып кетті білем.*

*- Қарағым-ай, іргедегі торсықты аударып қойшы, - деді Ақтәте.»* (Д. Досжан «Қымыз»).

Келтірілген шығарма үзіндісінде автор ауызекі сөйлеу стилінде тән жалпақ сөздермен кейіпкердің екінші кейіпкерге деген қарым-қатынасын (ашу-ызасын) көрсетуде тиімді пайдаланған. Көркем шығармада ауызекі сөйлеу стилі я басқа стильдер болсын көркем-әдеби стильге қызмет ететіні айқындалады.

Көркем мәтіннің өзге мәтіннен тағы бір айырмашылығы оның эстетикалық күш қуаты мен эмоциялық бояуы арқылы оқырманның сезіміне әсер етіп, ой тізбектеріне ерік беруінде болып отыр. Автордың жазбаша сөзі (көркем мәтін) арқылы оқырманның ішкі сөзі де еркін дамиды.

Қазіргі кезде мәтін семантика, прагматика, синтактика, функциялық төрт бағытта зерттелінеді. Біздің жұмысымыздағы прагматикалық, соның ішінде функционалды прагматикалық бағытта көркем мәтінді талдау, зерделеу аса өзекті әрі күрделі.

Лингвистикалық прагматикаға (мәтін авторы туралы) субъектіге байланысты мәселелер кіреді. Ол автор мен оқырман арасындағы байланысты ашып, оқырман типіне бағышталып, мәтіндегі қажетті ақпарат мөлшерін тұрақтандырады. Прагматикалық талдау дискурс теориясының негізінде жатыр. Мәтінде абстрактілі, формалды құрылым деп түсінсек, дискурс – оның біршама өзектіленуі. Бірақ нақты, өзекті сөздік формаларға «формалды құрылымдарға» келер болсақ, онда да мәтін термині кеңінен қолданылады. Дымарскийдің анықтамасы бойынша дискурс ағымдағы сөйлеу әрекеті, бұл экстралингвистикалық факторлармен (психологиялық, мәдени әлеуметтік т.б.) бірлескен, байланысқан мәтін. Мәтін оқиғалар аспектісінде, әлеуметтік бағыты бар «әрекет» ретінде алынған, яғни, қарым-қатынас жағдайына түскен мәтін. Дискурсті – сөйлеу әрекетінің үдерісі деуге болады, ал мәтін – оның бекітілген нәтижесі [101, 5 б.]. Мәтінтану бағытында еңбек етіп жүрген ғалым С. Жусанбаева: «Дискурс ұғымы адресат пен адресант мәтінге қарағанда кеңірек ұғым. Дискурс – тілдік іс-әрекеттің процесі және оның нәтижесі, ал нәтиже дегенімізді мәтін деп айтуға болады»[107] – деп тұжырымдайды. Ғалымның айтылған пікірі біздің ұстанған қағидамызды бекіте түсетінін айта кету керек.

Мәтін прагматикасы мәтіннің табиғатын, болмысын толық саралауда тілдің мәтіндегі «мінезін», «іс-әрекетін», автордың коммуникативтік ниеті мен пиғылын, белгілі бір мақсатқа құрылған ойлау стилін қарастырады. Мәтінде тілдік және тілдік емес объектілер қатысқандықтан қызметі мен прагматикалық мақсаты сан түрлі. Зерттеуші ғалымдар көркем мәтіндерді талдағанда прагматиканы екі түрге: жасырын және функционалды (ашық) деп бөледі. Ол дегеніміз адресат пен адресант арасында ақпаратты жеткізудегі мақсаттың айқындылығын көрсету я көрсетпейтін мәтін түрлерінің негізінде туындап отыр. Ал көркем мәтінде автор өз ойын тура және астарлы мағынасында жеткізіп отырады.

Көркем мәтіндегі тілдің функционалды прагматикалық аспектілерін мынадай көрсеткіштермен айқындауға болады:

- автордың интенциясы (манипуляция, шығармадағы ситуативті жағдайларда функционалды стильдердің көрінісі, автордың ниеті, қалауы, образдардың инстинкті әрекеттерінің тілдік көрінісі);
- мәтіннің прагматикалық потенциалы (мәтін мазмұны, жазушы я автордың ойын жеткізудегі тілдік амалдардың мағыналық байланысы);
- жазушы я баяндаушының көркемдік амал-тәсілдерді қолдануы;
- мәтіндегі антропоцентризм яғни автор образы; оқырман немесе тыңдаушының аялық білімі (шығарма я мәтіндегі тарихи-мәдени әлеуметтік жағдайлар мен оқиғаларды түсінудегі білімі, танымы, жасы, жынысы, ұлты, әлеуметтік статусындағы ерекшеліктері арқылы ашылады) т.б.

Қазіргі таңда көркем мәтінді зерттеуде антропоөзектілік парадигма ерекше ықпал етіп жатыр. Антропоөзектілік тұрғыдан тілді қарастыру тіл білімі саласындағы зерттеулердің аясын кеңейтіп, психолінгвистика, когнитивті

лингвистика және әлеуметтік лингвистика, этнолингвистика және прагмалингвистика сынды бағыттарға жол ашылды. Антропоэектілік тұрғыда мәтіндерді зерттеу оқырманның тілдік ерекшелігіне, қабылдау қабілетіне қарай мәтінді құруға көңіл бөлінеді. Ақпараттық технологиялардың дамуы, ақпараттық толқындардың молдығы қазіргі оқырмандардың мәтінге қойылатын өзіндік шарттары мен талаптарын қалыптастыруда. Ғаламтор желілеріндегі қысқа көлемді ақпараттарға сұраныстардың артуы, сөздің орнына эмоцияны көрсететін белгілердің (символдар) жиі қолданылуы, том-том романдардың қазіргі әдебиетте шағын әңгімелермен ығысуы, көркем мәтіннің формалық, мағыналық өзгеріске ұшырауына әкеліп соғады.

### 3.2 Гибридті мәтіндердің прагматикасы

Гибрид терминнің қазақ тіліндегі ең қарапайым мағынасы *қоспа, будандасу* деген түсінікті береді. Гибрид терминін биология, биотехнология салаларында жиі қолданады. Гибридтеу процесі арқылы ғалымдар көптеген жаңалықтарды дүниеге әкелгені белгілі. Сондай-ақ гибридтілік тенденциясы тіл білімі саласында да айқындалып жатыр. Гибридтілік тенденциясы тілдік, жанрлық, көп кодтық және мультимедиялық формаларда ұшырасады.

Заман ілгері басып, әлем халықтарының бір-біріне тығыз орналасып, тығыз қарым-қатынасқа түсуі тілдегі гибридтілік формаларының пайда болуына ықпал етеді. Сондай-ақ мәтін деңгейінде түрлі жаңа формалардың қалыптасуына, жойылып, дамуына дейін септігін тигізері анық.

Зерттеушілер мәтіндер мен дискурстағы гибридтілік құбылысын қарастырғанда тіл білімінде белең алған прагматикалық, медиалды айналымдар деген терминдерге тоқталады. Ғалымдардың айтуынша медиалдылық коммуникативті канал немесе коммуникативті код ретінде адам қарым-қатынасының ғаламтор жиегінде үздіксіз ақпарат алмасуын, сонымен қатар ақпарат жеткізу мен қабылдаудың айрықша каналы ретінде сипаттайды. Ағылшын және неміс тілді ғалымдардың еңбектерінде аталған термин мультимедиалды деп қолданылады. Бұл термин ғаламтор коммуникациясындағы тілдегі өзгерістермен қатар тілдің менталдылық мәселелерін, таным мен коммуникация арақатынасы сынды сұрақтарды қарастырады [108, 123б.].

Гибридті мәтіндер дискурстық қатынас алаңында пайда болады. Дискурстық қатынастың дамуы оның түрлерінің де дамуына әкеліп соқты. Бір ғана мысал ретінде виртуалды дискурстар – қазіргі заманның ең дамыған, уақыты жағынан жылдам қарым-қатынас формасы. Ғаламтор әлемінде барлығымызға кеңінен тараған әрі жиі қолданылатын *whats up, instagram, vk, facebook, telegram* т.т.ғ. адамдардың еркін түрде ақпарат алмасып, ақпарат таратуына үлкен жолдар ашқан алаңға айналды.

Гибридтік мәтіндердің табиғатын айқындау барысында ғалым О.В. Соколова интермәтінділік мәселесін көтеріп, Н.А. Фатееваның ұсынған классификациясын талқыға салады. Атап айтсақ, біріншіден, мәтін ішіндегі мәтін, оған аллюзия, цитаталар, центонды мәтіндер, екіншіден, мәтіннің

эпигрофқа қатысы, үшіншіден, метамәтінділік яғни, берілген мәтінді қайта мазмұндау арқылы беріледі, төртіншіден, архимәтінділік – мәтіндердің жанрлық байланысы, бесіншіден, өзге де интермәтіндік құрылымдар, мысалы, троптар, стилистикалық фигуралар және морфемдік, дыбыстық-буындық типтер кіреді [109, 53 б.].

Гибридтік формалардың қалыптасуы интермәтінділік мәселелерімен байланысы болғанмен, гибридтілік екі түрлі формалардың синтезінен туындайды да, өзге мәнге иеленеді. Мәселен, instagram, vk, facebook, telegram сынды ақпарат алмасу платформаларындағы комментарийлерге тоқталатын болсақ, олар нағыз гибридті мәтіндерге жатады. Біріншіден, бірнеше стильдердің қатар қолданылуы, комментарий авторы интенциясы мен жеке позициясын танытуда тілдің барлық деңгейінде нормадан тыс құбылыстардың пайда болуы, екіншіден, комментарийдің жеке өзі ақпарат алмасу барысында пайда болған сөздің жаңа жанры. Комментарий дегеніміз оқырманның оқылған мәтінге немесе жазылған постқа байланысты туған жауабы, көзқарасы. Комментарий арқылы мәтіннің сапасын, жазылу деңгейін, оқырманның қабылдау, түсіну деңгейін білуге болады. Сонымен қатар комментарийлер жарнама жасау, жарнама мәтіндерін орналастыру мен тарату құралы ретінде де пайдаланып отыр.

Мәтін ретінде талдауға негіз болатын аса қарқынды дамып отырған комментарий түрлерінің араласпайтын саласы жоқ. Ауызша сөз формасының прагмалингвистикалық әлеуеті жазбаша комментарийлерге ауысты, «уақытқа тездігі» қажеттілігі осы мәтіндерге еркіндік берді. Комментарийлер арқылы коммуниканттардың байланысулары күшейді, тілді тұтынушылардың өзара әрекеттесуінің жаңа формалары пайда болды. Заманауи талаптарға сай ғаламтордағы коммуникация тілдің «іс-әрекетін», динамикалық әлеуетін жан - жақты көрсетуде алдыңғы орынға шығып отыр.

Комментарий ғаламтор қызметінің көп аспектілігіне, мансаптың өсуіне, әр түрлі мемлекет азаматтарымен толерантты қарым-қатынас үшін керекті шарт болып табылады. Қазіргі «виртуалды әлемде» диалогтық араласу, комментарий қалдыру ерекше маңызға ие әрі қоғам өміріне еркін еніп кетті. Белгілі тақырып аясында комментарий жазу, оны оқып өз ойын қосу, пікір қалдыру таласқа түсу, түрлі даулы мәселелерге араласу өз ниет-пиғылын білдіру лингвистикалық зерттеулердің назарын аударуда. Себебі комментарий қалдырушылар өз тілдерінің лексика-грамматикалық және синтаксистік табиғи заңдылықтарын таратушы ғана емес соған зиян келтіретін мәселелерінің де «гибридтік мәтін» түрлерінің пайда болғаны коммуникативті сәттілік/сәтсіздіктер «ойлау тіл – қарым-қатынас» жүйесінде анықталады[14].

Мәтіндегі гибридтік формалар бірнеше түрде көрініс табады. Мәселен, екі түрлі мәдениеттің тоғысуы, стильдердің араласып қолданылуы, әлемдік жаһандану мәселесі т.б. Сонымен қатар өзге де мәтін формаларының пайда болып, дамуы да гибридтіліктің жемісі.

Сондай-ақ көркем мәтіндердегі гибридтілік формаларының ең көп кездесетін түрі – тілдік гибридтілік. Ол тілдегі дыбыстардың, сөздердің, синтаксистік формаларының өзгерісінен туындайды.

Тілдік гибридтілік М. Бахтиннің ұсынған гибридтілік концепциясымен тікелей байланысты. Ғалым синтаксистік және композициялық жағынан бір айтушыға тиесілі айтылымның ішінде екі түрлі стиль, екі түрлі сөйлеу әуезі, екі түрлі мағына мен ой өрісінің ұштасуы гибридтіліктің көрінісі ретінде сипаттайды.

Гибридтілікке қатысты айтылған пікірлерге сүйене отырып, көркем мәтіндердегі тілдік гибридтіліктерді айқындайтын болсақ, біріншіден шет тілінен енген сөздердің мәтін ішінде пайдалануына бірден көңіліміз ауады. Мысалы: *Эврика – таптық! Неше мың жыл бойғы жұмбақ болса да, қазір мектеп оқушысына дейін белгілі әлемдік тартылыс заңынан да оңай екен* (М.Мағауин «Жармақ»). Бұл мысалмен автор өзінің Ньютон заңы туралы ақпаратты бір сөзге сыйдыра алған, сонымен қатар оқырман автордың білім көкжиегінің терең екендігін де аңғара түседі. Эврика мен таптық екі түрлі тілдің бірлігі ретінде синтезге түсіп, автордың эмоциялық халін, келесі пікірін жеткізу амалы ретінде қолданылып отыр.

*Енді міне. Ешбір есепте жоқсың. Люмпен-Пролетариат. Жалғыз сен емес, бүкіл ғылым, әдебиет, өнер қайраткерлері түгел.* (М.Мағауин «Жармақ»). Алынған үзіндідегі бізге бейтаныс «Люмпен-пролетариат» сөзі түсіндірме сөздіктерде Карл Маркстың енгізген термині ретінде сипатталады да, қоғамнан алшақталған белгілі топ өкілдері деген анықтама береді. Демек автор өз ойын Карл Маркстың теориясымен ұштастырады. Көркем мәтінде философиялық тұжырымдар мен нақты терминдердің синтезінен автор шығармасын басқаша формаға ауыстырып тұр.

Көркем мәтіндегі гибридтік формалар мәселесі қазақ тілінде жазылған шығармаларда шет тілінде берілген тілдік бірліктердің еркін қолданылуымен де байланысты. Жаһандану дәуірі әлем халықтарының бір-бірімен жақын араласып, мәдениаралық байланыстың күшеюі мен тоғысуы, я болмаса бірін-бірі ығыстыруы заңды. Осындай процестер тіліміз бен әдебиетімізге ықпал етпей қоймайды. Көркем шығармаларда шет тіліндегі сөздер мен афоризмдердің кең қолданылуы автордың білім жиегі мен ойлау шеңберінің кеңдігін аңғартады. Десе де ұлттық кодтан ажырау, жоғалту қаупін ескеру шығарма авторына жүктеледі.

Әлем және қазақ романдарын талдау барысында жазылған зерттеу жұмысында Е. Сұлтан [110] заманауи романдардың мынадай түрлерін айқындайды: роман-контрапункт, роман-интенция, роман-жұмбақ, роман-трагедия, роман-эссе, роман-балет, роман-параллель, роман-хроника, роман-антиутопия. Бұл аталған романның гибридтік формалары жазушылардың заманауи көзқарастары мен философиялық ой толғамдарының негізінде туындаған. Сонымен қатар жас ғалым гибридті романдардағы хронотоп мәселесін көтереді. Гибридті романдардың барлық деңгейлерінде (құрылымдық, мазмұндық, тақырыптық, стильдік, бағыттық, т.с.с.) өзгеріс

жүріп жатқандықтан, хронотоп категориясында да өзіндік ерекшеліктері аңғарылып отырғандығын дәлелдейді. Бір ғана мысал ретінде Дидар Амантайдың «Гүлдер мен кітаптар» романынан үзіндіні келтіретін болсақ: «*Sghene – қалың отырған исоко руының бүкіл дүниені жаратқан құдайы, гибадатхана мен абыздары жоқ, оуісе немесе ико Sghene деген дәнекері бар, оуісе ағашынан жасалған ұзындығы сегіз аршын сырық, оны ең кәрі адамның ескі үйінің іргесінен қалайды, сол жерде құрбандық шалынады.*»(Д. Амантай «Гүлдер мен кітаптар») Жазушы Африка тайпалары туралы терең білімінің барын оқырманымен бөлісе отырып, біршама дүниетанымдық ақпаратты роман ішіне енгізген. Романмен танысқан оқырман сюжеттік линиядан адасып, ойы шашырап, философия, метафизикадан терең білімі болмаса оқуын жалғастырмай қоятыныны анық.

Гибридті романдарда автордың сөйлемдерді құрастыруы мен жеткізу стилі де өзгеше. Дидар Амантайдың «Біреудің өмірі» повесіндегі диалогтан үзінді келтіретін болсақ: «– *To be or not to be.*

– *Быть или не быть.*

– *Қазақша?*

– *Білмеймін.*

– *Күлмеңіз.*

– *Күліп тұрған жоқпын.*

– *Бармыз ба, жоқпыз ба?*

– *Дәл емес.*

– *Өмір сүре аламыз ба, жоқ, өмір сүре алмаймыз ба?»*(Д.Амантай «Біреудің өмірі»). Автор Шекспирдің сөзімен диалогты ары қарай өрбітіп отыр. Айтайын деген ойын ағылшын, орыс, қазақ тілінде қатар беріп, бірнеше тілдік кодты оқырман санасына сіндіріп, өзіне түсініктісін таңдауға мүмкіндік жасайды.

Көркем шығармалардағы гибридтілік оқырманның жан-жақты ізденісін, әлемтанудағы көкжиегінің кеңтідігін, астарлы ойды сезіну мен түйсіну талап етеді. Көркем мәтіндердің сюжеті, мазмұны, формасы, сөйлемдердің тым қысқалығы, ауызекі сөйлеу формаларының басымдығы, бірнеше жалқы есімдердің бір толық мәтін ретінде берілуі автордың жаңа бір стиль, жаңа формаға ұмтылуын аңғартады. Сонымен қатар гибридтілік автордың ой санасында шоғырланған әлемдік я ұлттық білім қорының синтезінен де туындайды.

### 3.3 Көркем мәтіндегі прагмастилистикалық ұғымдар

Тіл – жүйе. Жүйе – белгілі бір тип бойынша логикалық байланысқа түскен бірліктер жиынтығы. Кез келген тілдегі жүйенің үш белгісі бар: бөліне алу, біртұтастылық, байланыстыра алу. Осы үш белгі арқылы стильдер топтасады, ажыратылады және байланысады. Стиль термині көп мағыналы. Ол көптеген ғылым салаларында қолданылады. Стилистиканың зерттеу объектісі – стиль. «Стиль» сөзінің түп төркіні латын тілінен шыққан және «хат жазуға арналған таяқша» деген мағына береді. Кейіннен сөз мағынасының өзгеруіне байланысты риториканың бір пәні ретінде хат жазу техникасы және үлгісі деп қолданылатын болған.

Стиль – өзгеше құбылыс. Басқа анықтамасында тұрақты қайталамалар деп те береді. Қазіргі стилистиканың түп негізі антикалық поэтика мен риторикада жатыр. Стилистиканың дамуына XVIII ғасырларда М.В. Ломоносовтың стиль теориясы мен «Риторикасы» ықпал етті. Ал стилистика термины неміс романтиктерінің шығармаларында XIX ғасырдың басында пайда болған. Стилистиканы ғылыми тұрғыдан дәлелдеу мақсаты Г. Спенсер мен Х. Штейнтальдің «Философия стилия» еңбектерінде аңғарылады. А.Н. Веселовский («Из истории эпитета», 1895 ж.) және А.А. Потебня зерттеулерінің арқасында тарихи стилистиканың негізі қаланды. Қазіргі тіл біліміндегі стилистика Ш.Балли («Трактат по французской стилистике», 1909 ж.) еңбектерінен бастау алған. Ресейде XX ғасырдың 20-жылдарында стилистиканы сөйлеу мәдениетінің негізі ретінде қарастырған. Алайда стилистиканың жеке дара пән ретінде орыс тіл білімінде В.В. Виноградов тұжырымдарымен ғылыми негізделді.

Стилистика өз кезегінде жалпы стилистика, жеке стилистика, салыстырмалы стилистика, функционалды стилистика, кодтау және декодтау стилистикасы деп ажыратылады. Жалпы стилистика стиль ұғымын, функционалды стильдерді, сөз қолданудың принциптері және т.б. жалпы тілдерге ортақ категорияларды қарастырады. Жеке стилистика белгілі бір тілдің категорияларын зерттейді. Салыстырмалы стилистика болса бірнеше тілдердегі стилистикалық құбылыстарды салыстырып талдауға бағытталған. Функционалды стилистика функционалды стильдерді қарастырады. Яғни, стилистиканың бұл түрі мәтіннен тысқары жатқан тілдік бірліктерді қамтиды. Кодтау стилистикасында мәтінді жеткізушінің ойын қарастырса, ал декодтау стилистикасында мәтінді қабылдаушыға әсер ететін тұстарды талдайды. Демек, стилистика дегеніміз функционалды стильдер мен тілдің түрлі экспрессивті амалдарын және құбылыстарын зерттейтін тіл білімінің бір бұтағы.

Күнделікті өмірде «стиль» сөзі кеңінен қолданысқа ие. Қазақ тілінде стиль сәнді ұғымымен қатар қолданылады. Мәселен, сәнді үлгідегі киім, жиһаз, көлік т.с.с. Сонымен қатар белгілі бір топтың өмір сүру салты деп қабылданған ұғым бар. Кезінде «стиляги» деген де әлеуметтік топ өкілдері болған. Әрине ол ұғым қазіргі тіл біліміндегі стиль ұғымына қатысы жоқ. Дегенмен семалары ортақ ұғым болғандықтан айта кеткен жөн. Стиль жақсы, жаман, биік, жоғары, романтикалық, шыншыл, классикалық бола алады. Осыдан стиль сөзі ең

біріншіден, ерекшелік, таңдамалы мағыналарын арқалаған. Мысалға алатын болсақ, кез келген адам сөзін, ойын жеткізу мақсатында белгілі бір тілдік бірліктерді таңдап алады. Яғни, тілдік бірліктер адресант мақсаты мен уәжіне сай қолданылады. Ауызекі сөйлеуде: – *Достым, не болды айтсаңшы!* - дегенді, - *Дос, мән-жайды түсіндірсеңші!* деп қолдануға болады. Сонымен бірге «*Мен сізді тыңдап тұрмын*» сөйлемінің «*бар ықыласым сізде*», «*иа, назарым сізде*», «*мұқият тыңдап тұрмын*» деген үлгілері бар. Бұл берілген сөйлемдер ситуацияға және сөйлеушінің білім деңгейіне, сөйлеу этикетін ұстануына, кімге қаратып қолданып тұрғанына тікелей байланысты сұрыпталып алынады. Кез келген сөйлеушінің дауыс ырғағы, тонының өзгертіп отыруы да жеке стильге жатады.

Стиль ұғымы стилистиканың жалғыз қарастыратын мәселесі ғана емес. Бұл ғылым:

- 1) экспрессивті тіл бірліктерін;
- 2) бір ойды білдіретін бірнеше синонимдік қатарларды, амалдарды;
- 3) тілдегі түрлі эмоциялық бояуларды және сөйленіс формаларын;
- 4) стилистикалық амалдар жүйесін;
- 5) автордың жеке стилін және т.с.с. сұрақтарды қамтиды.

Қазіргі таңда лингвистер «стиль» терминін функционалды стиль мағынасында қолданып жүр. Функционалды стиль дегеніміз тіл бірліктерінің белгілі бір жағдаятқа қарай белсенді қолданыста жүрген әдеби тілдің варианттары. Стильдер тіл білімінің құбылысы, алайда тілден тыс жатқан факторлар әсерінен де дамиды. Стиль белгілі бір тіл қызметтерін (коммуникативтік, хабарлау, әсер ету) жүзеге асыруда септігі зор. «Стиль – көркем мәтіннің барлық, лексикалық, синтаксистік, жанрлық-композициялық және басқа деңгейлерінен көрініс табатын шығарма мазмұнының сыртқы көрінісі» – деп, зерттеуші Б.Ш. Баймусаева анықтама береді [110, 14 б.].

Көркем шығармада стиль белгілі бір сөздердің бастапқы реңкі, бояуы емес, мәтіндердің ішінара бір-бірімен байланысы болып табылады. Стиль жазушының шығармашылық ерекшелігі мен шығарманың ішкі мазмұнының жүйелілігін, бірбүтіндігін танытады. Осы орайда академик Р. Сыздық: «Көркем шығармада ненің суреттелгені ғана емес, қалай суреттелгенінің мәні зор. Сол «қалай»-ды көрсету – стилистиканың міндеті. Қайталап айтсақ, стилистика сөз эстетикасын, сөздің контекстегі рөлін зерттейді. Демек, лингвостилистика ұлттық көркем тіл мәдениеті дамуының негіздерін көрсететін ғылым саласы болады. Стилистиканың лингвистикалық міндеті стильдік әсердің өзін емес, сол әсерді туғызатын тілдік механизмді зерттеу болып табылады»[111] – деген екен.

Зерттеуші ғалым Х.Х. Махмудов жазушы тілін емес, стилистикалық жүйесін талдап айтқанды дұрыс көреді. Ал А. Сатыбалдиев көркем шығарманы аудару мәселесіне келгенде алдымен аудармашы көркем мәтін авторының стилін игеріп, түсінуін жөн санайды. Көркем шығарманың стилін толыққанды түсінбеу автор идеясын, мақсатын жете ұқпағанмен тең деп есептейді.



Әр стиль тілдің үш қызметін де атқара алады, бірақ соның біреуі я екеуі негізгісі болады. Сонымен қатар белгілі бір тілдік жағдаяттарда стиль қызметі ерекше көрініп отырады. Бізге белгілі бес стильде (ауызекі сөйлеу, публицистикалық, ғылыми, көркем әдеби, ресми-іс-қағаздар) барлық тіл бірліктері қолданылады. Ал кей тіл бірліктері тек қана бір стильде ғана қолданылуы мүмкін. Мәселен, *іріткі салу, қолқа салу* тұрақты тіркестері тек қана әдеби стильге тән.

Қазіргі қазақ тіл білімінде стилистика мен прагматиканы ұштастыра зерттеу, талдау жаңа прагмастилистика ғылымының негізін қалыптастырып отыр.

Прагмастилистика – стилистика ғылымының жаңа бағыты. «Қазақ тілінің прагмастилистикасы» еңбегінде Д. Әлкебаева: «кез келген айтылым адресаттарға ақпарат берумен қатар, оның қабылдауына ықпал ететін тілдік бірліктерді таңдайды және оның реакциясын тудырады. Адресанттан алынған ақпараттан кейінгі адресаттың белгілі пікірге келіп, қайтадан қандай әрекет жасайтынын прагматика зерттейді» [9] дегенді айтады. Зерттеушінің пікірінше мәтіннің табиғатын, болмысын толық саралау үшін автордың мінезін, іс-әрекетін, коммуникативтік ниеті, пиғылымен қатар белгілі бір мақсатқа құралған ойлау стилін де қарастыру керегін алға тартады. Яғни, мәтін түзуде тек стилистикалық ерекшелікпен қатар прагматикалық мақсат та қатар жүреді деп қорытады.

Көркем мәтін адресантының ақпараты адресаттың реакциясын қозғау үшін стилистикада түрлі амалдар мен ұғымдар қолданылады. Ендігі кезекте ол тек стилистиканың ғана емес, прагмастилистиканың да негізгі ұғымдары мен теориялары болып саналады.

Стилистикалық амалдарда стиль бір мәнді тілдік бірліктердің жиынтығы ретінде көрінеді. Кез келген тіл бірлігі стилистикалық амал болып табылады. Стилистикалық амалдар синонимдік (лексикалық, грамматикалық, сөзжасамдық) мәселесімен тікелей байланысты. Стилистикада синонимдіктен бөлек стилистикалық фигура мен троптар да қарастырылады. Сөз сөйлеу барысында ерекше әсер ету мақсатында сөздің мағынасын стилистикалық тұрғыдан ауыстыруы троптарға тән болса, ал стилистикалық фигуралар - сөздердің бір-бірімен дұрыс үйлесуі.

Стилистикалық бояу (стилистикалық коннотация) - барлық тіл білімінің: морфема, сөзжасам, лексика, морфология, синтаксистік тіл бірліктерін қамтитын құбылыс. Ол мәнмәтіннен тыс ерекше стилистикалық әсер беретін сөздің қосымша мағынасы. Көп мағыналы тілдік бірліктердің стилистикалық бояуы заттық-логикалық сипатынан хабар бермейді, қосымша мағына беретін стильдік тәсіл сөздің жасырын мағынасында прагматикалық «әрекет» айқын байқалады.

Стилистикалық бояу – экспрессивтік-эмоционалды коннотация ғана емес, әр түрлі экстралингвистикалық факторлар арқылы көріне алады. Атап айтқанда, қарым-қатынас аясы, функционалды стильдердің ерекшеліктері, жанр түрлерінде, сөйлеудің мазмұны мен формасында, адресант пен адресаттың

өзара қарым-қатынас хабарларында автордың затқа, құбылысқа көңіл бөлінуінен де оның белгілері табылады [9, 31 б.].

Коннотация – экспрессивті бағалаушы стилистика категориясы бола отырып, стилистикалық норманы құраудың негізгі тәсілі. Коннотацияның негізгі белгілері денотативтік мағынадан қосымша мағынаға ие болуы эмоционалдық, экспрессивтік және бағалаушылықты білдіреді. Зерттеушілер коннотацияның әр түрлі жағдайда туындауының басты белгілеріне мыналарды жатқызады:

- ситуативті-психологиялық: ирониялық күлкі тудыратын, эфемистикалық (күштеу мәндегі);
- әлеуметтік-лингвистикалық коннотация: жаргондық түрлері (ауызекі сөйлеуде, кітаби тілдегі);
- мәдениеттану саласындағы жаңа коннотациялардың пайда болуы [112].

Зерттеушілер кейбір қосымшалардың да алғашқы денотациялық мағынасы коннотациялық мағынаға ауысатынына назар аудартады. Осындай ғылыми пікірлердің нәтижесінде әр стиль түрінде стилистикалық коннотациялардың қосымша, сөз тіркесі, сөйлемде кездесетіндігін айтуға болады.

Стилистикалық коннотация дегеніміз – заттық-логикалық, грамматикалық мағыналарға қосымша жұмсалатын экспрессивтік және стилистикалық қасиеттер, ол – стилистикалық коннотацияның көрінісі. Стилистикалық коннотацияның бойынан табылатын қасиеттерді көрсететін стилистикалық бояу, стилистикалық норма деген атаулардың қолданылуы заңды құбылыс. Егер коннотацияның жеке тілдік бірліктерде көрінуі, сөз жоқ, оның табиғатының күштілігіне, тереңдігіне байланысты болса, онда негізгі қызметі стилистикалық мәнермен және прагматикалық мақсатпен өз нәтижесін береді.

Стилистикалық коннотациялар эмоционалды-экспрессивті (бағалаушылық) және функционалды-стильдік деп ажыратылады. Эмоционалды-экспрессивті коннотациялар адамның белгілі бір затқа көзқарасы мен қарым-қатынасы нәтижесінде туындаған. Тіл білімінің барлық саласынан және бүкіл стиль түрлерінен көрініп отырады. Дегенмен лексикалық бірліктерде кеңінен көрініс тапқан. Мысалы, *Жәке, Бәке, үйшік, көлшік, ақсаусақ, есерсоқ, байсымақ*, т.б. сөздер, ұғымдар адамға қаратыла, затқа байланысты көпшіліктің көзқарасынан қалыптасқан. Сонымен қатар эмоционалды-экспрессивті коннотацияларда прагматикалық мән ерекше аңғарылып тұрады. Адресанттың ойын жеткізуде стилистикалық коннотациялардың рөлі зор. Соған бірден бір мысал ретінде ертеден ел аузында келе жатқан «*көшпелі қазақ*» тіркесі немесе «*көпшелі өмір сүру салты*». Бұл ұғым публицистикалық, ауызекі сөйлеу, әдеби, ғылыми стильдерде қолданылады. Көшпелі өмір салты туралы деректер, тарихи мағлұматтар баршылық. Тарихи деректерде қазақ жерінде көпшелі өмірдің отырықшы өмір салтына ауысуы туралы 1924 жылдары өкім шыққан екен. Бұл тарихи дерек. Ал қазіргі күнделікті өмірде «*көшпелі қазақпыз зой*» деген мысқыл сөз жиі

қолданылатыны белгілі. Қазақ отырықшы өмір салтына көшкелі ғасырлар болса да, көшіп-қонып жүрген адамға я бір жерден екінші жерге орын ауыстырған сәтте: «*Енді қайтеміз, көшпелі қазақпыз зой*» деген сөздер қолданылып жатады. Осы тарихи ұғым, тіркестің орнын *қамбақ өмір* тіркесі ығыстырып келеді. Заман ағымы, саяси-әлеуметтік жағдайдың ауысуы *көшпелі өмірден* бірде бар, бірде жоқ, тұрақсыз, «ұшарын жел, қонарын сай білетін» *қамбақ өмірге* алмастырып отыр. Яғни, экспрессивті коннотациялар уақыт өте келе өзгеріп отырады. Бір ұғым айналасында түрлі тіркестер мен тілдік бірліктердің туындауына ықпал етеді. Ал функционалды-стильдік коннотациялар белгілі бір әлеуметтік ортада ғана қолданылатын тіл бірліктерінде көрініс табады. Көбіне ғылыми, кітаби стильдерде басым.

Стилистикада стилистикалық коннотациялар, амалдар сынды ұғымдардан бөлек стилистикалық категориялар (функционалды семантикалық-стилистикалық категориялар) да бар. Стилистикалық категориялар бағалау, акценттік, гипотезиялық, диалогтік, автор бейнесі, мәтін категориясы т.б. болып жіктеледі.

Бағалау стилистикалық категориясы ғылыми стильде жан-жақты көрініс табады. Ғылыми стильдегі бағалаудың түрлері:

- аксиологиялық баға: тамаша идея, жоғары деңгей, ғажайып үлгі;
- ментальді баға: маңызды үлес, рационалды ыңғай;
- тәжірибелік баға: ұтымды классификация, академиялық еңбек;
- ғалымды бағалау: үлкен ғалым, білікті маман, жоғары білікті маман [9, 39 б.].

Публицистикалық стильде бағалау категориясы: палемика, теледебат, прения сияқты бұхаралық ақпараттық жанрларда жиі кездеседі. Сонымен қатар бағалау стилистикалық категориясын көркем-әдеби стильде де аңғара аламыз. Көркем шығармалардағы автордың оқиғаға, кейіпкерлеріне деген қарым-қатынасын осы аталған категория айналасында тани аламыз. Олар белгілі бір стилистикалық маркерленген тілдік бірліктер арқылы айқындалып жатады. «*Бұл көште жалғыз жүдеу, жалғыз жабырқаған қайғының тұсауында келе жатқан - сол Қарагөз... Осы көп мал мен бай ауылдың иесі болған, мына дырдулы көштің басшысы болған жалғыз жесір әйел – Қарагөз*». (М. Әуезов «Қаралы сұлу») Автор Қарагөздің жесір қалғандығын *жалғыз* тілдік бірлігінің қайталау амалымен, *қайғы тұсауында* деген ұлттық колориты бар тұрақты тіркес пен оқырманның оқу рифмін жеңілдету үшін *ж* дысымен тіркестер құрауы сынды стилистикалық қолданыстарымен кейіпкерінің жан-күйін баяндайды. Автор кейіпкеріне жаны ашиды (*бай ауылдың иесі болған Қарагөз, мына дырдулы көштің басшысы болған жалғыз жесір әйел – Қарагөз*). Бұл мысалда акценттік те категория аңғарылады. Мәселен, *жалғыз жесір әйел – Қарагөз*. Автор Қарагөздің сұлу мүсінін шығарманың әр тұсында сипаттап отырады. Қарагөздің жесір қалған трагедиясы бар әсем бейнесін шайып кеткендей әсер береді. Жазушы үшін Қарагөз бейнесі тағдырына қарағанда екінші планда екендігі сезіледі. Автор Қарагөз тағдырын суреттеуде «жесір әйел» қазақ халқы үшін бір әйел баласының емес, бүкіл рудың, елінің

трагедиясына ұштасатын тағдыр заңы екенін жеткізеді. Ол туралы сонау жыраулар поэзиясында Бұқар жырау:

Он бірінші тілек тілеңіз  
Он бармағы қыналы  
Омырауы жұпарлы  
Иісі жұпар аңқыған  
Даусы қудай аңқыған  
Назыменен күйдірген  
Құлқыменен сүйдірген  
Ардақтап жүрген бикешің  
Жылай да жесір қалмасқа... – деген екен.

Гипотезиялық стилистикалық категориясы сөздің стильдік аспектілерінде пайдаланылады, бірақ оны барлық мәтінге қатысты деп айтуға болмайды, тек ғылыми мәтінге ғана тән [9, 38 б.]. Аталған стилистикалық категориясы ғылыми стильде және көркем әдеби стильдегі фантастикалық жанрдағы шығармаларда жиі ұшырасады.

- *Жетпіске таянған жасым бар. Талай сұмдықты, талай қызықты бастан кештік. Әйтсе де нақ мынадай түтекті көрген емеспін, ағайын...*

– *Раха, көпті көрген, көп білетін сіз солай десеңіз – бізден не бар қадір?!*

*Кейбіреулердің күрсінген үндері естілді.*

– *Кенбінің арғы жоны Алланың рақметі мол тымық күнінде де құтырып тұрушы еді. Бүгінгі боран сол жақтан үдеді, мен бірдеңе білсем, мұның арты жақсы емес. Өз басым қатты шошып отырмын. Әнеугүнгі ұзын көлеңкенің кесірі болмаса игі деген қаунім бар.*

*Кемел де бұл сөзге елең еткен, бірақ үлкендердің сөзін бөлуге батылы жетпеді.*

– *Әп-сәтте көрініп, іле жоқ болған қара жолақты айтасыз ба, ақсақал? – деді төр жақтан біреу.*

– *Е, ол бір көрініп жоғалып кетсе жөн зой. Басқа ма деп қорқамын мен... – Рахмет ақсақал быртиған семіз саусақтарымен бетін бір сипап өтті. Іле өзіне жаутаңдай қараған көпшілікті бір шолып, естілер-естілмес сыбырлаған үнмен әлгі сөзін қайталады. - Басқама деп қорқамын... Әсілі, оның атын атауға аузым бармайды. Солай деп бабаларымыз жарықтық өсиет айтып кеткен. Сол себепті онда ат жоқ, «Көрінбестің көлеңкесі» деп жұмбақтап атаймыз...*

*Рахаң біршама уақыт тым-тырыс отырды. (М.Сәрсеке «Көрінбестің көлеңкесі»).*

Көркем мәтінде гипотезалық мән-мағына мен білсем, шошып отырмын, қаунім бар, деп қорқамын секілді болжау мәнді авторлық ремаркалар мен әсілі, білсем, бар сияқты модаль сөздермен де айқындалып отыр.

Автор бейнесі стилистикалық категориясы көбіне әдеби стильге тән. Көркем шығармада автор бейнесі жазушының жеке стильдік, поэтикалық сөз өрнектерімен ашылып отырады. Жазушы баяндап отырған оқиға кезеңі мен әлеуметтік жағдайларды сипаттаудағы әдеби тілі аталған стилистикалық категорияны сипаттауға негіз болады.

Стилистикалық акценттік категория концептуалды тілдік бірліктердің мағыналық жақтан көңіл аударуын қажет етеді, адресат автордың көзқарасына көз жеткізу сенімділігін көрсетеді, сол арқылы қабылдаушы мен тыңдаушының ортақ түсінікке ие болуын қамтамасыз етеді. Адресант өзінің басты мәтіндік мәліметінің ақиқатына тыңдаушының көзін жеткізеді [9, 37 б.].

Стилистикалық акценттік категория – мәтін мен айтылымның белгілі бір фрагменттерін аса маңызды етіп көрсететін семантикалық-стилистикалық категория. Сонымен қатар акценттілік сөз сөйлеушісінің интенциясын да байқатады. Адресант стилистикалық акценттілік категориясы арқылы сөздің маңызды деген мағыналық компоненттерін айқындап, адресатқа сөзді субъективті әрі объективті түрде қабылдауына септігін тигізеді.

Стилистикалық акценттік категорияны көрсететін бірліктер (акцентаторлар): логикалық екпін, лексика-семантикалық нығайту мәніндегі сөздер (*бастысы, маңыздысы, барынша, ерекше, біріншіден*), күшейткіштер (*тым, аса, тек*), сапалық сын есімдердің салыстырмалы шырай формалары (*жақсырақ, күштірек*), модал сөздер (*қажет, керек, міндетті*). Сонымен қатар стилистикалық акценттік категорияны ауыспалы мағынадағы сөздер, метафоралар да береді. Мысалы, *«Ғаріп пенде... Аруағы риза болсын. Жасаған қай кезде дәм-тұзды тауысамын десе өзі біледі... Өзі менен бірер жас кіші болуы керек. Алдымен анау отырған шешесі қазақша білмейді, қайта бұған кінә жоқ. Кенет соншалықты зор, биік дауыспен шырқай көтеріп, тынып қалып, домбыраны қайта сөйлетті. Мынау тұрған жердің асты-тұнған байлық. Біздің Қазақстанда өте сирек кездесетін элементтер бар. Асыл тастар қаншама! Меруерт, маржан, інжу, жашұт, гауһар – не керек, бәрі бар»* (Т. Әбдіков «Қонақтар»)

*«Өскеменнің ар жағында, Бұқтырманың оң жағында әлемге аян Алтай бар. Сол Алтайдың күнгейінен құбыла жаққа құлай аққан. Құлай ағып Ертіс түскен, күр-күр еткен Күршім бар.*

*Мамырбайдың Ақбілегі, Ақбілегі – жас түлегі, айы-күні – сұлу қызы, алтын сырға, күміс шолпы сылдырлатып, былдырлатып, ақ көйлегін көлеңдетіп, қызыл, жасыл көрпелерін қағып үйге әкелген еді.»* (Ж. Аймауытов «Ақбілек»)

*«Тортай, әсіресе, мені жақсы көреді. Жанына бір елі қалдырмайтын. Бәрімізден гөрі ерекшелігі, таңертеңнен кешке дейін бас алмай кітап оқи беретін. Қолына не тисе, соны талғамсыз оқитын Тортай ортамыздағы білгішіміз, аузымызды ашып тыңдар абызымыз.»* (О. Бөкей «Тортай мінер ақ боз ат»)

Берілген мысалдарда акценттік категорияларды танытатын бірліктер адресант ұсынған ақпараттардың неге баса назар аудару қажеттілігін танытады. Сондай-ақ автордың кейіпкерлер образдарына деген көзқарасын адресатқа дәл әрі нақты жеткізуде қолданылады. Сонымен қатар шығармадағы бір детальдан екінші детальға қарай ауысу, назар аударту қызметін атқарады (*Өскеменнің ар жағында, Бұқтырманың оң жағында әлемге аян Алтай бар. Сол Алтайдың*

*күнгейінен құбыла жаққа құлай аққан. Құлай ағып Ертіс түскен, күр-күр еткен Күршім бар.*).

Стилистикалық акценттік категориялар барлық функционалды стильдерде кездеседі. Алайда әр стильде өзінше көрініс табады. Ғылыми стильде жоғарыда айтылған синтаксистік амалдармен, публицистикалық, көркем-әдеби стильде нейтралды акцентуаторлар арқылы берілсе, ал ауызекі сөйлеуде интонациялық екпіндер рөлі зор. Мәселен, ғылыми мақалаларда интонацияны көрсететін пунктуация арқылы нақты қандай мәселеге акцент қойылып тұрғаны аңғарылады. Мақала я шығарма атауларында да осы стилистикалық акценттілік категориясы байқалады. Стилистикалық акценттік категориясы бар сөйлем я абзац тұтастай бір афаризмге де айналып кетіп жатады. Мысалы,

*«Абай үшін қазақ топырағындағы мұндай ең алғашқы тұлға, даусыз – Дулат. Дулаттағы әлеуметтік мұң – қазақ санасында бұрын болмаған жаңа күй, жаңа сарын. Абайдағы зар – адамнан басталады.»* (Тұрсынжан Шапай «Абай мен Дулат»)

*«Ал абайтануды алғаш жүзеге асырғандар – ХХ ғасырдың басындағы қазақ зиялылары.»* (Ө. Әбдиманұлы «Алаш және Абай»)

*«Махамбет Өтемісұлы – қазақ халқының азаттығы, теңдігі жолында ақ найзасымен, азаткер асқақ жырымен, қасық қаны қалғанша күрескен, тіпті сол жолда құрбан болған әрі батыр, әрі ақын.»* («Махамбет Өтемісұлы туралы берер сыр» мақаласынан)

Стилистикалық акценттік категория – мәтіндік категориялардың бірі ретінде бір деңгейлі тілдік бірліктерді мағыналық жағынан маңыздысын адресатына жеткізу мақсатында топтасқан акцентаторлар жиынтығы. Стилистикалық акценттік категория арқылы құрылған мәтін автор мен адресат арасындағы қатынасты реттеп, автор концепциясын адресат адекватты қабылдауына септігін тигізеді. Адресант акцентаторлармен интенциясын адресатқа жеткізе алады, сол арқылы берілген ақпараттың жаңашыл әрі өзектілігін танытады. Стилистикалық акценттік категориялар әр стильде өзгеше. Ғылыми стильде стилистикалық акценттік категориялар лексикалық тіл бірліктері мен адресаттың назарын бұру мақсатында леп белгісі бар сөйлемдер негізінде жасалады. Акценттік категориялар ғылыми мәтіндерде нақтылау, нығайту, бағалау, салыстыру мәнін үстейді. Нақтылау мәнін көбіне лексика-грамматикалық және синтаксистік акцентаторлар (шылаулар, есімдіктер, қыстырма сөздер) көрсетеді. Мысалы: *Ауа-райының өзгеруі атмосферада өтетін нақты құбылыстарға байланысты. Атап айтсақ, жер осінің орбита жазықтығына көлбеулі күнді айналуы салдарынан жерде жыл мезгілдері ауысып отырады* (Оқулықтан).

*Теңіз астында найзағай көбейген, жарқылдау көбейген. Сол найзағайлар барлық ана балықтарға ұлы жорықтың бет алысын, жөнін сілтейді.* (Оқулықтан).

Стилистикалық акценттік категориядағы нақтылау мәні ғылыми мәтіндерде жиі кездеседі. Ғылыми мәтіндерде ұсынылған мәселелер мен

жаңалықтардың маңыздылығын оқырманға жеткізу үшін *бірақ, алайда, ал, осы тұста, дегенмен* шылаулары қолданылады.

Стилистикалық акценттік категориялардағы нығайту мәнін лексико-грамматикалық акцентаторлар *өте, әсіресе, ерекше, аса, тым, ең* күшейткіш шылаулар арқылы көрсетеді. Мысалы: *Вавилон Азиядағы ең атақты, ең үлкен қала болды. Көпестер мұнда әлемнің түкпір-түкпірінен тауарлар әкеліп жатты.* (Оқулықтан).

Сонымен қатар стилистикалық акценттік категорияның нығайту мәнін синтаксистік және графикалық символдар да (курсивпен көрсету, сөйлем ішінде тырнақшаға алу я жақшаға алу, астын сызып көрсету және ой екіні) көрсетеді. *«Оқиганы ретімен баяндайтын мәтін әңгімелеу мәтіні деп аталады. Ол сөйлемдер іс-қимылды білдіреді.»* (Оқу құралынан).

Жоғарыда айтылған стилистикалық акценттік категорияның мәндері профессор Д. Әлкебаева еңбегінде ғылыми стильдегі акценттік категориялардың микроөрістері деп беріледі. Стилистикалық акценттік категориясының микроөрістеріне: дәлелдеу, нақтылау, бағалау, категориялық, белсенділік т.б. деп көрсетеді [9, 38 б.].

Стилистикалық акценттік категориялар ғылыми стильдегі мәтіндерде айқын көрінгенмен, көркем мәтіндерде де акцентаторлар бар және оның прагматикалық мәні зор. Мәселен, Оралхан Бөкей әңгімесіндегі стилистикалық акценттік категорияны танытатын мысалдар өте көп. Әңгіме адресатқа түсінікті, жеңіл жазылған. Жазушы стилистикалық акценттік категорияны *өмір, мұң, махаббат, жақсылық, адал адам, дүние* сияқты абстрактылы ұғымдарды ашуда ұтымды пайдаланған. *«Меніңше ол аздап өзімшілдігін ескермегенде, жаман жігіт емес.*

*-Өзімшілдігін неге ескермейсіз? – деді Қалқаш жауап алғандай зеки сөйлеп. – Ең үлкен қателігіміз де осы – ең үлкен мінін ескермеу. Меніңше ол тым нашар жігіт.»* - Сөйлесімде әр кейіпкер өз позициясын танытуда акцентуаторларды қолданады. Кейіпкерлердің характерлерін күшейткіш сөздермен берілген акцентуаторлар ашып отыр.

*«-Мұң ба?... Мұң... Қуаныштың қарсы ұғымы-ау деймін.*

*-Меніңше мұң қуаныштың серігі, қуаныштың жары десе де болады. Ағат іс, ақымақ жүрістен сақтандырады. Мен бұрын мұңның осыншалық құдыреті бар-ау деп ойлаған емеспін.»*- диалог ой бөлісу, сырласу формасында берілген. Акцентуаторлар «мұң» ұғымына қатысты кейіпкерлердің жеке пайымдарынан хабар береді.

*«Қателікті мойындататын адам емес, уақыт екен.»* - Кейіпкердің жеке өмірінен түйген ойы модаль сөзбен бекіген.

*«Сол аппақ дүниенің тозаңын аспанға шығарып, боз жорғаға жегілген ақ шанамен сені Алматыдан алып қашсам деп армандаймын.»* - Сілтеу есімдігі, күшейткіш сын есімдер арқылы танылған акценттік категория тракторшының арман-қиялын бейнелі, әсерлі етеді.

*«- Айтыңызшы, - деді баяу үнмен, - сіз біреуді сүйіп көрдіңіз бе?*

*- Жоқ.*

-Олай болса, бақытсыз екенсіз.» – Диалогқа түсушілер арасында аяныш сезіледі. Акцентуатор арқылы адресат «бақытсыздық» ұғымын таниды.

«Өмір дегеніміз тынбастан алға ұмтылу ма? Жо-жоқ, өмір дегеніміз – өткенді ауық-ауық еске алу да. Кешегі дегеніміз – ертеңгі.» Сөйлемде кейіпкер интонациясы, ой екпінімен жеке пікірін тыңдарманына жеткізіп отыр.

«Арамызда қаншама көп жақсы адамдар жүр. Қайтейік, байқай бермейміз, тіпті біле тұра менсінбей қоямыз.» - кейіпкердің бақылауы, бағамдауы аңғарылады. Қоғамға, айналасына деген көзқарасы мен бағасы акцентуаторлармен сипатталады.

«- Мен қателеспеген екенмін, сіз адалсыз, сондықтан да жолыңыз бола бермейтін шығар... Ал ұйықтайық.» - Кейіпкерлер арасындағы ұзақ диалогтан түйілген соңғы ой модаль сөзбен (акцентуатор) беріледі.

Мұхтар Анарбектің «Әдемі қыздың тағдыры» повесінде стилистикалық акценттік категорияны қыз бейнесін, кейіпкерлердің ішкі толғаныстарын сипаттауда жақсы пайдаланған. Стилистикалық акценттік категориядан гөрі стилистикалық коннотациялар басым.

«Қанша дегенмен жаздың аты жаз ғой, шекеден шақырайған күннің семсер жүзіндей өткір сәулесі ағаштың алақандай жапырақтарынан өңмеңдей өтіп, қауға басыңа сұғып қадап тұрғаны». «Шынында, қарқаралық батырыңның терлегені сонша, қос жауырыны күректей болып көрініп тұр. Қанша айтқанмен жазы салқын, қысы ұзақ Арқаның жігіті ғой, келгелі бері Алматының бет шарпигын ыстығына шыдай алар емес.» Жалпы, абитуриенттердің барлығы дерлік қиялшыл келеді емес пе. Шынын айтқанда, ондай ой менде де жоқ емес. Бізді танып қояр ма екен деп зәре-құтым қалмады. Жоқ, бағыма қарай, бізді байқаса да байқамағандай болып, қос гашық қараңғылық патшалығына еніп, әп-сәтте көзден ғайып болды. Дегенмен, сыңғырлаған дауыстары еміс-еміс естіледі. «Біз сияқты ұялшақ емес екен.» «Танауын көкке шүйіріп, жауырынын күнге сипатқан шыңдардың құшағына еңлікгүлді үзіп алған ержүрек жігіт секілді, менің де үлбіреген бойжеткенді алғашқы рет сүйімі осы еді. Бұл менің алғашқы махаббатым болатын.» Шынында, біздің арамыздағы бақытты адамның кім екенін білу кімге де болса қызық еді. «Оның қыз күніндегі, сол бір әдемі қыз қалпындағы суретін әрдайым» аялап ұстай бергім келеді. Топырағың торқа болсын, Райхан! Осы жазбамды саған арнадым. Сен енді мәңгілік өмір сүресің! ...Көш керуендей тізіле көптеген жылдар өтті. Бәрін ұмытуға тырыстым. Отбасын құрдым. Әйтсе де, алғашқы сәби махаббатын сыйлаған Райханды ұмыту мүмкін емес екен. «Көктемгі алау гүлдердей алаулаған қыздардың топ ортасында келе жатқан аққұба өңді бойжеткен ерекше назарымды аударды.»

Екі автордың баяндау стилі де түрліше. Оралханда философиялық толғаныс басым, Мұхтар Анарбек повесінде лирикалық милизмдер мен суреттеулер көп. Екі автор да оқиғаны оқырманына (адресатына) жеңіл әлі әсерлі етіп жеткізген. Оралхан екінші автордан айырмашылығы акценттік стилистикалық категорияларды танытатын тілдік бірліктер арқылы бірнеше өмірлік, философиялық ұғымдарды сипаттайды. Қаламгер әңгімені аспирант



қызының ұядай бөлмесіне кірген сәттен бастап өткен оқиғаны сол жерде баяндап аяқтайды. Екі адамның диалогы арқылы ғана әңгіме баяндалады. Оқырманын оқиға желісіне еліктіре отырып, белгілі бір сыр, жұмбақты шешкендей әсер қалдырып, кейіпкерлердің жан-сырын толық ашпайды. Ол міндетті оқырманға қалдырады. Оралхан Бөкей стилистикалық акценттік категорияларды беруде *тым, екен, дегеніміз, осыншалық* сияқты күшейткіш шылауларды қолданған. Уақыт, аппақ дүние, мұң, өзімшілдік, бақытсыздық, өмір, адалдық ұғымдары стилистикалық акценттік категориясы негізінде жеткізген. Стилистикалық акценттік категориялар қаратпа сөздер (меніңше), күшейткіш үстеулер (тым, аса, ерекше), сілтеу есімдіктері (сол), сұрақ белгісі, көп нүкте, сызықша, модаль (екен) сөздер арқылы жасалып тұр. Екі кейіпкердің сұрақ жауабынан құралған диалогтарында стилистикалық акценттік категория көп.

Жазушы М. Анарбек шығармасында стилистикалық акценттік категориялардан өзге стилистикалық коннотациялар көптеп ұшырасады. Жасырын уәж жоқ. Тек сезім легімен жазылған балғын бозбалалық пен студенттік кез әсерлі сипатталған. Екі шығармаға ортақтық – мәңгілік өшпес махаббат тақырыбы. Бірі ескерілмеген махаббат, екіншісі тағдыр тәлкегімен қосылмаған қос ғашықтың махаббаты. Қос шығармада кейіпкерлер өкініші аңғарылады, біреуіне ғашығы Құдайындай болса, біреуіне мәңгілік алғашқы сәби махаббатына айналған. Повестегі стилистикалық акценттік категориялар *қанша дегенмен, сонша, шынында, қанша айтқанмен, шынын айтқанда, екен, ерекше, сол бір, бұл* сияқты лексикалық тілдік бірліктер арқылы аңғарылады. Автор *сәби махаббат, бақытты адам, алғашқы махаббат, қиялшыл студент* түсініктерін оқырманға жеткізуінде стилистикалық акценттік категориялар қолданылады.

Тіл ғылымының өзге салалары сияқты стилистикада да өзіне тән категориялары бар. Стилистикалық категориялар өз деңгейінде толыққанды зерттелмеген, әлі де зерттеуді талап етеді. Стилистикалық акценттік категориялар барлық функционалды стильдерде кездеседі. Стилистикалық акценттік категориялар концептуалды тілдік бірліктердің мағыналық жақтан көңіл аударуын қажет етеді, адресат автордың көзқарасына көз жеткізу сенімділігін көрсетеді, сол арқылы қабылдаушы мен тыңдаушының ортақ түсінікке ие болуын қамтамасыз етеді. Стилистикалық акценттік категориялар әр стильде өзіндік стилистикалық тіл бірліктері арқылы жасалады. Сонымен қатар стилистикалық акценттік категорияларды беретін тіл бірліктерінің әр стильде қызметі ерекшеленеді. Бірақ барлық стильдерде де лексикалық тілдік бірліктердің маңызы зор екендігі аңғарылады [113].

Стилистикалық акценттік категориялардың микроөрістері, теориясы ғылыми стиль айналасында ашылып жазылған. Ғылыми мәтіндер көп талданған. Дегенмен көркем шығармаларды талдау барысында стилистикалық акценттік категориясы кездесетіндігі дәлелденді. Көркем мәтіндерде стилистикалық акценттік категориялар лексикалық тіл элементтері мәселен, күшейткіш үстеулер, қаратпа сөздер, модаль сөздер және пунктуациялар

арқылы жасалады. Әсіресе диалог, абзацтарда жиі аңғарылады. Қорыта келе, көркем мәтін түзуде стилистикалық категориялардың рөлі зор. Автор оқырман, адресант пен адресат арасындағы толық байланысты қамтамасыз етеді. Стилистикалық акценттік категория айтылатын пікір мен ойдың негізгі өзегін айқындауда маңызды рөл атқарады.

### **3.3.1 Көркем мәтіндегі дәстүрлі стереотиптердің прагматикасы**

Тілдік бірліктер ұлттық-мәдени құндылықтарды да қамтитын экстралингвистикалық объектілер туралы ақпарат беретіндіктен, прагматикалық бірліктердің өзі де тілдік дәстүр мен сөйлеу этикетінің мәдени-тарихи шарттарын да, сонымен қатар белгілі бір тілдік мәдениеттің коммуникативтік тактика ерекшеліктерін де қамтиды. Сөйлеу этикеті сияқты коммуникативтік тактикаға да ұлттық-мәдени специфика тән. Ұлттық-мәдени факторлардың әсерінен бірыңғай мәтінтүзуші категорияларға адресаттың ұлттық ерекшелігімен, яғни тұрақталған сөйлеу нормаларымен, әлеуметтік-мәдени факторлармен, стереотиптермен анықталатын түрлі коммуникативтік интенция тән болуы мүмкін.

Функционалды стильдердің тілдік бірліктерінің қатарына арнаулы сөздер мен стереотип сөздер енеді. Стереотип грек тілінен аударғанда «қолтаңба», яғни штамп, шаблон ретінде өзгермейтін, жалпы қабылданған үлгі. Бұл терминді ең алғаш 1796 жылы француз ойшылы Ф. Дидо баспада қолданған. Кейіннен күнделікті тұрмыстық коммуникацияда заттың сынын сипаттауда пайдаланады.

Ғылыми айналымға стереотип ұғымын 1922 жылы америкалық жазушы У. Липман енгізген. Жазушы «Қоғамдық пікір» еңбегінде стереотипті адам баласының ойында қалыптасатын стандартты образы, қоршаған айналасы туралы кішігірім танымы деп түсіндіреді. Сонымен қатар стереотип бүкіл әлемнің бейнесін емес, адам тек өзі дағдыланған әлемнің бейнесін ғана қалыптастырады деген пікір қозғайды. Осыдан бастап стереотип ұғымы тіл білімі, әлеуметтану, психология, мәдениеттану және этнология сияқты ғылымдардың зерттеу нысанына айнала бастады.

Тіл білімінде стереотип сөздердің рөлі жоғары және екі мағынада түсіндіріледі. Біріншісі, белгілі бір тілдік жағдаятта қолданылатын, қалыптасқан стандарт тілдік бірліктер. Стереотиптер көбінесе ғылыми, ресми, публицистикалық стильдерге тән болып келеді. Ал, екінші семантикалық мағынасын қарастырсақ, стереотип белгілі бір адам, зат я оқиға аясында қалыптасқан стандартты бейнесі болып табылады. Мәселен, «немістер ұқыпты», «финдықтар баяу», «ағылшындықтар мәдениетті», «итальяндықтар қызуқанды», «адайлар дөрекі», «наймандар қу» т.с.с. жаттанды, адам санасында жылдап я ғасырлап сіңіп қалған мысалдар қоғамда толып артылады. Сонымен қатар стереотиптердің бірнеше өзіне тән қызметі бар:

1) Ақпараттық қызмет. Субъект стереотиптер арқылы өз көзімен көрмеген адам я зат, тіптен мәдениет жайлы пікір қалыптастыра алады. Сол алынған

ақпарат арқылы қоршаған ортада я өзге мәдениетке тез бейімделіп кетуіне оң әсерін тигізеді.

2) Шек қоя білу. Стереотиптердің қандайда бір тұлғаның, мәдениеттің жеке басыңызға жақын немесе алыс екендігін танытуда маңызы зор. Кез келген адам үшін өзінің мәдениеті я таныс адамдары өзгелерден жақын, оң пікір қалыптастырады. Себебі адам психологиясында уақытпен тексерілген адам я ортасы жақын әрі жайлы келеді де, өзгесі сонымен салыстыру барысында ғана оң не терісі анықталады.

Тіл біліміндегі стереотип сөздер, соның ішінде дәстүрлі стереотиптер адам танымында ғасырлар бойы қалыптасып күні бүгінге де қолданып келе жатқан, ұлттың болмысын, тіршілігін, дүниетанымынан хабар беретін тілдік бірліктер. Олар тіл білімінің бүкіл саласын қамтиды. Барлық функционалды стильдерде де кездеседі.

Стереотип сөздер секілді штамптар мен клишелер ресми публицистикалық стильдерде молынан қолданылады. Мысалы: *бекітілсін, жауапкершілік жүктелсін, жарамсыз деп табылсын, орындауға жіберілсін, рұқсат етілсін, қамтамасыз етілсін, шара қолданылсын*, т.б. Қазіргі таңда клишелер, шаблондар түрлі құжаттарды жазуды жеңілдетуде ыңғайлы болып отыр.

Сөйлеу стереотиптерінің сипатының бірден бір белгісі қайталаушылық, яғни кей жағдайда айырмашылығы болуы мүмкін. Шамадан тыс қайталаушылық сөйлемдерді ақпараттылығын жоғалтуға және қызметін атқара алмаушылыққа жеткізіп, толығымен дұрыс және бұрыс мәнерін сақтап ғана қалады. Клише, аздап немесе толықтай ақпараттылығын жоғалтқан тілдік құрал ретінде жаңа сапаға ие болады, семасиологиялық байланыссыз; дәл осындай клишені штамп деп атайды. Штамптар қатарына кез келген клише кіруі мүмкін, яғни кез келген жиі қайталанатын стереотипті сөйлеу штамп бола алады [114, 66 б.].

Стереотиптер белгілі әлеуметтік құбылыс пен объектіге берілген стандартты образдар. Әдетте олар эмоциональды бояуға қаныққан, тұрақтылығымен ерекшеленеді. Олар белгілі бір құбылысқа адамның әлеуметтік шарттар мен өмірлік тәжірибесі нәтижесінде көз жеткізген қарым қатынасын білдіреді [115, 3 б.].

Зерттеушілер стереотиптерді бірнеше түрге бөледі. Атап айтсақ: этникалық стереотиптер, этномәдени стереотиптер, коммуникативтік және мінез-құлық стереотиптер, ділдік стереотиптер, тілдік стереотиптер.

Этникалық стереотиптер – белгілі бір тілде өз орны бар, сол тілде сөйлеушінің тіліне оралып тұратын, оның әлем бейнесі туралы түсінігінің, өзіндік тілдік білімінің құрамдас бөлігі.

Этномәдени стереотиптер – қандайда бір халықты сипаттайтын ерекшеліктер туралы жалпыланған көрініс.

Коммуникативтік және мінез-құлық стереотиптер – тілдесім үстінде кездесетін әлеуметтік, мәдени, психологиялық, коммуникативтік маңызы бар стандартты сөйлеу ережелері мен олардың дайын, үнемі қолданыстағы

нұсқалары жатады. Бұл ережелерді білмей тұрып, өзге мәдениет өкілімен тілдесу өте қиын.

Ділдік стереотиптер – Адам санасындағы тұрақты ұлттық-мәдени елестетулер.

Тілдік стереотиптер – Сөйлеу клишелері, прецеденттік аттар, олардың коннотациялары жатады.

Г. О. Сейдалиева «Мерзімді баспасөздегі стереотиптердің лингвопрагматикалық ерекшелігі» зерттеу жұмысында стереотиптерді дүниені тану барысындағы жүзеге асырылатын когнитивтік модельдердің тізбектелген үзінділері болып саналады дейді де оның қызметтерін былайша жіктейді:

- стереотиптер әрқашан экплицитті болады;
- стереотиптер персуппозицияда айқын көрініс табады;
- стереотип мәні код астарында жасырын болады;
- стереотиптер коммуникативтік қарым-қатынасты жеңілдетуге, түсінікті орнатуға негіз бола алады [114, 61 б.]. Сонымен қатар жұмыста этнеостереотиптер мен ұлттық (дәстүрлі) стереотиптердің айырмашылығын айқындалып, ұлттық стереотиптерді мазмұндық деңгейіне сай этикеттік, мінез-құлықтық, эмоционалды деп топтастырады.

Ұлттық (дәстүрлі) стереотиптер өзге стереотип түрлеріне қарағанда бір ғана ұлттың болмысы мен танымында жинақталаған ұғымдар мен ерекшеліктер. Сонымен қатар ұлттық стереотиптер еңбектерде дәстүрлі, халықтық стереотиптер деп те қолданылып жүр.

Қазақ тіл білімінде дәстүрлі стереотиптер көбіне публицистикалық, ауызекі сөйлеу мен көркем әдеби стильдерде жиі ұшырасады. Дәстүрлі стереотиптердің қоймасы – көркем мәтін. Себебі кез келген автор тілінің көркемдігін, ұлттың бітім-болмысы мен танымын, рухын танытуда дәстүрлі стереотиптерді түпсаналы түрде қолданады.

Көркем мәтіндердегі дәстүрлі стереотиптердің жұмсалу қызметі мен мағыналық ерекшеліктеріне қарай мынандай топтарға жіктеуге болады:

1. Салт-дәстүрге қатысты сөздермен берілетін стереотиптер: *сыңсып тұрды, кәдеге жарамады, бұйымтайыңды айт, ұзатып салды, қайғының тұсауында*
2. Саятшылыққа қатысты сөздермен берілетін стереотиптер: *тақымын жазды, қамшылап кетті*
3. Діни таным мен наным-сенімге қатысты сөздермен берілетін стереотиптер: *Құдайға шүкір, Тәңірі берді, Алла-ай,*
4. Жекіру, боқтау, мұқату формасындағы ұлттық стереотиптер: *малғұн, нақұрыс, иттің баласы, атаңа нәлет, енеңді, сайтан, қанишық, оңбаған, көргенсіз.*
5. Еркелету, жұбату, сыпайылық таныту мағынасында қолданылатын стереотиптер: *қалқам, қарағым, шырағым, айналайын, қарашығым, өркенің өссін.* Олар ішінара төрт-түлік малға қатысты сөздермен берілетін стереотиптер: *ботам, лағым, қозым, тайлағым, құлыным, серкем,* адамның жаны мен тәніне қатысты сөздермен берілген стереотиптер: *жүрегім, жаным, бауырым, бауыр етім, жанарым.*

«Түк кәдеге жарамдың,-деп Нариман оң қолы Арланды бір сөгіп алды.» (А. Рақыш) «Кәде» сөзі тұрмыс-салтқа байланысты жасалатын сый-сияпат түріндегі ырым-жоралар (түсіндірме сөздіктен). *Кәдеге жарау* тіркесі бір пайдасына жарату, жұмсау мағынасында қолданылады. Ал автор дәл осы тілдік бірлікті қолдану арқылы кейіпкердің еш пайдасы тимегендігін, сол оқиғадағы жарамсыз мүшкілін танытып тұр.

Халықтық (дәстүрлі) стереотип сөздердің өне бойында сол халықтың мінезі мен болмысы байқалып, өзге тілге аударуға келіңкіремейтін тілдік бірліктер болып саналады. Мысалы: – *Қарашығым-ау!* – деді еңгезердей азамат. *Қарғам-ау, не деп отырсың? Білемісің?! – Кеңе... Кеңе екенбіз біз, – деді Махмұт жағын қышырлата жанып* (Асқар Алтай). Мұндағы қаратпа мәнді дәстүрлі стереотиптер дәлме-дәл аударылмайды. Және сөздіктердегі түсіндірмесі: Қарашығым – 1.бала, сәби, перзент. 2.Қарағым, қалқам, күнім деген мағынада айналып-толғану, жақсы көру нышанымен айтылатын атауыш сөз. 3. Ата-ананың не жасы үлкен адамның қайтыс болған баласын жоқтап айтатын «жалғызым», «құлыным» деген мағынадағы жоқтау мәнді атауыш. Автордың қаратпа мәнді дәстүрлі стереотип сөзге –ау демеулігін жалғап және леп белгісін қойып қолданылуы кейіпкердің перзентіне деген назы мен зілді өтінішін аңғартады. Автор ойы бір ғана сөздің айналасында байқалып тұр. Яғни, дәстүрлі стереотиптер мәтінге я сөйлемге стилистикалық реңк қана беріп қоймай, мәтіннің прагматикалық әлеуетін күшейте түседі. Келесі «қарағым» сөзінің мағынасы: 1. Қалқа, шырақ деген мағынадағы еркелету, жақсы көру мәнінде, әдетте жасы үлкен кісінің өзінен кіші адамға айтылатын қаратпа атауыш. 2. Көздің қарасы, қарашығы. 3. Ашкөз, тойымсыз, мешкей. Бұл дәстүрлі стереотип сөз арқылы қазақ халқының перзентін көзінің қарашығына теңегенін сол себепті де қарғам, қалқам, қарашығым деген сөздер ауызекі сөйлеуде жиі қолданылады. Алайда көркем мәтінде әкесінің баласына айтылған сөзі болса, қазіргі таңда урбандалған аймақтар мен қалаларда тек үлкен қартаң жастағы кісінің жасы кішіге қарата айтылатын тілдік бірлігіне айналып бара жатыр. Еркелету мәнінен гөрі өтініш білдіру формасында кеңінен қолданылып барады. Мәселен, *Қарағым, шетке тұрасың ба, өтіп кетейін! Қалқам, мынаны беріп жіберші, өтініш!*

*Марғау аузын ашты. Қансыраған Марғаудың әлде ұлығаны, әлде үргені, әйтеуір ит табиғатына жатпайтын бір дыбыс өзеннің арғы бетінде ұзақ уақыт сыңсып тұрды.* (С. Шаймерденов «Ит ашуы»)

*Түстік қанатында сыңсыған қара орман, қара орманның төрінде ұшар басы күмісше жалтырап Ақшоқы қасқаяды.*(Ә. Асқаров «Өр Алтай, мен кайтейін биігіңді...»)

Бұл мысалдан дәстүрлі стереотип сөздің ұлтымыздың сыңсу айту дәстүрімен байланысты автор қолданысында жаңа қызметке ие болып отыр. Автор жылап я ызындап тұрды деген ауызекі сөзді халықтың танымы мен жадында сақталған сыңсу (ұзатылған қыздың ел-жұртымен қоштасардағы айтатын жыры, тұрмыс-салт дәстүрлерінің бірі) сөзіне –ып тұрды формаларын

жалғап, жаңа тіркес жасап отыр. Дәстүрлі стереотип сөздер оқырман қиялын ұштап, көркем мәтіннің прагматикалық әсерін арттырады.

*Абай енді ыза болды. Қатты зекіп сөйледі.*

*- Жә, ішер асыңды іштің! Айтарлық, құдай аманаты, бос мылжың сөзіңді айтып болдың. Енді тұр, тарта бер! Менде не ақың бар? Кімді халқым дейтінімді сендердің біліп нең бар! Бар, бара беріңдер! – деді де, үш Ырғызбайды суық көзімен, қатал түсімен қаймықытырып осы үйден ұзатып салды. (М. Әуезов)*

«Абай жолы» романында дәстүрлі стереотиптерге қатысты сөздер, тіркестер мол ұшырасатыны белгілі. Ал мына мысалда суреткер кейіпкер ызасын, эмоциялық хал-ахуалын бейвербалды амалдарды суреттеу арқылы ерекше жеткізіп отырады. *Суық көзімен ұзатып салды* дегенді қарапайым формасында шығарып салды деуге келеді. Алайда автор шығармасын халықтық сипатқа дейін көтеру мақсатында да ұзату (дәстүр бойынша қызды күйеуге беру) бірлігін ұтымды қолданып тұр. Енді келместей ашумен шығарып салған халі халқымыздың қыздың қайта келгенін мақұлдамаған ұғымымен де ұштасады.

Дәстүрлі стереотиптер халықтың салты мен дәстүрінен өзге ертеден айналысқан кәсібінен де хабар береді. *Лезбай аттан түсіп, біршама жаяу жүріп, тақымын жазды* (С. Шаймерденов).

*Тортай мінер ақ боз ат менің тақымымда кеткендей еді... иесіне қайтаруға кеш еді...* (О. Бөкей).

Мысалдағы тақым сөзі тізенің астыңғы, ішкі жағын білдіргенмен, ат үстінде ғасырлар бойы күн кешкен халық танымында тақым қағар деген ұғым бірден оралады. Ол дегеніміз атқа мінерде тақым тимеу үшін былғарыдан, киізден жасалған зат (түсіндірме сөздіктен). Жазушы тізесін жазды деп те берсе оқырманына түсінікті болар еді. Алайда оның прагматикалық әсері болмас еді.

*Құдайым-ау, олардың өздері де тапқанын шашып алмайыншы, түсіріп алмайыншы деп ұясына қарай бастары қалтақтап ұшып келе жатқан құс емес пе?* (Т. Нұрмағанбетов)

Стереотип сөздер халықтың діни сенімін, нанымынан да қалыптасады. Әр халықта ол түрлі сөздер, оралымдар мен тіркестер арқылы сипатталады. Жоғарыдағы «Ауғандық құстар» әңгімесінен алынған үзіндіде автордың оқиғаға көзқарасын танытуда *құдайым-ау* сөзі қолданылады. Автордың аяныш пен мүсіркеу позициясын бір ғана сөз арқалап тұр. Құдай, Алла, Жаратушы сөзі тек жоғары күшке қаратып айтылатын діни сенімге негізделген бірлік қана емес, түрлі эмоциялық позицияларды айқындаушы дәстүрлі стереотип сөздерге жатқызуға келеді. Себебі ұлты қазақ діни сенімінде Құдай, Алла, Жаратушы, Тәңір сөздері бұрыннан тілімізге сіңген атаулар. Мысалдағы *құдайым-ау* бірлігі *ойбай-ау, обал-ау* деген сөздердің орнын алмастырып тұр.

*Атаңа нәлет, сарсақал мәлгүн...- деген келіссөз болса да ерлік жігер құятын шоқпардай сөз Әбдірахманның аузынан еріксіз шығып кетті.* (Х. Есенжанов)

- *Ой, Нұрымжан, айналайын, қоя бер. Қой қарағым, қой қате болып бір жерімді мертіктіріп алармын, - деп шырылдай қалды Бекей.* (Х. Есенжанов)

Кез келген ұлт қолданысында өздеріне тән жағымды, жағымсыз эмоцияны танытатын *атаңа нәлет, мәлғұн, айналайын, қарағым* т.с.с. өзгеріссіз шаблон сөздер секілді жеке танымына сіңген сөздер бар. Қазақ тілінің дыбыстық жүйесінде я қолдану жиілігіне қарай диалектикалық айырмашылық танытпаса, көркем мәтіндерде кейіпкерлер образындарының шынайылығын я мінез-кұлқын ашуда рөлі зор.

Ата-ана – халқымыздың танымында ең қадірлі де қасиетті ұғым. Әке мен анаға қаратылып қолданған анайы сөздер әрқашан коммуникацияға түсушілердің бір-біріне деген ашу-ызасын оятады. Атаңа нәлет сөзінің астарында «сенің атаңа лағынет!» деген қарғау жатыр. Ал малғұн адамгершіліктен жұрдай, қайырымсыз дегенді білдіретін сөз. Көркем мәтінде бас кейіпкердің бірі қарсылас жауына деген өшпенділігін осындай зілді ауыр сөздермен көрсетеді. Сөз құдыретін атам заманнан білген халқымыз қарғыс айтуда да абай болған. Дегенмен аталған қарғыс сөздерді коммуниканттар күнделікті тұрмыста уәжсіз қолданып жатады. Сөйлеу мәдениетімізде сөздердің қолдану орны мен жөнін білмегендіктен болса керек.

Халық танымында жағымды эмоцияны танытатын сөздер мен тіркестер мол. Қазақ халқында олар жан, тән және өмір сүру салты, жан-жануар мен төрт-түлік малды қастерлеуінен туындаған сөздер. Ондай сөздерді де дәстүрлі стереотиптерге жатқызуға келеді. Мысалы, *айналайын* сөзі ешқандай тілде қолданылмайтын, нақты аударып, түсіндіруге келмейтін қазақ ұлтына ғана тән ұғым. Этнографтар бұл ұғымды көне түркі дәуірінен бастау алған дейді де, жаман дертке шалдыққан кәрі кісінің жастарға қаратып айтқан сөзі деп сипаттайды. Ол «сенің жолыңда менің жаным құрбан», «саған келген пәле маған» деген мағынада жастарды аман алып қалу үшін жасалған ырымнан туындаған екен. Тілдік қолданыста «айналайын» *қарағым, қалқам* сөздерімен мағыналас қолданылады. Қазіргі кезде интонациялық, тондық өзгешелігіне сай айтылуы *айналайын* сөзінің жағымсыз да реңкін танытып отыр.

*Бұның арғы төркінің түсінбеген Нариман жеңімпаз райман кеудесіне нан пісіп, келесі жоспарын іске асырмақ болды. Ұстаздардың басым көпшілігінің және Жомарт ағайдың Дастанға ерекше ықылас танытқандары Нариманның жүрегіндегі қызғаныш сезімінің өшпенділікке айналуына түрткі болды* (А. Рақыш). «Төркін» сөзі тұрмысқа шыққан қыздың ағайыны, туған-туысы; түпкі негізі, шыққан жері, басты арқауы деген мағына білдіреді (түсіндірме сөздіктен). Сөйлеу тілінде *сөз төркінің түсінбеу* деген қолданыс бар. Ол *қыздың төркіндетіп кету, келуіне* деген тіркеспен мағыналық байланысы жоқ. Алайда көркем шығармада қолданылып отырған «төркін» сөзі қазақтың туыстық атауынан алынған дәстүрлі стереотип деп тануға болады. Мысалдағы төркін сөзі түпкі ойын, астарын түсінбеу деген ауызекі стильге жақын жалпақ сөздердің орнына қолданылған.

Автордың даралығын танытатын да дәстүрлі стереотип атанған сөздер және халықтың тұрмысы мен ата кәсібінен хабар беретін күрделі тіркестері мен

теңеулерінің де адресатқа әсер ету, қиялын ұштау сынды прагматикалық қызметтері ашылады. Мәселен, Ә. Асқардың «Өр Алтай, мен қайтейін биігінді» деген хикаятында *қысыр қалған қырсық ағаш, қазір ауыл іші қотыр тайдың жон арқасына ұқсайды, қойдан жуас, жылқыдан торы боп қапты* деген тіркестері қазақтың ата кәсібі мал бағу ісі тілімізде көрініс тауып отыр.

Дәстүрлі стереотиптер халықтың танымын, болмысын әр ұлттың салты мен дәстүрінен, пайым мен түсінігінен хабардар ететін тілдік бірліктер, ассоциотивтік ұғымдар. Көркем шығармада автор дәстүрлі стереотиптерді қолдана отырып, біріншіден, әдеби тілді меңгеру деңгейін, екіншіден оқырманға (адресатқа) ұлттың рухын танытады, насихаттайды. Дәстүрлі стереотиптердің көркем мәтінде тіл нормаларына сай жұмсалуды шығарманың прагматикалық қуатын арттырады. Оқырман дәстүрлі стереотиптерге қатысты түсінбеген ұғымын қайта оқып, сол сөйлемге қайта оралып отыруы оқырман (адресат) санасында жаңа ақпараттарды жинақтайды. Бірақ оқырман (адресант) дәстүрлі стереотип сөздерді уәжсіз, оқырман назарын аударту мақсатында қолданбағаны жөн. Ондай мақсатты арқалаған мәтін оқырманын (адресатын) жалықтырып, шығарманы оқу, түсіну процестерінің үзілуіне, немесе қабылдауына қиындық келтіруі мүмкін.

### **3.4 Көркем мәтіндегі автор образы категориясы**

Көркем мәтіннің адамтанымдық табиғаты оның көп субъектілігі мен диалогтылығын көрсетеді. Мәтін диалогтылығы оның құрылымы мен мазмұнынан аңғарылады.

Мәтінді адамтанымдық бағытта зерттеудің екі бағыты бар: тексттің ішкі коммуникациясы (кейіпкерлерге бағытталады) және сыртқы коммуникациясы (автор мен оқырман (адресат) деңгейінде).

Автор көркем шығармада мәтіннен тыс әдеби коммуникация субъектісі болса, оқырман – мәтіннен тыс диалогиялық қатынасқа түсетін субъект. Ал мәтін – автордың алғашқы коммуникативтік әрекетінің жемісі (туындысы) және оқырманның екінші коммуникативтік әрекетінің нысаны (қабылдау, түсіндіру, мәтін интерпретациясы). Осыған орай әдеби коммуникацияның бірбүтін компоненты автор мен адресат бір-бірімен тығыз байланыста.

Мәтінді автор өзі үшін емес, өзгелердің оқуы үшін жазады. Кез-келген құпиялы күнделік авторының өзі де ішкі күйзелістерін шынайы түсінетін оқырманын іздейді. Мәтін құрастырушының мақсаты – мәтіннің оқылуы, оқырманын табу. Жазылған мәтін артынан оқылуын талап етеді. Бұл тұста «қарым-қатынас үйлесімділігі» ұғымы қалыптасады. «Қарым-қатынас үйлесімділігі» адресант пен адресаттың интеллектуалды, эмоционалды, эстетикалық қатынасы және шығармашылық белсенділігінен туындайды.

Автор мәтін құрастыру барысында ойша мінсіз оқырманмен диалогқа түседі. Мінсіз оқырман дегеніміз автор интенциясын қабылдаушы адекватты санаға ие әдеби коммуникация субъектісі. Мәтін құрудың әр кезеңінде автор санасында шығарманың коммуникациялық стратегиясы, эстетикалық қатынасқа түсетін оқырманның тілдік тұлғасы тұрады. Автор шығарма жазу



барысында ешқашан оқырманын ойдан тыс қалдырмайды. Мәтіннің оқылу процесі автор мен оқырманның «менмені» сәйкескенде ғана жүзеге асады .

Сыртқы әдеби коммуникацияның кілтті ұғымы – автор және адресат (оқырман, тыңдарман, интерпретатор, реципиент және т.б.). Адресаттың мәтінді қабылдауы, түсінуі, интерпретация негізінде байқалады.

Қабылдау – шығармашылық танымның күрделі, әрі бірнеше деңгейден тұратын ерекше жағдайы. Оқырман мәтінді қабылдау барысында автордың сөздік қорына ғана қанықпайды, әлемді танудың эстетикасы мен тезаурусына да (бір тілдің бүкіл лексикасын сипаттауға арналған сөздік; ғылымның бір саласының адам не ұжым жинаған ұғымдарының жиынтығы) қанығады.

Түсіну – көркем шығарманың мазмұндық мағынасын меңгеруі, қабылдауы. Бұл процесс үдемелі сипатқа ие. Көркем шығарманы түсіну концептуалды мазмұнына терең еніп, автордың көркем идеялық ойын, эстетикалық мақсат-ниетін тану. Кез-келген мәтін астарында жұмбақты ойлар ұшырасады. Оларды тек оқып, терең түсіну барысында ғана анықтауға болады. Оқырман автордың кей ойларымен іштей келіспейтін тұстары кездеседі. Коммуникативті әдеби диалогтың ерекшелігі де осында. Оқырманның толықтай келісуі я келіспеуі тек терең түсіну процесінің нәтижесінде туындайды.

Көркем мәтінді түсіну интерпретация ұғымымен байланысты. Мәтін интерпретациясы үдемелі (динамикалық) де, статикалық та процесс. Интерпретация теориясы жеке индивидтің әлемді тану санасына бағытталады. Бұл теория негізін В.З. Демьянков еңбектерінен аңғара аламыз. Ғалым интерпретацияны ой елегінен өткен сөйлеу өнімі ретінде қарастырады. Интерпретацияның мақсаты автор мен адресат арасындағы үйлесімді (гармониялық) қарым-қатынас орнату деп көрсетеді [116].

Көркем мәтін – көптеген интерпретацияға ие ерекше психо-эстетикалық феномен. Автор көркем мәтінде өзінің әлем туралы білімін тілдік амалдармен жеткізеді. Интерпретация – автордың индивидуалды көзқарасы, танымымен шынайы өмірді сипаттауы. Автор интерпретациясы тек лингвистикалық емес, экстралингвистикалық факторлармен де анықталады. Экстралингвистикалық факторларға көркем мәтіннің жазылу уақыты, ұлттық-мәдени дәстүрі, автор тұлғасының психологиялық ерекшеліктері мен оның түрлі философиялық көзқарастармен байланысы, әдеби бағыты мен мектебі т.б. жатады.

Оқырман көркем мәтін авторының ойын жете түсіну үшін өз мүмкіндігіне сай тілдік, мәдени, әлеуметтік компоненттерінің елегінен өткізеді. Яғни, көркем мәтіннің интерпретациясы шығармадағы көркемдік, эстетикалық және мағыналық жақтарын оқырман арқылы сіндіру. Ол тілдің барлық деңгейінен: фонетикалық, морфологиялық, лексикалық, синтаксистік көрінеді. Алайда автор ойы мен мәтінді түсіндіру арасында саңылау/ алшақтық болады. Біріншіден, оқырман мен автордың аялық білімі, әлемді тануында айырмашылық болады. Екіншіден, автор мен оқырман арасындағы шығармашылық түсінісу процесінің өзгешелігі.

Оқырманның екінші коммуникативтік әрекеті мәтін мазмұнын түсінумен шектелмейді, субъективті-авторлық интенцияны игеруі, екі жақты шығармашылық байланысқа түсуі (сана диалогы) маңызды. Диалогтау концепциясының негізін қалаушы М.М. Бахтин: «Мәтіндегі өмірлік оқиғалар екі сананың, екі субъектінің айналасында дамиды» деп түсіндіреді.

Көркем мәтінді коммуникативтік зерттеу нысаны ретінде зерттеудің негізінен мынандай сипаттамалар туындайды:

- 1) оның антропоэзектілігі;
- 2) мәдени табиғаты;
- 3) автордың әлем жайлы бейнесін көркем түрде жеткізуі;
- 4) көркем мәтіннің ассоциативтілік табиғатынан адресаттың ойлау, сөйлеу процестерінің дамуы;
- 5) информация генераторы (ақпарат қоймасы);
- 6) көркем мәтіннің көп аспектілі интерпретациясының негізін айқындаушы түрлі күрделі кодтар жүйесін қамтуы: тілдік, заттық, эмотивтік, коммуникативтік, мәдени, эстетикалық [117]. Сонымен көркем мәтін – автордың ойлауы мен сөйлеу процестерінің нәтижесінде қалыптасқан, тілдік амалдардың барлық деңгейінен көрініс табатын эстетикалық, концептуалды, коммуникативтік маңызды ақпараттарға ие адресаттың (оқырман) таным объектісіне айналған ерекше коммуникация формасы.

Көркем мәтіндердегі автор образы түрлі позициялардан талданып зерттеледі. Себебі автор шығармада өзін әр түрлі қырынан таныта алады. Автор туындысының әрбір деңгейінде көрініп те отырады.

Автор – көркем шығарманы тудырушы өмірде бар тұлға. Сондықтан да жазушының биографиясы мен әдеби мұрасы көпшілікке ұсынылады. Биографияда белгіленген автор шығарма авторының образымен сәйкеспеуі де ықтимал. Себебі шығарма авторы мен көркем шығармадағы автор образы деген екі түрлі ұғым. Ол туралы академик Р. Сыздық: ««Автор образы» – тіл жағынан алғанда, көркем шығарманың мағыналық стильдік дінгегі. («автор образы» деген мен «шығарма авторы» бір емес екендігін ескерту артық болар). «Автор образын» анықтау дегеніміз – сол шығарманы стилистика тұрғысынан талдау деген сөз. «Автор образын» шығарманың баяндау стилінен, диалогтар мен монологтерді беру үлгісінен, экспрессивтік-стильдік элементтерінен көріп, тануға болады. Қысқасы, «автор образы» – лингвостилистикалық проблема.»[118] – деп көрсетеді. Ғалым автор образы мәселесін қозғайды да, көркем шығарманы құрылымы жағынан баяндау және диалогтер деп бөлінетіндігін айтып, көркем прозадағы баяндаудың төрт түріне (баяндау автордың өз атынан, баяндау әңгімелеуші кейіпкерлердің атынан (бірақ стильдік бояусыз), әңгімелеуші кейіпкер аталмайды, бірақ баяндау стилі сол кейіпкердің көзқарасымен (бағалауымен, тануымен т.т.), әңгімелеуші аталады да шығарма сол кейіпкердің аузымен баяндалады) тоқталып өтеді. Ал Г. Смағұлова академик Р. Сыздық ойын: «Әр жазушы өз шығармасын жазуда өзіндік таным болмысымен, айналада қоршаған ортаға, яғни дүниеге қалыптасқан белгілі бір идеялық өз көзқарасы бойынша сюжет құрып,

баяндайды. Ал оның шығармада көрінуі көркем тілдік құрылыммен жүзеге асырылады. Мысалы, оқиғаның 1-жақ немесе 3-жақта жеткізілуі, шығарма оқиғасының баяндалу кезіндегі ауқымдылығы, оқиғаның айтылу кезіндегі ішкі даусы реңкі (әзіл, кекесін) мен әуезділігі. Автор бейнесі мен шығарманың композициялық стилистикалық құрылымын баяндаудың түрлерімен жасайды» [119, 70 б.] – дейді де, баяндау түрлерін хабарлау (әңгімелеу), суреттеу, пайымдау, диалог деп жіктейді.

Көркем шығармадағы автор бейнесі – көркем тілдік категория. Автор бейнесі жөнінде белгілі орыс ғалымы В.В. Виноградов: « Образ автора – эта та цементирующая сила, которая связывает все стилиевые средства в цельную словесно – художественную систему»[120] – дейді.

Автор бейнесінің көркем шығармада алатын орны ерекше. Автор бейнесі стильдік ерекшелік пен қатар, шығарманың бүкіл құрылымымен тығыз байланыста. Сонымен қатар көркем шығарманы оқырманмен тығыз байланыстыратын көпір десек те артық айтпаған болар едік. Себебі белгілі жүйеде құрылған оқиға өзінің даму барысымен оқырманды қоса жетелеп отырады. Осыған орай, әр жазушының өзіне тән сөз қолдану, сөйлем құрау ерекшеліктері, стилі болғандықтан, жазушылардың еңбектерінде автор бейнесінің байқалу дәрежесі де әр қилы. Автор бейнесі кез келген шығармада болады және ол сол шығарманың тілдік құрылымымен, жазушының стилімен тығыз байланысты. Автор бейнесі тіл жағынан алғанда көркем шығарманың мағыналық стильдік дінгегі болып табылады [120, 204-205 б.].

Автор образы мәселесін қазақ тіл білімінде Р. Сыздық, Е. Жанпейісов, М.Серғалиев, Б. Шалабай, Х. Кәрімов, Смағұлова Г., Жусанбаева С. т.б зерттеуші ғалымдардың еңбегін қарастырса, орыс тіл білімінде В.В. Виноградов, Г.О. Винокур, М.П. Брандес, А.Л. Шанина, Е.Ю. Геймбух, Л.А. Новиков, Е.П. Тетюхин, Л.В. Малов, Н.В. Драгомирецкая, С.Н. Филюшкина, Ю.М. Проскуриналар атауға болады.

Қазақ тіл білімінде автор образы деген терминді автор бейнесі деп тәржімалап ғылыми еңбектерде қолданған. Атап айтқанда профессор Б.Шалабайдың [121] докторлық диссертациясында автор бейнесін көркем әдебиет тілінің ішкі сапалық қасиеттері мен заңдылықтарын анықтауға мүмкіндік беретін категория ретінде сипаттайды. Зерттеуде ғалым В.В. Виноградов тұжырымдарына сүйене отырып, автор бейнесі жазушының дара стилін, тілінің көркемдігін айқындаудағы маңызын ашады.

Көркем шығармада мәтін түзіліс шарттарын айқындаған Р. Сыздық модалділік реңк деген термин сөзді пайдаланады. Ғалымның модалділік реңк дегені сөйлеушінің айтылған ойға жағымды, жағымсыз көзқарасын білдіретін мағыналық реңктері. Ол реңктер жеке сөздердің өз бойларында (лексикалық мағынасында) да болады немесе шылау, одағай, көмекші есім, көмекші есімнің шырай тұлғалары, дауыс әуені (интонация) сияқты лексикалық-грамматикалық құралдар арқылы да беріледі[ 122, 77 б.].

Автор образын көркем мәтіндер арқылы талдау оңай емес, алайда өте өзекті. В. Виноградов автор образын мәтін құрастырудағы тілдік

ерекшеліктерін талдаудан тани аламыз деген пікір айтады. Ғалымның ойынша автор образы автордың тақырыпқа деген қарым-қатынасынан айқындайды. Сондай-ақ автор образы көркем шығарма стилінен көрінеді. Демек, авторлық позиция немесе авторлық модалділік дегеніміз автордың шығармасына, туындысына қатынасы. Ол шығарманың мазмұнынан аңғарылып отырады. Автор модалділігінің сипаты шығарма тақырыбынан, кілтті сөздерден, атау есімдер мен ремаркалар анализі арқылы ашылады [121].

Жалпы тіл білімінде модалділік категориясына қатысты зерттеулер француз тілшісі Ш. Баллимен байланысты. Ғалым ешбір сөйлесім мен сөйлемнің модалділігі болмаса мән беруге тұрмайды деген ой қозғайды. Ол модалділіктің субъективті және объективті түрлерін анықтауға жол ашқан модус пен диктумның мағыналық құрылымын талдауды ұсынады [123, 48 б.].

Орыс тіл білімінде мәтін модалділігі туралы алғаш И.Г. Гальперин мәселе көтерген. Ал көркем мәтіндегі автор модалділігін терең талдаған Л.Г. Барлас автор модалділігін мәтіннің семантикалық категориясына жататын автордың ішкі әлемін ашудағы рөлін атап: «в художественном тексте действительность получает выражение не прямо, а через художественную модель мира, в которой явления жизни оказываются сопряженными с художественным вымыслом автора» - деген пікір келтіреді [123, 49 б.].

Мәтін модалділігі категориясы әрқашан дара, эксплицитті түрде көріне, беріле алмайды. «Фразалық модалділік грамматикалық немесе лексикалық құралдармен берілсе, мәтін модалділігі ерекше тәсілмен жұмсалған осы құралдармен қатар кейіпкерлер мінездемесі, айтылымдардың предикат және релятив бөліктерінің өзінше орналасуы, сентенциялар, нақыл сөздер, мәтіннің жекелеген бөліктерінің өзектенуі және т.б. көрсетеді [124, 141 б.].

Модалділік – сөйлеушінің ақиқат шындыққа, өз ойының немесе өзі берген ақпараттың ақиқаттығына, сенімділігіне, күмәнділігіне және субъектінің іс-әрекетті орындауының мүмкіндігіне/мүмкін еместігіне, қажеттілігіне, болжалдылығына көзқарасын, сондай-ақ субъектінің осы іс-қимылдың орындалуын/орындалмауын қалауын немесе оны жүзеге асыруға/асырмауға бұйрық беруін білдіретін тілдік категория. Демек модалділік сөйлеуші көзқарасын ақиқат шындыққа реалдылық/бейреалдылық тұрғысынан сипаттайтын өрістерден құралған кешенді категория болып табылады [7].

Автор образы мәселесі аясында А.Б. Есин авторлық позиция, авторлық баға және авторлық идеал термин сөздерін қолданады. Мұндағы автор идеалы дегеніміз жазушы ойындағы, қиялындағы автордың барлық арманына сай адам. Автор идеалы ұғымы мәтін шекарасынан асып кететіндіктен автордың «әлемді тану» ұғымына жақын. Бұл ұғым айналасында көркем мәтін – әлем танудағы авторлық метафора болса, ал адам – эмоционалдық тұрғыдағы бағалаушысы. Автор шығармашылығы оқырманына бағытталғандықтан белгілі бір прагматикалық мақсатқа ие. Автор прагматикасы мәтін прагматикасына (стиль мен жанр) ықпал етеді.

Мәтін тілінің анализі сонымен бірге идиостиль ұғымымен де байланысты. Идиостиль автордың тілдік амалдарды таңдауы, баяндау

ерекшеліктерін қарастырады. Автор образы мәтіндегі автор орны мен автор санасының формасынан көрінеді. Шығарманы түсіну үшін автор позициясы мен кейіпкерлер позициясын ажырата білу қажет. Автор образын жасаушы идиостилінде анықталатын прагматикалық мақсат, автордың позициясын, әлемді танудағы танымы сынды барлық мағыналық бөлшектерді құрайды.

Автор образы көркем шығармада терең және үстіртін беріледі. Үстіртін деңгейінде оқырман мәтіннен автордың ойын, позициясын бірден түсінеді, яғни автор оқырманымен тікелей қарым-қатынас орнатады. Терең (мағыналық) деңгейінде тілдік бірліктерді экплицитті түрде ұсынады. Ол белгілі бір мағынаға көркем мәтіндегі мәнмәтіндер иеленіп, экстралингвистикалық ақпараттарға жүгінуді қажет етеді.

Үстіртін деңгейде автор образы шығарма атауы, эпиграф, басы, аяғы, арнау, авторлық ескертпелер, кіріспе, қорытынды сынды бөлшектерден танылады. Мәселен, Әзілхан Нұршайықовтың «Махаббат, қызық мол жылдар» романының прологы мен эпилогынан автор өзінің басынан кешірген оқиғаны Ербол образымен жеткізгендігі бірден танылады. Мысалы, *«...жазушы: «Бүгінгі күннің тақырыбы – жеке адамға арналған махаббатты көпке деген сүйіспеншілікпен ұластыра білу, екінші сөзбен айтқанда: жеке адамды жақсы көре тұрып, көпті сүйе білудің жолын табу. Өте дұрыс айтылған. Бірақ осыны қалай көрсетуге болады?»*

*- Оны білмеймін,- деді журналист. – Мен сіздерге тек қана өз махаббатымның тарихын айтып берейін.*

*- Айтыңыз, тілеуіңізді берсін.*

*- Ал, тыңдаңыздар, онда.»» (Ә. Нұршайықов «Махаббат, қызық мол жылдар»)*

Автор образы үстіртін деңгейде лирикалық шегініс, композиция, автордың идиостилін танытатын сұрыпталған лексикалық бірліктер, кілтті сөздер мен ремаркалардан айқындалады.

Мәтіндегі авторды анықтау үстіртін деңгейінде баяндау тәсілдері арқылы жүзеге асады. Баяндаудың екі типі болады: бірінші жақтан және үшінші жақтан. Е.И. Орлова жақты әңгімелеуші (1 жақ) және баяндаушы (3 жақ) деп жіктеуді жөн санайды.

Бірінші жақты баяндаудың түрлері:

- 1) автор – әңгімелеуші;
- 2) кейіпкер – әңгімелеуші;
- 3) кейіпкер болып табылмайтын әңгімелеуші [125].

Автор-әңгімелеуші оқырманмен әңгімелесу түрінде береді, кейіпкерлермен диалог құрады, болып жатқан оқиғаға өзінің көзқарасын танытады. Кейіпкер-әңгімелеуші оқиғаларға қатысады. Ал кейіпкер болып табылмайтын әңгімелеуші суреттелетін фигурасы, нысанына айналады. Оның әңгімесі өзге кейіпкерлерді, оқиғаларды ғана емес өзін де сипаттаудан құралады. *«Тау бөктері тұтасқан жабайы алма болатын. Соғыс жылдары біз, жас балалар, қалың бөргезге қол-аяғымызды қызыл ала жоса зып жырғызып, ұзақты күнге алмадан алма таңдап, сол бөктерде тентіреп жүруші едік. Қышқылтым ақ алма тістегеніңде мұз шайнағаныңдай қаршылдайтын. Сәлден кейін тісті*

қамап қалатын да зар қақтырып бастырмай тастайтын. Сонда да жейтінбіз. Тапшылықта қабысқан қарынды алмамен болса да істелеп жұбату керек. Ішіміз көгеріп, ауырсына ыңқылдап жататын кезіміз де көп еді. Қоңыр самал соғатын, итмұрын, қарақат, бөргездердің неше алуан иісі аңқитын. Бірақ ақ алманың – жабайы алманың қымыз иісі бәрінен де ерекше еді. Қай жағынан қарасаң да бұтақтары сынып кетердей боп иіліп, көзді арбаған ақ алма сықасып тұратын. Тістеріміз жарқырап, қашыр-қашыр шайнайтынбыз.» (С. Мұратбеков «Жабайы алма»)

Үшінші жақты баяндаудың түрлері:

- 1) авторлық баяндау,
- 2) авторлық өзіндік емес баяндау,
- 3) баяндаушының өзіндік емес төл сөзі [121].

Авторлық баяндауда автор мәтінге сіңісіп, жоғалып кетеді. Осындай баяндаудың арқасында объективті суреттеу әсері көрінеді. Авторлық өзіндік емес баяндау жағдайында автор кейіпкердің дауысын өзіне сіндіріп алады. Ол мәтінде белгілі бір үзінділерде, сөйлемдерде көрініс табады. Ал кейіпкер дауысы автор дауысынан қарқынды болса баяндаушының өзіндік емес төл сөзіне айналады. Мәселен, М. Әуезовтың «Абай жолы» романында автор образы көбіне Абай көзімен берілетіндігі туралы профессор Б. Шалабай: ««Абай жолында» автор кейбір қаламгерлердей өзін ашық түрде көрсетпейді. Оқиға құбылыстарды баяндауда өзін бейтарап ұстайды, кейіпкерлерді бейнелегенде өзі солармен бірге, бірқатарда тұрады. Бұл тұста автордың өзін білдіруінің негізгі тәсілі – ортақ төл сөз. М.Әуезовтің ортақ төл сөзді пайдалануында да өзіндік ерекшелік бар. Автор өзі мен кейіпкер арасындағы аралық шекті алып жатады да, бірде кейіпкерге жақындап, бірде одан алыстап отырады» [126, 176 б.]. – деп орынды пікір келтіреді. Алайда Абай жолы романың соңғы кітабында автор біресе Дәрменнің атынан сөйлейді, біресе үшінші жақта баяндайды. Үзінді келтірсек: «Әйгерімді тыңдай отыра Дәрмен өз ішінен Абай сұрауларына жауап іздейді.

*-Абай аға, қадірлім! Ол дәндерің өлген жоқ, жойылған жоқ. Рас, бұл күнде бір араға біткен дүм тоғай болмасын. Үлкен бақ боп тұрмасын... Бірер ен дала, мол сахараның бар бойында ол дәндерің өсіп келеді... Көп өсіп, көктей өсіп келеді... Өсе бермек күн санап та жыл санап.. Сол үшін де өз өмірімде, өле-өлгенше асыл сөзіңді сақтармын, ата тәрбиеңді ақтармын, ағажан!» - дей берді.* (М. Әуезов «Абай жолы»)

*Адал жар жоқтауымен Абай жаңаша жолға өтті. Ол өлмеске қадам басты! Әйгерімнің әні мен соған оралып айтылған Дәрмен жыры Абай туралы кейін туатын бар өнердің басы еді. Жаңа туған әннен бастап Абай жаңа туысқа ауысқан.* (М. Әуезов «Абай жолы»)

*«Тортай, әсіресе, мені жақсы көреді. Жанынан бір елі қалдырмайтын. Әкем ферма меңгерушісі, үйде ішім-жем мол, ит басына іркіт төгіліп жатушы еді. Шешемнің қолынан – бір, жолынан - екі алып, әр күн сайын Тортайға таситынмын. Ол мені алдап, тамақ үшін дос болмайтын, қайта: «Мен аш жүргенім жоқ, әкеле берме», - деп ұрсатын-ды. Өз пейілі мен көңіл*

*хошы болмаса ләм деп аузын ашпайтын, әрі құлағы хақас еститін болған соң, әңгімеге зауқы бола бермейтін. Тек менімен ғана оңаша сәттерде ағыл-тегіл әңгіме құрушы еді.» (О.Бөкей «Тортай мінер Ақ боз ат»)*

Берілген мысал бірінші жақта баяндалады. Автор өз шығармасының кейіпкері. Автор образын ашатын модалділік формасы морфологиялық деңгейде қыстырма сөз (*әсіресе, мені*) бен демеулік шылаулар (*тек менімен ғана*) арқасында аңғарылады және ой екпіні соларға түсіп тұр. Автордың кейіпкерге жақындығын синтаксистік деңгейде *«Ол мені алдап, тамақ үшін дос болмайтын, қайта: «Мен аш жүргенім жоқ, әкеле берме», - деп ұрсатын-ды.»* және *«Тек менімен ғана оңаша сәттерде ағыл-тегіл әңгіме құрушы еді.»* деген сөйлемдері жеткізеді.

*Үшеуі де үнсіз қалды. Әкенің түсі жылан шағып алғандай сұп-сұр. Көздері кірпік қақпай қадаулы. Махмұт болса, шалқайған күйі екеуді сынай барлайды... Самалдың да сұлу жүзі бір қызарып, бір сұрланып, қиылған қастары әнтек керіліп қап, тік түскен пісте мұрны қусырылып-қусырылып кетеді. – Жоқ-ау, Махмұт-ау, бірдеңе десеңші!? – Рамазан шарасыз күй кешті. – Бізде – Кавказда... – деді Махмұт дауысын үзіп: – басын кесіп алады. Ал сендерде... – деп тоқтап қалды. – Жә, оттама! – деп қалды Рамазан ширығып (Асқар Алтай).*

*«Қарагөз таныды. Бірақ іштегі қара жылан (Қарагөз бұл сезіміне осындай ат қойған) өмірінде бұл күнге шейін болмаған асаулықпен жүз толғанып ирiledі... Бойы ұйып кетті. Қалың жапырақтың арасында үндемей, көзін ала алмай қатып тұрғанда, ыстық жас ағып-ағып барады... Бірталай тұрды. Денені ерекше ыстық сенделтіп кеткенде, дүние қарауытып, айналып бара жатқандай болды... Бірақ құлаған жоқ. Зорға есін жиып, қайта түзелгенде, ішінде күшті намыс пен жігер қайнағандай болып, әлсіреп, ұйып кеткен денесін қайта жиып, билеп алды. Көздің құрты сияқтанған мас жастарды сол орнында қалдырып, қайта айналып жүріп кетті.» (М. Әуезов «Қаралы сұлу»)*

Суреткердің хас шеберлігімен байланысты тілдің құрылым жүйесіндегі шеткері аймақ санатына жататын есімдіктер, демеуліктер, одағай тәрізді келтірінді мағынада жұмсала бермейтін бірліктердің белгілі бір коммуникативтік ситуацияда прагматикалық ақпарат беруде ерекше мән алатыны байқалады [29, 206 б.].

Көркем мәтінді түсіну терең деңгейдегі талдау барысында мүмкін болады. Терең деңгейінде шығарманың жасырын бөлшектері талданады. Оқырман шығармамен танысқанда санасында қалыптасқан ойлар мен пікірлер мәтіннің ойымен жанасып, автор образы айқындалады, шығарманың ойы, қозғалған мәселелері талданады. Автор экплицитті ақпаратты белгілі бір образ, портрет, пейзаж я кейіпкердің ішкі әлемі, мәңгілік әлем секілді бөлшектермен жеткізеді. Осындай бөлшектер арқылы автор образы өзінше айқындала түседі.

### **3.5 Декодтау (қабылдаушының) прагматикасы**

Көркем шығарма – автор мен оқырман арасындағы тілдесім көпірі. Автор көркем шығармада өзіне әсер еткен оқиғалар мен ақпараттарды өңдеп, танымдық, ұлттық кодтармен оқырманына ұсынады.

Ақпарат теориясында код деп таңбалар жүйесі мен белгілі бір арнамен қандай да бір хабарды жіберу үшін бірігу заңдылықтарын атайды [127, 54 б.]. Декодтау дегеніміз кері бағыт, яғни, кодталған таңбаның қайтадан қабылдаушы түсінетін ақпаратқа айналуы, түсіндірілуі.

Көркем коммуникацияда ақпаратты жіберуші әдетте қаламгер болғандықтан, оның стилистикалық әлеуетті пайдалануын автор стилистикасы деп атап, ал ақпарат алушы оқырман болғандықтан, оның көркем шығармадан алған эстетикалық әсерін түсіндіруді қабылдаушының стилистикасына жатқызады [127, 52 б.].

Кодтау стилистикасы – қолданыс тіліне қатысушылардың қызметіне қарай тілді айтушы не жазушының стилистикасы. Бұл негізінен зерттеушінің назары туынды авторының шығармашылық стиліне басқаша көңіл аударуды қажет етеді. Кодтау стилистикасы ақпарат теориясын пайдаланады: автор өзін қоршаған ортадан өзіне керекті ақпарат көздерін алады, осы ақпаратты өңдеп, тыңнан жасап, оқырманның сезіміне, еркіне әсер етуді мақсат етеді. Кодтау стилистикасына қарама-қарсы қойылатын құбылыс – декодтау стилистикасы.

Декодтау стилистикасы – қабылдаушының (тыңдарманның, оқырманның) стилистикасы. Декодтау стилистикасы мәтінді түсіндірудің теориялық базасы болып табылады. Қабылдаушы немесе тыңдарман қабылдаған мәтіндегі фонетикалық, құрылымдық, семантикалық тілдік бірліктердің қабылдаушы сөз етуін анықтау болып саналады. Декодтау стилистикасында шығарманың контекстіндегі коннотациялық мағынаға баса назар аудару, фонетикалық, грамматикалық тілдік бірліктердің көркемдік күшінің жеткіліктілігін көрсету, сондай-ақ, қолданыс тіліне қатынасшылардың әр түрлі қарым-қатынасы мен мәтіндегі сезім, ой бірлігінің қызметін анықтау мәселесі көтеріледі [9].

Прагматиканың бірден бір міндеті автордың адресатқа тікелей ықпал етуі деп танитын болсақ, оның прагматикалық қызметін айқындау маңызды мәселе. Тіл білімінде адресатты қабылдаушы, декодтаушы, адресат, оқырман деген терминдермен беріледі. Жұмысымызда аталған терминдерді жарыспалы қолданатынымызды ескертеміз.

Көркем мәтінді түсіну, талдауда авторды басты санатқа алу көптеген зерттеушілердің еңбектерінде кездеседі. Осыған орай Б. Шалабай: «мәтін прагматикасы оның мағыналық-ақпараттық мазмұнымен, авторлық интенциясымен, мәтін құрудың мотивімен, мақсат-мүддесімен байланысты болуымен қатар, қабылдаушыға әсер ету, оның реакциясын туғызу, автордың тілдік тұлға ретіндегі интеллектуалды мүмкіншілігі, қарым-қатынас аумағы сияқты мәселелермен байланысты қашан қабылдаушы мәтінді түсініп, мәтін оған әсер етіп, оның жан-дүниесінде белгілі бір өзгерістер пайда болып, оның реакциясын туғызғанда ғана тілдік қарым-қатынас өз мүддесіне жетті деуге болады. Кез келген мәтіннің негізгі міндеті – прагматикалық талап-мүддені қанағаттандыру, пікір алмасуды іске асыру арқылы коммуниканттардың жан-



дүниесіне әсер етіп, «ояту», «реакция туғызу» [128, 131 б.]. Аталған пікірге Қ. Есенованың: «Кодталған ақпараттың адресат тарапынан дұрыс ашылып, адекватты түрде қабылдануы» [30, 10 б.] – деген тұжырымды да ескеру қажет.

Декодтаушы прагматикасы – мәтін прагматикасының бір бөлшегі. Ол қабылдау, түсіну, талдау және оқырман реакциясын туғызатын амалдар мен автор стилистикасы негізінде жүзеге асады. Оқырман реакциясын туғызу я ояту үшін белгілі бір элементтерді ұсыну, алдыңғы қатарға шығару әдістері бар.

Ұсынудың негізгі типтері ретінде конвергенция, бірігу, ойдан шықпау әсері алдамшы үміт әсері, жалған сенім әсері немесе алдамшы сенім әсері, қайталама және контрастарды атайды. Бұлардың әрқайсысы жеке-жеке зерттелгенімен, тұтас мәтін бойындағы қызметі жүйеленіп қарастырылмаған [127, 56 б.].

Түсіну – ақпаратты жеткізуші мен қабылдаушы арасында болатын екі жақты әрекет. Оны әдетте қандайда бір ұғымның ойдың, іс-әрекеттің мазмұны мен мағынасын ойластыру, мәніне терең үңілу қабілеті деп тұжырымдайды. Түсіне отырып біз жалпыны жекеге, әлі де белгісізді белгіліге, біреудің түсінігін өз ойымызбен түйістіру керекпіз, сол арқылы түсінілетін мағынадағы объектілер арасындағы байланыс пен қарым-қатынасты, олардың шындыққа сәйкес/сәйкессіздігін ашу қажет болады.

Түсіну ол – диалог, бұл диалогтылық ақпаратты айтушы/жазушының тыңдаушы/оқушыға жеткізілуі, қабылдаушы тарапынан ақпарат мағынасын түсіну. Автор мен қабылдаушының «коммуникативті портреті» мен арасындағы байланыс әдістерінің сипаты О.Л. Каменскаяның «Текст и коммуникация» жұмысында айтылған [129].

Әрбір оқырман немесе тыңдаушы мәтінді өзіндік деңгейі мен танымдық дәрежесіне сай әр қилы түсінгенімен, оның ортақ тұстары, ортақ мазмұндық сипаты болатыны анық. Осы ретте мәтін мәнінің екі түрлі сипатын бөліп көрсетуге болады:

- өзекмән;
- өздікмән.

Өзекмән – мәтіннің өн бойындағы басты мазмұн, яғни оқырманға жалпы түсінікті болатын негізгі ой. Ал жеке оқырман үшін аңғарылатын, өзіндік таным-түсінігіне сай ерекше маңызды мазмұнды анықтау – мәтіннің өздік мәнін табу болады [100, 16 б.].

Психоллингвистикада мәтінде берілген ақпарат санамызда тек жанама білім тудырып, онда фреймдер түрінде сақталады, қабылданған белгі тек адресаттың санасында бар бейнені тудырады деген тұжырымдамалар бар.

Жеткізуші мен қабылдаушы тезаурустары толығымен ешқашан сәйкес келмейді. Бірақ мұқият зерделейтін болсақ оқырман мен автор арасында жасырын байланыстардың барын байқаймыз. Жеткізілетін хабарлама мен қабылдаушы арасындағы өзгеріс, ерекшелік деңгейі бірқатар факторлармен, атап айтқанда оқырман мен жазушы жүгінетін ұғымдар қатынасымен, оқырманның жалпы білім деңгейімен, мәтіннің қатынастық қанықтылығымен, ақпараттың тілдік айқындылығымен, оқырманның кейбір жеке психологиялық қасиеттерімен, оның психикалық әрекеттерінің заңдылығымен шартталған.

Автор сияқты адресаттың да оны тұлға ретінде анықтайтын сана-сезімінде қалыптасқан белгілі бір өмірлік тәжірибесі, білімі орын алған. Адресат жаңа мәтінді өзінің тілдік бейнесі аясында қабылдайды.

Көркем мәтінді толыққанды дұрыс түсіну үшін адресаттың білім қорында қажетті фрейм немесе бағалау болуы керек. Ал басқа тілді көркем шығарманы қабылдау және «толығымен көру» үшін оқырман санасында сол шығармада баяндалған ел жайлы және лингво-әлеуметтік мәдениеті аясында ақпарат болуы тиіс. Оның шығармада айтылған халықтың сол уақыттағы өмірі, автордың тұрған және жазған уақыты, саяси, әлеуметтік, этикалық, философиялық мәселелер, қоғамдағы мәдениет жайлы білім қоры болуы қажет.

Шығарманың ойын, көтерген мәселесін терең түсіну үшін оқырманның аялық білімі аса маңызды. Оқырман немесе тыңдаушының аялық білімі шығарма я мәтіндегі тарихи-мәдени әлеуметтік жағдайлар мен оқиғалардан хабары болуы, танымы, жасы, жынысы, ұлты, әлеуметтік статусындағы ерекшеліктері арқылы ашылады. Зерттеушілердің көзқарасы бойынша аялық білімдер – бұл түрлі топтар мен халықтың бір бөлігінде бар түсінік, мәліметтер, көзқарастар, стереотиптер, мәдениет ерекшеліктері, фактілер (Г.Д. Томахин, Е.М. Верещагин, В.Г. Костомаров, В.В. Воробьев, Е.Р. Корниенк, В.В. Сафонова). Аялық білімдер ұлттық-мәдени өзгешеліктерді тудырады, яғни осы ұлттық қоғамдастықтың мүшелерінің барлығына белгілі ақпаратты құрайды.

Тіл білімінде аялық білімдер бір тілде сөйлейтіндердің жалпы қоры ретінде анықталады. Яғни, бірдей лексикалық, грамматикалық және стилистикалық ресурстарды пайдаланып, тыңдаушы мен сөйлеуші бірін-бірі түсінеді. Аялық білімдер өзінің табиғаты бойынша тілден тыс сипатта жүретіні ерекше ескеріледі және имплицитті мәнмәтіннің (жағдай туралы коммуниканттардың аялық білімдері) бөлігі ретінде пресуппозицияның бір түрі болып табылады.

Декодтаушының пресуппозициялары негізінде кодтаушының ұсыну қағидатына сай көркем шығарма тақырыптарының прагматикалық қуатын тани аламыз. Көркем шығарма тақырыбы оқырман мен жазушы арасында байланыс пен ақпарат алмасудың бірінші сатысы. Қазақстандық газеттер мен телебағдарламалардың тақырыптарына функционалды прагматикалық анализ жасаған ғалым Г.К. Ихсанғалиева: «Зоголовок является самой сильной позицией текста, что подчеркивается его выделенностью из копуса.» [24, 86-87 бб.] – деген пікірі кез келген мәтіннің тақырыбы, атауы мәтіннің тұтастығын танытатын ең негізгі элемент екенін аңғартады. Көркем мәтіндердің де тақырыптары – оқырман үшін ақпаратты қабылдаудағы ең бірінші әрі маңызды иллюкутивті әсер сыйлайтын мәтіннің бір бөлшегі.

Шығарма тақырыптары шығарма сюжетіне сай қойылуы немесе автор айтайын деген ойдың астарынан туу да мүмкін. Не болмаса көркем мәтін тақырыптары оқырманын қызықтыру мақсатында ішкі мазмұнымен сәйкеспей де жатады. Мәселен, Т. Нұрмағанбетов әңгімелері мен повестеріндегі тақырыптарды ұсынсақ: Жеңеше, Әже, Перзент, Менің інілерім, Жиырма жас,

Таңғы жауын, Бір үйдің бақыты, Тойдан кейін, Әлі шалдың қыздары, Ескі үй, Мазасыз түн, Қауынның иісі, Қайықшы.

Т. Нұрмағанбетов – ерекше есте сақтау қабілеті мен байқампаздығы арқылы кейіпкерлердің сөзіне автор сөзін араластырмай шынайы образдар жасаудың шебері [130, 10 б].

Жазушы шығарма тақырыптарын қойғанда түсініксіз, жасырын ақпаратты бар сөздерді қолданбайды. Аталған шығармаларда оқиғаның кімге және неге қатысты айтылатыны туралы анық ақпаратты *Жеңеше, Әже, Перзент, Менің інілерім, Жиырма жас, Қайықшы* деген шығарма атаулары өзі жеткізіп тұр. Ал автордың айтпақ ойын жасырын баяндайтын шығарма атаулары деп мыналарды бөліп алса болады: *Таңғы жауын, Бір үйдің бақыты, Тойдан кейін, Әлі шалдың қыздары, Ескі үй, Мазасыз түн, Қауынның иісі*. Жұмбақты мәнге ие деген себебіміз автор айтатын ой осы аталған тақырыпқа қаншалықты қатысты болатындығымен айқындалады.

Оқырман автордың «Перзент» шығармасын оқымас бұрын санасында:

- Кішкентай жас сәби
- Құнтақталған бала
- Ата-ананың үміті
- Ұрпақ жалғасы сынды ассоциативтік ұғымдар мен түсініктер, пресуппозициялар орнығады.

Шығарма бір жас сәбидің айналасында өрбиді деген ой қалыптастырады. Енді шығарманың өзінен үзінді келтірсек: «-*Көке-е-е..*

*Кекілі маңдайына түскен арық қара бала есікке жақындай беріп, бір жапырақ нан ұстаған қолымен бетін басып еңіреп қоя берді. Кішкене қара сумкасын бір қолымен кеудесіне қысып алған. Солқылдап жылап қабырғаға сүйене кетті.*

- *Ұлымай, құры енді... – Бұл сөзді қысыла сыбырлап айтқан Зұлқия әлгінде баланың бүйірінен бұрап өткен сумақай қолымен енді көз қылып, арқасынан қақты.»* Расымен де шығарма жесір қалған шалдың перзенті айналасында баяндалады. Бір перзент айналасында кейіпкерлердің сан түрлі бейнесі ашылып, қазақ тұрмысында жиі кездесетін әлеуметтік мәселе (жесір әйел, бопай – әйелі өлген еркек), баланың жалтақ болып өсуі, қартаң жастағы әкенің шарасыз күйі, туған-туыс пен көрші-қолаңның өсек-әңгімелері, анасынан жетім қалған жалғыз баланың айналасында әсерлі баяндалады.

Ал «Қауынның иісі» әңгімесі оқырман үшін мынадай пресуппозицияларды:

- жаздың айларында пісетін қауын-қарбыздың дәмін;
- жаз айы, демалыс күндер;
- ауыл аймақ пен бақшалардағы жеміс біткеннің өсіп, пісіп жатқан суретін көз алдына елестетеді. Ал *иіс* сөзі астарына үңілсек, тілімізде сезім мүшесі арқылы белгілі бір заттың иісін сезу және ауыспалы мағынасында мейірлену, емірену, аймалау формаларында жұмсалады (түсіндірме сөздіктен). Сонымен қатар көркем проза мен поэзияда *иіс* белгілі бір затқа я адамға қатысты естеліктер, өмірдің бір шағын сипаттайын бөлшек ретінде де қолданылады. Мысалы, С. Мұратбековтың «Жусан иісінде»: «*Алыста қалған балалық шағым... Ойымнан: жарғақ сары тоны қаудырлаған, тобығы тайған сол аяғын*

*сүйрете жүгіретін, шілбиген арық ақсақ қара бала бір кетпейді. Көзімді сәл жұмсам-ақ: шуылдаған балалардың ең соңында сол аяғын жер сыпырғандай көлденең сүйретіп, ес қалмай далбақтай жүгіріп келе жатқан Аянды көргендей болам. Сондайда оның алқына шыққан әлсіз, жіңішке дауыспен: «Ей, тоқтаңдаршы, мен сендерге бүгін кешегіден де қызық ертегі айтамын», - деген жалынышты үнін естимін.»(С.Мұратбеков «Жусан иісі») Жазушы Аян деген жетім баланың айналысында өрбіген қызықты оқиғалары арқылы балалық шағын еске ала баяндайды.*

Автор идеясы мен ойын танытатын үзінділер:

*«Нұрекең ол күні үн-түнсіз күндегісінен ерте жатып қалды. Ертеңнен бастап колхоздың бір гектар қауынының өз қарамағына алғанын ойлағанда, оның жүрегі алып-ұшты. Тұла бойын жастықтың оты билеп кеткендей, сол күні көпке дейін дөңбекшіп ұйықтай алмады.*

*Тап осы күні шал өзін енді ұққандай болды. Зілдей етігін әрең көтеріп басып келе жатып, «Қартайған екенмін,» - деп күбірлеп қойды өзіне-өзі. Қартайған екенмін... Бұл пенде шіркіннің көңілі екен зой оңайлықпен қайтпайтын. Болмаса жетпіске келгенде бір гектар қауын не теңім еді, құдай-ау! Енді мынау кетпенге жалынып...Бұл кетпенді қандай ойнатып жіберер ем қаруымның барында. Міне, жеңгені емей немене...Бұл болса, әлі қылпып тұр... Мен болсам, мынау...» Ол ай сәулесі ойнаған кетпенінің жүзіне қарап қойды. «Иә, бәрі де жеңді...Бәрің де жеңдіңдер мені. Кәрілік, сен жеңдің... Сен дегеніңе жеттің ақыры...» Шеткі қарықтың қасына кеп, кетпеніне сүйеніп біраз тұрды.»*

Тынымбай Нұрмағанбетов «Қауын иісі» әңгімесінде елу жыл бойы диқаншылықпен айналысқан шалдың ісіне деген адалдығын, сүйіспеншілігін таныта отырып, ісі кәріліктің адам баласын физикалық күш-қуатынан айыра қоятын жаман тұсын сынап баяндауы кейіпкердің ішкі сөзі мен ойынан («Қартайған екенмін,» - деп күбірлеп қойды өзіне-өзі. Қартайған екенмін...) аңғарылады. Кәрілікті сынау қазақ поэзиясында Шәкәрім шығармашылығында ұшырасады:

Қуарып мұртың,  
Суалып ұртың,  
Түздегі қу бас жақтанып.  
Тұра алмай жатып,  
Былшылдап, шатып,  
Өткен күнді айтып мақтанып.  
Жарығың өшіп көңілден,

Кәрілік жаман өлімнен. – деп, кәрілікті өлімнен ауыр етіп жырлайды. Кезінде Абай шәкіртінің осындай ой-байламдарын қатаң сынға алған. Шығармадағы қартайған шалдың шарасыз халі кәріліктің ауыр, қияметін мойындамасқа қоймайды. Автор өмірдің бұл ащы тұсын шал бейнесімен, шалдың сөздері, істерін сипаттау арқылы оқырманна жеткізеді.

Көркем мәтін тілін қабылдаушы автордың жеке стилистикалық ой жүйесімен танысу арқылы меңгереді, өзінің таным-түсінігіне қосымша

ақпараттармен қоса тілдік қорын байытуда түрлі көркем оралымдармен қанығады. Оқырман өзінің танымына, ой-елегіне жақын деген авторды ғана сүйсіне оқи алады. Сол себепті де кей оқырмандар өзінің жерлестерінің шығармаларын оқуға әуестенеді. Оқырмандар жастық ерекшеліктеріне сай тілі жеңіл я ауыр немесе баяндау стиліне қарай авторларды ойша саралап таңдайды. Сонымен қатар оқырман оқитын шығармасының өзіндік ішкі халін, сезімін қанағаттандыратын, түсіндіретін және жұбаныш табатын шығармаларды іздейді.

«Ойлау стилінің көрінісі тұлғаның аса жоғары қабілеттілігімен, өзіндік ерекшелігімен астасқан, жеке «қолтаңбасының» қалыптасуымен байланысты. Жеке адамның материал және рухани-мәдени дамуының нәтижесінде белгілі бір стильді таңдап алуы болып табылады. Өз кезегінде ойлау стилі әр ұлттың мәдениетінің феномені ретінде көрінеді. Белгілі бір ұлтқа қатысты «ұлттың рухы», «ұлт жандылық» секілді ұғымдардың шығармаларда реалды бейнелеуі ақын немесе жазушының ойлау стилі арқылы жүзеге асады» [65, 21-22 бб.].

Автордың ойлау стилі тілдің лексикалық, синтаксистік деңгейлерінде ерекше көрініс табады. Мәселен, М. Мағауиннің «Өмір жыры» повесінде қыз бейнесін көзі арқылы сипаттауы ерекше: *Мақпал түндей тұңғыық жанарлы, өткір, тентек, майда, ерке құралай көз. Сілеусіннің көзіндей долы, қылыштан қиғыр, жебедеден өткір көз.* Жазушы бірінші сөйлемде ерке қыздың бейнесін ашса, екіншісінде көңілі суыған, жараланған, ашулы кейіпкер қыздың бейнесін сипаттайды. Контрастты теңеулер арқылы бір қыздың бойындағы екі түрлі бейнені танимыз. Оқырман көз адамның ішкі жан дүниесінің айнасы екенін автордың *құралай көз, өткір көз, сілеусіннің көзіндей* деген күрделі тіркестері арқылы ұғуы мүмкін, болмаса әдемі теңеулерге қанығып, эстетикалық талғамын өсіріп, сөздік қорын байыта түседі.

Жазушының ұлттық рухы мен жеке әлем туралы танымы шығармаларында әрдайым бой көрсетіп тұрады. Мысалы: *Сәтсіз махаббат – созылған күй, сыры тоғыз перде емес, тоқсан қабат құлып астында жатқан, неше түрлі тайғақ кешуден аман шығып, айналып та, аттап та өтуге болатын шұғанаққа құлайсыз, жау жагадан, бөрі етекпен алар, жын бұған адамдай, қыл бұрауға түскендей жаны қиналу, асау мінез, тентек көңіл, өмірлік дерек-тайтұяқ күміс, шығарма – әшекей білезік, өкпені сүйретіп шапқылау, шулы вокзал – сырлы базардай, мылқаулардың оқуы – пединституттың дефектология факультеті, конъяк – оқыған адамдар ішетін арақ, жұмсақ вагон-купе, тістегеннің ауызда, ұстаған қолда кететін, құт емес, жұт әкелеген екенсің, екі туып, бір қалғаның емес, арзанның жілігі татымас, мезгілсіз есейген қамырықты (мұңлы, шерлі) бала, несібесінен қағылғыш ашық ауыздар, тоят алғандар (жем берді, тойғызды, ләззат алды), жетім ой, тозған тілек сияқты жеке тіркестер мен мақал-мәтелдерді, теңеулер мен метафораларды пайдаланды. Автор ойының динамикасы мен стилистикалық өзгешелігі қос сөздерді пайдалануында да айрықша. Мысалы, *там-тұмдап, күйсін-түйсін, жапыр-жұпыр, үйме-жүйме, ұйқы-тұйқы, опыр-**

*топыр, аунап-қунап, қырыс-тырысын, қиқы-жиқы, азарда-безер, біреу-міреу, бұйыншақ-түйіншектер.*

Мағауиннің бір ерекшелігі толымсыз сөйлемдермен әңгіме астарын, ішкі ойын, мінезін нақты жеткізуі. *Отырасыз. Барасыз. Самолет екен дейік. Тіркелу керек. Өз рейсіңізді күтесіз. Уақытында ұша ма, жоқ па. Ұшсын.*

*Бірдеңе айтпақ тәрізді. Әлде мойныма асыла құшақағасы келді ме. Бірақ айтпады. Құшақтамады.*

Сафуан Шаймерденовтың «Қарғаш» повесіндегі ойлау стилінің ерекшелігі кейіпкер образдарын, табиғатты суреттеу мен мақал-мәтелдерді оқиға жағдайына сай ұтымды пайдалануында. Мысалы, *Күн болса, ұстараның жүзінен ауып, еңістеп барады; махаббат қызығы мол жас дәурен, нәресте көңлім, жалқын махаббат, бала көз, жүрегім сазып ауырғандай, күнәлі ой, қиялыммен соққан жалған сарайлар, қолда өскен түйенің тайлақ аты қалмайды; көк қанатпын, жерден жік шықты, екі құлағы тік шықты; Іріген ауыздан, шіріген сөз шығады, қыл көпірдің үстімен жүргізгендей етіп қысады, жан мұрынның ұшында, сау басына сақина тілеп, айсыз түнде адасқан жолаушыға ұқсап.*

Хамза Есенжановтың «Ақ Жайық» романында жазушының терең білімі, ойлау даралығы романда пайдаланған әр абзацынан аңғарылады. Мысалы: *Бөлтірік інінде көргенін істейді – ұядан не көреді, ұшқанда соны іледі деген мақал-мәтелге табиғаты жақын қолданыс. Сөзі табанға басқан шоқтай – көне замандарда шоқты бастыру деген жазалау дәстүрі болған, жазушы көне салт-дәстүр, жаза түрлерінен хабары бар.*

*«Менен мына қатпа қыз да бақытты. Жастай тағылған жесір атақ...»* – Шолпанның ішкі сөзі арқылы автор жесір тағдыры атам заманнан келе жатқан әйелдің өмірлік жолындағы үлкен трагедиясы екенін түйсінген.

Жазушы мынадай теңеулерді де ұтымды пайдаланып, оқырманының тілдік қорын байыта түседі: *Бозауыз бала, тулаған балықтың бауырындай жарқ ете қалды, дене қорғасындай балқыды, белкүллі судай, қасқалдақтың қанындай етіп құйып, шай ішуге кірісті.*

*«Шиқанның аузын енді қайтып тырнамайын» деген ой келді.* – жазушы кейіпкерлердің ойын тырнақша ішінде келтіреді.

Абайдың тілдік тұлғасын танытуда дискурстық талдаулар жасай отырып, мақал-мәтелдердің прагматикалық қызметінің бағалауыштық қызметімен сабақтаса қолданатындығын профессор Г. Мұратова: «Автор тіліндегі мақал-мәтелдердің прагматикалық қызметі арқылы оны қолданудың мақсаты мен міндеті туындайтыны белгілі» – деген пікір келтіреді [131,74 б.]. Көркем шығармаларда әр автор жеке сөздік қорында бар мақал-мәтелдердің формасын өзгерткенмен мағынасын бұзбауға тырысып бағады. Осыдан көркем мәтін тілін байытып, күрделендіруде, автордың сөзжасамдық қабілетін ұштап, адресаттың аялық білімін еселеп, танымын кеңейтуде мақал-мәтелдің прагматикалық қызметі, қуаты ерекше.

Оқырман реакциясын туғызу я ояту үшін белгілі бір элементтерді ұсыну, алдыңғы қатарға шығару әдістері туралы жоғарыда айттық. Ұсынудың негізгі

типтерінің бірі конвергенция саналады. Конвергенция дегеніміз көркем мәтіннің бір тұсында бірнеше стильдік тәсілдердің тоғысып бірдей стильдік қызмет атқаруы болып табылады [127, 56 б.].

Орыс тіл білімінде көркем мәтіндегі конвергенция ұғымына сай мынадай пікір бар: «Понятие конвергенции не ограничивается рамками отдельного предложения или сверхфразового единства. Оно рассматривается и как смешение элементов различных функциональных стилей в произведениях художественной литературы (В.А. Кухаренко, М.С. Чаковская, В.И. Шаховский). Смешение стилей в литературном произведении является одним из основных средств реализации автором своего коммуникативного намерения» [129, 1 б.].

Стильдердің көркем мәтінде араласып қолданылуы заңды. Осы мәселе айналасында Р. Сыздық: «көркем шығармаларда барлық стильдердің де, ауызекі сөйлеу тілінің де элементтері орын ала алады. Және бұл – бейнормалық, нормадан ауытқушылық емес, көркемсөз нормасының өзіне тән белгілері болып саналады» [122, 161 б.].

Конвергенцияны құраушы стилистикалық амалдардың төрт типі айқындалған:

- 1) стилистикалық амалдардың лексикалық конвергенциясы;
- 2) стилистикалық амалдардың лексика-синтаксистік конвергенциясы;
- 3) фоно-лексикалық;
- 4) конвергенцияның аралас түрі (И.А. Соловейчик-Зильберштейн).

Стилистикалық конвергенцияның прагматикалық қызметтерін С.А. Кузьменко төмендегіше жіктейді: бейнелеуіш, мінездеу, сезімдік-айқындаушы, бағалау, актуалды-айқындаушы, интонация-ритмикалық [132, 3 б.].

Стилистикалық конвергенцияны әр жазушы көркем шығармада әр түрлі қолданады.

*Әлия қасқырдан қашқан қояндай зытып барады. Анда-санда артына, жан-жағына жалт-жұлт қарайды.*

*Бір кезде мен гашық болған Әлия қыз қазіргі кезде жер басып жүрген Әлия дейтін кексе әйелден сол күні біржола бөлініп шыққандай. Біріншісі – түс сияқты, бірақ ет-бауырым, екіншісі – маған мүлдем қатыссыз бейтаныс жан (М. Мағауин).*

Мұхтар Әлия деген кейіпкерін қасқырдан қашқан қоянға теңеп тұр. Оқырман ойында кейіпкерді неге мысықтан қашқан тышқанға болмаса иттен қашқан мысыққа теңемейді деген сауалдар тұрады. Біріншіден автор кейіпкер Әлияны махаббат жолындағы тұрақсыздығын, сол жолда қорқақтық танытқанын сипаттағысы келсе, екіншіден қазақ танымына жақын жануарды бейсаналы түрде сұрыптап қолданады. Ғасырлар бойы көшпелі өмір салтын кешкен, жабайы табиғат сырын ерекше түйсінген қазақ дүниесіне тышқан, мысықтан гөрі қоян бейнесі жақын. Автор *зытып барады, жалт-жұлт қарайды* деген бейнелеуіш сөздермен тіркескен етістіктерді сауатты қолданады. Қоян сонымен қатар әдемі, сүйкімді жануар. Қыз атауын әдемілік, сұлулық

ұғымдарымен қатар қойып, қыз мәртебесін, намысын көтеріп, оны еркелетіп өсірген бірден-бір халық – қазақ. Сол себепті де автор Әлияның сұлулығын асырып, намысын таптатпай отыр. Шығармада Әлия махаббатына адалдық танытпаған кейіпкер болса да, біріншіден оның әйел, нәзік жан екенін жазушы ескерген.

*Осыдан отыз бір жыл бұрынғы қанды қырғынды еске алып күрсінгендердің жанын ақ ұлпаға бөктіріп, ұлынан, қызынан қапыда айрылған әкелер мен аналардың қайғысын терең шөктіріп Алматыны көбік қар басты. Дамылсыз жауып, тізеден асты. Үш күн тынбай қапалақтаған қарды тазалап үлгермей, қала билігі әбден састы. Ал қардың бұлайша қалың жаууы балаларға қуаныш әкелді. Мектептен шыға сала жерге емес, құс төсекке аунай кеткендей бір-бірін қарлы жерге лақтыра салады. Ауырсынып жатқан ешқайсысы жоқ. Туған жердің қойнында қарын жастанып, алаңсыз асыр салған тәуелсіз елдің балалары бақытты зой, шіркін! Олардың тап-таза жандары осыдан тура отыз бір жыл бұрын Алматыны қандай қасіретке толы қасиет дүр сілкінтіп өткенінен бейхабар. Бірақ қазіргі бақытты балалық шақтарына риза. Кішкентай балалар бір-бірін қар үстіндегі жекпе-жекке шақырып жатқанда, Дастан ойға қалды. Бүгін қар атысқан мына екі бала ертең шын қырғиқабақ қастарға айналмаса екен. Қазір досын тобықтан шалып құлатқан ана бір бала есейе келе кәдімгі аяқтан алар күншіл болмасын! – Уа, бас ақын, не тұрыс бұл? Болашақты болжағансып тұрған түрін!-Саңқ еткен Айбардың даусы Дастанның ой желісін үзіп жіберді (Айзат Рақыш).*

*О, тәңірім! Қандай гажап шақ. Азабын айтсаңызшы! Тәтті азап. Рас, аяғы насырға шабуы да мүмкін еді. Егер өзім гашық болған қызға қосылмасам, кім біледі, атылып не асылып өлетін едім. Және өте жақсы болатын еді. Бірақ қосылдым. Ес пен түстің арасы. Ұшпаққа шыққандай көріндім (М. Мағауин).*

Жазушы азапты тәтті етіп, азап ұғымын асқақтата тамсаныспен баяндайды. Ал кейінгі сөйлемдерден оны мысқылмен айтқаны аңғарылады. Автордың тіліміздегі қас пен көздің арасы деген фразалық тіркесті сөзді ойната ес пен түстің арасы (нүкте) ұшпаққа шыққандай көріндім деп басынан өткен жайға өкінгенін жеткізеді.

Көркем шығарманы түсіну де пунктуациялардың қызметтік позициялары маңызды рөлге ие. Оқырманның шығарманы оқу барысындағы интонациясы, мәнері мен көңіл-күйін есептемегенде. Шығарма авторы оқиғадағы кейіпкерлердің халін, күйін дәл беру үшін пунктуацияның қызметі айрықша. Осы тұста көп нүктеге семиотикалық, функционалды прагматикалық талдау жүргізген ғалым Т.Ш. Мырзахметова: «В пунктуационной системе художественного текста равноправно существует как регламентированные действующими правилами, так и нерегламентированные знаки препинания.» [25, 74 б.] – деп, пунктуациялар шығарма авторының эмоционалды-экспрессивті, концептуалды-модальдық, фактуалды сияқты түрлі жасырын мағынадағы ақпараттарын жеткізудегі басымдықтарын көрсетеді.

Көркем шығарма – көп қабаттан құралатын күрделі құбылыс. Автордың дүниетанымы, ой-қиялы, өмірлік тәжірибесі, тілдік қабілеті арқылы жүзеге



асқан идеясының арқасында көркем шығарма оқырман жүрегіне жетеді. «Автор – кейіпкер – оқырман» жүйесінің тұтасуы арқылы жазушы ойы үлкен шығармаға айналады. Автор – идеяның иесі, оқиғаны құрастырушы, оқырманға туындыны жеткізуші. Сонымен қатар ол – кейіпкерлерді оқиға заманына апарып, түрлі қимыл-әрекеттермен сипаттап, оқиға желісімен өмір сүруге ықпалын тигізетін тұлға. Автор өз идеясын кейіпкерлердің сөзі арқылы жүзеге асырады [133, 58 б.].

Көркем мәтін тудырушы автордың жеке стилі, сөз тудыруда, сөз ойнатудағы шеберлігі, суреткерлігі, табиғат пен адамды тани білу, түйсіне білу сынды қасиеттері декодтаушының аялық біліміне, таным-түсінігіне, тезаурусына әсер етіп, бүтін бір мәтіннің прагматикалық қызметін, мәнін, сапасын арттырады. Ойымызды түйінін түйіндеуде Б. Хасановтың мына пікірі орынды: «Қандай да қарапайым адам болмасын, әңгіме үстінде сөз сұрыптап, барынша бейнелеп, суреттей сөйлеуге үйір болады, мәдениетті сөйлеуге тырысады. Тура сөзге қанағаттанбай, астарлап айтуға, бейнелеп, мәнерлеп сөйлеуге әуес келеді. Ақын-жазушыларымыздың шеберлігі жеке сөздерді қисынын келтіріп бейнелі, астарлы қолдануынан әбден байқалады» [134, 11-12 бб.].

Декодтаушы прагматикасын талдағанда көркем мәтіндегі автордың түсіндіру, жеткізу, әсер ету сынды процестерді жүзеге асырып тұрған тілдік амал-тәсілдер мен тіл бірліктерінің қызметтері ашыла түседі.

### **Үшінші бөлім бойынша қорытынды**

Көркем мәтін – ұлттық тілдің кодын жеткізуші ең негізгі әрі күрделі қатынас формасы. Мәтінде дискурстағыдай нақты қатынас байқалмаса да, автор мен оқырман арасында шығармашылық байланыстың үздіксіз әрі жасырын жүріп жататынын ұғындық.

Прагматика қызметі көркем мәтін тілінде айрықша танылады. Автор мәтіндегі кейіпкерлердің қатынасы арқылы жеке танымын, стилін және ой астарын жеткізеді. Оған прагматикалық аспектер ерекше қызмет атқарады. Прагматика кең траекториялығымен стилистика, психология, когнитология және тілдің барлық деңгейлерін қамтығандықтан мәтінді прагмастилистикалық категориялар аясында да қарастыруға жол ашты.

Стилистикалық категорияларға тоқталып, соның ішінде акценттік категорияларға тереңірек қарастырылды. Оның себебі стилистикалық акценттік категориялар концептуалды тілдік бірліктердің мағыналық жақтан көңіл аударуын қажет етеді, адресат автордың көзқарасына көз жеткізу сенімділігін көрсетеді, сол арқылы қабылдаушы мен тыңдаушының ортақ түсінікке ие болуын қамтамасыз етеді.

Көркем мәтін тілінің прагматикалық потенциалын ашуда автор образы мәселесі мен декодтаушының прагматикасы және дәстүрлі стереотиптер талданды.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Антропоэзектік парадигмасы ғылымның қарқынды дамып, жаңа бағытқа бұрылуына үлкен септігін тигізіп отыр. Тіл білімінде тілді жанды организм тұрғысынан сипаттау, зерттеу XIX-XX ғасырларда белең алып күні бүгінге дейін өзекті болып келуде.

Тілді функционалды аспектіде зерттеу тіл жүйесіне диалектикалық даму тұрғысынан қараумен байланысты. Тіл элементтерін, жалпы тіл жүйесін «қатып қалған» нысан емес, «қозғалыстағы» жанды нысан ретінде таныту тіл білімі тарихына функционалды бағытты алып келгенін білеміз. Аталған бағыт тілдің коммуникативтік қызметін айқындайтын тіл бірліктерінің сөйлеу жағдайындағы функциясына айрықша назарын салды. Десе де тіл қызметтерінің актуалдануы сол тілді жасаушы адамымен байланысты екені анық. Тіл мен адам арақатынасы XX ғасырдың екінші жартысынан бастап прагматика теорияларын тіл білімінде қалыптастырды.

Прагматика теориясының дамуы өз кезегінде прагмалингвистика, прагмастилистика салаларына негіз болды. Зерттеу жұмысымызда қарастырып отырған функционалды прагматика жаңа ұғым ретінде дәл осы прагматика теорияларынан бастау алып отыр. Нақтырақ айтқанда грамматика мен функционалды грамматика арақатынасы сияқты, прагматика функционалды прагматика арақатынасы бір мәнді. Функционалды прагматика тіл білімінің функционалды бағыттарының функционалды грамматика сияқты маңызды өнімі болып табылады. Сонымен қатар адамның тілді пайдаланудағы мақсаты мен уәжін айқындауда нақты қандай тілдік бірліктер айрықша қызмет атқарды деген мәселелердің бірқатарының шешімін тауып отыр.

Қазақ тіл білімінде прагматикалық бағыттағы зерттеулер ұлы жазушы, ақындардың тілдік тұлғасын танытуда, газет мәтіндерін, аударма мәтіндері мен медиа мәтіндерді талдауда аса құнды пікірлер мен тұжырымдарды дүниеге әкелді. Ғұлама ақын Абай Құнанбайұлының «сөзіне қарап адамын ал» қағидасына сүйене отырып тілдің эстетикалық қызметін арқалайтын көркем мәтіндердің функционалды прагматикалық аспектілері күні бүгінгі тіл ғылымының мәтінді авторы арқылы тану сынды өте күрделі мәселелерін қарастырады. Себебі автордың артында бүкіл бір халықтың танымы, психологиясы, сана мен ой көзі жатқаны мәлім.

Функционалды прагматикада мәтін созылмалы тілдік жағдаят ретінде қарастырылады. Көркем мәтіннің авторы яғни жазушы мен мәтінді қабылдаушы оқырман сол тілдік жағдаяттың айналасында танылады. Мәтін белгілі бір деректі сақтаушы статикалық құбылыс емес, оқырман қолына алғанда оның динамикалық әрекетке айналатынын аңғартады. Аталған пайымдар жұмысымызда көркем мәтіннің прагматикалық қуатынан бөлек, автор мен оқырман прагматикасын жан-жақты қарастыруды талап етеді.

Көркем мәтіндегі тілдің функционалды прагматикалық аспектілерін талдау барысында төмендегідей тұжырымдар мен қорытынды пікірлер қалыптастырды.

Функционалды прагматика теориялары герман тіл білімі тәжірибесі негізінде қарастырылып, бізге беймәлім әдістері мен категориялары анықталды.

Прагматикалық аспектілердің қызметі көркем мәтін тілін автор-мәтін-оқырман байланысы негізінде қарастырылып біршама прагматикалық теориялардың басын ашты.

Прагматика теориялары мен тілдегі функция терминінің әлеуеті айқындалып, тілдің прагматикалық қызметі тіл теориясының барлық өлшемдерін қамтитын диалектикалық талдауларды қажет ететін сала ретінде айқындалды.

Прагматикадағы ішкі ой мен сөз мәселелері қарастырылып, тілді зерттеуде психологиялық, философиялық әдіс-тәсілдерді де ескеру қажеттілігі көрсетілді. Ішкі ой көркем мәтінде автордың прагматикалық қуатын арттырып, оқырманмен (адресат) байланысын күшейтуде және экспрессивтілігін танытудағы рөлі ашылды.

Қазіргі таңда аса ашылып талданбаған автор суггестиясы, прессупозициясы, интенциясы мен ақиқат/жалған позициялары көркем мәтіндегі мысалдармен дәйектеліп, тілдегі вербалды және бейвербалды амалдардың сипаты мен қызметі талданды.

Автор прагматикасының сезімдік қуаты көркем мәтіндегі кейіпкерлердің сөзі мен ішкі ойы арқылы және автордың тілдік көркемдеу амалдары мен эмотив сөздері анықталды.

Зерттеу нысанына айналған көркем мәтін мәселесі мен оның прагмастилистикалық зерттеу аясы қарастырылып, стилистикалық ұғымдары мен категориялары сипатталды.

Көркем мәтін авторы мен оқырман арасындағы байланысты декодтаушы прагматикалық талдау негізінде жүргізілді. Декодтау прагматикасы автордың жеке ойлау стилі, тілдік қолданысы мен танымы нәтижесінде және адресаттың аялық білімі мен түсіну процесін қалыптастыратын ассоциативтік ұғымдар мен пресуппозициялар негізінде талданды.

Көркем мәтін тіліндегі автор образын ашуда модалділік және мәтін тіліндегі ұлттық (дәстүрлі) стереотиптерге тоқталдық және оның ұлт тілінің рухы мен бітім-болмысын адресатқа жеткізудегі рөлі ашылды.

Көркем мәтіннің потенциалы прагматикалық функцияның бірден-бір аспектісі ретінде автордың кейіпкерлер мен оқиғаны жеткізудегі прагматикалық амалдары сараланды.

Қорыта келе, зерттеу жұмысымыз функционалды прагматика теориялары мен прагматиканың тілдегі қызметтерін көркем мәтін тілін талдауда жан-жақты лингвистикалық және экстралингвистикалық ізденістерді қажет етті. Аталған ізденіс жұмыстары көркем мәтіндерді басқа қырынан ашуға, тілдік сананың беймәлім көріністерістерін айқындауда септігін тигізе алады деген ойдамыз.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Абасилов А. Әлеуметтік лингвистика сөздігі. – Алматы, 2016. – 168 б.
- 2 Ehlich K., Mackenzie L., Rehbein J., Thielmann W., Jan D. ten Thije A german-english-dutch glossary for functional pragmatics. 2006 – P. 31
- 3 Сүлейменова Э.Д., Шәймерденова Н.Ж., Смағұлова Ж.С., Ақанова Д.Х. Әлеуметтік лингвистика терминдерінің сөздігі. Словарь социолингвистических терминов. – Астана: Арман-ПВ, 2008. – 392 б.
- 4 Әлкебаева Д. Сөз мәдениеті: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 214 б.
- 5 Redder A. Functional Pragmatics. Gerd Antos / Eija Ventola (eds.) Handbook of Interpersonal Communication. Series Handbooks of Applied Linguistics. Berlin: Mouton de Gruyter, 2008. – P. 133-178
- 6 Massakova G. Rezeptive Mehrsprachigkeit in der intertürkischen Kommunikation. – Munster, 2014. – S. 383
- 7 Ахметкалиева Л.Ж. Қазіргі тіл біліміндегі функционалды бағыттар. маг.диссер. Алматы, 2015. – 85 б.
- 8 Қалиев. Ғ. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі – Алматы: Сөздік – Словарь, 2005. – 358 б.
- 9 Әлкебаева Д. Қазақ тілінің прагмастилистикасы: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2008. – 258 б.
- 10 Протасова Е. Функциональная прагматика в XXI веке: статья. – Вестн. Волгогр. гос. ун-та. Сер. 2, Языкозн. № 1 (25) 2015. – С. 61-71.
- 11 Братчикова Е.А. Основные аспекты прагматической лингвистики при переводе рекламных текстов: статья. – Альманах современной науки и образования Тамбов: Грамота, № 8 (15) 2008. – С. 14-16.
- 12 Рапишева Ж.Д., Тұрлыбекова Ж.А. Сөйлемнің коммуникативтік типтері жөнінде: мақала Вестн. Караганд. Ун - та. Серия Филология. № 1 (69) 2013. – Б. 18 - 22.
- 13 Сёрль Дж. Р. Классификация иллокутивных актов // Новое в зарубежной лингвистике 2. – М.: Прогресс, 1999. – С. 229-254.
- 14 Malik M., Alkebaeva D., Ahmetkaliyeva L. Pragmatic discourse of the comments on Facebook in the Kazakh language *Opción*, Año 35, Regular No.90-2 (2019): 369-384 ISSN 1012-1587/ISSNe: 2477-9385
- 15 Әлкебаева Д.А., Заурбекова Л.Ж., Абдуришид Якуп. Функционалды прагматика теориялары. ҚазҰУ Хабаршысы №1 (177). 2020 жыл
- 16 Teun A.van DIJK The pragmatics of literary communication. Amsterdam.1975. – pp.3-19.
- 17 Колшанский Г.В. Прагматика языка // Сб. Науч. Тр. МГПИИЯ. –М., 1980. –Вып. 151. –С. 3-8.

- 18 Садирова К.Қ. Дискурс талдау теориясы: Оқу құралы. – Ақтөбе: Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университеті, 2012. – 90 б.
- 19 Калташкина Е.Ю. Прагматические аспекты изучения политического медиадискурса Известия Саратовского университета. 2012. Т. 12. Сер. Филология. Журналистика, вып. 2 – С. 27-32.
- 20 Матвеева Г.Г. Актуализация прагматического аспекта научного текста. Издательство Ростовского университета. – 1984. – 132 с.
- 21 Leech, G. Principles of pragmatics. London: Long – 1983 – p.134 .
- 22 Grice H.P. Presupposition and conversational implicature. New York –1981. – P.183
- 23 Ахманова О.С. Словарь лингвистических терминов. – Москва – 1969. – 605 б.
- 24 Ихсангалиева Г.К. Функционально-прагматический анализ заголовков (на материале казахстанских газет и телепрограмм): дис...канд.филол.наук. – Алматы, 2000. – с. 135
- 25 Мырзахметова Т.Ш. Семиотический и функционально-прагматический анализ многоточия: дис. ...канд.филол.наук. – Алматы, 2000. – с. 135
- 26 Омарова Р. А. Прагмалингвистический анализ дискурса прессы на материале немецкоязычных газет. Автореферат дис. ... на сос. уч. степени кан. филол.наук. – Караганда, 2003. – с. 23
- 27 Ережепова С.К. Официально-деловой стиль в русском и казахском языках: прагмалингвистический аспект: дис. ...канд.филол.наук. – Астана, 2002. – с. 166
- 28 Абишева М.С. Информационная заметка: структура, семантика, прагматика: дис.канд.филол.наук. – Алматы, 2004. – с.138
- 29 Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: фил.ғыл.док..дисс. – Алматы, 2007. – 328 б.
- 30 Есенова Қ. Қазіргі қазақ медиа-мәтіндерінің прагматикасы. / Филол.ғыл. док.атағын алу үшін дайын.дис. ... – Алматы: 2007. – 345 б.
- 31 Жақсыбаева Ф.З.Газет мәтінінің прагматикалық функциясы/ Филол.ғыл. док.атағын алу үшін дайын.дис. ... – Алматы: 2002.
- 32 Мурзагалиева М.К. Контрастно-прагматический анализ речевых актов пахвалы в русском и казахском языках: дис. ... канд.филол.наук. – Алматы: 1998. – 134 с.
- 33 Смағұлова Г. Көркем мәтін лингвистикасы: Оқулық. – Алматы: Триумф «Т», «Т», 2007. – 152 б.
- 34 Манкеева Ж.А. Лингвостилистика – тілдік тұлғаны танудың басты көзі. Түркітану мен қазақ филологиясының дамуы: ғылыми мұра және ғалым феномені. – Алматы: Елтаным баспасы, 2014. – 380 б.
- 35 Әзімжанова Г:М. Көркем мәтіндегі айтылымның прагматикалық әлеуеті. ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы, №3(127). 2010
- 36 Әзімжанова Г. Көркем мәтіннің сипаттамалары. Қазақ тілі мен әдебиеті 7.2008

- 37 Абдархманова Ж. Оккозионалды фразеологизмдердің коммуникативтік прагматикасы ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. №8-9(98-99). 2006
- 38 Кенжеханова К.К. Саяси дискурстың прагмалингвистикалық және когнитивтік компоненттері (қазақ тіліндегі мерзімді басылымдар материалдары бойынша). дис. ... – Алматы, 2015. – 186 б.
- 39 Кабдрахманова Г.К. Функционально-прагматический аспект исследования аппозитивных конструкции в художественном тексте: филол. ф.кан.дис. ... – Кокшетау, 2010
- 40 Бейсембаева С.Т. Средства выражения семантики умолчания в современном немецком языке в коммуникативно-прагматическом аспекте филол.ф.канд,диссертация. – Караганда, 2010
- 41 Арутюнова Н.Д. Истоки, проблемы и категории прагматики /Н.Д. Арутюнова, Е.П. Падучева // Новое в зарубежной лингвистике. – М. : Прогресс, 1985. – Вып. 16. – С. 3–42.
- 42 Fareed Nameed Al-Hindawi, Mariam D. Saffah Literary Pragmatics. Arab World English Journal (AWEJ) Volume 10. №2. June 2019 Pp. 394-408.
- 43 Жолшаева М.С. Семантика: етістік/ Монография – Алматы: ЖК «Балауса» баспасы, 2018. – 208 б.
- 44 Леонтьев А.А. Язык, речь, речевая деятельность – Москва, 1969. –202 б.
- 45 Аврорин В.А. Проблемы изучения функциональной стороны языка. (К вопросу о предмете социолингвистики). Ленинград – 1975
- 46 Dressler W. EinfUhrung in die Textlinguistik. – Tübingen, 1973. – p. 93.
- 47 Жакупов Ж.А. Қазақ тілі функционалдык синтаксисі (контекст проблемасы). докторлық диссертация. Алматы, 1999. – 225 б.
- 48 Әлкебаева Д. Функционалды грамматиканың негізгі нысаны – функция термины: мақала Вестн.КазНУ.Серия филологическая. №2(148).2014. – 22-26 б.
- 49 Васильев Л.М. Современная лингвистическая семантика: Учебное пособие. Изд. Стереотип. – М.: Книжный дом ЛИБРОКОМ, 2015. – 192 с.
- 50 Азнаурова Э. Прагматика художественного слова. – Ташкент: ФАИ, 1988. – 120 с.
- 51 Лещак О.В. Очерки по функциональному прагматизму: методология – онтология – эпистемология. Тернополь-Кельце, 2002.
- 52 Функционально-прагматическая методика лингвистического анализа (методологический очерк). Украина, 2010. – сс. 284-292.
- 53 Байтұрсынұлы А. Қазақ тіл білімінің мәселелері/Құраст.: Ғ.Әнес. – Алматы: Абзал-Ай, 2013. – 640 б.
- 54 Аманжолов С. Қазақ әдеби тілі синтаксисінің қысқаша курсы (оқулық). – Алматы, Санат, 1994. – 230 б.
- 55 Салқынбай А. Ойлау мен таным: Сөз мағынасының тарихи тектілігі мен бүтіндігі ҚазҰУ хабаршысы, Филология ғылымдары сериясы, №4(120). 2009
- 56 Жүншеев Р.Е., Төкенов Ө.С., Ізтілеуов А.Ә. Философия: Оқу құралы. – Алматы, 2007.
- 57 Жарықбаев Қ. Жантану негіздері. – Алматы, 2002

- 58 Әлкебаева Д., Заурбекова Л.Ж. Прагматика негіздері: ойлау мен сөйлеу.ҚазҰУ Хабаршысы №2 (70) 2018
- 59 Бап-Баба С.Б. Жантану негіздері. (Жалпы психология). – Алматы: Заң әдебиеті, 2003. – 306 б.
- 60 Hoffmann, S. Argumentative Strukturen in Sprichwörtern. Frankfurt am Main: Peter Lang. – 2012
- 61 Қосымова Г. Қазақ шешендік өнерінің негіздері және тілдік танымы филол.ғ.док. диссер. Алматы, 2004
- 62 Жанұзақ Т. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008.– 968 б.
- 63 Шайкенова Л.М. Сөйлеу актілерінің теориясы: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2007. – 66 б.
- 64 Қайдар Ә. Этнолингвистика // Білім және еңбек, 1985. – №10.
- 65 Әлкебаева Д. Мағжанның ойлау стилі: оқу құрал. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 159 б.
- 66 Шайкенова А. Ж. Көркем мәтін және дискурстық талдау: Филология факультетінде оқитын студенттерге арналған оқу құралы. – Петропавл: М.Қозыбаев атындағы СҚМУ, 2012. – 93 б.
- 67 Битохова К.А., Кобякова И.А. Внутренняя речь как объект исследования в лингвистике. статья – сс. 64-67.
- 68 Тымболова А.О. Драмалық шығармалардың лингвопоэтикасы. ф.ғ.док.дәр. автореф.дис. ...-Алматы, 2010. – 40 б.
- 69 Долинин К.А. Интерпретация текста: Французский язык. М.: КомКнига, 2010. — 304 с.
- 70 Деннет Д.С. Виды психики: На пути к пониманию сознания. Перевод с англ. А. Веретенникова. Под общ. ред. Л. Б. Макеевой. – М.: Идея-Пресс, 2004 – 184 с
- 71 Биекенов К., Садырова М. Әлеуметтанудың түсіндірме сөздігі. – Алматы: Сөздік – Словарь, 2007. – 344 б.
- 72 Сағындықұлы Б. Әлемнің ғажайып сырлары: /Діни-танымдық зерттеу./ . – Алматы, 2016. . – 575 б.
- 73 Смағұлова Г. Көркем мәтін лингвистикасы: Оқулық. – Алматы: Триумф, 2007. – 152 б.
- 74 Әженова Х. Қорлау және жала жабу: сарапшының көзқарасы. / Жауапты ред. – Алматы: Әділ сөз, 2013. – 152 б.
- 75 Қалиев Б. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы. Мемлекеттік тілдерді дамыту институты, 2014. – 728 б.
- 76 Кенесбаева І. Фразеологиялық сөздік. – Алматы: Арыс, 2007. – 800 б.
- 77 Ислам А. Ұлттық мәдениет контексіндегі дүниенің тілдік суреті (салыстырмалы - салғастырмалы лингвомәдени сараптама): филол. ғыл. докт. ... дис. : 10.02.19. – Алматы, 2004. – 338 б.
- 78 Алефиренко Н.Ф Теория речевых жанров и прагматика дискурса. Вестник КемГУ № 4 (52) 2012. Т. 3 -16-21 с.

- 79 Садуақас Н.Ә. Когнитологиядағы концепт ұғымы туралы. 7 б. ([https://docviewer.yandex.kz/view/0/?page=1&\\*="](https://docviewer.yandex.kz/view/0/?page=1&*=))
- 80 Байтілеуова Ғ.Ә. Тіл білімінде фрейм ұғымының берілуі. ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. №3(127). 2010
- 81 Тымболова А. Драматургия тіліндегі авторлық «Мен»-нің көрінісі. ҚазҰПУ хабаршысы. Филология ғылымдары сериясы №3(33), 2010. – бб.172-175
- 82 Эксплицитное и имплицитное в языке и речи : тезисы докл. – Минск: МГЛУ, 2017. – 316 с. ISBN978-985-460-792-4.
- 83 Аманбаева Г.Ю. макрознак: структура, семантика, прагматика. – Алматы, 2005 – 262 с.
- 84 Сидоренко А. В. пресуппозиция и имплицитные смыслы высказывания *lingua mobilis* №2 (16), 2009
- 85 Адилова А.С. Қазіргі қазақ көркем мәтіндеріндегі цитация құбылысы немесе мәтін ішіндегі мәтін: монография. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2012. – 262 б.
- 86 Тайжанов А. Үш таған рухани-танымдық журнал. №3(3) 2016. – 7 б.
- 87 Байтұрсынов А. Тіл – құрал. Алматы: Сардар, 2009-348 б.
- 88 Шаховский В.И. Эмоции: Долингвистика, лингвистика, лингвокультурология. М.: Книжный дом ЛИБРОКОМ, 2010. – 128 с.
- 89 Лотман Ю.М. Структура художественного текста. М., 1969. – 383 с.
- 90 Иманалиева Ғ.Қ. Эмоцияны, экспрессияны білдіруге бейімделген жай сөйлемдер. Вестник ЖГУ им.И.Жансугурова №3-4/2010
- 91 Сыздық Р.Тіл және ұлттық мәдениет. Ғылыми мақалалар жинағы. Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті. – Түркістан: Тұран, 2005. – 221 б.
- 92 Гальперин И.Р. Текст как объект лингвистического исследования. – М.: Едиториал УРСС, 2004. – с. 18
- 93 Дүйсенбин Қ. Эмоция – ми қызметінің айнасы: әдістемелік нұсқаулық/– Алматы: қазақ университеті, 2018. – 88 б.
- 94 Шаховский В.И. Эмоции как объект исследования в лингвистике. статья. Сс. 29-42.
- 95 Тарасова О.Д. Основные направления исследования эмоций в лингвистике. вестник мгу. серия: лингвистика. 2015 / № 3 – сс. 38-45
- 96 Шалабай Б., Шакирова Д.Т. Ә. Кекілбаевтың «Үркер» романындағы бейвербалды амалдардың ұлттық-мәдени сипаты ҚазҰУ хабаршысы Филология сериясы. №3 (155) Алматы:Қазақ университеті, 2015
- 97 Золотова,Г.А. Текст как главный объект лингвистики и обучения языку // Русское слово в мировой культуре: материалы X конгресса МАПРЯЛ. Пленарное заседание: сб. докладов. –СПб.: Политехника, 2003. – С. 101–109.
- 98 Лаптева,О. А. Дискретность в устном монологическом тексте // Русский язык: текст как целое и компоненты текста. – М.,1982. – С.77–105
- 99 Ахметова М.К. Мәтін лингвистикасы: Оқу-әдістемелік құрал. – Орал: Ағартушы, 2008. – 148 б.



- 100 Салқынбай А. Абай сөзінің лингвопоэтикасы: монография.2 тәж. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 242 б.
- 101 Әбікенова Г.Т. Мәтін лингвистикасы мәселелері. ҚазҰПУ хабаршысы, Филология ғылымдары сериясы, №4(30), 2009. – бб. 3-7.
- 102 Таюпова О.И. Аспекты изучения художественного текста: мақала. – Ресей: Башқұрстан университеті, 2013. –бб. 493-497.
- 103 Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. – Алматы: Атамұра, 2003.- 208 б
- 104 Шалабай Б. Қазіргі қазақ тілінің функционалды-коммуникативтік синтаксисі: оқу құралы.-Алматы: Қазақ университеті, 2015.- 136 б.
- 105 Заурбекова Л.Ж. Көркем мәтінді зерттеу өзектілігі. «Тарих және таным: Көне мұралар тілін зерттеудің парадигмасы» атты Халықаралық ғылыми-теориялық конференция. Қазақ университеті, Алматы, 2019.
- 106 Смағұлова Г. Мәтін лингвистикасы. – Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 111 б.
- 107 Жусанбаева С. Көркем мәтін туралы. Абай институтының хабаршысы. №2(8) 2011
- 108 Чернявская В.Е. Медиальный поворот в лингвистике: поликодовые и гибридные тексты. Вестник ИГЛУ, 2013. 123-127 с
- 109 Соколова О.В. Гибридные тексты как форма взаимодействия авангардного художественного и политического дискурсов. Москва – 2019. 50-86 с
- 110 Султан Е. Қазіргі романның трансформациясы: филос. ғыл.доктр. ...дис. (PhD) (филология). - Алматы: 2018. – 133 б.
- 111 Баймусаева Б.Ш. Проблема воссоздания стиля: дис. ... – Қазақстан: Алматы, 1994. – 149 б.
- 112 Сыздық Р. тілдік норма және оның қалыптануы (кодификациясы). Көп-томдық шығармалар жинағы. –Алматы: Ел-шежіре, – 2014.
- 113 Әлкебаева Д.А., Заурбекова Л.Ж., Абдуришид Якуп. Stylistic category of accentuation in art texts. ҚазҰУ хабаршысы №1(173) 2019.
- 114 Сейдалиева Г.О. Мерзімді баспасөздегі стереотиптердің лингвопрагматикалық ерекшеліктері. док.дис. ... –Алматы, 2017. – 185 б.
- 115 Әлметова Ә.С. Әлемнің тілдік бейнесі және стереотип. Еуразиялық филология журналы: ғылым және білім. №4 (168). 2017– бб. 62-68.
- 116 Демьянков В.З. Интерпретация, понимание и лингвистические аспекты их моделирования на ЭВМ. – М.,1989
- 117 Бахтин М.М. Проблема текста в лингвистике, филологии и других гуманитарных наук//Русская словестность. Антология. – М.,1997
- 118 Сыздық Р. Көркем әдебиет тілін танытудың қырлары. Мақала. 2019. – 26 б. (<https://ult.kz/post/rabiga-syzdykova-korkem-adebiet-tilin-tanudyn-kyrlary>)
- 119 Смағұлова Г. Мәтін лингвистикасы: оқу құралы. – Алматы, Қазақ университеті, 2002. – 112 б.
- 120 Виноградов В.В. О теории художественной речи. – М.,1971
- 121 Шалабай Б. Көркем проза тілін зерттеудің ғылыми-теориялық негіздері: филол.ғыл.док.диссер., Алматы. 1997 ж

- 122 Сыздық Р. Абайдың сөз өрнегі. – Алматы. Арыс баспасы. 2004. – 208 б.
- 123 Кловак Е.В. Авторская модальность как один из компонентов идиостиля. Вестник ТвГУ. Серия Филология. 2014. №2. сс.47-53
- 124 Кривенко Г.А. Модальность художественного текста как проявление авторского «я». Вестник ПГУ №2, 2011. Сс. 47-53
- 125 Орлова, Е. И. Образ автора в литературном произведении : учеб. пособие. М., 2008. 44 с.
- 126 Шалабай Б. Көркем мәтіндегі автор бейнесі. «Мәлік Ғабдуллин феноменін зерттеу және зерделеу мәселелері». халықаралық ғылыми-тәжірибелік конф.– Көкшетау, 25 қараша, 2015 – 317 б.
- 127 Адилова А.С. Қабылдау стилистикасы. Оқу құралы. Алматы: Эвро, 2016 – 99 б.
- 128 Шалабай Б. Қазақ тілінің стилистикасы. – Алматы, 2006
- 129 Льеонтева Т.И. Конвергенция стилей в художественном произведении и рациональные методы их перевода. <https://docviewer.yandex.kz/view/>
- 130 Үсенбаева С.С. Көркем мәтіндегі сөйлеу тілінің лингвостилистикалық қызметі (Т.Нұрмағанбетов шығармаларының тілі негізінде) филоло.ғ.канд.дис. ... Алматы, 2009
- 131 Мұратова Г.Ә. Абайдың тілдік тұлғасы: дискурстық талдау мен концептуалды жүйесі: док. дис. .... Алматы, 2009
- 132 Кузьменко С.А. Лингвопрагматические свойства конвергенции стилистических средств: автореф. дис. ... канд. филол. наук / С.А. Кузьменко. – Ставрополь, 2006. – 24 с. [Электронный ресурс]. URL: <http://www.dissercat.com/content/lingvopragmaticheskie-svoistva-konvergensii-stilisticheskikh-sredstv> (дата обращения: 10.12.2016)
- 133 Аккузова А. Антропоэзектік парадигма: көркем мәтіннің коммуникативтік-прагматикалық әлеуеті (Д. Исабеков шығармаларының негізінде). PhD дәрежесін алуға арналған дис. ... – Алматы, 2020. –168 б.
- 134 Хасанов Б. Қанатты сөздер. – Алматы, 1971. – 46 б.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Әуезов М. Абай жолы: Роман-эпопея. Бірінші кітап. – Алматы: Жазушы, 2007. – 368 б.
- 2 Бөкей О. Алматы: Ел-шежіре, - 2013. – 384 б.
- 3 Бөкей О. Атау-кере. Мұзтау: хикаяттар/– Алматы: Ан Арыс баспасы, 2010. – 320 б
- 4 Есенжанов Х. Ақжайық: Төңкеріс үстінде: роман – 520 б: 19 сурет: порт. Алматы: Мерекенің баспалар үйі, 2013.-516 б
- 5 Мағауин М. Көк кептер. Повестер мен әңгімелер. – Алматы. Жалын 1979. – 296 б.
- 6 Шаймерденов С. Шығармалары. – Алматы: Ан Арыс, 2013. Т.2: Повестер. – 320 б.
- 7 Әуезов М. Абай жолы: Роман-эпопея: Үшінші кітап. – Алматы: Жазушы, 2007. – 384 б.
- 8 Нұрмағанбетов Т. Ауғандық құстар: Әңгімелер. – Алматы: Жазушы, 2008. – 288 б.
- 9 Нұрмағанбетов Т. 3 томдық таңдамалы шығармалары. 3-том. – Алматы, Өлке, 2006. – 304 б.
- 10 Нұрмағанбетов Т. Шығармалары. Көп томдық. – Астана: Фолиант, 2015. – 432 б.
- 11 [https://www.itest.kz/kz/lekciya\\_sheshendik\\_sozder\\_qazaqtyng\\_bi\\_sheshenderi\\_sheshendik\\_sozderding\\_zhanrlyq\\_tekteri](https://www.itest.kz/kz/lekciya_sheshendik_sozder_qazaqtyng_bi_sheshenderi_sheshendik_sozderding_zhanrlyq_tekteri)
- 12 Асқар Ә. Өр Алтай, мен қайтейін биігіңді... Хикаят. . – Алматы: Раритет, 2006. – 312 б.
- 13 Амантай Д. Гүлдер мен кітаптар. Роман. – Алматы: 2003. – 108 б.
- 14 Мағауин М. Жармақ. – Чех Республикасы: 2007.